The standard procedure for using case study method at lessons involves the following aspects: students need to come to class prepared to discuss the case; unless there are specific pedagogical reasons, key facts should be introduced in the written case and not added during the discussion. The safest way to discuss a case is to be sure that everyone has a clear understanding of the facts; cases need to be complete enough so that the problem can be defined; the size of the group should allow for free exchange among all participants; facilitators need to be objective without being emotionally invested in the case. They should be aware of the larger goals of the case. The facilitator has to make the classroom safe for conversations. This doesn't happen right away. Students have to get to know each other and develop a certain level of trust; facilitators should ask carefully designed questions. The first question that the teacher asks is crucial. The primary criterion is to get students to talk, preferably thoughtfully. If you start with a question that is too obtuse, too formidable, or looks like a trick question, no one will answer. Questions should not let the discussion get submerged in the details of the case, but rather ensure that discussion focuses on the ways to solve the problem. The best opening questions are open-ended, where there are multiple reasonable answers, or where the question is neutral and simple to answer. The teacher should periodically try to paraphrase students' points. The teacher should not make the discussion a glorified quiz show where he runs through a series of questions, saying «right» or «wrong». Nor is this discussion a lecture in disguise. The teacher must connect one student's ideas with another. The teacher should operate at several levels during the discussion. Firstly, he must be aware of the case material and how to get the content out. Secondly, he must be aware of the process, thinking about whom to call on next to spread the discussion about, how to resolve the conflict that has just exploded, how to stop the private conversation in the corner, how to move to engage the bored student sitting to his right, when to shift tempo. Thirdly, he is thinking of the bigger picture, how these people are doing in the course and how this case fits into the overall syllabus. He has to move forward to listen seriously to a speaker or move to the side to let students engage one another; role-playing can help clarify some concepts by engaging students in problem solving from the perspectives of different key players.

A classroom case discussion is usually guided by the facilitator. Students are expected to participate in the discussion and present their views. In some cases, the teacher may adopt a particular view, and challenge the students to respond. During the discussion, while a student presents his point of view, others may question or challenge him. Case facilitators usually encourage innovative ways of looking at and analyzing problems, and arriving at possible alternatives. [6,p.73]

The interaction among students, and between the students and the facilitator, must take place in a constructive and positive manner. Such interactions help to improve the analytical, communication, and interpersonal skills of the students [6,p.76]. During the controversy students must be careful that the contributions they make to the discussion are relevant, and based on a sound analysis of the information presented in the case. The facilitator may ask questions to the class at random about the case study itself or about the views put forward by an individual student. If a student has some new insights about the issues at hand, he/she is usually encouraged to share them with the class. Students must respond when the facilitator asks some appropriate questions. The importance of preparing beforehand cannot be emphasized enough – a student will be able to participate meaningfully in the case discussion only if he is knowledgeable about the facts of the case, and has done a systematic case analysis. A case discussion may end with the facilitator (or a student) summarizing the key learning points of the session. Student performance in case discussions is usually assessed. The extent of participation is never the sole criterion in the assessment – the quality of the participation is an equally (or more) important criterion.

There are many opportunities to assess students' performances when they are using case-based learning approaches. Here are some assessable activities students might engage in as they work on their investigations: their participation (quality and extent of participation) and contribution to work in groups; the kinds of issues they identify; the questions they develop; the investigations they propose; where and how they locate resources; how they conduct investigations (communication skills, logical flow and structuring of the content, quality of analysis and recommendations, etc.);the presentations they make; written case analyses.

Discussions can often leave students and facilitator with an unsatisfied feeling. Both may wonder what they have really accomplished. Board work isn't always enough. Giving the students a follow-up assignment usually does the trick. Have them write up a summary of the case, write a letter to the company head or develop a strategic plan. These are all good homework exercises. You don't have to have each student hand in a paper for each case. They might write up something for say half or a third of the cases. This approach makes the workload more manageable for everyone. [7, p.11] In addition, a written analysis of the case may be a part of the internal assessment process. When a written analysis of a case is required, the student must ensure that the analysis is properly structured. The facilitator may provide specific guidelines about how the analysis is to be structured.

However, when submitting an analysis, the student must ensure that it is neat and free from any factual, language and grammar errors. In fact, this is a requirement for any report that a student may submit – not just a case analysis. [8, p.54]

Performing case study gives students the following benefits; it allows students to learn by doing. Case study permits students to step into the shoes of decision-makers in real organizations, and deal with the issues managers face, with no risk to themselves or the organization involved; improves the students ability to ask the right questions, in a given problem situation; exposes students to a wide range of industries, organizations, functions and responsibility levels. This provides students the flexibility and confidence to deal with a variety of tasks and responsibilities in their careers. It also helps students to make more informed decisions about their career choices; strengthens the student's grasp of management theory, by providing real-life examples of the underlying theoretical concepts. By providing rich, interesting information about real business situations, they breathe life into conceptual discussions; provides students with an exposure to the actual working of business and other organizations in the real world; reflects the reality of managerial decision-making in the real world, in that students must make decisions based on insufficient information. Cases reflect the ambiguity and complexity that accompany most management issues; helps to understand and deal with different viewpoints and perspectives of the other members in their team.

It should be acknowledged that styles and modes of learning vary from student to student. In other words, case studies may not be suited to everyone. Some students may work more efficiently in a formal and time-constrained setting, such as an examination. Although this may not be the

better mode of learning, it is one to which they have become thoroughly accustomed to at school. One possible solution to this problem is combination of case studies and exam assessment. It provides a balance in learning styles. Moreover, it enables students to develop a range of skills and no student should be unfairly disadvantaged compared to another.

Case-based approach is a useful method to develop the following skills: group working; individual study skills; information gathering and analysis; time management; presentation skills; practical skills. [8, p.57]

Further to the practical application and testing of scholarly knowledge, case study method can also help students prepare for real-world problems, situations and crises by providing an approximation of various professional environments (i.e. classroom, board room, courtroom, or hospital). Thus, through the examination of specific cases, students are given the opportunity to work out their own professional issues through the trials, experiences and research findings of others. An obvious advantage of this method is that it allows students the exposure to settings and contexts that they might not otherwise experience. The case study method also incorporates the idea that students can learn from one another by disputing with each other, by asserting something and then having it questioned.

On the whole, it should be said that advance preparation by the teacher, suitability of the course syllabus, students' motivation, authenticity of materials and activities in which the learners are involved, as well as adequacy of the assessment measures and objectives pursued in the case, provide the key to the success of the case method.

References:

1. Casanave C.P. Writing games: Multicultural case studies of academic literacy practices in higher education. Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum, 2002.
2. Courcy M. Learners' experiences of immersion education: Case studies of French and Chinese. Clevedon, UK: Multilingual Matters, 2002.
3. Gass, S. M., Selinker, L. Second language acquisition (2nd ed.). Hills-dale, NJ: Lawrence Erlbaum, 2001.
4. George, A. L., Bennett, A. Case studies and theory development in the social sciences. Cambridge, MA: MIT Press, 2005.
5. Hamel, J., Dufour, S., Fortin, D. Case study methods. Qualitative research methods (Vol.32). Newbury Park, CA: Sage, 1993.
6. Kreber C. Learning Experientially through Case Studies? A Conceptual Analysis Teaching in Higher Education, 2001. Vol. 6 N 2 pp 217-228.
7. Lantolf, J.P.(Ed.) Sociocultural theory and second language learning. New York: Oxford University Press, 2000.
8. Lardiere, D. Ultimate attainment in second language classrooms. Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum, 2006.

СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Сары Болған Бакдәулетқызы
Магистр, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қаласы
Сұлтанғалиева Ольга Қашымқызы
Магистр, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қаласы

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада студенттердің коммуникативтік қабілеттері және оны дамыту жолдары қарастырылған.

Түйінді сөздер: қабілет, коммуникативтік қабілет, нышан ықпалы, контекст шеңберін.

АННОТАЦИЯ

В статье рассмотрены коммуникативные способности студентов и их пути развития.

Ключевые слова: познание, будущие педагоги, когнитивные действия студентов, развитие.

ABSTRACT

The article considers communication skills of students and their ways of development.

Key words: cognition, future teachers, cognitive actions of students, development.

Бүгінгі күн талабы бойынша ғылыми білім негіздерімен қаруланған, отанын жанындай сүйетін ұрпақ тәрбиелеу қажет екендігі белгілі. Сондықтан ғылыми білім мазмұнын жаңарту мақсатында түрлі ізденістер жасалуда. Қоғам алдында тұрған міндет-коммуникативтік қабілетті дамыту. Бұл қарым-қатынас жасауға, танып-білуге талпыныстың пайда болуына жетелейтін міндет, ал бұл міндет студенттерді (жастарды) отан сүйгіштікке тәрбиелеудің бір тетігі болып табылады.

Қандай да болмасын әрекет қабілетке тікелей байланысты.

В.А.Крутецкий, Б.М.Теплов, А.Н.Леонтьев т.б зерттеушілердің еңбектерінде қабілет проблемасын ғылыми тұрғыдан түсіндіруде маңызды істер жасалды. Бұл ғалымдар қабілет проблемаларын қарастырудың басты жолын анықтады. Қабілетті тұлғаның іс-әрекетімен тығыз байланыста қарастырды.

В.А.Крутецкий «қабілет дегеніміз белгілі бір нақты іс-әрекетке икемділік. Сондықтан қандай болмасын қабілет адамның нақтылы іс-әрекеті барысында ғана анықталады», - деп түсіндіреді [1, б.207].

Б.М.Теплов «қабілет дегеніміз- белгілі бір немесе бірнеше іс-әрекетті орындаудың табыстылығын анықтайтын адамдардың жеке психологиялық ерекшеліктері», - деп анықтама береді.

Ал А.Н.Леонтьев қабілеттің көпшілік таныған анықтамасы «белгілі бір іс-әрекеттің табысты орындалуын қамтамасыз ететін тұлғаның жеке басының қасиеттерінің жиынтығы», - деген [2, б.184-185].

Сонымен қабілет дегеніміз-нақтылы іс-әрекет барысында анықталып, белгілі бір іс-әрекеттің орындалуын қамтамасыз ететін тұлға қасиеттерінің жиынтығы.

Бізге студенттердің коммуникативтік қабілетін дамытудың жолдарын анықтауға төмендегі қажеттіліктер түрткі (мотивация) болып отыр:

1. Қазіргі білім беру талабына сәйкес өз ісіне лайықты, білікті маман дайындау
2. Іс-тәжірибені өз бетінше меңгере алатын маманды қалыптастыру.


Сондықтан да студенттердің коммуникативтік қабілетін дамытудың жолдарын анықтау өзекті мәселе болып отыр.

С.Л.Рубинштейн «Адамдардың қабілетінің дамуы олардың адамзаттық тарихи дамуының нәтижелерін құру және меңгеру барысында іске асады», - деп жазды [3, б.548].

Әдетте, қабілеттің дамуы ұрпақтан берілген туа пайда болатын нышанмен байланыстырылады. Нышан-адам бойындағы биологиялық, физиологиялық фактор болып саналса, қабілет нышанның дамып жетілу нәтижесі. Нышан-дақылдың дәні, қабілет сол дәннің өніп шығуы [4, б.99-100].

«Нышандар, - деп жазды Б.Г.Ананьев, тек қана іс-әрекеттің белгілі бағыттағы қызмет нәтижесінде ғана қабілетке айналады. Қабілет кісіге сырттан қондыра салатын нәрсе емес, ол адам бойында оның адамзаттық тарихи дамуының нәтижелері болып табылатын құндылықтармен араласу, соларды пайдалану барысында дамиды», - деп арнайы атап көрсетті [2, б.184].

Міне, осындай нышан ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін дарындылық дейді. Дарындылық оқу және шығармашылық болып екіге бөлінеді (1-сызба).



Сурет 1. Дарындылықты оқытудың бөлімдері

Бұл екеуі егіз ұғым секілді. Өмірді танып білу әдетте, оқып-үйренуден бастау алады. Сонан соң адам сол білімді шығармашылықпен пайдалануға, қоғамға пайда келтіруге ұмтылады.

Ал тарихи-әлеуметтік маңызы бар шығармашылық қабілеттің ең жоғары түрі данышпандылық деп аталады.

Сондай-ақ бейімділік-адамның белгілі бір іспен айналысуға деген икемділігі мен құлшынысын айғақтайды [3,б.543-544].

Сонымен студенттердің коммуникативтік қабілетін дамытуда қабілеттіліктің нышан ықпалымен қалыптасқан дарындылық, данышпандықтың, әрекеттің бір түрімен айналысуға мүмкіндік беретін бейімділіктің маңызы зор болды.

Қабілет адамның іс-әрекетінің белгілі бір түріне жарамдылығын жақсы көрсете алатын болды. Қарым-қатынас коммуникативтік контексте жүзеге асырылады.

М.Н.Вятютнев қатысым функциясында коммуникативтікке дейінгі қабілет және коммуникативтік қабілет деп аталатын екі контексті ұсынады (2-сызба).


Коммуникативтік контексте қатысым кезінде пікір айту семантикасы, лингвистикалық контексте алдын-ала берілген дайын ақпараттар, яғни сөйлем семантикасы болады [5,б.67-68].

Дж.Марголистің «жеке тұлға- тек мәдени контексте тіршілік етіп, сөйлеу мен қабілеттіліктің арқасында танылады», -деуі М.Н.Вятютневтің көзқарасын толықтыра түскендей.

Сондықтан коммуникативтік контексте студенттердің коммуникативтік қабілетін дамытуымыз қажет.

Студенттердің коммуникативтік қабілетін төмендегідей жолдармен дамытуға болады:

- нышан ықпалымен қалыптасқан бейімділік арқылы;
- коммуникативтік контексте шеңберіндегі пікір айту семантикасында;
- Дж.Марголис ұсынған мәдени контексте шеңберінде.



Сурет 2. Қатысым функциялары

Сөйлем тілдік жүйенің, грамматиканың бірлігі, ал оның семантикасы лингвистикалық контексте айқындалады. Пікір айту қатысым бірлігі, оның семантикасы коммуникативтік контексте айқындалады.

Сондықтан бүгінгі күні болашақ маман үшін коммуникативтік қабілет туралы ғылыми-әдістемелік түсінігі терең болып, коммуникативтік қабілетін дамыту жұмыстарын өз мәнінде жүргізе алудың маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Крутецкий В.А.-М.:Просвещение, 1986-336с.
2. Изденіс(Поиск),2001.№2, 184-185б.
3. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии.-СПб.:Питер,2005.-713с.
4. Алдамұратов.Қызықты психология.- Алматы.,1992.
5. Образование и рынок, 1997.№3,67-68.

БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Пахридинова Айдана Батырқызы
Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университетінің
1 курс Магистранты
Алматы қаласы, Қазақстан

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада болашақ шетел тілі мұғалімдерін Жоғары оқу орнында дайындауда танымдық құзіреттілігін дамытудың негізгі мәселелері инновациялық әдістерді енгізу арқылы талқыланады.

Түйінді сөздер: таным, танымдық құзіреттілік, болашақ мұғалімдер, оқушылардың тану іс-әрекеті, дамыту.

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматриваются основные вопросы развития когнитивных компетенций на основе внедрения инновационных методов в процесс подготовки будущих учителей в ВУЗе.

Ключевые слова: познание, когнитивная компетенция, будущие учителя, когнитивные действия студентов, развитие.

ABSTRACT

In this article considered basic questions of development cognitive competence based on introduction of innovative methods in the process of training future teachers.

Key words: cognition, cognitive competence, future teachers, cognitive action of students, development.

Дүниежүзілік жаһандану мен интеграциялық үдерістердің дамуы, Қазақстан мемлекеті мен басқа елдер арасында халықаралық экономикалық, саяси және мәдени байланыстардың нығаюы, Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне енуі еліміздің шетел тілдерін меңгеруге деген құлшынысын арттыра түсті. Соңғы жиырма жыл ішінде, елімізде білім беру саласы дамып, үлкен жетістіктерге жетті[1]. Елімізде білім беру мәселесін назарда ұстаған және де дамытуға көп үлес қосқан елбасымыздың 2011 жылғы жолдауында: «Қазақстанда жоғарғы оқу орындарының міндеті - әлемдік стандартқа сай білім беру, ал олардан алынған дипломдар дүние жүзі мойындайтындай болуы қажет. Біз әрбір Қазақстан азаматтарының дұрыс мүмкіндіктермен жоғарғы білім алуына кепілдік беруіміз қажет», - деп өз сөзінде, алдыға қойылған тапсырмалардың бірін – білім беру саласын сапалы, әрі қарқынды дамыту және жетілдіру мәселесін атап көрсеткен, ал білім сапасын арттыру үшін, ең алдымен, қоғам талап етіп отырған деңгейде мамандарды дайындаудың мәселесін шешу

қажет, себебі қазіргі таңда шетел тілі мамандарының біліктілігін мен кәсіби іскерлігін дамыту маңызды мәселе ретінде қарастырылуда[2].

Мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілік – әр түрлі тілдік-мәдени қоғамға жататын тілдік тұлғаларды қалыптастыру. Мәдениетаралық сапа ретінде барлық қарым-қатынастар айқындап көрсетіледі, тұлға өзінің тілдік кодын, салт-дәстүрлерін қолдана отыра, өзге елдің тілдік кодын, салт-дәстүрлерін және қоғам ережелерін үйренуге тырысады. Қазіргі уақытта мәдениетаралық қатысымдық адамдардың назарын өзіне аударуы да бекер емес. Қатысым қазіргі біздің күнделікті өмірімізде жаңаша және кең көлемде өзіндік орын алады. Қатысым арқылы мәдениетті қоғамдық қажеттілікке айналдырамыз.

Жоғарғы оқу орнының ең басты мақсаты – алдыңғы қатарлы жастарды тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелік деңгейі мен ой-өрісін арттыру, жоғары білімді маман иесіне заман талабына сай дайындау.

Е.В.Вязованың анықтамасы бойынша, «студенттің бойындағы «когнитивтік құзіреттілік» деп «өз бетінше репродуктивті және продуктивті танымдық іс-әрекеттерінің және шынайылықты нысан етіп қабылдай алуы» ауанындағы студенттің игеруіндегі жинақталған құзіреттілігі»[3,б. 45].

Л.А.Осипованың пайымдауынша, «когнитивтік құзіреттілік – интегралды тұлғалық сапа, яғни бұл сапаны ынталандыру және өзін әлеуеттік шыңдауға дайындау, яғни оқу процесінде және басқа да іс-әрекет түрлерінде кездесетін проблемаларды шешуде ұғымды шешім қабылдай білу арқылы дамыту»[4,б. 9].

А.П. Булкинның пайымдауынша, «құзіреттілік» термині кең көлемде қолданысқа түскенде, «таным» немесе «білім» деген мағынаға ие болады, яғни мән-мәтінде ой немесе іс-әрекет түсінігі ретінде тәжмаланған «білім» деп қабылданылуы мүмкін. Әсіресе, бұл термин білім іскерлік немесе білім беру аясындағы зерттемелерде жиі қолданылады. Сонымен қатар, А.П.Булкин «когнитивтік құзіреттілік» терминіне өз пікірі бойынша берген анықтамасында: танымдылық – ақыл-оймен қабылданатын қабілетті және сыртқы ақпараттарды қабылдап, ой елегінен өткізуге болатын әркелкі түсініктердің жиынтығынан тұратын ұғым[5,б.12].

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесінде шетел тілін оқытуда өзекті мәселенің бірі болашақ шетел тілі мамандарының бойында мәдениетаралық қатысым құзіреттілігін дамыту, компетентті мамандарды дайындау болып отыр. «Компетентті маман деп өз кәсібі пәнінің шеңберінен шығуға қабілетті, ол өзін өзі дамытуға деген шығармашылық әлуетке ие», - деп пікір білдірген Отандық ғалым, Құнанбаева С.С.[6], ал бұл идеяны жақтаушылар қатарында D.Mc.Clelland, T.Hoffman, M.Linard, B.Mansfield. Шетелдік ғалымдардың пікіріне тоқталсақ, біз, ең алдымен, оқу үрдісін дамыту үшін болашақ шетел тілі мамандарының біліктілігін және іскерлігін арттыру қажетпіз, және де осы пікірді толығымен қолдаған ресейлік ғалымдар, В.И.Байденко, Зимняя, И.А. С.Е.Шишов айтқан пікірлері: «компетентті маманның білікті маманнан айырмашылығы сол, біріншісі білім, іскерлік және дағдыны меңгеріп қана қоймай, оларды өз жұмысында тиімді пайдалана алу» болды, себебі «оқыту үдерісінде компетенттілік адамның бойында «білім, іскерлік пен дағдының жиынтығын» қалыптастырады, сондай-ақ білім, іскерлік, дағдыға сүйене отырып белгілі бір әрекетті жүзеге асыруға қабілет ретінде анықталады», - деп ресейлік ғалым Н.В.Баграмова [14,б.25] компетенттілік ұғымына анықтама берді.

Әлеуметтік сұранысқа сай болашақ тіл мамандарының бойында «мәдениетаралық қатысым құзіреттілігін» дамыту мәселесін қарастырған білікті ғалымдардың ішінде, С.С.Құнанбаева[6], И.И.Халеева, А.Н.Щукин және т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеу еңбектері мен тұжырымдары зерттеу бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Бүгінде ҚР-да білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес жоғарғы оқу орындарындағы оқыту мен тәрбиелеу маңызы түбегейлі өзгеріп, бірінші кезекке бұрындағыдай оқушыны пәндік білім және дағдылардың белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дұрыс және тиімді ұйымдастыра отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру мақсаты алға қойылып отыр.

А.П.Карповтың пікірінше, студенттердің танымдық құзыреттілігі – оны өмірге даярлаудағы қажетті кезең. Танымдық құзыреттілік құрылымы жағынан іс-әрекетке ұқсас, кез келген басқа бірлікте болуы [18,б.8]. Зерттеуші ғалымдар танымдық іс-әрекет және танымдық белсенділікті қалыптастырудың мәселелерін тәжірибеде шешудің түрлі жолдарын бөліп көрсеткен. Олар төмендегіше сипатталады:

- оқу үрдісіне қатысушылардың екі жақты сипаты әсері негізінде оқытушы мен оқушының бірлескен әрекеті арқылы;

- танымдық іс-әрекеттің дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру арқылы;

- танымдық іс-әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру арқылы;

- оқу іс-әрекетін өздігінше бақылауды дамыту арқылы.

Мұғалімді кәсіптік даярлаудың осы заманғы жүйесі оқыту процесін мұғалім мен оқушылардың бірлескен қызметі ретінде қарастыруы керек. Мұнда мұғалімнің басты назарды оқушының қызметіне аударуы, оны жетілдірудің жолдары мен тәсілдерін іздестіруі тиіс, оқушылар жұмысқа құлшына кірісіп кетуіне үлес қосып, олардың жеке мүдделігін оята білуі керек. Атап айтқанда, кез келген пәнді оқытқан кезде іргелі теориялар мен заңдардың негізгі қағидалары мен мән-мағанасын түсіндіре білу керек. Сондықанда, сабақ беру барысында алға қойылған мақсат түсінікті болып қана қоймай, оны оқушылар жандүниесімен де қабылдай алатындай болғаны жөн.

Болашақ мұғалімді кәсіптік даярлауда оқыту барысында оқушылардың ой-өрісін дамытуға назар аударған жөн. Мұғалім даярлаған кезде бұл мәселе ғылым пәні методологиясының мәселелерімен байланыстыру керек. Мұның өзі оқушылардың шығармашылық қабілетінің дамуына, ғылыми ұғымдар жүйесінің, заңдылықтар мен ғылыми дүниетанымының қалыптасуына жәрдемдеседі. Сонымен, біздің анықтауымызша болашақ ұстаздардың кәсіби маман ретінде қалыптасуына оқушыларды тану кәсіби қасиетін тәрбиелеуде мына мәселелерді назар аударуы керек:

- ойлау мәдениетін игеру, ойлау қызметінің жалпы заңдылықтарын білу, құбылыстар мен үрдістердің жекелеген ерекшеліктерін жазбаша және ауызша сауатты (қисынды) түрде жеткізе білу және өз байқауларының нәтижелерін сараптай білу, сондай-ақ оқушылардың мінез-құлқының жекелеген ерекшеліктерін білу;

- танымның осы заманғы ғылыми әдістерінің мүмкіндіктерін түсіну және оны кәсіптік міндеттерді шеше білу үшін қажетті деңгейде игеру;

- оқу мен оқудан тыс уақыттан түрлі процестер мен құбыластарды байқап, ажырата білу, пән бойынша ғылыми, оқу және оқулық-әдістемелік әдебиеттерді пайдалана білу;

- болашақ мұғалім мамандығының мән - мағанасы мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну.

Танымдық құзыреттілік оқу-үрдісінің дамыта оқыту негізінде жүзеге асады. Танымдық құзыреттілік – білім алушының білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Танымдық құзыреттілік танымдық қажеттіліктен, мақсат, танымдық уәж және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Танымдық құзыреттіліктің негізінде студенттерде танымдық қызығушылық, танымдық ізденімпаздық қалыптасады.

Осыған байланысты студенттердің оқу-танымдық қызметін негіздеп, дәлелді түрде қамтамасыз ету, танымдық негіздерді кәсіби дағдыға айналдырудың психологиялық механизмдері мен әдістемелік тәсілдерін анықтау үшін теориялық негіздері мен тәжірибелерін қарастырып отырмыз. Бұл болашақ мұғалімдердің олардың тану қызметі, маманның ұстаздық еңбегінде орны ерекше.

Әдебиеттер тізімі:

1. <http://nurotan.kz/kz/leader/messages>
2. "Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!" - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. 29 Қаңтар 2011.
3. Вязовова Е.В. – Формирование когнитивной компетентности у учащихся на основе альтернативного выбора учебных действий. – Нижний Тагил, 2009г., 240б.

4. Осипова Л.А. – Информационно – образовательные прецеденты как средство формирования у студентов когнитивной компетентности. Автореф. дис. канд. наук. – Брянск, 2008г.,стр 16.

5. Булкин А.П. – Теория современного образования. Екатеринбург, 2013г.,стр.343.

6. Құнанбаева С.С. «Қазіргі шет тілдік білім берудің теориясы мен практикасы».- Алматы: Эделвейс.2010.

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН БОЛАШАҚ МАМАНДАР БОЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Халелханова Назерке Халелханқызы,
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық
Қатынасатар және Әлем тілдері
Университетінің 2 курс магистранты

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қашықтықтан оқыту технологиясы негізінде болашақ мамандар бойында мәдениетаралық қатысым құзіреттілігін қалыптастыру қарастырылады.

Түйінді сөздер: мәдениетаралық қатысым құзіреттілігі, қашықтықтан оқыту технологиясы,

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается формирование межкультурной коммуникативной компетенции у будущих учителей на основе дистанционного обучения.

Ключевие слова: межкультурная коммуникативная компетенция, дистанционное обучение.

ABSTRACT

This article deals with formation of intercultural communicative competence in future teachers with help of distance learning.

Key words: intercultural communicative competence, distances learning.

Қазіргі заман талабына сай және ақпараттық технологиялардың дамыған ғасырында білімді де білікті кадрлардың қажеттілігі өзекті мәселе болып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: « Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адам қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - делінген[1].

Сондықтан, қазіргі уақытта білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы, білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыру талап етіледі. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты уақытылы жаңартылып отырады.

Зерттеушілер қазіргі таңда әлемдегі дәстүрлі білім беру жүйесінің рөлі төмендеп бара жатқанын анықтап отыр. Оған себеп мына жағдайлар деп көрсетілген:

-аумақтық шектеулер, оқушылардың қажет еткен білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ете алмауы;

-түрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға білім беру жүйесінің төмен бейімделуі;

- білім беру деңгейінің ақпараттандыру мен технологияның даму деңгейінен артта қалуы;

-білім беру процесінің ұзақтығы және білім беруді ұйымдастыруға баса көңіл бөліну салдарынан білім алушының жеке ерекшеліктерінің назардан тыс қалуы және тағы басқа себептер.[2;3]

Осы мәселерді шешу үшін және жан-жақты жетілген маман даярлау үшін оқыту, білім беру процесін жетілдіру, жаңа педагогикалық технологияларды, оқытудың жаңа формалары мен әдіс- тәсілдерін енгізу керек. Сонымен бірге оқу процесін қарқындалту, белсендіру, ақпараттандыру да көзделуде. Оқу бітіруші түлектердің білім беру мекемесін таңдауы, білім алушыларға дербестік беру, оқытудың деңгейін көтеру, еңбек сұранысына бағдарланған оқу бағдарламаларының жоспарлануына байланысты білім беру стандарттары мен жаңадан білім беру саласына еніп жатқан неғұрлым тиімді оқыту тәжірибелері көрсеткендей қазіргі білім талаптарының қатарына қашықтықтан оқыту технологиясы енгізілді. Қашықтан оқыту технологиясы –оқу үрдісі кезінде оқып үйренушілер мен оқытушылар арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология. Сонымен, қашықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын, күндізгі және сырттай білім алу ретінде білімді қабылдау түрі болып табылады. Қашықтан оқыту кезіндегі білім беру үрдісінің негізін жеке кесте бойынша өзіне ыңғайлы жерде оқуға мүмкіндігі болатын, оқытудың арнайы құралдары жиынтығы өзінде бола отырып, электронды және қарапайым пошта, телефон арқылы оқытушылармен келісілген байланыс жасауына, сонымен қатар, күндізгі бөлімде де мүмкіндігі болатын, оқып үйренушінің мақсатқа бағытталған және бақыланатын қарқынды өзіндік жұмысы құрайды.

Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл –тыңдаушылар мен оқытушылардың бір –бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы.

Қашықтықтан оқытуға қатысты мәселелер А.А.Андреев[4], Д.М.Джусубалиева[5], Б.Холмберг[6], Р.Деллинги, А.Ведемеер[7], К.М.Беркімбаев[8] және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің құзіреттілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

Мәдениетаралық қатысым құзіреттілін қалыптастыра оқытуда интерактивтік тәсілдер, ойындар, пікірталастар, ақпараттық, инновациялық технологиялар, интернет, компьютердің көмегі орасан зор. Оқытудың ақпараттық технологиясы ақпаратпен жұмыс жасау тәсілдері, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио, видеокұралдар, компьютер, телекоммуникация желілері). Ағылшын тіліне оқытуда мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру үшін интернеттің алатын орнына тоқталсақ, студенттер электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары, конференцияларға қатыса алады. Интернет шетел тілін үйренушіге аутентті мәтіндерді қолдану, сол тіл өкілін тыңдау, олармен қарым-қатынас жасау табиғи тілдік ортаны қалыптастырады. Қазіргі таңда өте кең етек жайып, білім беру үдерісінің бір бөлшегіне айналған қашықтықтан оқыту технологиясы студенттерде мәдениетаралық қатысым құзіреттілігін қалыптастырудың бірден бір тиімді жолы екені ақиқат. Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, қазіргі заманауи техникалық құралдардың мүмкіндіктері мен инновациялық мүмкіндіктерін ұштастырып оқыту мәдениетаралық қатысым құзіреттілін үйретуді ұйымдастырудың ұтымды тәсілі болмақ.

Қашықтан оқыту барысында келесі мәселелердің шешілмегендігі: оқу орындарында және оқушының үйінде де жақсы техникалық және программалық құралдар болмауы; қашықтықтан оқыту үрдісінде әліде әдістемелік жүйенің жеткілікті қамтамасыз етілмегендігі; студенттерде жеткілікті мотивацияның жетіспеушілігі; байланыстың сапасы

жоғары болмауы; Интернет бағасының жоғарлығы аталмыш оқыту технологиясының тиімділігін төмендетуге айтарлықтай әсерін тигізіп отырғанын зерттеу барысы айқындады.

Осы проблеманы шешу үшін, мынадай ұсыныстар бар:

- кабинеттер компьютерлермен және мультимедиялық бағдарламалармен толық жабдықталуы керек;
- қашықтан оқыту курстары және бағдарламалары болу қажет;
- ақпаратты-техникалық жабдықтау қызметі қашықтан оқытудың программалық, ақпараттық және техникалық құралдарын дайындау;

Зерттеу жұмысымыздың нәтижелерін қорытындылай келсек, студенттерде мәдениетаралық қатысым құзіреттілігін дамыту үшін қашықтықтан оқыту технологиясының мүмкіндіктері зор және де осы үдеріс жаһандану жағдайында, ақпараттық технологияның даму жағдайында ең маңызды деп есептелінеді. «Ең сапалы білім- өзін-өзі жетілдіру» -деген заманауи тезиске сай қашықтықтан оқыту технологиясының орыны ерекше және де жаһанданған жағдайда алдыңғы қатарлы мүмкіндік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Полат Е.С, Моисеева М.В. Дистанционное обучение. Москва: Владос, 1998
3. Стародубцев В. А, Федоров А.Ф. Роль компьютерных и телекоммуникационных средств в личностно-ориентированном открытом образовании // Открытое образование, 2003, №2
4. Андреев, А.А. Введение в дистанционное обучение : учебно- методическое пособие / А.А. Андреев ; Воен. ун-т. – М. : Изд-во Воен. ун-та, 1997.
5. Джусубалиева Д. М. Использование новых информационных технологии для реализации дистанционной формы обучения. // Вестник КазУМОиМЯ. -2005, №11.
6. В. Holmberg. Status and trends of distance education. –L.:Kogan Page, 1981
7. Р. Деллинги, А. Ведемеер. Педагогическое соч. / Под.ред. Г.А.Джибладзе.-М., -Т.1.
8. К.М.Беркімбаев. болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үрдісінің педагогикалық жүйесі: дис. ...пед.ғыл.док. – Түркістан, 2006.

СТУДЕНТТЕРДІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Асхат Надира
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық
Қатынастар және Әлем тілдері Университетінің
2 курс магистранты

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жоғары оқу орындағы оқушылардың мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілігін қалыптастырудағы заманауи технологияларды пайдаланудың маңыздылығы қарастарылған

Түйінді сөздер: оқыту үрдісі, мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілігі, заманауи технологиялары.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается эффективность использования современных технологий при формировании межкультурной коммуникативной компетенции у студентов.

Ключевые слова: учебный процесс, межкультурная коммуникативная компетенция, современные технологии.

ABSTRACT

This article deals with the effectiveness of using modern technologies aiming to create the student's intercultural communicative competence.

Key words: learning process, modern technologies, intercultural communicative competence.

XXI ғасыр- озық технологиялардың мерзімі болғандықтан білім беру жүйесінде инновациялық заманауи технологияларды оқу үдерісінде тиімді пайдалану заман талабы болып табылады. Шетел тілін үйренуде түрлі технологиялар бүгінгі күні үлкен өзектілікке ие болып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында белгілегендей, білім беру жүйесін ақпараттандыру, мемлекеттік білім саясатының негізгі қағидаларын жүзеге асырудың маңызды бір механизмі болып табылады. Осыған орай, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім саласын ақпараттандыруды дамыту жоспары жүргізілуде екені анықталады, және де бұл өзі басымды бағыттарының бірі екені көрсетілген.

Қазір дүние жүзінде, елімізде көптеген өзгерістер барлық салаларда орын алуда, мемлекеттер арасында ынтымастық қарым-қатынастар кеңеюде, Қазақстан Республикасы да дүниежүзілік аренада белсенді іс-әрекет атқаруда, мемлекетіміздің абыройы күннен- күнге өсуде. Елімізде әртүрлі халықаралық форумдар, симпозиумдар, конференциялар тағы басқа іс-шаралар өткізіліп тұрады. Қазіргі уақытта әртүрлі халықаралық саяси, экономикалық және кәсіби ұйымдар, компаниялар жұмыс істейді, туризм саласы да дамып келе жатыр. Әрине мұндай халықаралық қарым-қатынастардың кең етек алуы шетел тілін толық меңгерген мамандарға деген қажеттілікті, сұранысты арттырып отыр. Осыған орай, мәдениетаралық қатысымды дамыту өзекті мәселеге айналды, сондықтан жас мамандарды дайындауда түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып оқыту барысында студенттердің қабілеттерін тиімді қалыптастыру жоғары оқу орындағы мұғалімдердің ең маңызды мәселесі болып табылады.

Ғалымдардың еңбектерін, мамандардың тәжірибиесін зерттей отырып,мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілік-әртүрлі ұлттар мен мәдениет өкілдерінің меңгерген тілдік білімдерінің ,өмірлік немесе ғылыми тәжірибелерінің арқасында еркін қарым-қатынас жасай алу іскерлігі мен тұлғаның өзара түсінісе алушылық қасиетін қамтиды деп анықтаймыз.

Заманауи технологиялар арқылы болашақ мамандарының мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілігін қалыптастырудың негізгі бағыты – қазіргі қоғамның талабына сай, өз еркімен шешім қабылдай алатын, бәсекеге қабілетті, ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігі, біліктілігінің қойылып отырған талапқа сәйкес келуімен сипатталады. Сонымен бірге қазіргі кезде білім беру үдерісінде заманауи технологиялық амал тәсілдер кеңінен қолдану,жаңартылған әдіснама және соның негізінде құралған шетел тілдік білім беру теориясы шынайы тілдік ортаға барынша жақын шеттілдік білім берудің жолын оңайлату.

Шетел тілін үйретуде мұғалімдер түрі технологияларды кеңінен пайдаланды, олар: жобалық технология, интерактивтік технология, ақпараттық технология, кейс технология және тағы басқалары. Студенттердің мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілігін дамытуда, жоғарғы оқу орындарының тәжірибесінде ақпараттық технологиясын кеңінен қолданылады, соның ішінде:

ВЕБКВЕСТ (ағылшын тілінен "webquest" –"Интернет-жобасы" –оқыту Интернет – ресурстарының ең күрделі түрі. Вебквест – бұл оқушылардың жобалық ісін Интернет желісінің ресурстарын қолданумен ұйымдастыру сценарийі. Ол өзіне жоғарыда аталған төрт материалдың барлық компоненттерін қамтиды.Студенттердың жобалық ісін Интернет желісінің ресурстарын қолданумен ұйымдастыру сценарийінің бірі келесі құрылымнан тұруы мүмкін. Алдымен топтарда оқытылып жатқан тақырып бойынша жалпы мәліметтермен танысады,және әр топқа тақырыптың белгілі бір аспектісін топта оқу және талқылау үшін беріледі. Оқытушы тақырыптың зерттелетін аспектісіне сәйкес әр топ үшін Интернет желісінің ресурстарын таңдауы қажет.Нақты бір мәселені білгеннен,талқылағаннан кейін және толығымен түсінгеннен кейін әр бірінші топқа студенттер әр топта бір-бірден өкіл болатындай етіп қайта топтастырылады.

Нәтижесінде, студенттердің оқуға деген қызығушылықтары артып, белсенділігі көтеріліп, ойлау қабылеттері дамып, еркін қарым-қатынасқа түсе білді, сондықтан өзіміздің тәжірибелік жұмысымызды қорытындылай келсек заманауи технолоияларды пайдаланғанымыз келесіге жеткізеді, яғни студенттің тиісті біліктерді меңгеруі, тұлғалық қарым-қатынасын тілдік әрекетке қосу арқылы берілген салада минималдық тәжірибе түрінде әрекеттенуі. Келешекте кәсіби әрекет барысында әртүрлі ұлттар мен мәдениет өкілдерінің меңгерген тілдік білімдерінің, өмірлік немесе ғылыми тәжірибелерінің арқасында еркін қарым-қатынас жасай алады.

Қорыта келе, студенттердің мәдениетаралық қатысымдық біліктілігі олардың кәсіби іскерлігінің қоғамдық жүйеге негізделуіне тікелей байланысты және оларда сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас мәдениеті, мінез-құлық мәдениеті, кәсіби мәдениеті, тұрмыс және еңбек мәдениеті дамиды, ал осыған заманауи технологияларды пайдалана алудың ықпалы зор болып табылады. Студенттердің мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыру теориясын талдай келе заманауи технологиялар арқылы оқыту аса маңызды деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңында «Егемен Қазақстан» 2007 ж.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, Ақорда, 2010 ж.
3. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теория. А.: Эделвейс, 2005.
4. Сүлейменова О.Я., Төлебаев Т.П., Қайбалдиева Б.М. Шетел тілін оқыту үрдісінде жаңа технологияларды қолданудың маңызы. – Алматы: Вестник КазНМУ. 2012 ж.
5. Асхатова Е.Л. Тілдік факультеттің бастапқы кезеңіндегі шет тілдегі ауызша сөзді оқытудағы мәдени аралық қатынас біліктілігінің дамуы (неміс тіліндегі материалдар қолданылды). Дисс.автореф. ... пед.ғ.канд.Пятигорск, 2003.
6. Мюллер-Хартман А. Роль задач в продвижении межкультурного обучения в электронных сетях/А.Мюллер-Хартман//Обучение языка&Технология. 2000.
7. Жазыбаева Ж.С. Оқыту үдерісінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану.-№4. – Алматы: Білім, 2011.

СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ СОВРЕМЕННОГО СОСТОЯНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ ПО КОММУНИКАТИВНОЙ ПОДГОТОВКЕ В ВЫСШИХ ШКОЛАХ США И КАЗАХСТАНА

Шахапова Севара Мухаматаминовна
магистрант 2 года обучения по специальности
«БМ010300 - Педагогика и психология»
Казахского государственного женского
педагогического университета

ТҮЙІНДЕМЕ

АҚШ зерттеушілерінің мақалаларын талдау барысында осы елдің коммуникация саласындағы мамандарды даярлау жүйесі бойынша елеулі тәжірибесі бар екендігін және коммуникативтік білім беру бағдарламасы нақты жүйеге қойылғанын көрсетеді. АҚШ-тың жоғары білім беру жүйесінде өз ерекшеліктері бар және децентрализация дамуы әлемнің кез келген басқа елдеріне қарағанда жоғары деңгейде болып табылады. Сонымен қатар коммуникативтік білім беру бағдарламалары бүкіл жоғары білім беру жүйесінің бөлігі болып табылады. Бұл мақалада автор АҚШ-тың мен Қазақстанның университеттерінде білім беру

бағдарламаларын салыстырмалы талдау негізінде «Қоғамдық байланыс» мамандығының оқыту ерекшеліктерін ашады.

Түйінді сөздер: коммуникация, мамандарды даярлау жүйесі, білім беру бағдарламасы, дамуы, қоғамдық байланыс.

АННОТАЦИЯ

Анализ публикаций американских исследователей показывает, что в этой стране накоплен значительный опыт в подготовке специалистов в области коммуникаций и отработаны программы коммуникативного образования. Программы коммуникативного образования являются составляющей всей системы высшего образования в США, которая имеет свою специфику и отличается высокой степенью децентрализации, значительной большей, чем в любой другой стране мира. В рамках данной статьи автор раскроет особенности подготовки по специальности "Связь с общественностью" на основе сопоставительного анализа образовательных программ в вузах США и Казахстана.

Ключевые слова: коммуникация, система подготовки специалиста, программа образования, развитие, социальная связь.

ABSTRACT

The analysis of publications of the American researchers shows that in this country considerable experience in training of specialists in the field of communications is accumulated and programs of communicative education are fulfilled. Programs of communicative education are a component of all system of the higher education in the USA which has the specifics and differs in high extent of decentralization, considerable bigger than in any other country of the world. In this article the author will reveal features of training in the specialty "Public relations" on the basis of the comparative analysis of the educational programs in higher education institutions of the USA and Kazakhstan.

Key words: communication, a specialist training system, an education program, development, social communication.

Процесс интернационализации высшего образования и общность тех вызовов, с которыми приходится сталкиваться образовательным системам в различных странах мира, создают предпосылки и возможности для заимствования успешного опыта образовательной политики в США. Значительная часть тех нововведений, которые сегодня получают все большее распространение, своим существованием обязаны образовательной системе США, так как она во многом является одним из очагов модернизации в образовании: именно в ней сформировались и были впервые апробированы такие атрибуты современной высшей школы, как кредитная система, юридически закреплённая институциональная автономия университетов, общественная и профессиональная аккредитация вузов. [1]

Анализ публикаций американских исследователей показывает, что в этой стране накоплен значительный опыт в подготовке специалистов в области коммуникаций и отработаны программы коммуникативного образования. Программы коммуникативного образования являются составляющей всей системы высшего образования в США, которая имеет свою специфику и отличается высокой степенью децентрализации, значительной большей, чем в любой другой стране мира.

Рассмотрим отдельные направления специализации в университетах США, связанные с фундаментальным образованием в коммуникационной сфере. Ещё одним самостоятельным направлением, которое широко вошло в практику коммуникативного образования США, является подготовка специалистов в области «публик рилейшнз» – «связи с общественностью». Появление данной специальности связывают с потребностью в подготовке специалистов по формированию общественного мнения, определению интересов общества и их распределения по группам населения. От изучения аудитории научная риторика в США перешла к исследованию действенности и эффективности речи.

Как профессиональная сфера деятельности, PR впервые начала развиваться в США. Обобщая главным образом именно американский опыт, американский экономист Р. Смит выделил четыре этапа в истории пиара (Таблица 1).

Таблица 1 - Характеристика этапов развития PR

ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ PR		
Название этапа	Цель PR мероприятий	Характер коммуникации
1. «Эра манипулирования» (19 в.)	Пропаганда	односторонняя
2. «Эра информирования» (начало 20 в.)	Распространение информации и правдивость	
3. «Эра убеждения» (середина 20 в.)	Влияние на общественное мнение и поведение	двусторонняя
4. «Эра взаимовлияния» (конец 20 в.)	Взаимопонимание и разрешение конфликтов	
Источник: Smith R. Public Relations History (www.snybuf.edu/~ronsmith/rdhistory.htm) [2]		

Считается, что впервые официально само выражение «public relations» употребил американский президент Томас Джефферсон в 1807 г. в Седьмом обращении к Конгрессу. В 1830-е это понятие вошло в употребление как «relations for the general good» («отношения ради всеобщего блага»).

В начале 20 в. происходит рождение профессиональной PR-специализации. Главной задачей пиара стало установление доброжелательных взаимоотношений между предпринимательским сословием и остальной частью населения, преодоление непонимания между ними. Обычно «отцом» современного пиара называют американского журналиста Айви Ли. В 1906 году он опубликовал Декларацию о принципах PR - своего рода первый моральный кодекс профессии. Основной задачей PR-специалиста А. Ли назвал «побуждать людей верить в то, что правления корпорацией преследуют искреннюю цель заручиться их доверием». [1]

Дальнейший процесс институционализации профессии специалиста по «паблик рилейшнз» связан с включением курсов PR в учебные планы университетов и началом целенаправленной подготовки специалистов в этой области. Впервые курс PR был включен в учебный план Университета штата Иллинойс в 1918 г., а в 1922 г. такой курс был введен уже в Нью-Йоркском университете. Особого размаха данный процесс достиг в 30-40-е гг. прошлого столетия. В 1949 г. уже 100 колледжей и университетов США предлагали курсы PR.

Научные основы PR как дисциплины заложил в середине 20 века Эдвард Л. Бернейз. В 1955 г. вышла в свет его книга «Инжиниринг согласия». Автор подчеркивал, как теоретик консенсуса, что у PR имеется три функции: «информировать общественность, способствовать собственно убеждению общественности, влиять на ее представления». Бернейз определил конечную цель всех PR-усилий как достижение согласия с помощью PR-методов. Он впервые высказал идею посредничества на основе открытости, доверия, диалога. В этой коммуникативной модели, признанного классика «паблик рилейшнз», большое значение придается исследованиям внешней и внутренней среды [3].

В 1970-х преподавание PR официально вошло в обязательные программы экономических колледжей и университетов Америки. Связи с общественностью распространяются, становятся необходимым направлением международной деятельности, и курсы входят в программы подготовки дипломатов и других специалистов в области международных отношений.

Так, главным образом PR программы – это программы подготовки коммерческих и политических деятелей. Выделяют пять основных направлений деятельности по связям с общественностью, которые транслируются и в учебные программы университетов:

- отношения со СМИ (паблисити) – создание новостей о лице, продукте или услуге, которые появляются в СМИ (газетах, телепередачах и т.д.);
- отношения с персоналом – внутренние коммуникации компании со своими сотрудниками. В их основе лежат программы мотивации сотрудников к выполнению своей работы наилучшим образом;
- отношению с финансовым сообществом – взаимодействие с государственными финансовыми органами, с частными и корпоративными инвесторами, с фондовыми брокерами и финансовой прессой;
- отношения с властными структурами – тесное сотрудничество (включая лоббирование) с федеральными, региональными, окружными и местными органами власти;
- 4 Human Rights in Kazakhstan: Seven Months before the OSCE Chairmanship, Human Rights Watch, 20 May, 2009

5 Strategy for Gender Equality in the Republic of Kazakhstan for 2006-2016. – Approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan # 1677 of 29 November 2005. – Astana, 2005. – 37 p. . Strategy for Gender Equality in the Republic of Kazakhstan for 2006-2016. – Approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan # 1677 of 29 November 2005. – Astana, 2005. – 37 p.

6 Violence Against Women: Does the Government Care in Kazakhstan?, Violence Against Women (VAW) Monitoring Program, 2007.

7 За 3 месyaca 2012 goda na yuge Kazakhstana ukradeno 6 nesovershennoletnih nevest. - 6 underage girls stolen in the South of Kazakhstan during three months of 2012. // http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tri-mesyatsa-2012-goda-yuge-kazakhstan-ukradeno-6-nesovershennoletnih-nevest-212832/

8 Comments by the Advocates for Human Rights on the DRAFT Law of the Republic of Kazakhstan “On Counteracting Domestic Violence”, Advocates for Human Rights, 22 May, 2009.

PROFESSIONAL-ORIENTED COMMUNICATION TRAINING: TOURISM DISCOURSE

Kartabaeva Ayana A.
**Ph.D doctorate of Abalaikhan University of
International Relations and World Languages**
Zhaitapova Altnai A.
**Doctor, professor at Abalaikhan University of
International Relations and World Languages**

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала қоғамның негізгі басымдықтарының бірі бүгін ретінде туристік дискурс, соның ішінде кәсіби-бағытталған қарым-қатынас оқыту, талқылайды..

Түйінді сөздер: Кәсіби-бағытталған байланыс, оқыту, туристік дискурс.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается обучение профессионально ориентированной коммуникации, в том числе туристическому дискурсу, как одной из главных приоритетов общества на сегодняшний день.

Ключевые слова: профессионально ориентированная коммуникация, тренинги, туристический дискурс.

ABSTRACT

The article examines the professional-oriented communication training, including tourism discourse, as one of the main priorities of the society today.

Key words: the professional-oriented communication, training, main priorities.

For spiritual and moral enrichment of every person, to a dignified life and to carry out work in a changing world it is necessary to be fully developed. There is a need in learning and knowing several languages in Modern Kazakhstan in order to keep abreast of news in the technology industry, science, medicine and other industries, to know the best practices of the world, to strengthen international relations, for using these innovations in international language for the benefit of the people, to enter the international arena. Modern processes that are taking place in our society are characterized by a high complexity and diversity of values, attitudes and norms, so in the life which is rapidly going forward it is unacceptable to lose any time. In this regard it should be noted that the knowledge of languages is necessary for sufficient and greatest technological advances of our time.

International diplomatic relations of intensively developing Kazakhstan, the international trade market also needs an acquisition of languages. Regards of this situation the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in his Address to the Nation «Building the future together», said the following: «For the modern Kazakhstani the possession of three languages is a prerequisite of their own well-being» [1].

Technology of multi-level training of English language, which is considered as relevant and effective at present day, is aimed at achieving the goals and objectives, to achieve the highest results in language learning, the ability of the students to express their thoughts as a specialist. Through this means the preparation of highly qualified, professionally competent expert is main priority.

The need for English language training in the professional field comes as well from the requirements of society. An expert who knows how to professionally speak English, the international language, has a special place in the company, institution, public services and society in general, has special authority.

Knowledge of languages, the ability to competently talk, to own oratory mastery is a reliable weapon for the future of professional.

The purpose of language learning in the professional orientation is to increase the future professional to the level of the individual, to the subject of international communication, who can fully orient themselves in their specific professional activities, in the business and social environment.

The most relevant approach in teaching foreign languages in non-linguistic high school is considered the professionally-oriented approach, which is based on the needs of students in studying of a foreign language, due to the specifics of their future profession. An important component of professional-oriented approach is learning the discourse.

By definition of Y. Karaulov [2] «discourse is a complex communicative phenomenon that includes, in addition to the text, the extra-linguistic factors that are necessary for the understanding of the text». The most important characteristics of discourse by O. Kucherenko are: connectivity; integrity; completeness/ perfection; composite processing; belonging to a particular type; extra-linguistic features of dialogue act and the situation [3].

The main aim of learning a foreign language in high school is to continue to improve the international communicative competence in situations of professional communication. Hence the importance of discursive competence.

Professional discursive competence involves mastery of different types of discourse, which let to replay a substantive and social content of professional activity. This type of competence is an integral part of professional competence and means the ability to apply a set of knowledge, skills, and methods of activity related to the discourse analysis, by construction and situational understanding of discourses as the objects of reality in the course of professional activity. Thus, discourse can be seen as a mastery of the object in the classroom in a foreign language in non-linguistic high schools. Different types of discourse are the main components of the content of foreign language communication training, which is aimed at the formation of discursive competence.

Tourist industry of Kazakhstan is one of the most relevant, important sectors of the country. Nowadays the knowledge of foreign language is an important aspect in the work in the tourism industry. Many people all tourist organizations fill in business papers in the international language, and conduct their work in most cases in the international language.

In higher education in teaching professional foreign language the geography and everyday topics are given in the first, second year, and topics related with a specialization are given especially at the third and fourth courses.

The main purpose of professional English lessons is familiarization with the vocabulary used in a future profession, an explanation of their meaning, the expansion of the scope of professional activity, formation of scientific skills, writing skills, speech, reading in this direction. Securing, activation of professional terms through tasks and exercises associated with them it plays an important role with the interpretation of the terms of the text. For example, in the study of the «Resort», «Carrier», «Tour» topics it is necessary to give interpreted meanings, the clarification of terms related to the tourism industry, «the permit, visa, travel agent, license, route, release date,

reservations, etc.». It is necessary to monitor the process how students understand the meaning of these words, if they know how to use them in their professional vocabulary.

It is also necessary to explain the ways of connection of words, combined with travel terms within the meaning, to consolidate them with examples. When working on the terms it is good idea to use the value of the presence of opposing or close in meaning of words, examples should be given (e.g., tourism - a trip, traveling, hiking; booking - reservation, ordering, etc.). In the opposite sense: the sending party - the host country, the beginning of the route - the end of the route, individual tourists - a group of tourists, etc.

Today's students are tomorrow's professionals. Knowledge of the language suggests, first of all, the knowledge of a certain number of words, speech speed and the ability to apply them in own speech. For successful mastering of vocabulary the samples of dialogues can be used. Work on dialogue samples is aimed at communication of the future specialist in the team, in an environment where he will work. Dialogues are compiled using the terms in the specialty between two or more colleagues. For the development of speech the different situations are given, dialogue samples are activated. For example, «In the Tourism Bureau (agency)», «Excursion», «At the hotel», etc.

That types of works enrich the vocabulary of students in the special vocabulary, form language skills.

The professional foreign language training is very important in higher schools, because in worldwide space of education in condition of in-depth, widespread integration process of learning a foreign language is a preparation of professionals with a high level of professional skill, competitive with qualitative knowledge, who can interact in the international level.

The aim of the professional foreign language teaching in higher schools is to promote the development of foreign language perfectly in their specialty and training of future specialists mastering a foreign language. The procedural part of learning a professional foreign language of students is carried out by organizing collective forms of work, also pedagogical, psychological help should be given to each student by organizing games, debates, dialogues, business games, games related to future profession of students. The texts for the development of interactive speech and monologue speech with tasks that have creative character can be used in the lesson, they are on par with an increase in the general culture of students also can teach to share professional interests and humanitarian values.

It is impossible to prepare the competent professional with the necessary knowledge, skills and abilities based on one subject. On the integrated lessons we develop the ability to not only communicate, but also gives the opportunity to enhance their knowledge about the modern world. On the integrated lessons, students build dialogues in foreign language. And students make up short stories in English about their specialty. Perform individual tasks. For example, to complete the text, by putting the right words where it is necessary, give equivalents of these words in other languages.

The educational purpose of these lessons is to consolidate students' knowledge obtained in the previous lessons, training the creative work within a group of groupmates, searching activity, the development of professional speech, education of love to their chosen specialty, increased responsibility.

In conclusion, it should be noted that training based on communicative training is necessary to develop the life skills and human values. In our time, when multilingualism is a demand of the time, knowledge of other languages will increase our ability to freely integrate into world culture, civilization and educational space, to enter the number of highly-developed 50 countries to compete in all spheres of life in the process of globalization. Thus, the importance of discourse in professionally-oriented foreign language learning is great, since it contributes to the training of intercultural communicative competence of future specialists.

References:

1. Nursultan Nazarbaev's Address to the Nation «Building the future together», 28 Jan, 2011.
2. Караулов Ю. Н. От грамматики текста к когнитивной теории дискурса / ван Дейк Т. А. Язык. Познание. Коммуникация: Пер. с англ./Сост. В.В.Петрова; Под ред. В.И.Герасимова; Вступ. ст. Ю.Н.Караулова и В.В.Петрова.— М.: Прогресс, 1989.— С. 8
3. Кучеренко О. И. Формирование дискурсивной компетенции в сфере устного общения: Дис. ... канд. пед. наук. / О. И. Кучеренко. - М., 2000.

ЖОО-ДА ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ, МАҚСАТ, МІНДЕТІ, БАСТЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

Алиманова Ақгүл Төремұратқызы,
педагогика ғылымдарының магистрі,
аға оқытушы гуманитарлық пәндер кафедрасы.
Идиева Салтанат, Кеңесова Гүлзат, Жұмашева Динара
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығы, 1курс студенттері.
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе қ

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ЖОО-дағы тәрбие жүйесінің методологиялық негізі, ұлттық тәрбие мақсаты, міндеті, қағидалары мен мазмұны баяндалады.

Түйінді сөздер: патриотизм, ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие, парадигма, методология

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются методологические основы формирования воспитательной системы Вуза. Раскрываются цель, задачи, принципы, содержание национального воспитания казахского народа.

Ключевые слова: патриотизм, национальные ценности, национальное воспитание, парадигма, методология

ABSTRACT

This article is consider methodological basis of forming educationai systems of the university. Reveal the aim, Problems, principles, maintenance of national education of kazah people.

Key words: patriotism, national values, national education, paradigm, methodology

Ел басы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы Жол», халыққа жолдауында: «...Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз... Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!... Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз...», деген сөздері ЖОО-дағы тәрбие жүйесін ұлттық негізінде құрудың мән-мағынасын айқындап тұрғандай [1,126]. Ал 2014 ж. 17 қаңтарда қабылданған Қазақстан халқына кезекті «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында президентіміз Патриотизмді қалыптастыру проблемасын көтеріп, идеялық негізін – «Мәңгілік Елді»,-деп тұжырымдады [2,286].

Болашақ маман тәрбиесі – адамзат дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын бірден-бір айрықша құбылыс. Әрбір мемлекеттің дамуындағы өзгерістер мен жаңалықтар, адамзат мінез-құлқындағы кемшіліктер мен келеңсіздіктердің бәрі тегіс тәрбиеге келіп тіреледі. Осы ретте ең алдымен ата-бабамыздан қалған ұлттық тарих, мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, музыка, өнердің әрбір өзге саласы, халық шаруашылығы, өркениеті негізінде білімгерлерді тәрбиелеуіміз қажет. Басқаша айтқанда, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып, ғасырлардан келе жатқан халқымыздың тәрбие беру жолы бүгінгі маман тәрбиелеу үрдісінде кеңінен орын алуы тиіс. Бұл – мемлекет келешегінің мызғымас кепілі. Жалпы білімгер өмірінде жоғары мектептегі тәрбиенің рөлі ерекше, өйткені ол көп қырлы, көп салалы болумен қатар жүйелі жұмыс жүргізгенде ғана нәтижелі болады.

ЖОО-да тәрбие жүйесін қалыптастырудың методологиялық негізі:

Ел Басының
Қазақстан халқына
жолдаулары

Этнопедагогикалық, ғылыми
философиялық қағидалар,
тұжырымдамалық идеялар

Жаңа парадигмалық
ой-пікірлер

Сурет 1. ЖОО-да тәрбие жүйесін қалыптастырудың методологиялық негізі

Қазақстан Республикасының президенті әрбір жолдауында даму стратегиясы мен тактикасын, экономикалық өркенде жолы мен рухани қалыптасу негізін айқындайды. Методология – белгілі бір ғылымда қолданылатын танымдық әдіс – тәсілдердің жиынтығы; танымның принципін, формасы мен әдіс-тәсілін құру жөніндегі ілім. Методология адамның теориялық және тәжірибелік қызметін ұйымдастыру мен түзудің түпкілікті принциптері мен тәсілдерін жүйелі түрде сұрыптап, жан-жақты талдап, олардың қолдану аясын, мүмкіндіктерін, өзара байланысын ашады [kk.m.wikipedia.org/wiki/].

Парадигма – ғылым дамуының белгілі бір кезеңдерінде ғылыми қоғамның қабылдаған әдіснамалық және теориялық қағидаларының жиынтығы, ғылыми зерттеудің үлгісі, стандарты, зерттеу мәліметтерін, болжамдар мен ғылыми міндеттердің жиынтық үлгісі ретіндегі көрінісі [3,256]

Мұғалімдік мамандықтың мәні, өзіндік ерекшеліктері мен функцияларына В.А.Сластенин, Н.Д. Хмель, т.б. тоқталады, әрі құрылымын негіздейді, мұғалімге ұлттық тәрбие беруге байланысты ғылыми-әдістемелік бағыттар ұсынады [4;5]. Мұғалімге ұлттық тәрбие беру проблемасы барлық уақытта ғалымдардың зерттеу объектісі болды. Ұлттық тәрбие мәселесін ғылыми –теориялық тұрғыда Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, т.б. ғалымдар негіздеді [6;7;8].

Білімгерлерді ұлттық тәрбиелеу мазмұны, мақсаты, салт-дәстүрлерді қолдану жолдары

Біртұтас
педагогикалық
процесте

Тұрмыс-
тіршілікте

Әлеуметтік-
мәдени өмірде

Сабақтан тыс
тәрбие
жұмыстарында

ЖОО-ы тәрбие жүйесінде: салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың қолданылу аясы

Сурет 2. Білімгерлерді ұлттық тәрбиелеу мазмұны, мақсаты, салт-дәстүрлерді қолдану жолдары

Біздің ойымызша, болашақ маман *тәрбиелеудің мақсаты* – кәсіби білім беру, біліктілік қалыптастырумен қатар өз ұлттының рухани және материалдық құндылықтарын бағалай білетін, ана тілінің қадірін арттырып, дамуына үлес қосатын жан-жақты білімді, дені сау, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы жоғары ұлтжанды азамат тәрбиелеу. Бұл мақсатты орындау үшін халқымыздың сан ғасырларғы ұрпақ тәрбиесіне қатысты тәжірибесіне сүйене отырып, мынадай *міндеттерді* жүзеге асырылады:

- ЖОО-ның тәрбие жоспарларына әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктерін енгізу;

- ғылымның соны жетістіктері мен ұлттық құндылықтар негізінде жеке адамды тәрбиелеуге, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған қажетті жағдайлар туғызу;
- болашақ маманға берілетін білім мен тәрбие берудің тиімді жолдарын нақтылы анықтау;
- кез келген саладағы барлық буынға тәрбие беру ісін тек ана тілі негізінде жүргізу;
- тәрбиелік іс-әрекет мазмұнын ұлттық мүддеге сай құру;
- әрбір жүргізілетін тәрбиелік шараларды ұлттық мәдениетті насихаттайтын деңгейде ұйымдастыру.

Бұл міндеттерді тиімді шешу жолдарын қарастыру арқылы әрбір тұлғаны жан-жақты білімді, саналы азамат етіп тәрбиелеуге болады. Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу саласындағы түбегейлі өзгерістер ұлттық мәдениетке, халықтық дәстүрге, олардың тарихы мен даму жолдарына қайта оралып, ЖОО-дағы тәрбие жүйесін ұлттық негізде құруға, мемлекеттік қызмет етуге жұмылдыруға негіз болды. Өйткені білімгер ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мәдени мұраларды, құндылықтарды игеріп, дүниетанымы мен көзқарасы дұрыс қалыптасып, қоршаған өмір шындығына эмоциялық қатынасы, танымдық ой-санасы ел мұраты мен халық мүддесі үшін еңбек ететін кәсіби іскерлігі қалыптасқан, ұлтық намысы биік маман тәрбиеленетіні анық. Ұлттық тәрбиені меңгерген болашақ мұғалім оқу-тәрбие үрдісінде өз білімі мен біліктерін жүзеге асыру қабілетіне ие болады, нәтижесінде білім алушының жеке білімдік кеңістігі, өмірлік әрекет бағдарламасы қалыптасады. Ендеше ұлттық қайта өрлеу процесінде халықтың мәдени игіліктерін танып-білу мен болашақ маманды ұлттық тәрбиелеу жүйесін қалыптастыру өмір талабы. Тәрбие беру – үздіксіз жүргізілетін күрделі үрдіс. Мұнда білімгерге табиғаттан берілген тума қасиеттері, қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдай, іс-әрекет пен қарым-қатынас сияқты негізгі күштеріміздің өзара ұтымды байланысы және сәйкестігі саналы азаматтық көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді. Сондықтан ЖОО-да тәрбие жүйесін дамытудың белгілі сатысында *тәрбие беру қағидаларын* анықтау да ең басты мәселенің бірі болып табылады. Қағида сөзі кейбір еңбектерде тұжырым деген ұғымда пайдаланылып келеді. Қағида принцип латын тілінен енген сөз. «Бастапқы, алғашқы, негізгі ой-пікір, идея»,- деген түсік береді. Тәрбие қағидасы дегеніміз – тәлім-тәрбие үрдісінің жалпы бағытын айқындайтын, бастапқы негізін белгілейтін нұсқаулар жиынтығы, яғни тәрбиелік іс-әрекет, қызмет, қарым-қатынасты не ықпалды ұйымдастыруда басшылыққа алынатын, әрі оның мазмұнын айқындайтын идеялардың жиынтығы [9,196].

Қағида, әдетте, берілген іс-әрекет түрінде адамның басшылыққа алатын ережелерін бейнелейді. Тәрбие қағидасы – бұл тәрбиенің жалпы заңдылықтарын көрсететін ережелер жиынтығы [9,236].

Бүгінгі күннің талабына сай берілетін этникалық тәрбиенің мазмұнын төмендегі негізгі *қағидалар* арқылы көрсетуге болады:

- Ұлттық тәрбиенің мазмұны адамгершілік, имандылық, ізгілік, Отаншылдыққа негізделеді;
- Ұлттық тәрбие – этникалық мәдениетті қалыптастырудағы басты арна; Халқымыздың педагогикалық құнды ой-пікірлері – ұлттық тәрбие жүйесінің тірегі;
- Ұлттық тәрбие беру жүйесінің негізгі тілі – ана тілі, халықтар достығы, «ана тіліне негізделген Үш тілдік тұғыры»;
- «Отбасы (ата-ана) – балабақша – мектеп – арнаулы орта оқу орнымен- ЖОО» сабақтастығы ұлттық тәрбие жүйесінің өзегі болып табылады;
- Жоо-дағы тәрбие процесінің жүйелілігі мен үздіксіздігі принципі;
- Тәрбие процесінің мақсат- бағыттылығы, көпжақтылығы принципі;

Бұл қағидалар ЖОО-да ұлттық тәрбие жүйесін құруда үнемі басшылыққа алынды.

Ұлттық тәрбие – жеке тұлғаның ұлттық сана – сезім, мінез-құлқы, ана тілі, ата тарихы, төл мәдениеті және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасады [9,273 б].

Ұлт ұғымы өзіне тән мәдениетті бар топ деген мағына береді. Ұлт – тіл, мораль және

өнер салалары тұрғысынан ортақ тәрбие алған адамдардан тұратын бірлестік. Энциклопедиялық, философиялық сөздіктерде, А.А.Айталының «Ұлттану» еңбегінде «ұлт» ұғымына ғылыми анықтама беріледі. Ұлттық ұғымдарды ғылыми тұрғыдан теориялық негіздеу, сол ұғымдардың мән-мағынасын, ішкі мазмұнын ашу, оны ұрпақтың мүмкіндігінше толық түсінуіне көмектеседі. «Ұлт» ұғымына: «тарихи жағдайларға байланысты белгілі бір аумақты тұрақты мекендеп иеленуі арқылы тілдің, діннің, мәдениеттің, дәстүрдің, әдет-ғұрыптың ортақтастығы негізінде қалыптасып, елдің мүддесін біріктірген халықтардың жиынтығы», - деген анықтама берілген [10, 4 б]

«Қазақстан – біздің ата-бабамыздың жері, елі біздің болашақ маманның өмір сүру ортасы, болашағы осы мемлекеттің дамуымен, өркендеуіне байланысты. Сондықтан ЖОО-дағы тәрбиелеу жүйесі - Қазақстандық этникалық тәрбиелеу процесінің тұтастығы мен бірізділігіне негізделіп, Қазақстан халықтарының татулығы мен бірлігіне құрылғанда ғана, қазіргі Қазақстанның құндылықтары мен жетістіктерін меңгеруде табиғи байланысты қамтамасыз еткенде мүмкін болады. Бүгінде Қазақстан – бұл бірқатар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша посткеңестік мемлекеттер арасында көшбасшы болып табылатын дамушы ел. Қазақстан әлемдік қауымдастықта танымал беделге ие, саясатта толық құқықты белсенді мемлекет саналады.

ЖОО-дағы тәрбие жүйесі көпсалалы, көпқұрылымды түрлі тәрбие саласын біріктіретін, мазмұны сан алуан. Өйткені болашақ маман қалыптастыру тәрбие жұмысының құрылымын, мазмұнын жан-жақты қарастыруды талап етеді. Қазақстандық ЖОО-дағы тәрбие жүйесі:

- Біріншіден мазмұны жағынан, рухани –адамгершілік, эстетикалық-сезімдік, отаншылдық- патриоттық, экономикалық-үнемділік, берекелік, дене-спорттық, салауаттылық, құқықтық-заңдылық негіздері, экологиялық-табиғат қорғаушылық, валиологиялық, т.б. қасиеттері мен сезімін қалыптастырудың мағыналы негізі болуы шарт;

- Екіншіден, құрылымдық жағынан тәрбиенің барлық жағын жан-жақты қамтыған, өзін-өзі басқаратын орталығы бар жүйе құрау шарт;

- Үшіншіден, болашақ маманның ұлттық тәрбие негізінде қалыптасуына жағдай жасайтындай этникалық ерекшелігін айқындауына негіз болатын құндылықтар мен мәдени мұра пайдаланылуы шарт;

- Төртіншіден, әлемдік деңгейдегі бәсекелестікке түсе алатындай теориялық, академиялық білімді, практикалық білігі, ана тілімен қатар халықаралық тілді меңгеруі шарт.

Сондықтан болашақ маманның патриоттық, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік сияқты сапаларын қалыптастыру тәрбие беру мақсаттарын жетілдіру басты маңызды міндет ретінде қарастырылады. Енді ЖОО-ның тәрбие жүйесінде тәрбие жұмысының мазмұнына сай берілетін тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің, идеяның бағыт-бағдарына, құрылымы мен құрамына назар аударайық.

Жалпы білімгерге ұлттық- этникалық тәрбие беру деген ұғымды біз болашақ маман бойында ізгі қасиеттерді, ару қыз, жігіт сұлтанын этникалық ерекшелікке сай қалыптастыру деп ұғынамыз. Басқаша айтқанда, ЖОО-да ұлттық тәрбие беру жүйесін құру – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін білімгерлердің бойына сіңіру, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Бұл орайда біз жоғары мектептегі білім алу, кәсіби даярлау жұмыстарын білімгердің іс-әрекеті, сезімі мен ойлау ерекшеліктері, оның өмір сүріп отырған қоғамдық тарихи жағдайларына тәуелді болатындығын міндетті түрде ескере отырып, әр білімгердің өзіне тән өзіндік сана-сезімін, ерік- күш жігерін, шығармашылық қызығушылығы мен қабілетіне сай ұтымды әдіс-тәсілдерді қолданылады.

Қазіргі білімгерлердің ұлттық сана сезімін, имандылық қадір-қасиетін қалыптастыруда қазақ ұлтының төл мәдениеті, салт-дәстүрлері, әдеті, әдеп-ғұрпы негізіндегі тәрбиелеу қарастырылады. М.Шоқайдың: «Ұлт мәдениетінен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажетіне пайдалы азамат шықпайды», деген пікіріне сүйене отырып, жаңа заман талаптары мен міндеттеріне жауап бере алатын рухани бай тұлғаны қалыптастыру мәселесі – бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселенің бірі. ЖОО-да тәрбие жүйесін құру, болашақ

маманға ұлттық тәрбие беру – қоғамдық құбылыс, жалпыадамзаттық іс. Себебі, бүгін бір ұлт, тұтас мемлекеттің келешегі жас ұрпақ қолында. Ал бүгінгі таңдағы Шығыс пен Батыс, Еуропа мен Азия мәдениеттерінің өзара тоғысуы кезіндегі ұрпақ тәрбиесін тиімді жүргізу үшін қандай мақсат қойылуы, нендей міндеттер іске асырылуы қажет деген сауалдар туындауда. Бұл айтылғандар, яғни ұлттық тәрбие беруге қатысты міндеттерді жүзеге асыру арқылы бүкіл қазақ халқына тән ұлттық ерекшелік қалыптасады. Ұлттық тәрбиеміздің ерекшелігі – ұлттың әлеуметтік, экономикалық тұрмыс-тіршілігінің талабынан туындайды. Ұлттық тәрбие мазмұнын ұлттық мүддеге сай құрып, болашақ маманға ұлттық мәдениет пен өнер негізінде тәрбие беруді, кәсіби даярлауды жан-жақты жүзеге асыру ЖОО-дағы тәрбиелік жүйеде жүзеге асатындытан бұл мәселе тұтастық, бірізділік, сан-салалы іс-әрекеттік бірлігі негізінде жүргізіледі.

В. Радлов: «...Қазақ қоғамы, біздікінен өзгеше, барынша реттелген айрықша мәдени қатынастар», - деген ғалым пікірі мен француз ғалымы В.Дингельштадт осы ойда жалғастырғандай: «...Ұзақ уақыт өркениетті дүниеден оқшауланып келген қазақтар қазіргі кезде өздерінің келешектегі тағдырына күйретуші әсер ететін ықпалдарға ұшырамау үшін өзгеру жолына дайын тұр», - деген сөздері қазіргі жаһандану дәуіріндегі, интернет пен жаңа ақпараттық технологиялардың ағыны арқылы қарқынды, жедел білім алу мүмкіндігімен қоса, жағымсыз ықпалдардың туындауы алаңдатып отырған кезде, жоғары мектептің тәрбие жүйесін терең ұлттық тәрбие негізінде құрудың маңызы артып отыр [11,726]

Ұлттың тәрбиелік қасиетінің ұрпақ бойында қалыптасуы білімгердің өзін қоршаған ортасындағы түрлі қарым-қатынастардың ықпалына байланысты. Себебі, әр халықтың өсіп келе жатқан ұрпағына ең алдымен қоятын үлкен талабы – оның шынайы адам болып қалыптасуы шын мағынасында адамгершілік қасиеттердің негізгі арнасы болуы керек.

Қазіргі кезде ата-бабамыздың бойымызға сіңірген ұлттық тәрбиесіне өз деңгейінде көңіл бөлінбейді:

- Бір жағынан, бүгінгі таңдағы ақпараттық технологиялардың даму ықпалының жастарға әсері;

- екінші жағынан, саяси ықпалдың жастар тәрбиесіне дұрыс ден қоя бермеуі ықпал етеді.

- Ақпарат ғасырының дамуына негіз болатын азаматтық қоғам құру барысында, дамыған батыстық мемлекеттердің ықпалы да әсер етеді.

ЖОО-дағы тәрбие жүйесін құруда ескеретін тағы бір мәселе ұлттық салт-дәстүрлердегі дүниетанымдық идеялардың маңызы мен мәні сараланып, тәрбиелік қырымен байланыстыра талдап, ата-баба мұрасындағы салт-дәстүрдің қолданылу аясын кеңейтіп, тәрбиелік мәнін білгізу болашақ маманды өз елінің ұлттық қадір қасиетін терең меңгеруіне жол ашады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы., 30 қараша, 2014 ж.

2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы.

3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология /Жалпы ред. басқарған А.Қ.Құсайынов. Алматы: «Мектеп» ЖАҚ, 2002. 256 б.

4. Слостенин В.А., Каширин В.П. «Психология и педагогика».-Москва, 2004.

5. Жарықбаев Қ., Қалиев С., Қазақ тәлім тәрбиесі. Алматы, Санат,1995

6. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие,1998

7. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы, Ғылым. 1998ж.

8. Мұхамбетова С.Қ. , С.Қ. Қожаева Тәрбие теориясы. Оқу құралы. Астана, 2007 ж.- 195 б. Мұхамбетова С.Қ. , Педагогика және педагогикалық технологиялар. Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік университетінің баспа бөлімі, 2012 ж.- 118 б.

9. Айталы А.А. «Ұлттану» (Оқу құралы)- Алматы: Арыс баспасы 2000ж - 226 б.

СЕКЦИЯ 3. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТӘРБИЕ ЖҮМЫСТАРЫ/ ВОСПИТАТЕЛЬНАЯ РАБОТА В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

ЭТНОПЕДАГОГИКА- ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ДІҢГЕГІ

Абдиркенова Акбидаш Капановна
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты
қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, аға оқытушысы

ТҮЙІНДЕМЕ

Этнопедагогика пәнінде, халықтық педагогикамен қоса «қазақстандық патриотизм», «ұлттық патриотизм» ұғымдарымен байланысты «қазақстандық патриотизм ерекшеліктері» мен «ұлттық патриотизм ерекшеліктерін» анықтап, жоғарғы оқу орындары студенттеріне патриоттық тәрбие берудің мазмұны мен бағыттарын айқындау.

Түйінді сөздер: патриоттық тәрбие, ұлттық сана-сезім, патриоттық іс-әрекет.

АННОТАЦИЯ

В предмете этнопедагогика, в том числе и народной педагогики, для студентов высшего учебного заведения освещены вопросы содержания и направления патриотического воспитания, определяя связь понятий «казахстанский патриотизм» и «национальный патриотизм» и «особенности казахстанского патриотизма» и «особенности национального патриотизма».

Ключевые слова: патриотическое воспитание, национальное самосознание, патриотические действия.

ABSTRACT

The subject ethno pedagogic in addition to folk pedagogic determines the notion in “Kazakhstan patriotism”, “National patriotism”, “features of Kazakhstan patriotism”, “features of national patriotism”, the content and the directions of patriotic training of students in higher education.

Key words: Patriotic action, national identity.

Адам баласының әрқайсының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі процесс. Әр ұрпақ өзінің бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғанынан, өз дәуірінің шыңырауына үн қосып, өз соқпағын іздейді. Әлем тарихында патриоттық тәрбие және әскери патриоттық туралы білім ғасырларға тамырымен терең кеткен.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында біз патриоттық тәрбие беруді қазақ этнопедагогикасының негізінде қарастыруды тиімді деп есептейміз. Өйткені жалпы тәрбиелеу процесі тек қана батыс еуропалық және американдық үлгіні қабылдап бара жатқанға ұқсайды. Ал Қазақстан - әрі батыс, әрі шығыс елі, ерекше ортада тұрған көп ұлтты мемлекет. Оның өзіне тән ұлттық, қоғамдық ерекшеліктері бар. Сондықтан халықтық педагогика негізінде студенттердің бойына патриоттық сезімді қалыптастыратын болсақ, Қазақстанның даму жолында өзінің сара жолы бар.

Ғылыми зерттеулерді оқып-зерделеп талдағанда және педагогикалық тәлім-тәрбиені ұйымдастырғанда студенттерге патриоттық тәрбие берудің ғылыми теориясы өз алдына дербес проблема ретінде анықталғанын және ол үнемі зерттеп отыруды қажет ететінін байқаймыз. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің этнопсихологиялық негіздерін бір арнаға түсіріп, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық тұлғасы

болған ақын-жазушы, ғалым және қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде пайдалану да қарастырылып келеді.

Қазақ этнопедагогикасындағы білім өз мәні жағынан студенттердің ішкі дүниесін, оның рухани-адамгершілік келбетін қалыптастыруға бағыттала алуы мүмкін және солай бағытталуы тиіс. Қазақ этнопедагогикасының бұл арада ерекше мүмкіндіктері бар. Өйткені оның мазмұнында ұлттық құндылықтар жарасымды үйлесім тауып жатады. Мұның өзі қазақ халқының өзіне тән ұлттық ерекшелігін терең танып, көре білуге мүмкіндік береді.

Этнопедагогика пәнінде, халықтық педагогикамен қоса «қазақстандық патриотизм», «ұлттық патриотизм» ұғымдарымен байланысты «қазақстандық патриотизм ерекшеліктері» мен «ұлттық патриотизм ерекшеліктерін» анықтап, жоғарғы оқу орындары студенттеріне патриоттық тәрбие берудің мазмұны мен бағыттарын айқындадық. Ұлттық және жалпы қазақстандық намысты ояту мәселесіне келгенде, қазіргі қоғамда демократиялық өзгерістерге орай жаңаша патриоттық беруде қазақ этнопедагогикасы студенттердің рухани азығына айналып отыр./1.б.62/

Студенттер бойында патриоттық сананы қалыптастыру тек қана жиын өткізумен шектеліп қалмауы тиіс. Бұл бағытта атқарылатын жұмыс жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие процесінің ең өзектісі, ең маңыздысы болып белгіленуі қажет.

Қазақстанда патриоттық тәрбиенің біртұтас жүйесі жасалып, әсіресе қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі шынайы бағалануы тиіс. Сондықтан да үкімет тарапынан арнайы бағдарламалар қабылдануы тиіс. Олар мерзімді баспасөздерде толығымен жарияланып, сол қабылданған бағдарламалардың жүзеге асырылуының нәтижелері басылым беттерінен көрініс тауып жатса, жастардың бойында қазақстандық патриотизм қалыптастыруда оң шешім болар еді.

Алексей Максимович Горький халықтың тек материалдық байлықтарды жасаушы күш қана емес, рухани байлықтардың бірден-бір сарқылмас көзі, барлық ұлы поэмаларды, жердің барлық қайғы-қасіреті мен қуаныш-шаттығын, солардың ішінде ең ұлысы – дүние жүзілік мәдениет тарихын жасаушы, уақыт бойынша да, сулулығы мен данышпандығы бойынша да, тұңғыш философ және ақын екендігін айтқан.

Ес біліп ақыл ұштауда, ой дүниесін толықтырып білім алуда ұрпақтан-ұрпаққа талай қилы кезең сындардан өтіп өз мағынасын сақтап келе жатқан халықтың жақсы салт-сана, әдет-дәстүрлерінің ұрпаққа берері мол. Әрбір даналық парасаттың өшпейтін себебі — сол халықтың рухани, мәдени мұраларын сақтап, оны жаңартып, жаңа өмір, жаңа адам, жаңа қоғам талаптарына қарай бағыттап, байытып қызмет істегіп отырғандықтан екені түсінікті. Сондықтан да оны қадірлеп-ардақтап таза ұстау, оған қиянат жасамау қай ұрпақтың болсын қасиетті борышы.

«Халық алдында ұялу деген жақсы сезім – өзіңнен өзің ұялу, бәрінен де жақсы», дейді. Л.Толстой. Халықтың, ғасырлар бойы асыл ой тамшысынан жинап, алмас казынадай сақтаған мұрасын құрметтеу, адамгершілігін, ұяттың не екенін естен шығармау қасиетті сезім. Халық дәстүрлері жас ұрпақты өз халқының тарихын, мәдениетін, рухани, табиғи байлығын, жерін, елін сүйеге, айналасын қоршаған дүниеге адамгершілікпен қарауға, құбылыс-болмысты парасатпен тапуға, әділет шапағатқа баулиды. И.Ньютон, менің басқадан алысырақ керетін себебім – алып-тариығының үстінде тұрмын деп тегін айтпаған ғой. Сол алып, даналық пен данышпандық биігі – қадірлі халық одан үйрене жүріп үйретесің, үйрете жүріп үйренесің. Осы аталған адамның жеке қасиеттері еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктен, Отанға деген патриоттық сезімнен туындайды. Патриоттық сезім адамдардың, халықтардың өміріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларының әсерімен пайда болады. Бұл жағдайлардың патриотизм мазмұнының өзгеруіне алып келеді./2,326/

Патриотизм - әлемдегі бейбітшілік үшін күреспен, адамзат өміріне қауіп төндіретін термоядролық, экологиялық және террорлық апаттың алдын алумен, халықаралық қатынастарды құрумен және әлемдегі жаңа тәртіптерді бекітумен, өзара түсіністікті негізге алумен, тәуелсіз елдермен және басқа да мемлекеттермен көршілік татуластықпен, іскерлік ынтымақтастықпен тығыз байланыста болумен өлшенеді.

Патриотизм — қоғамдық сана нысандарының бірі, бұл тарихи және топтық санат қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толығып отырады.

В.И.Дальдың сөздігінде «патриот» ұғымына мынадай анықтама берілген: «Патриот - Отанын сүйеуші, оның игілігін қызу қолдаушы, Отансүйгіш, Отандас». Тағы бір сөздікте: «Патриот - өз Отанын сүйетін, өз халқына берілген, өз Отанының мүдделері жолында құрбандыққа дайын, ерлік жасайтын адам».

Ал «Философиялық сөздікте»: «Патриотизм (грекше рагіз - Отан) – мазмұны Отанға сүйіспеншілік, оған шынайы берілгендік, оның өткені мен бүгінгісі үшін мақтаныш, Отан мүдделерін қорғауға ұмтылу болып табылатын адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім» - деп көрсеткен, ал лексикалық мағынасы: «Патриотизм - Отанға сүйіспеншілік, өз Отанына, өз халқына берілгендік».

Патриотизм ұғымы азаматтардың қоғамдық өмірдің саяси құрылымына және де басқа да компоненттеріне деген идеологиялық қарым-қатынасын білдіреді. Әрбір адам осы бір жоғары да ізгілікті сезімді әр түрлі түсінетіні белгілі: біреулер бұл ұғымды өз отбасы, істеп жүрген жұмысы, туып-өскен мекен ететін жерімен астастырса, ал екінші біреулер үшін бұл мемлекет, ел, қоғам, қоршаған ортаны тұтасымен қамтитын аса кең мағыналы ұғым ретінде қарастырады.

Тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің республика халқына Жолдауларында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, үкіметтің құжаттарында, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ағымдағы басылым беттерінде айқын көрсетілген.

Атап айтсақ, А.Әлімұлының «Патриотизм мен бақ» деген мақаласында патриотизм ұғымын былай анықтаған болатын: «...патриотизм, ол аймақтық-азаматтық ұғым да, ұлтшылдық тектік (ген) – ел-жерлік түсінік», – деген.

С.Т.Иманбаеваның «Ұлттық патриотизмнің дамып қалыптасу кезеңдері» деген еңбегінде: «Ұлттық патриотизм дегеніміз – елі мен жері, халқының бостандығы және мемлекет ретінде жер бетінде сақталуы үшін, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу», – деп тұжырымдайды. С.Иманбаева оқушыларды Отансүйгіштік рухта тәрбиелеу керектігін айта отырып, былай деген: «Отансүйгіштік рух – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш».

Патриотизм, жалпы алғанда, ұлттық мәдениеттің, ал, жекелей алып қарағанда, саяси мәдениеттің элементі болып табылады.

«Тәлім-тәрбие тұжырымдамасында патриотизм мазмұнына мыналарды жатқызады:

- адамның өзі туып-өскен жеріне сүйіспеншілік сезімі;
- ана тіліне құрметпен қарау;
- Отан мүдделеріне қамқорлық жасау;
- азаматтық сезімдердің көрініс беруі;
- Отанға адалдықты сақтау;
- Отанның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау;
- әлеуметтік және мәдени жетістіктерге деген мақтаныш;
- Отанның өткеніне және одан қалған мұраларға, дәстүрлерге құрметпен қарау;
- өз еңбегін, күш-жігері мен қабілеттерін Отанның гүлденуіне арнауға ұмтылу.

Осы көзқарасқа сәйкес патриотизмді Отанға деген сүйіспеншілік сезімі ретінде ғана емес, сонымен қатар адам бойындағы Отан туралы белгілі бір білімдер, жеке адамның патриоттық мінез-құлқында көрінетін дамыған ерік-жігер ретінде де қарастыруға болады. Мұндай көзқарас педагогтардан патриотизмге тәрбиелеуде тек санаға ғана емес, сонымен бірге сезімге және ерік-жігерге ықпал етуді де талап етеді.

Патриоттық тәрбиенің мақсаты – халық педагогикасы негізінде. Немесе әлеуметтік топтың патриоттық іс-әрекетке саналы түрде ұмтылысын сипаттайтын саяси-моральдық, кәсіби, психологиялық және дене қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Патриоттық іс-әрекет – тұлғаның және әлеуметтік топ әрекетінің әлеуметтік жағымды себептерімен сабақтас және Отанның прогресшіл элементтерін қорғауға

бағытталған кез келген түрі. Отан элементтері – жеке адамның, Әлеуметтік топтың ұмтылысы мен іс-әрекеттері прогресшілдігінің өлшемі, ол қоғамдағы прогресшіл таптар мен күштердің мүдделері тұрғысынан алғанда, тарихтың объективтік барысына, қоғамдық прогреске келуі болып табылады. Демек, патриоттық іс-әрекет дегеніміз – патриоттық сана-сезімнің көрінісі ғана емес, сонымен бірге тәрбиелеуші фактор болып табылады./3,152б/.

Қазіргі жағдайда патриоттық тәрбие процесінде идеялық сенімділік, өз Отанына, ана тіліне, еліне, жеріне, мәдениеті мен салт-дәстүріне деген, жалпы ұлттық мақтаныш, өз халқының тағдыры үшін жоғары туған Отанның экономикалық, ғылыми, моральдық-саяси және әскери әлеуметтерін дамытуға ұмтылыс, оны идеологиялық және саяси жаңынан қорғауға даярлық қалыптасады.

Патриоттық тәрбие процесінде идеялық сенімділік, өз Отанына, ана тіліне, жеріне, мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік, ұлттық жалпы ұлттық мақтаныш өз халқының тағдыры үшін жоғары жауапкершілік, туған Отанның экономикалық, ғылыми, моральдық-саяси және әскери әлеуметтерін дамытуға ұмтылыс, оны идеологиялық және саяси жағынан қорғауға даярлық қалыптасады.

Патриоттық тәрбие ең алдымен өз Отанының құндылықтарын танудан басталады. Тәрбие жұмысы барысында өз халқының, ұлтының ұлылығын, олардың тіршілік салтының артықшылық-жетістіктерін, халық саясаты мен жауынгерлер қызметінің прогресшілдігін терең ашып көрсету, жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде ұлттық дәстүрлерді, халықтың Отан қорғау ілімін насихаттау, өмірдегі жағымсыз салттарды, шовинизмді, нигилизмді және т.б. келеңсіздіктерді дәлелді сынап отыру қажет.

Біз тәрбие жүйесінде жоғары оқу орындарында білім алыпжатқан студент жастарымызды рухани және ұлттық құндылықтарын дұрыс бағалауға осы білімдерді пайдалануға бағытталуы тиіс деп есептейміз. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, патриоттық тәрбие процесінде «әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан - менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн».

Тәрбиенің ірге тасы қаланатын тағы бір қыры- жастардың білім алып отырған ордасында. Сондықтан өмірде жастар арасында кездесіп жататын ана тілін ұқпау, салт-дәстүрімізді білмеу, үлкенді сыйламау сияқты келеңсіздіктердің пайда болуы, оқу орындарындағы тәлім берудің жеткіліксіздігі, пәнге көңіл бөлмеуі бірден-бір себеп. Адамның бойында ұят сезімі қалыптасқан күнде ғана Отан алдындағы парызды орындау үшін саналы түрде қауіп-қатерге бас тіге алады. Б.Момышұлы «әрбір азамат өз ұлтын сүйуге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге міндетті» деген. Бұны ортада өсіп келе жатқан жас буындарды патриотизмге тәрбиелеуде ерен үлес қосатын аса маңызды әлеуметтік орта ой түюге болады. Сол себепті де жастарды патриотизмге тәрбиелеуді ғылыми педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыруды қарастыру өз алдына бүгінгі күні кезек күттірмейтін мәселесі екендігін атап көрсетуге болады. Ендеше студент жастарды оқытумен қатар тәрбиелеу үрдісінде қазақ этнопедагогикасын басшылыққа алу қажеттігі сезіледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы». Қ.Р. Президентінің Жарлығы Астана, Ақорда, 2006 ж. қазанның 10-ы. №200
2. А.Құсайынов Білім және Реформа . Алматы 2006.
3. С.Ғ.Тәжібаева. Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. – Алматы: “Ғылым” баспасы, 2004.
4. С.Ғ.Тәжібаева, Қалиева Г.И. Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2005.

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Өмірбаева Күләш Охасқызы
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қаласы.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада ХХІ ғасыр жаһандану кезеңі жас ұрпақтың шығармашыл, білімді, алдына мақсат қоя білетін, рухани адамгершілігі мол болуын талап етеді. Ел Президенті біздің болашағымызды ғылым мен білімнің дамуы анықтайтындығын айтады. Сондықтан да біздің университетіміз білім деңгейін көтеріп, сапасын арттырып, тәрбиеленушілердің бәсекеге қабілеттілігін дамытуды алға мақсат етіп отыр.

Түйін сөздер: білім, адами капитал, адамгершілік, құндылық, ұлттық тәрбие, рухани даму.

АННОТАЦИЯ

В данной статье говорится о том, что глобализация 21 века требует образованного, целеустремленного, креативного и перспективного поколения. Президент нашей страны обращается к народу, что будущее нашей страны определяет современного развития науки и образования. Поэтому наш АРГУ ставит целью поднятия уровня обучения, качество знаний, компетентность, развитие конкурентноспособности наших воспитанников.

Ключевые слова: знание, человеческий капитал, духовность, нравственность, национальное воспитание.

ABSTRACT

This article is about the requirements of 21st century, that life require educated, creative, and well-bred teenagers. President of our country says that our future depends on modern development of science and education. That is why our ARGU have the main aim to develop the education.

Key words: knowledge, human capital, spirituality, morality, national education.

ХХІ ғасыр ең жоғары технологиялардың, білімнің, ғылымның ғасыры. Қазіргі кезеңде білім мен ғылым билеген қоғам ғана бәсекелестікке төтеп бере алады. Қазіргі заман талабына сай білім берудің өзекті мәселелері – бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлаудың сапасын жақсарту, білім берудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, білімдегі жаңашылдықты саралап қолдана білу болып табылады. 2016 жылы бірінші желтоқсанда ғалымдар, дәрігерлер, спорт және бизнес көшбасшылары жиналған «Жастар форумында» еліміздің алғашқы президенті Н.Ә. Назарбаев былай деген еді: «Маған қазіргі жастар бұрынғыдай емес десе, мен айтамын: әжелер де бұрынғыдай емес, шұлық тоқымайды, бәліш пісірмейді, есесіне инернет құлағында ойнайды» деп қазіргі жастардың да жаңа өмірге лайық екендігін, қазіргі заманға қажетігін айтқан болатын.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев қоғамымыздың ертеңі, болашағы жастарға білім, тәлім-тәрбие беру міндеттерін айта отырып «Қандай байлық болмасын, ол түбінде бір сарқылады. Сарқылмайтын, бойлаған сайын еселеп арта беретін бір байлық бар, ол-білім. Ал білім негізі-мектепте»-деген болатын. [1,7]

Мемлекет алдымен халқымен бай, ал адами капиталдың сапасы жоғары болса, мемлекеттің де болашағы зор. Сондықтан да бірінші кезекте – білім беру мен денсаулық сақтау тұр. Бүгінгі күні қазақстандық білім беру мазмұнын жаңғырту бағытында Ұлттық және өңірлік деңгейдегі білім беру нәтижелері мен әлеуметтік әсерлердің жүйелі мониторингі жүргізіліп, ЮНЕСКО, ЭЫДҰ және АҚШ халықаралық білім беру статистикасының талаптарын ескере отырып ұлттық білім беруді басқару жүйесінің инфрақұрылымы кеңейтіліп келеді. Оқу пәндері арқылы жас ұрпақтың тұлғалық рухани-

адамгершілік құндылықтары және адамгершілік көзқарастары қалыптастырылады. Сондықтан да, білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Сонымен қатар жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін дамыту болып табылады.

Адамгершілік-адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты ізгілік ұстанымдарын бейнелейтін моральдық қасиет. Рухани-адамгершілік тәрбие арқылы адамды сүю, қадір-қасиетті құрметтеу, сүйіспеншілік, ақиқат, дұрыс әрекет пен шыншылдық қасиеттері қалыптасады. Адам өміріне лайықты қатынас құру үшін оның тәрбиесі рақымдылыққа, сүйіспеншілікке негізделеді.

Тұлғаның рухани – адамгершілігін қалыптастыру процесі дегеніміз – бүкіл адамзаттық құндылықтарға негізделген адамның рухани – адамгершілік дамуы мен жетілуінің айқын түзілген жүйесі. Руханилық негізінде жеке тұлғаның мінез-құлқы, ар-ұяты қалыптасады, өзін-өзі адамгершілікке бағыттау, бақылау, бағалау арқылы жүзеге асады. Әрбір бала өзінің жаны өмірге үйлесімділікке жету үшін, өз бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіру үшін талмай еңбектенуі шарт.

Халық даналығы: «Дүниенің ең тамаша туындысы – тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады» деп, қоғамдағы әлеуметтік – экономикалық, гуманитарлық және демократиялық өзгерістерге байланысты жеке тұлғаның дербестік дамуы маңыздылық сипатқа ие болуда.

- 8) Методика «Уровень агрессивности Басса-Дарки». [4]

Чтобы своевременно предотвращать конфликты и не давать им развиваться и переходить на другой уровень событий, необходимо формировать конфликтную компетентность - умение удерживать противоречие в продуктивной конфликтной форме, то есть способность к разрешению конфликта. По мнению И. А. Колесниковой, конфликтная компетентность - это освоение позиции партнёрства, сотрудничества на фоне позитивного овладения способами регуляции поведения, представляющая собой динамическое структурно-уровневое образование, отражающее единство содержательного, деятельностного и личностного компонентов.

Решение проблемы заключается в эффективной организации работы с конфликтными подростками, которая состоит в своевременном выявлении у детей тех или иных предпосылок конфликтного поведения, с помощью диагностических методик, профилактики конфликтного поведения, а если конфликты уже имеются, в эффективном и правильном их ослаблении и разрешении, а также своевременная помощь и профессионализм учителей, социальных педагогов, способных работать с конфликтными подростками.

Для конфликтной компетентности существуют два уровня:

- первый предусматривает способности к распознаванию признаков случившегося конфликта, его оформлению для удержания, воплощенного в нем противоречия, и владение способами регулирования для разрешения;
- второй предусматривает умение проектировать необходимые для достижения определенных результатов конфликты и конструировать их непосредственно в ситуациях взаимодействия; владение способами организации продуктивно ориентированного конфликтного поведения участников и сторон взаимодействия [5]

Формирование конфликтной компетентности, конструктивного управления конфликтной ситуацией, позитивных паттернов поведения в конфликтной ситуации образуют стратегию мышления.

Если рассмотреть историю, то само стратегическое мышление сформировалось в глубокой древности и было связано с приемами военной и дипломатической борьбы. Чтобы понять что такое стратегическое мышление рассмотрим понятия: *Стратегическое мышление*

— тактическое искусство и, как таковое, является лишь составной, но важной частью стратегии. Искусный тактик необязательно хороший стратег, видящий картину целиком и на долгую перспективу; Стратегия — долгосрочный план, общее видение и совокупность тактических ходов, предполагающая большую гибкость и приспособляемость; Стратегема — манёвр, тактический ход, применяемый для получения обычно более сиюминутного, осязаемого и менее масштабного результата, в отличие от тактики, всегда содержащий в себе некую хитрость или обман. Важной особенностью стратегемы является обратное внимание, просчитываемость ситуации, реакции объекта и результата, то есть мышление на несколько ходов вперёд.

Понятие «стратегема», как указывают исследователи, восходит к древнегреческому «strategema», означающему военную хитрость и военное дело вообще. Секст Юлий Фонтин, римский полководец и государственный деятель, написал свой трактат по военному искусству «Strategemata» («Военные хитрости»). Стратегемность мышления — характерная особенность китайцев, под «стратегемой» понимавших стратегический план, в котором для противника заключена какая-либо ловушка или хитрость [1]. Согласно толковому словарю, стратегема - хитроумный план, неортодоксальный путь к достижению военных, гражданских, политических, экономических или личных целей.

В Китае стратегемное мышление является чертой китайского менталитета и применяется системно, причем не только с врагами и противниками, но и в быту, бизнесе, в школе, с товарищами. У китайцев нет морального запрета на применение хитрости к другому человеку («обман во благо»), если это в итоге взаимовыгодно. Стратегемность мышления очень близка по смыслу Берновскому понятию «игра» в современной психологии. В Китае о стратегемах знает практически каждый, их изучают в школьной программе, есть комиксы с примерами стратегем и даже в газетных комментариях нередко встречаются указания на ту или иную стратегему в действиях политиков и граждан. По мнению В. С. Мясникова, у китайцев стратегемность – это сплав стратегии с умением расставлять скрытые от противника западни, который за тысячелетия существования китайской цивилизации вошел в практику китайского этноса. Объяснение этого факта заключается в специфике китайского менталитета и объективных причинах культурно-исторического развития этноса.

Само понятие стратегема (чжимоу, моулюе, цэлюе, фанлюэ) означает стратегический план, в котором для противника заключена какая-либо ловушка или хитрость. Рассматривая семантику данного понятия, В. С. Мясников обращает внимание на то, что в китайском языке оно одновременно означает и сообразительность, и изобретательность, и находчивость [2]. Понятие китайской стратегемы обозначает не предметную реальность, а отношение, ориентацию, событие, пронизывающее разные планы бытия и создающее некую целостную ситуацию. Способность склониться перед внешней силой является залогом собственной полноты – подобно тому, как кажущийся отход на самом деле подготавливает победу.

С помощью стратегем человек может определять и тактические ходы, рассчитывать оперативные приемы и предвидеть их последствия, использовать психологические особенности противников.

Запад впервые познакомился с этим феноменом сравнительно недавно, лишь в 70-х годах 20-го века немец Харро фон Зенгер и русский В.С. Мясников независимо друг от друга «открыли» его в китайской культуре, затем описав более подробно в своих научных трудах [2]. Европейские исследователи подчеркивают, что на Западе преобладает первое истолкование слова «хитрость», что придает в целом негативный оттенок самой идее стратегемного метода. Для китайцев характерно второе, практически лишенное составляющей обмана. Хитрость — это ловкое средство, с помощью которого пытаются достичь того, чего нельзя достичь обычным путем. При этом синологи замечают, что сам Конфуций допускал присутствие в мудрости некоторого лукавства. Например, в «Лунь юй» приводится следующий случай из жизни Конфуция: «Ян Хо хотел видеть Конфуция,

но Конфуций не пошел к нему. Тогда Ян Хо отправил в дар Конфуцию поросенка. Конфуций выбрал время, когда Ян Хо не было дома, и пришел отблагодарить за подарок». С помощью небольшой уловки Конфуцию удалось соблюсти приличия и избежать нежелательной встречи, т. е. он использовал стратегию хитрости.

Решающим для исхода конфликта зачастую становятся стратегии взаимодействия, развиваемые его участниками. На практике по формированию стратегического мышления у подростков в работе с детьми девиантного поведения сложились следующие стратегии.

Теоретики в области конфликтологии К. Томас и Р. Киллмен выделили пять основных стратегий поведения в конфликтной ситуации:

1. Принуждение (борьба, соперничество). Тот, кто выбирает данную стратегию поведения, прежде всего, исходит из оценки личных интересов в конфликте, как высоких, а интересов своего соперника – как низких. Выбор стратегии принуждения в конечном итоге сводится к выбору: либо интерес борьбы, либо взаимоотношения.

2. Уход. Стратегия ухода отличается стремлением уйти от конфликта. Она характеризуется низким уровнем направленности на личные интересы и интересы соперника и является взаимной. Это по сути дела взаимная уступка.

3. Уступка (приспособление). Человек, придерживающийся данной стратегии, так же, как и в предыдущем случае, стремится уйти от конфликта. Но причины «ухода» в этом случае иные. Направленность на личные интересы здесь низкая, а оценка интересов соперника высокая. Иначе говоря, человек, принимающий стратегию уступки, жертвует личными интересами в пользу интересов соперника.

4. Компромисс. Компромиссная стратегия поведения характеризуется балансом интересов конфликтующих сторон на среднем уровне. Иначе ее можно назвать стратегией взаимной уступки. Стратегия компромисса не портит межличностные отношения. Более того, она способствует их положительному развитию.

5. Сотрудничество. Стратегия сотрудничества характеризуется высоким уровнем направленности как на собственные интересы, так и на интересы соперника. Данная стратегия строится не только на основе баланса интересов, но и на признании ценности межличностных отношений.

Анцупов А.Я, Шипилов А.И. в книге «Конфликтология» (2014) стратегии в конфликте считает реализуются через различные тактики:

1. Тактика захвата и удержания объекта конфликта (самовольное)
2. Тактика физического и психологического насилия (ущерб)
3. Санкционирование
4. Тактика коалиции
5. Тактика фиксации своей позиции
6. Тактика дружелюбия
7. Тактика сделок
8. Уступки [14, с.226-227]

К.Томас (1972) выделял 5 стратегий: соперничество, компромисс, сотрудничество, избегание и приспособление [14].

Управленец-практик М.Фоллет указывала следующие стратегии: компромисс, интеграция, сотрудничество.

Платонов Ю.В. в труде «Психология конфликтного поведения» выделяет три группы осознанных стратегии совладания в конфликтной ситуации.

1 группа. Копинг-поведение – целенаправленные и потенциально осознанные действия. Условиями реализации являются: осознавать возникшие трудности; знать способы эффективного совладания именно с ситуацией данного типа; уметь своевременно применить их на практике. Акт реализации стратегии: восприятие изменение ситуации; мысли о событии-копинг-реакции. И итогом: осознанное формирование новой ситуации, то есть приспособление.

2 группа. *Поведенческие стратегии* –смена деятельности или изменение формы. Условиями реализации стратегии являются: активное сотрудничество и участие в разрешении ситуации; переключение на поиск поддержки, с тем чтобы быть выслушанным, получить понимание и содействие; отвлекающее удовлетворение каких-то собственных желаний; выход из поля травмирующей ситуации, уединение и покой; различные виды замещающих реакции.

3 группа. *Стратегии эмоционального совладания*. Оценка адекватности ситуации, приводящих к переживаниям.

• 4 группа. *Когнитивные (познавательные) стратегии* –разные способы работы с информацией. Важным условием реализации стратегии: понять и принять для себя место роста самоуважения и собственной ценности как личности. Акты реализации: отвлечение или переключение мыслей на другие, более важные темы для размышлений; игнорирование неприятной ситуации; поиск дополнительной информации: расспросы, обдумывание; анализ не только самой ситуации, но и ее последствий; оценка при сравнении с другими людьми, находящимися в худшем состоянии; придание нового значения и смысла неприятной ситуации [15, с. 272-273]

Известный психолог в области жизнестойкости человека Р.Лазарус выделяет стратегии совладания:

- временная направленность (разрешить ситуацию «сейчас», принося себе психологический комфорт);
- модальность регуляции (поиск информации, непосредственные действия, рефлексия) или подавление, уход (15, с. 274)

Для того, чтобы подростки могли конструктивно управлять конфликтами, причем, в различном контексте «ученик-ученик», «ученик-учитель», «ученик- родитель», в классе и школе должен быть создан контекст сотрудничества, кооперации, а не соперничества и индивидуализма. В случаях сотрудничества, коммуникация характеризуется открытостью и честностью, восприятие является точным и конструктивным, создается и поддерживается доверие, стороны конфликта ориентированы на максимизацию общих результатов. В ситуации же соперничества стороны могут стремиться к прекращению коммуникации, или передаче информации, вводящей в заблуждение, общим явлением становится не восприятие друг друга, враждебные отношения, а каждая из сторон стремится к максимизации собственного выигрыша за счет другой стороны.

Таким образом, сформированная целенаправленная деятельность социального педагога по формированию стратагемного мышления у подростков позволит снизить уровень конфликтности у «группы риска» в организации образования и, поможет подростку не только управлять собой, но и сознательно контролировать события, происходящие во внешнем окружении.

Стратегии разрешения конфликтов зависят от самой личности человека, от её желания и стремления устранить конфликт. Наиболее успешными стратегиями являются компромисс, сотрудничество, менее успешными - приспособление и уход. Успешность стратегий характеризуется тем, что происходит наиболее гуманное разрешение конфликтов, учет интересов и ценностей всех конфликтующих сторон без принуждения или соперничества.

Список литературы:

1. Зенгер Х. фон. Стратагемы. О китайском искусстве жить и выживать. — М.: Эксмо, 2004. — Т.1
2. Зенгер Х. фон. 36 стратагем для менеджеров. — М.: Олимп-Бизнес, 2014. — С. 224
3. Марышкин Д. А. Новые 36 стратагем. Формулы успеха. — Саарбрюккен, Германия: LAP LAMBERT Academic Publishing, 2015. — С. 72.
4. Юй У. «36 стратагем в общении»

5. Гребёнкин Е.В., Хаббергер В. Особенности конфликтного поведения младших школьников и школьников подросткового возраста: взгляд из России и Германии.- Электронный журнал Вестник Новосибирского государственного педагогического университета, 1(5) 2012.
6. Березина Т.Н. Эмоциональная безопасность образовательной среды и ее влияние на субъективное состояние здоровья у студентов // Alma mater (Вестник высшей школы). 2014. № 2. С. 36-40.
7. Баева И.А. Безопасность образовательной среды, психологическая культура и психическое здоровье школьников. М., 2002.
8. Мириманова М.С. Конфликтология: Учебник для студентов сред. пед. учеб. заведений— 2-е изд., испр. — М.: Издательский центр Академия, 2004.
9. <http://all-politologija.ru/knigi/politicheskie-peregovory-uchebnoe-posobie-vasilenko/osnovi-stratagemnogo-mishleniya-na-peregovorax>
10. <https://ru.wikipedia.org/wiki>
11. http://e-notabene.ru/psp/article_13353.html
12. <http://www.scienceforum.ru/2015/1205/12739>
13. <http://bibliofond.ru/view.aspx?id=654090#1>
14. Анцупов А.Я, Шипилов А.И. Конфликтология: Учебник для вузов 5-е изд.- СПб.: Питер, 2014.-512с.
15. Платонов Ю.В. Психология конфликтного поведения . – СПб.: Речь, 2009.-544 с. (с.272-273)

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Қарабаева Қаншайым Әлимұханқызы
Аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Баймен Назерке Орысбайқызы
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
мамандығының 4-курс студенті
Ақтөбе қ.**

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың өзгешелігі, қоғамның көзқарасы, инклюзивті білім беру мәселелері мен тәжірибелік жұмыстар және мүмкіндігі шектеулі балаларға байланысты шешілмеген мәселелер туралы айтылады.

Түйін сөздер: мүмкіндігі шектеулі бала, әлеуметтік педагог, инклюзивті білім, кемтар бала, арнайы білім беру

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются особенности обучения ребенка с ограниченными возможностями, отдельные взгляды общества, проблемы инклюзивного обучения, экспериментальная работа и нерешенные проблемы, касающиеся детей с ограниченными возможностями.

Ключевые слова: Ребенок с ограниченной возможностью, социальный педагог, инклюзивное обучение, ребенок инвалидов, специальное обучение.

ABSTRACT

In this article we say about the features of teaching children with disabilities, the view of society, the problems of inclusive education and practical works and unresolved problems for the children with disabilities.

Key words: Child with disabilities, social pedagog, inclusive education, special education.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде «Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану» мамандығының ашылғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Осы мамандық туралы көпшілік қауымның, қоғамның әлі де түсінбеушіліктері көптеп кездеседі. Себебі оқуға түсуші талапкерлерге, ата-аналарға бұл мамандық туралы түсініктеме бере бастасаңыз: «Мектепке бір ғана әлеуметтік мұғалім керек емес пе? Бітіргесін мен қайда бараман?» және т.б. уәждер айта бастайды. Яғни бұл мамандықтың ерекшелігі қандай, кімдермен жұмыс жасайды, қандай жұмыс түрлерін атқарады, т.б. сұрақтарға жауап беру керектігі туралы ойладық. Сондықтан алдымен әлеуметтік педагог туралы айтуды жөн санадық. Сонымен «Әлеуметтік педагог» деген кім?

«Әлеуметтік педагог» мектептерде жұмыс жасайды, мектептегі ПМПК-мен (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация) бірлесіп баланың жеке және әлеуметтік мәселелерін шешу тәсілдерін, есебін, әлеуметтік педагогикалық жұмыс үлгілерін анықтайды. Қоғамда, ортада, үйде, мектепте баланың жеке қатынасының орнығуына бейімдейді. Білім беру бөлімдерінде әлеуметтік қорғау, дамыту, тәрбиелеу шараларын жүзеге асырады. Үймен, жәрдемақы алумен, балалардың құқықтарын қорғау жұмысымен айналысады. Баланы оқытатын мұғалімдермен, ата-анамен, әлеуметтік қызметкерлермен, жеке тұлғалармен тығыз қарым-қатынаста болады.

Ақтөбе облыстық ПМПК ММ-і Қазақстан Республикасының 11.07.2002 жылы шыққан «Кемтар балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»

№ 343 Заңының 8 бабының, 3 тармағын орындау мақсатында, Ақтөбе облыстық әкімінің 04.02.2003 жылы бекітілген № 23 Қаулысы негізінде құрылды.

Аталған Заң бойынша 60 мың балаға бір ПМПК құрылуы қажет. Ақтөбе облысында бүгінгі күні екі ПМПК жұмыс жасауда: облыстық ПМПК ММ облыстың 12 ауданының, Алға облыстық балалар үйінің, Тамды көмекші мектеп-интернатының және Жайсаң арнаулы мектеп-интернатының мүмкіндігі шектелген балаларын тексереді. Қалалық ПМПК ММ Ақтөбе қаласына қарасты мүмкіндігі шектелген балаларды тексереді. Облыс бойынша 240 мыңдай бала бар, сондықтан тағы екі ПМПК ашуға мүмкіндік бар.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде әлеуметтік педагогтың атқаратын жұмыстарының ерекшеліктері өте көп. Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды белгілі бір атауда әртүрлі ұғымдар мен терминдер кездеседі. Алдымен, мүмкіндігі шектеулі тұлға дегеніміз кімдер деген сұраққа жауап беріп көрейік.

«Мүмкіндігі шектеулі балалар – бұл дамуындағы кемістіктер., әлеуметтік жеңілдіктер мен жәрдемақы алуға мүмкіндік беретін, яғни бинефициатрлық мәртебеге ие балалар. Дәстүрлі терминологияда бұл балаларды мүгедек балалар деп атайды.

Білім алу қажеттілігі ерекше балалар – бұл білім беруде, арнайы коррекциялық көмекті қажет ететін балалар. Арнайы білім беру жағдайы, тек арнайы мекемелерде ғана емес, жалпы білім беретін мектептер мен балабақшаларда да болуы мүмкін.

Кемтар бала – белгіленген тәртіппен анықталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардың немесе жарақаттардың салдарынан, тіршілік етуі шектелген, дене және психикалық кемістігі бар, он сегіз жасқа дейінгі бала.

Қатер тобындағы бала – ерте қолға алынбағандықтан, әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсетілмегендіктен, дене және психикалық дамуында артта қалу мүмкіндігі жоғары болатын, үш жасқа дейінгі балалар» [1 , 7].

Баланың құқықтары туралы Конвенцияда» мүмкіндігі шектеулі балаларды ерекше күтімге, білім алуы мен дайындығына, әлеуметтік ортада, қоғамда толық құқылы өмір сүруіне, тәуелсіздігі мен әлеуметтік ортаға қосуды қамтамасыздандыру туралы мазмұны 23- бапта белгіленген.

1994 жылы Испания мемлекетінде Саламанка қаласында ерекше қажеттілігі бар тұлғалардың білім алуына «Саламанка декларациясы» қабылданған. Бұл құжаттың енуіне Дүниежүзінің барлық мемлекеттері ат салысты. Аталмыш құжатта барлық адамдардың

білім алуына тең құқылы екендігі жайлы, ерекше қажеттілігі бар тұлғаларға арнайы білім алуына арнайы жағдайлармен қамтамасыз ету қажеттілігі туралы айтылған, олар:

- әр баланың білім алуы мен оны жалғастыруға;
- білім алуында ерекше қажеттілігі бар тұлғалардың жалпы мектептерде оқуға;
- инклюзивті білімді ұйымдастыру бағытында жалпы мектептерде дискриминациялық көзқарастардың алдын - алу, жою туралы;
- жалпы мектептерде инклюзивті білімді ұйымдастыру;
- арнайы білім беру бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеу т.б.

Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы оқыту мен тәрбиелеу туралы педагогикалық көзқарастар мен ой-пікірлерінің тарихи қалыптасу процесі қазіргі уақытқа дейін арнайы зерттелетін мәселе болып тұр.

Осы уақыттағы ең маңызды жетістік мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға көмек көрсету міндетін мемлекеттің мойындағаны. Мүмкіндігі шектеулі бала еркіндікті әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз ететін ортада толыққанды және лайықты өмір сүруіне көмектесетін ерекше күтім, білім және қажетті дайындық алуға құқылы және мемлекет тарапынан білім алуға және көмек көруге және т.б қажеттіліктерін алуға міндетті.

«Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы білім беру жүйесінің құрылуының алғышарттары өткен ғасырдың 20-жылдары қаланған болатын. Аталмыш балаларға білім беру мен тәрбие беруді дамытуды сол кезеңнің танымал тұлғаларының қызметтері үлкен рөл атқарды. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға көмек көрсетуді ұйымдастырудың алғашқы қадамдары ресейлік тәжірибені ұйымдастыру негізінде әзірленді» [2, 208].

«Қазіргі таңда мүмкіншілігі шектеулі тұлғаларға деген қоғамның көзқарасы өзгерген сайын оларды әлеуметке бейімдеудің көптеген түрлері қарастырылуда. Кейінгі онжылдықта бүкіл әлемде, сонымен қатар, тәуелсіздік алған біздің елімізде де мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген көмек көрсету жүйесі түбегейлі өзгеріске ұшырап деинституализация жағына қарай бет бұрды. Мұндай ілгерілеу процестері мүгедек балаларды қоғамға және білім ордасына біріктіру, яғни интеграциялау қажеттілігімен сипатталады. Бұл процестер төңірегінде интернат жүйесінің жұмысы, арнайы білім беру жүйесінің өзгеруінің тиімділігін қамтамасыз ететін заңнамалық база қарастырылады. ҚР «Білім туралы» заңындағы 6- бабқа сәйкес: «Білім беру саласындағы жергілікті өкілді атқарушы органдардың құзреті-мүмкіншілігі шектеулі тұлғаларды оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ету» туралы айтылады» [3, 29].

«Қазіргі уақытта елімізде 47 мыңнан астам мүгедек бала тұрады екен. Осыған байланысты мүгедектерді оңалту жөніндегі әлеуметтік қызметтерді көрсететін медициналық-әлеуметтік мекемелер санын арттыру өріс алып келеді. Мүгедек балаларды медициналық-әлеуметтік мекемелерде ұстауға бюджеттен бөлінетін шығыстар жыл сайын артып келеді. Медициналық-әлеуметтік мекемелер желісі 18 балалар-интернат үйін қамтиды, оның ішінде 17-сі ақыл-ойы кем балаларға, 1-еуі дене мүшесі кемтар балаларға арналған. Осы мекемелерде мемлекеттің толық қамтамасыз етуімен 3 мыңға жуық бала тұрып жатыр, олардың 1273-і жетім немесе ата-анасының қарауынсыз қалған балалар болып табылады» [4, 27].

«Оқыту мен тәрбие бұл жалпы ортақ міндеттерді іске асыру барсында мұғалім мен оқушының ықпалдасы, арнайы ұйымдастырылған оқыту-тәрбиелік жүйе жағдайында тұлғаны қалыптастыру. Ол үшін әлеуметтік педагог және оған қатысты басқа да мамандар оқыту-тәрбиелеу мақсатын көздейтін әлеуметтік процесс көздейді:

- қоғамда және білім беру саласында тәрбиенің мәртебесін көтеру;
- тәрбиелік жүйелерді қалыптастыру;
- білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын нығайту, жетілдіру, отбасымен байланысты дамыту, кеңейту;
- Отандық тәрбие дәстүрлері мен қазіргі тәрбиелеу тәжірибені біріктіру;

- балалар үшін психологиялық-педагогикалық, медициналық-элеуметтік оңалту жүйесін әзірлеу, енгізу» [5,7].

Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылы Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленген. Инклюзивтің басты мақсаты - мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру ғана емес, ол «барлығы үшін бір мектеп» мақсатын көздейді.

Инклюзивті оқыту мүмкіндігі шектеулі баланың жалпы білім беретін ортада элеуметтенуі мен оның дамуына және оқыту процесінде баланың жетістіктерге жетуіне мүмкіндік туғызады. Инклюзивті білім беру оқыту процесінде балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етеді. Инклюзивті білім беру жайлы айтқанда жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндіктерін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін де ескерген жөн. Ал бұл процесті жүзеге асыру үшін мектепте баланы психологиялық- педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылуы қажет, сонымен қатар баланың дамуына жағдай тудыратын балаға көмек қолын созуға дайын, кездескен мәселені дұрыс түсінуге негізделген педагогикалық және балалар ұжымында моральды-психологиялық климат орнауы қажет.

Қазіргі күні біз диплом жұмысын жазу мақсатында мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектепте оқып жатқандығын анықтадық. Осы балалардың сау балалармен бірге оқуда қандай жетістіктері бар, кемшіліктері бар соны анықтауды қолға алдық. Ол үшін анықтаушы эксперимент материалдары жүргізілді.

№1 әдістеме. Бақылау (құжаттармен жұмыс).

Мақсаты: мектептегі және белгіленген сынып оқушыларының құжаттарымен жұмыс жасап, мүмкіндігі шектеулі оқушылар туралы мәліметтер жинақтау.

1-тапсырма. Жалпы мектептегі мүмкіндігі шектеулі оқушылардың саны мен ерекшелігін анықтау.

Қорытынды: Медициналық жұмыс: Денсаулығы бақыланады. Мүгедектік тобы мен себебі анықталады. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар мектепте бесеу. Олардың екеуі – жоғары сыныпта болса, үшеуі – бастауыш сыныпта. Яғни, бастауыш сыныпта жоғары сыныппен салыстырғанда мүмкіндігі шектеулі тұлғаның біреуі артық.

Мектептің анықтауы бойынша 3 «в» сыныбында тізімде тұрған оқушы -1. Ол – Ербол Рақым.

Мүмкіндігі шектеулі оқушымен жүргізілетін анықтаушы эксперимент жұмыстары:

1. Мүмкіндігі шектеулі оқушы туралы құжаттар арқылы мәліметтер жинау. (жалпы мектеп бойынша және бекітілген сынып бойынша).

2. Кәмелетке толмаған жасөспірімнің материалдық – тұрмыстық жағдайына зерттеу.

3. Ерекше назардағы баланың зерттелу картасымен жұмыс.

4. Оқушыға мінездеме.

5. Оқушының бақылау картасымен танысу.

6. Мүмкіндігі шектеулі оқушының тәрбиелік деңгейінің диагностикасын жүргізу.

7. Ербол Рақымның сабаққа қатысымын зерттеу.

9. Оқушының бос уақытты пайдалануын анықтау.

10. Мінез-құлқының түрлерін анықтау.

11. Оқушыларға арналған диагностикалар жүргізу.

2- әдістеме. Өзімізге белгіленген сыныптағы зерттелуші Ербол Рақым Ерланұлына (3 «в» сынып оқушысы) бақылау жасау (Мүмкіндігі шектеулі баланың құжаттарына бақылау жасау арқылы мәліметтер жинақтау негізге алынды).

1-тапсырма. Бала туралы жалпы мәліметтер жинақтау. Мақсаты: Оқушыны танып-білу.

Міндеттері: - оқушының мүмкіндігі шектеулі тұлға атануының себептерін анықтау;

- оқушымен элеуметтік педагогтың алдағы уақытта жүргізетін жұмыстарын белгілеу.

1 кесте - Мүмкіндігі шектеулі оқушы туралы мәлімет (белгіленген сынып бойынша)

Оқушының аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Оқитын мектебі	Отбасы	Сыныбы	Мүгедектік тобы, себебі	Мекен-жайы
Ербол Рақым Ерланұлы	12.11.2005	№30 орта мектеп	Толық отбасы	7«в» сыныбы	мүгедек -бала, бала кезінен мүгедек	Мед санчасть 1-46

2 кесте - Ерекше назардағы баланың зерттелу картасы

Фамилиясы, аты-жөні	Ербол Рақым Ерланұлы
Туған жылы, айы, күні	12.11.2005
Мекен-жайы	Мед санчасть 1-46
Әкесі (аты-жөні, жұмыс орны, жалақысы, қызмет телефоны)	Бөлекбаев Ерлан Ерболұлы – әкесі, жұмыс жасамайды, 08.11.1972
Анасы (аты-жөні, жұмыс орны, жалақысы, қызмет телефоны)	Бөлекбаева Нұргүл Маратқызы- үй шаруасында, 01.01.1978
Оқушы қандай пәндерден үлгірмейді	Математикалық бағыттағы пәндерден
Оқушының психологиялық жағдайы (мінез-құлық, икемділік сипаттары, қабілеті)	Шапшаң, қарым-қатынасқа тез түсе алмайды.
Әлеуметтік-педагогикалық сипаттамасы: а) Әлеуметтік бейімділігі	Өз-өзіне қызмет ете алады, еңбек етуге қабілеті бар, өзіне деген сенімділігі мол
Әлеуметтік мінез-құлық:	Мінезі бірқалыпты, салмақты, өзін ортада жақсы ұстай біледі, адамдармен қарым-қатынасы жақсы, ұстаздарымен және достарымен тез тіл табыса алады.
Әлеуметтік беделі: Қарым-қатынасы (жетекші, бөлініп қалған, ешқандай жағдайы анықталмаған)	Белсенді болуға тырысады.

Қорыта келе, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған мемлекет тарапынан жоғарыдағыдай көмек түрлерінің іске асырылғаны белгілі болды. Бүгінде бұл жайларды мүмкіндігі шектеулі жеке тұлғаларға арналған облыс, аудан көлеміндегі атқарылып жатқан жұмыстардан да көруге болады. Мысалы, Ақтөбе қаласындағы № 7 арнайы мектеп пен «ДАР» орталығындағы жұмыс әрекеттерінен де көруге болады. Сондай –ақ мемлекет тарапынан арнайы қамқорлық көрсетіліп қана қоймай, халықаралық дәрежеде де қолдауға ие. Қазіргі уақытта отандық арнайы білім беруде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу, түзету, дамыту мен бейімдеу қоғамға қосу проблемаларын жан-жақты зерттеу жұмыстары белсенді барлық арнайы білім беру ұйымдарында, Абай атындағы ҚазҰП-гі «Арнайы педагогика» кафедрасында атқарылып жатыр.

Солай бола тұрса да, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға көрсетілетін әлі де шешілмеген мәселелерді байқауға болады. Олар:

1. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды ерте жастан анықтап, тексеріп арнайы түзету арқылы қолдаудың әлі де дұрыс ұйымдастырылмайтындығы (әсіресе, ауылдық жерлерде);
2. Отбасында мүмкіндігі шектеулі балалары бар ата-аналармен дұрыс жүйелі жұмыстың жүргізілмеуі;
3. Республика көлемінде арнайы білім беру ұйымдарында арнайы даярланған мамандардың жетіспеушілігі;
4. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептерде оқытылу жайының шешілмеуі;
5. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған қазақ тіліндегі оқулықтардың жетіспеушілігі;
6. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың белгілі кезеңде жұмысқа орналасу жайының әлі де толық шешілмегендігі;
7. Инклюзивті білім алудың әлі де шешілмеген проблемалары (жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды біріктіріп оқыту және т.б.)

Әдебиеттер тізімі:

1. Тебенова Қ.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. -264 бет.
2. Закон РК «О социальной медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями». – Алматы, 2003.
3. Сүлейменова Р.А., Хакижанова Г.Д. Зарубежный и отечественный опыт включая детей со специальными нуждами в общеобразовательный процесс. Проблемы и пути решения. – Алматы, 2001.
4. Коржова Г.М., Байтурсынова А.А. История специального образования в Республике Казахстан: учебное пособие. – Алматы, 2003
5. Байтурсынова А.А. Арнайы педагогика: проблемалар мен даму болашағы: Оқу құралы. – Алматы, 2008. -265 бет.

АЗ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖОЛДАРЫ

**Шункеева Орынгуль Абдыгалиевна,
п.ғ.к., доцент, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Егесханова Лаура Ж.
4 курс студенті, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ**

ТҮЙІНДЕМЕ

Қазіргі таңдағы отбасы мәселесін қарастыра отырып, оның ішіндегі аз қамтамасыз етілген отбасылардың әлеуметтік жағдайын, мемлекет тарапынан аз қамтамасыз етілген отбасыларына қандай көмектер көрсетілетінін, әлеуметтік қызметкердің аз қамтамасыз етілген отбасылармен жұмыс жүргізуінің бағыттарын: осындай тектегі отбасыларды анықтау, заң көмегін көрсету - кедейшіліктегі отбасылар мен олардың мүшелерінің мүдделерін қорғау, психологиялық көмек беру, осы санаттағы адамдардың кәсіпорындар мен ұжымдардың әкімшіліктерімен бірге отырып, бос уақыттары мен демалысын өткізуді ұйымдастыру, жұмысқа орналасуына көмек көрсету, «Өрлеу» жобасымен таныстырып, сол арқылы әлеуметтік жағдайын көтеруді тілге тиек етеміз. Аз қамтамасыз етілген отбасыларының әлеуметтік - психологиялық ахуалын көтеру қарастырылады.

Түйінді сөздер: аз қамтамасыз етілген отбасы, әлеуметтік қорғау, ең төменгі күнкөріс деңгейі, айлық есептік көрсеткіш, атаулы әлеуметтік көмек, шартты ақшалай көмек.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются проблемы современной семьи, в том числе социальное положение малообеспеченных семей, акцентируется внимание на социальной помощи, оказываемой государством, направления социальной работы с малообеспеченными семьями: выявление семей такого рода, оказание юридической помощи - защите интересов членов малообеспеченных семей, психологической помощи данной категории лиц, совместно с администрациями предприятий и коллективов организация досуга и отдыха, помощь в трудоустройстве по программе «Өрлеу», что способствует улучшению социально-психологической атмосферы малообеспеченных семей.

Ключевые слова: малообеспеченная семья, социальная помощь, прожиточный минимум, адресная помощь малообеспеченным семьям, социально-психологическая помощь.

ABSTRACT

In the article the problems of the modern family, including social status of low-income families, focuses on the social assistance provided by the state, directions of social work with low-income families: identifying families of this kind, psychological assistance to this category of persons, together with the administrations of enterprises and groups leisure and recreation assistance in employment under the program "Orleu", which contributes to the improvement of the socio-psychological atmosphere in low-income families.

Keywords: low-income family, social assistance, the cost of living, and targeted assistance to needy families, social and psychological assistance.

Отбасы - халықтың өсіп-өркендеуінде, өсіп келе жатқан ұрпақтар тәрбиесінде, ата-бабаларымыз мұра еткен саяси-әлеуметтік тәрбие мен мәдени құндылықтарды жеткізуде өте маңызды рөл атқаратын қоғамның құрамдас бөлігі. Сол себепті отбасы жағдайы және мемлекеттің отбасы саясатын жүзеге асыру дәл біздің қоғамымыздың демократиялануы мен жаһандануы процесінде күрделене түсті.

Ж.Руссо: «Барлық қоғамдардың ең көнесі және жалғызы – ол отбасы. Сонымен қатар, отбасы керек болса, саяси қоғамдардың болашақ үлгісі: әкім - әкеге ұқсайды, ал халық – балаларға ұқсайды», – деп айтқан сөзі отбасы мен қоғамның әлеуметтік қызметінің егіз екендігін дәлелдейді [1]. Қазіргі заманғы отбасы – ерлі-зайыпты екі адамның арасындағы некеге құрылған негізгі әлеуметтік топ, отбасыға сонымен бірге ұрпақтары (ұл-қыздары) да кіреді[2]. Отбасының функциясы бала тауып, тәрбиелеп өсіру, ерлі-зайыптылардың жыныстық, эмоциялық сезімдерін және басқа (әлеуметтік, экономикалық) қажеттерін өтеу. Қазіргі кезде мемлекеттің көптеген саясаты отбасы мәселесіне алаңдаушылығымен байланысты және ол жұртшылық назарын қазіргі отбасының жағдайына аудару, қоғамның бір институты ретінде отбасы мәнін арттыруға бағытталған шара болып есептеледі.

Қазіргі таңда әлеуметтік- экономикалық себептерге байланысты аз қамтамасыз етілген отбасылар (тұрмысы төмен отбасы) саны көбеюде. Сондықтан да аз қамтамасыз етілген отбасы мәселесі және оларды әлеуметтендіру, тәрбиелеу, жоғары деңгейде білім беру, әлеуметтік тұрғыдан жан-жақты қамтамасыздандыру, әлеуметтік қорғау бүгінгі күннің көкейкесті мәселесіне айналып отыр. Себебі, еліміздің болашағы жан-жақты дамыған, бойында жеке тұлғаға тән ерекшеліктері бар, өзіндік саналы ой-пікірі мен дүниетанымы қалыптасқан ұрпақтың қолында.

Халқымыз ерте кезден бері мұқтаж жандарға көмек қолын созып, зәрулерге қамқорлық көрсетуді адами парыздың басты белгісі санаған. Тәуелсіз Қазақстанның жылдан-жылға экономикасы артып, әлеуеті нығайған сайын Мемлекет басшысы осы бір дәстүрлі қағидаға басымдық беріп, қоғамымыздың аз қамтамасыз етілген топтарына әлеуметтік қамқорлық жасауды жүйелі түрде мемлекеттік деңгейге көтеріп келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында “Алда тұрған онжылдықтың

аса маңызды міндеті – Қазақстанның барлық азаматтарының өмір сапасы мен деңгейін жақсарту, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғалуды нығайту”, деп атап көрсеткен болатын [3].

Елімізде тұрмыс жағдайы төмен, кедейшілікте өмір сүріп жатқандар аз емес. Статистикалық мәліметтерге сенсек, елімізде кедейшіліктің үлесі 3% екендігін айтады. Қазақстан әлемде кедей елдердің қатарына да енген. Оңтүстікте тұрмысы төмен адамдардың саны халықтың 5,2 %-ын құрайды. Ал, кедейлердің үлесі 00,3%. Кедейліктің шекпенінен құтқаруда елімізде түрлі шаралар қарастырылуда. Мәселен, мемлекет жәрдемақы береді, коммуналды төлемдерін төлейді дегендей. Алайда, бұл тұрмысы аз қамтамасыз етілген отбасылардың тығырықтан шығуына көмектесе алмайды.

Әлеуметтік қызметкердің аз қамтамасыз етілген отбасыларымен жұмыс жүргізуінің бағытына мыналарды жатқызуға болады:

- Осындай тектегі отбасыларды анықтау. Оларды қадағалап, олардың сұраныстарын, бала тәрбиесінің ерекшеліктері мен отбасы ішіндегі қарым-қатынастарын зерделеу арқылы отбасылардың типтерін анықтау, сол сияқты басқа да мамандар мен ұйымдарды тарта отырып көрсетілетін көмектерді анықтау.

- Заң көмегін көрсету - кедейшіліктегі отбасылар мен олардың мүшелерінің мүдделерін қорғау, кедейшіліктегі адамдарға түрлі кеңес беру қызметін көрсету, құқықтарын қорғау және тағы басқа.

- Қажет болған жағдайда психологиялық көмек беру қызметін жіберу.

- Осы санаттағы адамдар тұратын аумақтағы кәсіподақ ұйымдарымен, кәсіпорындар мен ұжымдардың әкімшіліктерімен бірге отырып, олардың бос уақыттары мен демалысын өткізуді ұйымдастыру.

- Жұмысқа орналасуына көмек көрсету, кәсіптік оқыту мен қайта даярлау үшін клубтар, үйірмелер, орталықтар ұйымдастыруға жәрдемдесу.

- Кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру.

- Ассоциациялар, бірлестіктер, өзіне-өзі көмектесетін топтар құруға; іске кірісетін топтармен, жеке адамдармен араласуын ұйымдастыруға көмек көрсету [4].

Аз қамтамасыз етілген отбасылар қалай анықталады?

Табысы күнкөріс деңгейінен төмен тұратындар – аз қамтамасыз етілген отбасыларға жатады. Ең төменгі күнкөріс деңгейі - бір адамның айына өмір сүруіне қажетті ең аз тұтыну себетіне тең табыс көзі. Ең төменгі күнкөріс деңгейі әр тоқсан сайын республика және облыстар бойынша тұрғындардың жасы, жыныстық ерекшелігі негізінде жан басына шағып есептеліп отырады.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап жәрдемақы мен басқа да төлемдерді, айыппұл санкциялары мен салықты есептеу үшін бір айлық есептік көрсеткіш (АЕК) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2121 теңге, ал ең төменгі күнкөріс деңгейі 22 859 теңге деп белгіленді. Ал, 2017 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі 24 459 теңгені, ал АЕК 2269 теңгені құраған еді. Қазақстан Республикасында күнкөріс көзі өмірлік табыстан төмен алатын, белгіленген тұтыну себетінің көлемі 24 459 теңгеден төмен болған жағдайда, отбасы аз қамтылған отбасы болып саналады, мұндай отбасылар мемлекеттің әлеуметтік көмегін алуға құқығы бар. «Аз қамтамасыз етілген отбасы» - деп көп балалы, соның ішінде үйге кіретін кіріс көзі төмен, баланың немесе ата-ананың біреуі мүгедек болған, жағдайы нашар, жұмыссыз отбасын атаймыз. Мемлекеттің аз қамтамасыз етілген отбасына әлеуметтік көмектері: тегін медициналық көмек, әлеуметтік жұмыспен қамту орталығында жұмыссыздыққа арналған және балаларға берілетін жәрдемақы, тегін коммуналдық қызмет, зейнетақы. Халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын әлеуметтік қолдаудың бірнеше түрі тәжірибеге енгізілген. Атап айтқанда, оларға бюджет есебінен қаржы бөлініп, қайырымдылық және демеушілік көмектер көрсетіледі. Бюджет тарапынан тұрғындарға көрсетілетін әлеуметтік көмек негізінен үш бағыт бойынша жүзеге асырылады. Соның бір айғағы, 2015-2016 жылға арналған республикалық бюджеттің 40,4 пайызы әлеуметтік салаға бағытталып отыр. Сондай-ақ, облыс, қала және аудан әкімдерінің жергілікті бюджетте қосымша қаражат болса, көп бала тәрбиелеп өсіріп жатқан аналарға

жәрдемақы төлеуге құқы бар. Қазіргі уақытта аз қамтылған отбасыларын қолдау бағытында мемлекеттік тұрғын үй, әлеуметтік көмек, 18 жасқа толмаған балалар үшін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы жергілікті бюджеттің есебінен төленеді. Коммуналдық төлемдерге жеңілдіктер көлемін де жергілікті атқарушы органдар шешеді. Бұл жерде отбасының ай сайынғы табыс мөлшері де ескеріледі. Егер отбасының күнкөріс деңгейі төмен болса, 18 жасқа толмаған әрбір балаға 1648 теңге көлемінде жәрдемақы тағайындалады. Ал, бірнеше баласы бар жалғызбасты аналарға да әлеуметтік көмек көрсетіледі. Көмек демеушілердің қаражаты есебінен отбасына азық-түлік, киім кешек өзге де қажетті заттарды берумен шектелуі де мүмкін. Ол үшін көмекке зәру отбасы мүшелері аудандардағы немесе қаладағы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тіркеуге тұрулары керек. Біздің елдегі әлеуметтік көмектің бірінші жүйесі – ол табысы кедейлік шегінен төмен аз қамтамасыз етілген отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек төленеді. Оның мөлшері жан басына шаққанда орташа табысы мен кедейлік шегі (ең төмен күнкөріс деңгейінің 40 пайызын құрайды) арасындағы айырма түрінде есептеледі. Кедейшілікті төмендетіп, аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік қолдау мақсатында 2002 жылдан бастап республикада “Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы” Заң қолданылып келеді. Заң жүзеге асырыла бастаған бес жыл ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатындар ішіндегі зейнеткерлер саны 16 есе азайды. Бұл зейнетақы мөлшерін жыл сайын өсірудің, базалық әлеуметтік төлемдерді енгізудің арқасында мүмкін болып отыр. Атаулы әлеуметтік көмектің санында 62,6 пайызы балаларға, 10,8 пайызы өздігімен қамтылғандарға, 7,4 пайызы жұмыссыздарға, 0,2 пайызы еңбекке жарамды жастағы адамдарға тағайындалған. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі - атаулы әлеуметтік көмек) - жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда (республикалық маңызы бар қалада, астанада) белгіленген кедейлік шегінен төмен адамдарға (отбасыларына) мемлекет ақшалай нысанда берілетін төлем. Жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың, босқын деп танылған адамдардың, шетелдіктердің және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адамдардың атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар:

1) мүгедектерді және стационарлық емделуде бір айдан астам уақыт кезеңінде болатын адамдарды, күндізгі оқу нысанында оқитын оқушыларды, студенттерді, тыңдаушыларды, курсанттар мен магистранттарды, сондай-ақ I және II топтардағы мүгедектерді, сексен жастан асқан адамдарды, жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген жұмыссыздарға;

2) уәкілетті органдар ұсынған жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналастырудан, кәсіби даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, осындай жұмыстарға қатысуды және оқуды өз бетінше тоқтатқан жұмыссыздарға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалмайды.

Сонымен қатар, республикамызда көрсетілетін әлеуметтік көмектің екінші бір түрі – балалы отбасыларға берілетін әлеуметтік көмек түрі. Біздің елде 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға жан басына шаққандағы табысы азық-түлік себетінен (ең төмен күнкөріс деңгейінің 60 пайызы) төмен болған жағдайда отбасындағы әр балаға 1 айлық есептік көрсеткіш, яғни 1512 теңге мөлшерінде балалар жәрдемақысы төленеді. Бұл еліміздің «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» заңы аясында жүзеге асуда. Балаларға арналған жәрдемақыны жан басына шаққандағы орташа табысы азық-түлік себетінен төмен отбасылар алады.

Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар:

✓ бала тууына байланысты тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан бұрын - бала туғанда берілетін жәрдемақы);

✓ бала бір жасқа толық толғанға дейін оның күтіміне байланысты тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан бұрын бала күтімі жөніндегі жәрдемақы);

✓ он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан бұрын - балаларға арналған жәрдемақы);

✓ мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан бұрын – мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы) түріндегі ақшалай төлемдер.

Бұдан кейін үшінші бір әлеуметтік көмек бар. Ол аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік қолдау мақсатында тұрғын жайды ұстауға және коммуналдық қызметтердің ақысын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету бойынша жүзеге асады. Оның мөлшерін әрбір аудан-қаланың мәслихатында бекітеді Мәселен, отбасына кіретін ай сайынғы табысы 30 мың теңге деп есептелсе, 10 пайызы 3 мың теңге. Шығындары осыдан асып кетсе, тұрғын үй көмегін алады. Бұл «Тұрғын үй қатынастары туралы» заң аясында жүргізіледі. Соған сәйкес, 2016 жылы 5755 мың аз қамтамасыз етілген отбасыға жалпы көлемі 112,2 млн. теңгенің тұрғын үй көмегі берілді. Осылайша, 2015 және 2016 жылдар аралығындағы мерзімде осы мақсаттарға республикалық бюджеттен 10 млрд теңгеден астам қаражат, соның ішінде атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге – 3,37 млрд теңге, 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақыларға – 6,8 млрд теңге бағытталды. Табысы төмен отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету – отбасының өмірлік проблемаларын тұрақты шешетін әрекет емес. Ол тек қана кедейлік проблемаларын шешуге бағытталған қосымша әлеуметтік қолдау болып табылады [5].

Мемлекеттік қолдауды қажет ететін аз қамтамасыз етілген отбасылардың экономикалық өсуі үшін әлеуметтік бағдарламалар қарастырылған. Осы бағдарламалардың бірі – «Өрлеу» жобасы болып табылады. «Өрлеу» жобасы кедейліктен шығуға мүмкіншілігі бар топқа, тек кездесетін қиыншылықтарды жеңуге көмек қажет ететін, өз мүмкіндіктерін толық пайдалануға ұмтылғандарға беріледі. 2014 жылдың қаңтарынан «Өрлеу» ШАК (шартты ақшалай көмек) шартты жобасы Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстарында жүзеге асырылуда. Бұл жобаның негізгі мақсаты — азаматтардың аз қамтамасыз етілген санаттарын жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуға ынталандыру. Сондай-ақ, еңбек нарығында өз орнын табуға, кедейшіліктен құтқару, өмір сүру сапасын және деңгейін көтеруге жағдай жасайды. Еңбекке қабілетті азаматтармен келісімшартқа отырып, шартты ақшалай көмек береді. Шартты қаржылай көмек алған аз қамтылған отбасы тек жәрдемақы алып қана қоймай, осы жағдайдан шығуға әлеуметтік тұрғыдан бейімделеді. Мұқтаж отбасылармен әлеуметтік келісім түзіліп, алты айға шартты ақшалай көмек беріледі. Оны ай сайын төлеуге немесе 3 тоқсанның ақшасын бірден беруге болады. Бірақ өтінім берушінің ақшаны қалай жұмсайтыны туралы жоспары болуы қажет. Өтініш берушінің мемлекет берген қаржысына жеке ісін ашуына мүмкіндігі бар. Мәселен, мал сатып алып, мал шараушылығымен айналысды. «Өрлеу» жобасындағы шартты ақшалай көмекті алуда отбасының (тұлғаның) жан басына шаққандағы орташа айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан төмен болуы тиіс. Осы статуска сай келсе ғана, жергілікті әлеуметтік мекемеге «Өрлеу» жобасына қатысу үшін өтініш береді. Уәкілетті орган, ауылдық округ әкімі немесе ассисент үміткер өтініш білдірген күні «Өрлеу» жобасына қатысу шарттары туралы кеңес береді. Үміткер келісім бергенде, құжаттар рәсімделеді. Құжаттар арқылы өтініш берушінің мемлекеттік шараға мұқтаждығы, отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделу шаралары анықталады. Сосын әңгімелесу парағы рәсімделеді. Әңгімелесу парағына қол қойылған соң, «Өрлеу» жобасына қатысуға өтініш, отбасылық және материалдық жағдайы туралы сауалнама толтырады. Бағдарламаға қатысуға мынадай куәландыратын құжат тапсырады:

1. Жеке басын куәландыратын құжат;

2. Орталық атқарушы орган бекітетін нысан бойынша отбасы құрамы туралы мәліметтер;

3. Отбасы мүшесіне қамқоршылықтың (қорғаншылықтың) белгіленгенін растайтын құжат (қажет болған жағдайда);

4. Тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігін растайтын құжат немесе мекенжай анықтамасы немесе ауылдық округ әкімінің анықтамасы;

5. Орталық атқарушы орган бекітетін нысан бойынша жеке қосалқы шаруашылығының болуы туралы мәліметтер [б]

«Өрлеу» жобасы отбасылармен жұмыс істеудің жаңа түрі, әр отбасының өз жауапкершілігін түсінуі, еңбек нарығында белсенділік көрсету, материалдық көмек алатын отбасылардың әлеуметтік бейімделуіне көмектесу, келешекте тұрмысы төмен отбасылар қатарынан шығып, мемлекеттік көмекке қарап отыруды тоқтатуға жол ашады.

Егемен еліміз өркениет биігіне өрлеп, экономикалық әлеуетін нығайтқан сайын қоғамымыздағы аз қамтамасыз етілген топтарға жан-жақты қамқорлық жасауды мемлекеттік деңгейдегі мәселе ретінде күн тәртібіне қойып келеді. Тұрғындардың өмірін ұзарту мәселесі тұңғыш Президентіміздің әлеуметтік саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Жаһандық экономикалық дағдарысқа қарамастан, біздің республикамыз кедейлік деңгейін төмендету, халықтың әл-ауқатын арттыру, халықтың аз қамтамасыз етілген және әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қолдауды саясат саласындағы маңызды басымдықтардың бірі деп біліп отыр. Біздің мемлекетте әлеуметтік - әлсіз топтардың әл - ауқатын көтеруге барлық негіз бар. «Басты міндет – масылдылықты жою» - дейді ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ Совет энциклопедиясы, Алматы, 1976 ж.
2. Жүндібаева Т.Н. Отбасы педагогикасы: Оқулық. Алматы: «Экономика» баспасы ЖШС, 2014 - 312 бет
3. // «Егемен Қазақстан» газеті, №70 28.07.2010
4. Халитова І. Әлеуметтік педагогика: Оқу құралы. Алматы: «Білім» баспасы, 2007.- 200 б.
5. <http://alainasy.kz/person/tabisyisyi-tomen-otbasilarga-aleumettk-komek-korsetu--otbasyinin-omrlk-18328/>
6. <http://kazrabat.kz/az-qamtylған-otbasylarға-beriletin-kөmek/>

ОҚУШЫЛАР ҰЖЫМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қарабаева Қаншайым Әлимұханқызы
Аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Кенесбаева Бағила Қалданқызы
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
мамандығының 4-курс студенті
Ақтөбе қ.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оқушылар ұжымындағы әлеуметтік қарым-қатынасты ұйымдастырудағы әлеуметтік педагогтың сынып ұжымында мән беретін мәселелер мен зерттелген жұмыстары жайлы айтылады.

Түйін сөздер: социум, форма, әлеуметтік қарым-қатынас, ұжым, социограмма, мінез-құлық мәдениеті

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается работа социального педагога по организации социальных взаимоотношений в учебном коллективе и уделяется внимание актуальным вопросам и исследовательской работе.

Ключевые слова: социум, форма, социальные отношения, коллектив, социограмма, культура поведения.

ABSTRACT

In the article about, the team of pupils, social relations, giving importance to the issues of the social teacher in the organization of work in class groupst.

Keywords: society, form, social relations, the team (collectivity), sociogram, the culture of behavior.

Әлеуметтік педагог - социумның «әлеуметтік диагнозын» қою барысында оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін, олардың қабілетін, қызығушылығын, ұжыммен қарым-қатынасын және т.б. зерттейді. Ресми емес ұйымдардың балалар мен жасөспірімдерге тигізетін оңды және теріс ықпалдарын анықтайды. Ол психологиялық, медициналық, құқықтық, адамгершілік – этикалық және басқа да сипаттағы проблемаларды шешуге көмектеседі. Қоғам мен отбасы, бала тұлғасы жүйесіндегі аралық келістіруші бола отырып, тәрбиеленушінің шынайы өмірге қалыптасуына, балалар мен ересектер арасындағы гуманистік, рухани адамгершілік қарым-қатынастарға ықпал етеді.

Сондықтан да оқушының жеке тұлғасын дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін не істеу керек? Ол үшін аянбай еңбек ету, іздену, жаңашыл үрдістерге көңіл бөліп, бала бойындағы жақсы қасиеттерді тани білуіміз керек. Тұлға қалыптасуы кезең-кезеңмен жүреді деп айтсақ қателеспейміз. Тұлға негізі ең алдымен отбасында қаланады. Сондықтан да педагог – ата-ана, оқушы, әлеуметтік педагог - үштік одағымен тығыз байланыста болуы шарт. Отбасымен бірлесе отырып, әлеуметтік педагог баланың табиғи қабілетін ашып, оны дамытуы керек.

«Мектепте тәрбие жұмысын топтық формада ұйымдастырудың бір көрінісі – оқушылар ұжымын қалыптастыру. Оқушылар ұжымы – тәрбиенің шешуші факторы және қазіргі қоғам жағдайында бала өмірін ұйымдастырудың негізгі формасы. Оқушылар ұжымының дамуы А.С.Макаренконың айқындағанындай 3 кезеңнен өтеді. Олар ұжым дамуының мақсатына, іс-әрекеттің мазмұнына, тәртібіне, өзара қарым-қатынас тәуелділігіне байланысты ажыратылады» [1,26].

«Оқушылар ұжымы – ортақ мақсат және қоғамдық іс-әрекет арқылы біріккен тұрақты бірлестік. Жақсы ұйымдасқан оқушылар ұжымының белгісі – жағымды қоғамдық пікір, жоғары жауапкершілік, өзара сенім» [2,37].

Қарым-қатынас мәселесін психологиялық, педагогикалық тұрғыдан зерттеу әлемдік ғылымда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде өзекті болып көтерілді. Осы уақыттан бастап қарым-қатынасқа анықтамалар беріліп, оны зерттеуде бағыттар пайда болды.

«Қарым-қатынас» ұғымының көп анықтамаларының арасында біз оны – «коммуникативті іс-әрекет» ұғымымен синоним деп қарастыратын (А.Н.Леонтьев, М.И.Лисина, Х.Т.Шерьяданова, Т.И.Суркова, Д.А.Исмайлова, Ж.А.Абишева және т.б.) позицияларына жүгініп, М.И.Лисинаның анықтамасын арқау етеміз. Сонымен **қарым-қатынас** деп - екі (немесе одан да көп) адамның қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттерін атаймыз. Олай болса, біз зерттеуімізде қарым-қатынастың мазмұнды жағына, іс-әрекет жүйесіндегі қарым-қатынастың орнына, әр жас шамасындағы балалардың психикалық дамуының қарым-қатынас байланысын анықтауға, балалардың қарым-қатынас қажеттілігі мен мотивтерін анықтауға баса назар аудардық. А.Н.Леонтьев іс-әрекеттің қай түрін болмасын қарым-қатынаспен қабаттас болады деп түсіндіреді. Ол іс-әрекетті қарым-қатынастың

қажетті шарты ретінде қарастырады. А.Н.Леоньевтің қарым-қатынасты іс-әрекеттің өзгеше түрі деп талдау концепциясы, Б.Г.Ананьевтің, А.А.Бодалевтің коммуникативтік әрекет жайлы ілімдері біздің зерттеулеріміздің әдіснамалық негізі болды.

Ұжым мен тұлға арасындағы байланыс - тәрбиені демократияландыру жағдайындағы, адам құқығы мен бостандағын сақтаудағы маңызды мәселелерінің бірі. Көптеген онжылдықтар бойы ұжымға әсер ету арқылы оқушы тұлғасын қалыптастыру отандық педагогикалық әдебиеттерде қарастырылмады. Тұлға міндетті түрде ұжымға бағыну керек деп есептелінеді. Қазіргі кезде адам жөнінде философиялық концепцияларға және әлемдік педагогикалық ой-тәжірибесіне сүйене отырып заманға сай, жаңа шешімдер іздестіруге тура келеді. Оқушыны ұжымдық қатынас процесіне енгізу - қиын әрі күрделі шаруа.

Ең алдымен баланың жекелей мәнді екенін ескеру керек. Оқушыларды - болашақ ұжым мүшелерін - бір-бірінен денсаулықтарына, сыртқы көріністеріне, мінез бітістеріне, қатыс деңгейіне, біліміне, біліктілігіне т.б. қасиеттеріне қарап ажыратамыз. Сондықтан, олар ұжымдық қатынас жүйесіне әр түрлі болып енеді, жас шағынан әртүрлі реакциялар туындатады, кейде ұжымға кері әсерін тигізуі де мүмкін. Ұжымдық қатынас жүйесіндегі тұлғаның жеке әлеуметтік тәжірибесіде маңызды келеді. Ол арқылы оқушының сана - сезім ерекшеліктері, құнды бағдарлау жүйесі, жүріс - тұрысы белгіленеді. Ал бұлар сол ұжымның дәстүр - тәртіптеріне, құндылықтарына сай келуі не сай келмеуі де мүмкін. Оқушы тәжірибесі басқадай болған жағдайда тәжірибе ауқымы мен сапасына сәйкес өз құрдастарымен қарым-қатынас орнатуы қиынға түседі. Әсіресе, жеке әлеуметтік тәжірибе сол ұжымның құнды тәжірибесіне қарама - қайшы келсе, онда қарым - қатынас қиындыққа соқтырады.

Тұлға мен ұжым арасындағы қатынас тек тұлға сапасына ғана емес, ұжымға да байланысты. Өз күшін, салт - дәстүрін құрған, басқарушы белсенділері бар, дамудың жоғары деңгейіне қол жеткізген ұжыммен қатынас жақсы орнығады. Бұндай ұжым басқаларына қарағанда өзіне жаңадан кірген тұлғамен қатынасқа оңай түседі.

Әрбір адам аз немесе көп күш жұмсау арқылы ұжымдағы өз орнын табуға талпынады. Бірақ кейбір объективті немесе субъективті себептердің әсерінен тұлғаның барлығы бірдей табысқа қол жеткізе бермейді. Табиғи мүмкіндіктері бойынша жеке адам ұжымдағы кейбір құндылықтардың өзіне сәйкес келмеуінен өз жасқаншақтығын жеңе алмай, табыстарға қолын жеткізе бермейді. Әсіресе, ұжымның, достарының өзіне деген қатынасын бағалай алмайтын, өзін - өзі тануы мен бағалауы сияқты қасиеттер толық дамымаған бастауыш сынып оқушыларына мұның қиын соғуы мүмкін. Бұл педагогикалық жағдайдың объективті себептері бар: іс-әрекеттердің бір сарындылығы, ұжымдағы оқушының атқаратын рөлінің тарлығы, ұжым мүшелерінің арасындағы қатынастың ұйымдастыру формаларының біртараптылығы мен мазмұнының жұтаңдығы, бірін-бірі қабылдау мәдениетінің кемшілігі, жолдасының ескеруге тұрарлық бағалы да қызықты қасиеттерін елей алмауы және т.б.

Ғылыми зерттеулер нәтижесінде тұлға мен ұжым арасындағы қатынас дамуының кең тараған үш түрі анықталған: 1) Тұлға ұжымға бағынады (конформизм); 2) Тұлға мен ұжым бір-бірімен үйлесімді қатынаста (гармония) болады. 3) Тұлға ұжымды өзіне бағындырады (лидерлік).

Бірінші түрі бойынша тұлға ұжым талаптарына өз еркімен бағынады, ал кейде ұжымға сырттай бағынып, әрі қарай өзінің жекелігін және тәуелсіздігін сақтауы мүмкін. Егер тұлға ұжымға кіргісі келсе, онда ұжымның құндылықтарын, нормаларын және дәстүрлерін қабылдайды.

Екінші түрі бойынша жағдай әртүрлі жолмен дамуы мүмкін:

1)Тұлға өз тәуелсіздігін барынша сақтап ұжым талаптарына сырттай бағынады;

2)Тұлғаның кейбір өзіндік іс - қимылы ұжым талаптарына сай келмейді. Мектеп ұжымдарында көп кездесетін мотив немесе себеп салдарынан тұлғаның кейбір іс - қимылдарға бой ұрады. Мұндай жағдайда оқушы ұжым нормаларымен құндылықтарын

сырттай қабылдайды, талқылау кезінде ұжымның одан күтетінін айтады, әртүрлі жағдайларда ұжымдағы қалыптасқан қасиеттерді ұстанады, бірақ мектеп ұжымынан тыс жерде бұрынғы қалыптасқан тәжірибесі бойынша өзін басқадай ұстайды, өзгеше ойлайды, басқаша бағалайды. Бұл жағдай кейде уақытша болса, кейде тұрақты болып отырады.

Соңғысы тұлғаның бұрынғы әлеуметтік тәжірибесі ұжым тарапынан қолдау көрмей, өз ұжымының тәжірибесімен ұштаспайтын жайларда жиі кездеседі. Біздің мектептерімізде ұжымға ашық түрде қарсы шығу көп кездеспейді. Алайда, балалар кейде қарсылық білдіреді, оның өзі де негізсіз себептерден туындайды: көбіне өзін - өзі қорғап қалу сезімінің үстемдігінен болады.

Үшінші модельде тұлға ұжымды бағындырады, бірақ бұл сирек кездесетін құбылыс. Нағыз лидер еңбектері, іс - әрекеттері ескерілуімен, бұл модельде тиісті бағасы алады. Жарқын тұлға, оның өзіндік жеке тәжірибесі ұжым мүшелеріне тартымды болуы міндетті.

Психологтар мен педагогтар жекелік қасиеттердің жасырын түрде дамиды мектеп ұжымы мүшелерінің арасында кең тараған бағыт - бағдарларын бөліп қарастырады. Берілген жұмыстарды, әсіресе жауапты тапсырмаларды бар ынтасымен орындайтын оқушылар аз емес. Баршаның көзіне түсу, басқаның үстіне өз билігін жүргізу - олардың талпынысына күш - қуат береді. Олар ұжымның қиын жағдайына қайғырмайды, жұмысына көп мән бермейді басты мақсаты - өз беделін ғана таныту.

Ұжым үнемі өзгеріп отырады, себебі оны құрайтын адамдар ауысады. Бірақ ұжымның даму процесі кездейсоқ емес, оған педагогтар жетекшілік етеді. Ұжымға жетекшілік етудің нәтижелігі, оның даму заңдылығын қандай мөлшерде зерттегеніне, тәрбие жағдайының қаншалықты дұрыс анықталғанына, педагогтың әсер ету тәсілдеріне байланысты.

Мұндай әсердің маңызды шарты - үздіксіз болып келетін, ұжымға әсер ететін тәрбиелік шаралардың бір жүйеге бірігуі. Ал мұндай интеграцияға келесі жолдар арқылы қол жеткізуге болады:

- 1) Ұжымға бұлар педагогикалық әсерлерді бірлікті (комплекті) пайдалану;
- 2) Күнделікті өмірде ұжым мүшелерінің бір - біріне үнемі және жан - жақты көмегі;
- 3) Ұжым өміріне және оның жеке мүшелеріне жағымды әсер ететін жағдайлар тудыру;

- 4) Оқушылардың өзін - өзі басқару ісін кеңейту;

- 5) Ұжыммен жұмыс істейтін барлық ұйымдардың талпыныстарын біріктіру.

«Мектеп ұжымын басқарудың педагогикалық тәжірибесінде келесі маңызды ережелерді сақтау керек:

1. Педагогикалық жетекшілікті оқушының өз қызығушылығына, ынтасына, тәуелсіздігіне орайластыру, дербес қарапайым талпынысымен саналы байланыстыру.

2. Ұжым - динамикалық жүйе болғандықтан, ол үнемі өзгеріп, дамып отырады және кемелденеді. Сол үшін педагогикалық жетекшілер қарым - қатынас және әсер ету жобаларын жиі өзгертіп отыруы міндетті.

3. Сынып жетекшісі ұжым тәрбиесінде мұғалімдер тобына, сынып ұйымына сүйеніп, отбасыларымен үнемі байланыста бола отырып, жоғарғы жетістіктерді көздеуі ләзім.

5. Жетекшіліктің жақсы көрсеткіші - сынып өміріндегі маңызды мәселелерге ортақ ұжымдық пікірдің болуы;

6. Ұжым мүшелерінің өз міндеттерін орындауын дұрыс қадағалау негізінде тәрбиені дамыту;

7. Тәрбиені ұжымдағы қарым-қатынас құрылымының көп деңгейлігін ескере жүргізу:

- 1) Жекеше қарым - қатынас жасау;

- 2) Бірлескен іс - әрекет қатынастарын дамыту;

- 3) Әлеуметтік мәні бар ұжым іс-әрекетіне байланысты қатынас жасау;

8. Ұжым мүшелерінің атқарып жүрген рөлдері мен олардың шын мәніндегі мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану;

9. Ұжымдағы қатынастың өтіп жатқан жағдайына белсене араласу;

10. Уақытша ұжымдар құру, нашар оқушыларды жоғары мүмкіндіктерге жеткізе алатын ұжымға ауыстыру;

11. Ұжымдағы оқушыларды жаңаша қатынасқа кірістіретін ұжымдық іс- әрекет түрлерімен олардың қалпын өзгертуді әр кез естен шығармау» [3].

Адам баласы жеке, қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өмірдің барлық кезеңінде ұжым арқылы қарым-қатынас жасап, ұжым арқылы өмір сүреді. Бала ұжымда жеке тұлға болып қалыптасады. Отбасы, балабақша, мектеп, сынып, спорт секциялары, көркемөнер студиясы, (тіпті жоғары оқу орны, жұмыс орны) т.б. ұжым түрлеріне жатады. Бұлардың барлығында да балалардың әлеуметтік қарым-қатынасы, қоғамға бейімделуі негізінде жүзеге асады. Ұжымда өмір сүре білу, қоршаған ортамен санаса білу адамның әлеуметтік дамуының жоғары сатысы. Ұжымда қалыптасудың үш кезеңі бар.

Педагогтың басты міндеті – ұжымдағы әр оқушының қабілетін танып, өз орынын табуына жағдай жасау, әрбір баланы көшбасшы болуға, өзін-өзі басқара білуге тәрбиелеу.

Біз оқушылардың сыныптағы қарым-қатынасын анықтау үшін ғылымда бар әдістемелерді өзіміздің жұмысымызда пайдаландық. Оның ішінде социограмманы, қарым-қатынас тренингін, психологиялық ойындар, т.б. қолдануға болады. Бұл жайда оқушылардың жас ерекшелігін ескеруге тура келді. Мысалы, «Үй. Ағаш. Адам», «Адам бейнесі», «Үй бейнесі» интерпретациясы. «Әлемде жоқ жануар», «Аяқтар және мінез», «Өзіңді өзің білесіз бе?» тестері, «Әлемде жоқ жануар» әдістемесін пайдалануға болады. Солардың өзіміз жүргізген бірнешеуіне тоқталмақпыз.

«Дос іздеймін» тренингі

Мақсаты: айналадағы адамдармен, қоршаған ортамен қарым-қатынас жағдайын орнату.

Керек құралдар: қағаз, түрлі-түсті қарындаштар, қалам

Кез-келген адам өзінің досы болғанын қалайды. Мүмкін нағыз дос сендерде бар шығар. Дәл қазірден бастап, мен жарнаманы ақысыз жариялаймын. «Дос іздеймін» газетінің бас редакторымын. Сіздердің әрқайсыңыз біздің газетке дос іздеймін жайында жарнама беру мүмкіндігіңіз бар. Шектеу жоқ.

1. Досқа қоятын талаптарды;
2. Оның суретін салуға болады.
3. Өзіңіз жайында айтуыңызға болады.

Жарнамалар көп, сондықтан сіздің жарнамаңыз назарға ілігуі керек. Тапсырманы орындауға 10 минут уақыт беріледі. Соңында барлық қағаз тақтаға ілінеді. Оны қатысушылар үнсіз оқып, өзіне ұнағанын қызыл түспен домалатып бояп, оны берушімен байланыс жасауға дайындайды.

«Ренжістік, достастық» тренингі

Қатысушылар 2 шеңбер бойына тұрады.

1- сыртқы шеңбер

2- ішкі шеңбер

Музыка ырғағымен шеңбер бойында айналып жүреді.

«Ренжістік» деген белгі берілген кезде бір-біріне арқасын беріп немесе қабақтарын түйіп, қолын сілтеу керек.

«Достастық» деген белгі берілген кезде қол алысу, құшақтасу, қол бұлғау, бір-бірінің қолын шапалақтай ұру қажет. (3-4 рет қайталанады)

«Жақсы-жаман қасиеттер» тренингі

Өзіңіздің бойыңыздағы жақсы алты қасиетті гүл суреті жапсырылған ақ қағазға, өзіңіздің ұнатпайтын алты қасиетіңізді найза салынған қара параққа жазыңыз. Гүл суретіне жазылған жақсы қасиетіңізді құмыраға салыңыз. Найза суретіне жазылған қасиеттеріңізді қажет емес деген оймен аяқтарыңызбен әбден басып, жаншып немесе жыртып қоқыс жәшігіне салыңыз.

Психологиялық ойын: «Ха-ха-ха; хи-хи-хи»

«Ха-ха-ха» дегенде бар ынтасымен қолдарын бір-бірінің алақанына ұрып, шапалақтап, түрлі эмоцияда қарқылдап күледі.

«Хи-хи-хи» дегенде бір-бірінің қолын қысып, екі иығын көтеріп, жымияды.

«Менің ойымша...» тренингі

Әрбір қатысушы өзінен кейінгі әріптестерінің өзі білетін қырларын «Менің ойымша...» деп бастайды.

«Достық алақаны» тренингі

Әр қатысушы параққа өз алақанының суретін салады да, астына өз есімін жазады. Қатысушылар парақтарын орындықтарының үстіне қояды, өздері тұрып парақтан параққа барып, әрбір алақанға сол адамға лебіз, жақсылық жазады. Соңында әр қатысушы лебіздерді оқып, алғыс білдіреді.

«Сыныптастарым мені не үшін жақсы көреді?» тренингі

(Әркім өз ойларын айтады.)

«Мен көршіме ... тілегім келеді» жаттығуы

Шарты: Дөңгелене отырып, «Мен көршіме... тілегім келеді» деп, жақсы қарым-қатынасқа байланысты тілек тілейді.

Қорытындылай келе айтарымыз, сынып ұжымында әлеуметтік педагог қарым-қатынасты қалыптастыруда мына мәселелерге мән берген жөн:

- сынып ұжымының қалыптасуына ішкі және сыртқы факторлардың әсер етуін;
- ұжымның даму дәрежесін білу (сыныпта сын, өзара сынның болуы, оған оқушылардың қатынасы, көзқарасы, бір-бірімен, ұжыммен қарым-қатынасы, жеке оқушылар арасындағы достық, жолдастық қатынастарды көре білу, сынып ұжымының даму дәрежесін білу, сыныптағы дау-жанжалдың болуы, оларды болдырмау немесе шешу жолдарын анықтау, т.б.);
- сынып құрылымын анықтау (сынып старостасы және оның жұмысының сапасы; бастамалары, дербестіктері, өз-өзіне және өзгелерге талап қоюшылықтары; жоластары мен достары арасындағы беделдері; басқа оқушыларға қамқорлықтары, қоғамдық пікірге қатынастары, т.б.);
- ұжымның іс-әрекеттерін білу (сабаққа қатысы; үй тапсырмасын орындауы; үлгерімді, белсенділерді, сыныпты бақылау; оқу кезіндегі жағымсыз әрекеттері және т.б.)

Әдебиеттер тізімі:

1. Есқалиев С. Тәрбие жұмысының теориясы және ұйымдастыру әдістемесі: Оқулық.-Астана: Фолиант, 2014. -192 бет.
2. Губашева С., Отарбай А. Тәрбие жұмысының әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал. 2-басылым. –Астана: фолиант, 2011. -244 бет.
3. Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Ғалымова Ә., Ильясова Р. Педагогика: Оқулық. 2-басылым. - Астана: Фолиант, 2010. - 656 бет.
4. Төребаева К.Ж., Есенғұлова М.Н. Психологиялық-педагогикалық диагностика: Оқу құралы. - Алматы, 2012. – 304 б.

СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ТРЕНИНГ В РАБОТЕ С ДЕТЬМИ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ

**Кенжебекова Дина Өмірбекқызы – студентка 4 курса
по специальности социальная педагогика и самопознание,
КазНУ им.аль-Фараби
Садвакасова Зухра Маратовна – к.п.н, доцент кафедры
педагогика и образовательного менеджмента ФФиП**

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала әлеуметтік-педагогикалық оқуды ұйымдастыру үшін әлеуметтік педагогтың девиантты мінез-құлықты балалармен жұмысын талқылап, өзекті мәселелері және ғылыми зерттеуге назар аударады.

Түйін сөздер: оқу, девиантология, мінез-құлық, жасөспірім, қоғам, әлеуметтік қатынастар.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается работа социального педагога по организации последовательных социально-педагогических тренингов в работе с детьми девиантного поведения и уделяется внимание актуальным вопросам и исследовательской работе.

Ключевые слова: тренинг, девиантология, поведение, подросток, социум, социальные отношения.

ABSTRACT

In the article reviews the work of the social teacher on organization consecutive social and pedagogical trainings n working with children of deviant behavior. Also attention is paid to topical issues and research work.

Keywords: training, deviantology, behavior, adolescent, socium, social relations.

Девиантное поведение, понимаемое как нарушение социальных норм, приобрело в последнее время массовый характер и поставило эту проблему в центр внимания социальных педагогов, психологов, социологов, медиков и правоохранительных органов.

Бездуховность и ее результат – потребительско-эгоистическое отношение к жизни порождают у многих людей апатию, безразличие к себе и к другим. В результате неактивность и безинициативность подростка влияет и на характер преступности среди несовершеннолетних. Находясь в одинаковых условиях среди подростков с девиантным поведением, далеко не каждый подросток совершает преступление в связи с тем, что существуют еще и личностные причины противоправного поведения. Это, прежде всего, особенности ценностных ориентаций подростка, задаваемых микросоциумом, в котором развивается растущий «организм». Выявить причины, условия и факторы, детерминирующие это социальное явление, стало насущной задачей социального педагога, а самое главное осуществлять превентивные меры и своевременную коррекционную работу. Поэтому создание программы по комплексному решению вопросов социальной поддержки детям с девиантным поведением стало очень важно.

Бесспорно, наиболее значима для подростка его семья, особенности внутрисемейных отношений. Но состояние внутрисемейных отношений во многом определяют поведение подростка в социуме. Именно в семье ребенок получает первый жизненный опыт, делает первые наблюдения и учится так себя вести в различных ситуациях, пернимая нормы и ценности поведения в общественной жизни. Большинство родителей у кого трудные, проблемные дети сами в детстве страдали от конфликтов с собственными родителями, то есть модель поведения родителей может и повлиять на перенос бессознательного процесса в воспитании. Стиль родительского поведения непроизвольно «записывается», «запечатлевается» в психике ребенка (например, известная всеми история Билли Милигана).

Важнейшей средой приложения сил и понимания собственной значимости для несовершеннолетнего является учебная деятельность и общение со сверстниками. Здесь подросток сталкивается с наибольшими жизненными трудностями, от их преодоления зависит его внутреннее состояние. Достижение успеха в учебе и деятельности важно для ощущения собственной полноценности. Социальная незрелость ребенка часто становится причиной срывов и конфликтов в среде учебы и труда. Не добившись успеха в учебе, подросток пытается найти удовлетворение в общении со сверстниками, причем не всегда приемлемыми для общества способами, а часто и совершая преступления.

Для того, чтобы «вытащить» ребенка из асоциальной среды социальному педагогу необходимо привлечь его в другую насыщенную, образовательную среду, которой может выступить досуговая сфера, аниматорская деятельность.

Помочь ребенку найти свое место в жизни, понять его стремления, интересы, дать возможность развиваться его индивидуальности, значит во многом предотвратить в будущем правонарушения среди детей и подростков. Поэтому именно организация досуговой деятельности должна стать той системой, где ребенок сможет найти себя, само

выразиться, повысить свою самооценку, а для этого социальный педагог с учетом индивидуальных особенностей должен заинтересовать его. Кроме этого необходимо своевременная консультативная помощь, разъяснение педагогам и родителям о важности вовлечения детей в досуговую сферу, так как именно здесь они могут проявить свои способности, оценить самого себя и быть ценными другими в ходе участия совместной деятельности. Одним из средств помогающие своевременно социализироваться и корректировать свое поведение – является социально-педагогический тренинг. Целенаправленные, ТЕМОцентрические тренинги - это особый вид деятельности, который используется для разрешения человеческих проблем. Обычно для тренинга набирается группа малознакомых между собой людей, которые будут познавать не только друг друга, но и самих себя на тренинге.

В подростковом возрасте тренинги имеют очень большое значение. Дело в том, что группа - это микросоциальная картина мира для человека. По его поведению в группе можно сделать приблизительные выводы о том, как человек ведет себя по жизни. И если есть какие-нибудь деструктивные моменты или проблемы, наполненные негативной энергетикой, то они отлично прослеживаются в процессе тренинга. То, что человек не видит в себе, может увидеть осознать, понять и принять в кругу своих сверстников на тренинге. В общении со сверстниками и рассматривая актуальную тему со стороны, подросток может вовремя осознать негативные моменты в поведении и целенаправленно предпринять меры по его устранению.

Социально-педагогический тренинг состоит из трех этапов: 1 этап «ориентировочный», 2 этап основной «полезные навыки», 3 этап заключительный «обратная связь» (см.рис.1)



Рисунок 1. Три этапа социально-педагогического тренинга

На тренинге отшлифовывается и приобретает социальный навык путем освоения целенаправленных упражнений. При выборе упражнения тренеру следует учитывать:

1. Особенности группы (количество, возраст, гендерные различия, степень мотивированности)
2. Задачи, которые планируются решать
3. Уровень готовности группы к выполнению соответствующих упражнений

4. Наличие внешних условий (сесть, рисовать)
5. Состояние и пожелание участников
6. Рассчитывать свои способности, возможности, ресурсы
7. На сколько подготовлены к этому процессу
8. Учет и внедрение инновационных возможностей и психолого-педагогические наработки в практике.

9. Выбор упражнения. Ориентируемся на следующие аспекты:

- что должно произойти в результате упражнения;
- изменение состояния группы как целого;
- изменение состояния каждого участника в отдельности;
- получить материал для продвижения вперед в содержательном плане;
- отработать одну из задач содержательного плана тренинга.

В процедуре-упражнения обозначается:

1. цель или назначение;
2. информационная вставка, проводимая от лица ведущего;
3. содержание процедуры;
4. примечания для ведущего;
5. обсуждение в группе (рефлексия).

Осознанию многих сторон своей личности помогает «Шеринг» (обсуждение для качественной проработки навыков), «Рефлексия», «Обратная связь». Человеку всегда важно знать, насколько его поняли, насколько его приняли со всей информацией, которую он хочет донести, насколько он сам правильно понял, увидел, услышал то, что ему сообщили. Часто при общении принимается во внимание только вербальный его компонент, однако человек всегда, осознает он это или не осознает, говорит еще и телом. И именно этот «невербальный» язык может быть и информативнее и даже правдивее (в случаях, когда вербальные и невербальные проявления расходятся или противоречат друг другу). Ситуации, предлагаемые в этом тренинге, дают навык расшифровки невербального языка, дают тем самым новый опыт общения.

В КазНУ им.аль-Фараби при кафедре педагогики и образовательного менеджмента факультета философии и политологии уже 7 год традиционно Школа куратора-эдвайзера, где обучают кураторов-эдвайзеров, и упор в образовательном процессе делают на «группы риска», ведь своевременная поддержка, сотрудничество, а также воспитательная работа может предотвратить многие трудности на пути воспитанника в процессе социализации личности. Также преподаватели активно обучают социальных педагогов, учителей в организациях образования через семинары-тренинги и конференции, освещая не только актуальные проблемы в обществе, но и какие существуют современные подходы в работе с детьми «группы риска» (детские дома №1,2 г.Алматы, школы, интернаты, колледжи)

Тренинг как технология уникальна тем, что она позволяет создать в образовательном процессе «теорию поля» (К.Левин) и в деятельности (игровой, коммуникативной, учебной) дать воспитаннику толчок к осознанию многих вещей, которые казались бы скрытые глубинно, или не осознавались, пока не были проговорены или пропущены через себя (в парах, в малых группах, группе) через упражнения.

Подводя итоги описанию тренингов с детьми, можно сделать вывод, что основой таких занятий должно быть обучение жизненно важным навыкам или психосоциальной компетентности, когнитивной компетентности — способности индивида к сохранению состояния психического благополучия и ее проявлению в гибком и адекватном поведении во взаимодействии с внешним миром. Включение детей в такие занятия будет способствовать не только сохранению их психологического здоровья, но и улучшению учебной мотивации, повышению работоспособности, стабилизации внимания и памяти, а также снижению риска возникновения отклонений в поведении.

Список литературы:

1. Евсюткина П. А. Методическая разработка профилактики и коррекции детей с девиантным поведением во внеурочной деятельности // Проблемы и перспективы развития образования: материалы VI Междунар. науч. конф. (г. Пермь, апрель 2015 г.). — Пермь: Меркурий, 2015. — С. 303-305.
2. Макарычева Г. И. Коррекция девиантного поведения. Тренинги для подростков и их родителей <http://uchebnik-online.net/book/117-profilaktika-i-korrekcija-deviantnogo-povedeniya-podrostkov-v-usloviyah-obshheobrazovatelnoj-shkoly-uchebnoe-posobie-kopovaya-ov/11-23-deyatelnost-shkolnogo-psihologa-s-podrostkami-deviantnogo-povedeniya.html>
3. Программа профилактического тренинга для подростков «СТУПЕНИ». Руководство для тренера / Под ред. Р.В.Йорика и А.В.Шаболтас – СПб.: Врачи детям, 2009. – 92 с.
4. Психологические игры // URL: <http://mirrosta.ru/uprazhneniya-dlya-treningov.html>
5. Садвакасова З.М. Социально-педагогический тренинг. Учебное пособие. – Алматы, 2017-115с.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қарабаева Қаншайым Әлимұханқызы
Аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Қамзанова Аягөз Әлібекқызы
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
мамандығының 4-курс студенті
Ақтөбе қ.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бос уақытты дұрыс ұйымдастырудың маңыздылығы, оның жолға қойылуында жұмыс формалары мен әдістері дұрыс таңдалса, бала өмірінде маңызды орын алатындығы айтылған.

Түйін сөздер: Бос уақыт, кәмелетке толмаған бала, формалар, девиантты, бірлестік, клуб, үйірме, әдіс.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается важность правильной организации свободного времени несовершеннолетних, выбор необходимых методов и форм работы в их образовании, которые играют важную роль в жизни ребенка.

Ключевые слова: Досуг, несовершеннолетние дети, формы работы, девиантное поведение, секция, клуб, кружок, метод.

ABSTRACT

This article has been written about importance of organizing free time correctly, if in their formation choose right work forms and methods they will play an important role child`s life.

Keywords: Free time, minor children, forms, deviant, community, club, section, method.

Қоғамдық жаңару кезеңінде, Қазақстандағы әлеуметтік саяси, экономикалық қатынастардың сипатының өзгеруі өз кезегінде қоғамдық білім, тәрбие институттарының да жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Бұл дегеніміз қоғамдағы мектеп, отбасы орны, оның басты міндеті – бала тәрбиесінде болған көзқарасты өзгертіп жаңа тұрғыдан тану мәселесін туындатты.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап мемлекеттік саясатта келер ұрпақтың денсаулығы, тәрбиесі басты назарда болып келеді.

Өкінішке орай, қазіргі таңда болып жатқан қылмыс, бұзақылық, ұрлық, зорлық - зомбылық, жеткіншектер арасындағы суицидтың көбейуі, үйден кету, қыздардың жеңіл

жүрістері, бастауыш сыныптағы балалардан ақша алу тағы басқа болып жатқан қылмыс айыптыларының басым көпшілігі кәмелетке толмаған балалардың, оның ішінде 11 - 18 жас аралығындағы жеткіншектер екенін көрсетіп отыр. Дәлірек тоқталсақ, 14 жастағылар - 11% , 15 жастағылар - 7%, 16 - 17 жас аралығындағылар - 42%, көбіне көп 14 жасар балалар қылмыстық істерді топтасып жасайды. Ал қыз балалар тарапынан жасалған жалпы қылмыстың 5% құрайды. Бұл дегеніміз, қазіргі нарықтық қоғамдағы адамдар арасында қарым-қатынас пен психологиялық қысым, әсіресе, жас буын психологиялық денсаулығының бұзылуына алып келуде. Қазақстан Республиканың өзінде, тіпті әлемдік деңгейде халқымыздың психологиялық, физиологиялық денсаулығын сақтау адамзат алдында тұрған үлкен мәселе болып отыр [1,9].

Болашақ Қазақстан Республиканың азаматы дені сау, тәрбиесі түзу азамат болып ер жетуі, ең алдымен, ата - анасына, білім беретін мектеп қабырғасына және қоршаған ортаға байланысты. Қазіргі таңда денсаулығы мықты, рухы білім, тәрбиелі, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері үкіметтің қаулыларында, тұжырымдамаларында негізгі орын алады[2, 8-9].

Әлемдегі жағымсыз жағдайлар біздің қоғамда қиындықтар мен ішкі қақтығыстардың, моральді мінез-құлықтардың, қылмыстың және т.б. ауытқыған мінез-құлық түрлерінің кең таралуына әкелуде. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, ауытқыған мінез-құлық әр түрлі әлеуметтік және демографиялық топтардағы адамдар арасында өсіп отыр. Әсіресе бұл кезең жеткіншектерге ауыр тиді. Асоциальді әрекеттерден (маскүнемдік, нашакорлық, қоғамдық тәртіпті бұзу, бұзақылық, вандализм және т.б.) көрінетін девиантты мінез-құлықтар кәмелеттік жасқа толмағандар санын күрт арттырды. Олардың үлкендерге деген қарым-қатынастары өзгеріп, жауыздық пен агрессивтілік көріне бастайды.

Сондықтан да девиантты мінез-құлықтардың пайда болуының әр түрлілігі және қоғам мен адам өмірінің барлық саласына әсері білімнің әр саласындағы ғалымдардың, дәрігерлердің, психологтардың, социологтардың, заңгерлердің және экономистердің т.б. назарын аударды. Оларды болдырмаудың жолдарын, себептерін іздестіруде, зертелуде. Солай бола тұрса да, қоғамдағы бұл құбылыс бәсеңдеу орнына, етегін кеңге жайып, күннен-күнге өрши түсуде. Осындай құбылыстарды болдырмаудың бір жолы – оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыра білу.

XIX ғасырдың соңында көптеген философтардың еңбектерінде «бос уақыт» терминімен жиі кездесеміз, яғни бұл жұмыстан тыс уақыт ретінде қарастырады. Ғалым К.Маркс саяси экономиканы зерттей келе, қоғамдағы әрбір мүшенің бос уақытының міндетті түрде керектігі және ол уақыт жетіліп даму үшін керектігі жөнінде сұрақ көтерген. «Бос уақыт» және «жоғары іс-әрекет» деп ғалым бос уақыттың құрамын ашып көрсетті.

«Бос уақыт» туралы кейінгі кездерде айтылған пікірлерге тоқталсақ, берілген анықтамалар алуан түрлі.

«Бос уақыт – сабақтан тыс кездегі оқушы өмірінде ерекше орын алатын мезгіл. Сондықтан оқушыға оны дұрыс ұйымдастыруға, яғни мәдени-демалыс шараларына және өзінің сүйікті ісімен айналысып, адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, физиологиялық дамуларын әрі қарай шыңдай түсуге өз уақытын ұтымды бөлуге көмектесу қажет. Ал бос уақытты дұрыс ұйымдастыруға көмектесу – тәрбие жұмысындағы маңызды мәселелердің бірі» [3,134].

«Бос уақыт – әдетте уақытты кезеңдер ретінде белгілейді, көбінесе адам іс-әрекетін өзі таңдайтын кезде, яғни адамның міндетті жұмысы болмаған жағдай (жұмыс, үй шаруашылығы, оқу, тағам, ұйқы және т.б.). Адамның осы уақытта өзі таңдайтын белсенді іс-әрекетін, бірегей жұмысын «хобби» деп те атайды, ол адамның ақша табуы үшін емес, өзінің іс-әрекеті үшін жасалынады. Демалыс мақсаты - ағзаның жұмыс қабілеттілігінің жетістігінің жағдайы болып табылатын уақыт өткізу түрі. Әдетте демалыс келесідей кезеңдерден тұрады: шаршаңқылық, еріксіну, күшті қалпына келтіру және ойын-сауық.

Демалысқа арналған жаттығулар: ұйқы, тамақ, спорт, ән тыңдау, теледидар қарау, өнер туындыларын тамашалау, кітап оқу және басқа да ойын – сауық түрлері.

Бос уақыттағы бағдарламалар рухани қызығушылық сферасына кіретін спорттық ойындар мен жарыстарды, билеу кештерін, карнавалдарды, ойындар мен хоббиді де қамтиды» [4,56].

Оқушыларды тәрбиелеу тек сабақпен ғана шектеліп қалмай, ол сабақтан тыс уақыттарда да жалғасады, тереңдетіледі. Сабақ үрдісі кезінде тәрбие міндеттерінің барлығын шешу мүмкін емес. Сондықтан оқушылардың бос уақыттарында жүргізілетін әр түрлі сыныптан және мектептен тыс жұмыстарды жоспарлаған дұрыс. Педагогикалық және оқушылар ұжымының міндеті – бос уақыттағы жұмыстарға барлық оқушыларды тарту.

Оқушылар бос уақытта сыныптан тыс немесе мектептен тыс жүргізілетін жұмыстарға оқушылармен тәрбиелік, білімдік сипатта мақсатты түрде ұйымдастырылған шаралар жатады.

«Бос уақытта ұйымдастырылатын жұмыстардың бірқатар ерекшеліктері бар:

1. Бос уақыт жүргізілетін шаралар еріктілік негізде ұйымдастырылады. Оқушылар әр түрлі шараларға қатысуды өздері таңдайды. Мұны ешқандай мәжбүрлеусіз жүргізу керек. Өз қызығушылығы, қабілетіне қарай әр түрлі үйірмелерге жазылып, өз қалауымен жеке және көпшілік жұмыстарға араласа алады. Еріктілік бос уақыттағы жұмыстар түрлерін таңдау кезінде ғана болады. Оқушылардың бос уақытында өзімен-өзі қалып, әртүрлі шаралардан тыс қалуына ата-ана, сынып жетекшісі, педагогтар және т.б. жол бермеу керек.

2. Бос уақытта өткізілетін шаралар міндетті оқу бағдарламасымен байланысты емес. Оның мазмұны мен түрлері, оқушылардың қызығушылығына, сұранысына байланысты болады.

3. Бос уақытта өткізілетін шараларға қатысатын оқушылардың жас ерекшеліктерінің әр түрлігі.

4. Бос уақыт кезінде ұйымдастырылатын жұмыстарда көбінесе балалардың өз бетімен орындайтын жұмыстары беріледі.

5. Бос уақытта ұйымдастырылатын жұмыстарда қоғамдық пайдалы іс-әрекетке үлкен орын берген дұрыс.

6. Бос уақытта өткізілетін жұмыстардың формасының, әдістерінің әртүрлігі» [5, 60-61].


Сондай-ақ, мектептің, сынып жетекшісінің, клуб жұмыстарын, үйірмелерді, шараларды және т.б. өткізушілердің бірде біреуі ән айтпайтын, жорыққа шықпайтын болса, би өнеріне қызығушылығы болмаса, сурет салмаса, спортты сүймесе, музыка үнін сезбесе, күлкі-әзіл сезімі болмаса, табиғатты, өлке тарихын зерттемесе, өз оқушыларын қалай қызықтырып, өмірге дайындар еді. Егер бос уақытты ұйымдастырушың рухани жан дүниесі бай болса, балалар да сондай адам болуға ұмтылады.

Ұстаздар ата-аналармен біріге отырып, әрбір оқушының қызықты, сүйікті ісімен айналысуына мүмкіндік беретін болса, ұйымдастыруға көмектесе бос уақытты өткізу балалар үшін маңызды болады.

Бос уақытты ұйымдастыру түрлеріне сабақтан тыс мезгілде ұйымдастырылатын шаралардың барлығы жатады. Әдетте сабақтан тыс уақыттағы шаралар оқушыда шығармашылықтың дамуына, өзара жолдастық және жағымды ынтымақтастықтың қалыптасуына ықпал етіп, оған өз мүмкіндігін, қабілетін көрсетуге, өз «менін» бекітуге, болжаған жоспарын жүзеге асыруға, психологиялық ерекшеліктерін жетілдіруге, ұйымдастырушылық, басшылық іскерліктерін шыңдауға, т.б. мүмкіндіктерін ашуға жағдай туғызады.

Бос уақытты ұйымдастыру түрлеріне сабақтан тыс уақытта жүргізілетін барлық шаралар жатады. Олар: топтан тыс және мектептен тыс болып бөлінеді. Топтан тыс жұмыстарға: білім жетілдіру және тәрбиелеу мақсатында мектеп көлемінде өткізілетін

шаралар жатады. Мектептен тыс жұмыстарға мәдени-жетілдіру, білім беру-тәрбиелеу, сауықтыру және т.б. осы сипаттағы мектептен тыс мекемелердің (кітапханалар, спорт мектептері, стадиондар, түрлі бірлестіктер, т.б.) ұйымдастырылатын шаралары жатады.



Сурет 1 - Бос уақытты өткізудің түрлері

Бос уақытты ұйымдастыру – бос уақытты әр түрлі іс-әрекет түрлерімен мазмұнды толтыру.

Бос уақыттағы іс-әрекеттер – бұл бос уақыттағы әр түрлі іс-әрекеттер, адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған: физиологиялық, бағдарлаушылық, танымдық, эмоционалдық және басқа да сипаттағы (К. Обуховскийдің ұсынысымен қажеттіліктердің классификациясы негізінде).

Мәдени-бос уақыттағы іс-әрекеттер – бұл бос уақыттағы іс-әрекет қоғамдағы қабылданған және адамның бос уақытында тұлғалық жетілуіне, өзін-өзі тануына, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған мәдениет арқылы жүзеге асатын әрекеттер.

Бос уақыт саласындағы әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттер – бұл мәдени-бос уақыттағы іс-әрекет, бос уақыт аясындағы қоғамдағы қызығушылықтар мен тұлғаның қызығушылықтарының өзара байланысы негізінде жүзеге асады.

Төмендегідей бірқатар талаптар орындалғанда ғана бос уақытта жүргізілген жұмыстардың құндылығы артады деп ойлаймыз:

- Бос уақытты өткізушінің жеке басының сапалы қасиеттері болмаса, жұмыс табыстылығын көзге елестету қиын. Сондықтан өзінің қызметі бойынша дүниежүзіндегі ең қызықты мамандық иесі болуы үшін [психологидан](#) білім, ой-сана деңгейі, ішкі мәдениет пен тәрбие, актерлік талант, ән айту немесе би билеу, ораторлық өнер және т.б. көптеген құраушылар иесі болуы керек.

- Өткізілетін шаралар өмірмен, тәжірибемен байланысты болуы керек.

- Бос уақытта өткізілетін жұмыстар балаға қызықты әрі түсінікті болуы және жаңа әдістермен өткізілуі қажет.

- Бос уақытта жүргізілетін шаралар үздіксіз өткізілгені жөн.

Бос уақыт шараларының түрлеріне мына жұмыстарды жатқызуға болады:

- «*Сыртқы істер клубы*». Бұл ұзақ мерзімде жүргізілетін жұмыс. Мақсаты – бір елдің тілін, мәдениетін меңгерту. Жұмыс өзі меңгеретін тілде жүргізіледі. Жазғы демалыс кезінде меңгерілген тілде ғана сөйлейтін лагерь ұйымдастыру. Осы жұмыста клуб жұмыстарын жүргізуге де болады. Онда түрлі концерт, спектакль, ғылыми конференциялар өткізуге болады.

- «*Оқушы - ғалым*» орталығы. Бұл мұғалімдер мен оқушылардың қатысуымен өтілетін орталық. Мақсаты- оқушылардың таңдаған мамандықтары бойынша жоғары кәсіби дайындықтан өтуі, бос уақытын шығармашылықпен толтыру, өзін сынауына мүмкіндік беру. Ғылыми-зерттеу орталығын жүргізу үшін оқушылар, ата-аналар,

мұғалімдермен бірігіп зерттеу топтарын құрады. Ғылыми кеңес құрылады, кеңесте зерттеушілердің жұмыс тыңдалып, жеңімпаздар анықталады.

➤ *«Кәсіби бағдар-кәсіби маман» үйірмесі.* Белгілі бір техника және еңбек саласына қызығатын, қосымша мамандық алуға ниет білдіретін оқушыларды біріктіреді. Мақсаты – кәмелетке толмаған балаларды жеке машианалардың, аппараттардың приборлардың, қондырғылардың жұмысымен таныстыру және маманға тән кәсіби сапаларды анықтау, мамандық түрлерімен таныстыру. Мамандықтар профессиограммасын жасау, анализ жасау, мәселен, электр жабдықтарына қызмет көрсетуші электромонтерге қажет психофизиологиялық ерекшеліктер: реакция шапшаңдығы, түстерді дұрыс ажырата білу, жақсы есту, көру, түйсіну, иіс сезу қабілеттері, логикалық ойлау, ұқыптылық, бақылағыштық, құрастырушылық, т.б. Оқушылар қызығушылықтары бойынша бос уақытты ұйымдастырудың жүйесін құру. Мәселен, техникалық шығармашылық үйірмесі, эстрада студиясы, спорттық секциялар, т.б.

➤ *«Жер таны- ел таны» саяхаттары.* Ұйымдастыру мақсатына қарай саяхаттар әр түрлі болуы мүмкін. Олар: өндірістік, ғылыми, тарихи, әдеби, бақылау және т.б. Мақсаты – тәрбиені шындық өмірмен байланыста өткізу. Саяхаттар оқу жылына жоспарланып, арнайы белгіленген күнде өткізіледі. Саяхат үш кезеңді қамтиды: саяхатқа дайындық, саяхатқа бару, саяхат қорытындысын шығару. Уақыт өлшемі саяхаттың мазмұнына, сипатына, оқушылардың қызығушылығына байланысты болады.

Бос уақытты өткізудің жолдары:

- Мектеп, отбасы, әлеуметтік орта кәмелетке толмаған балалардың бос уақытын ұйымдастыру үшін бірлестікте жұмыс жасауы;

- Бос уақытты дұрыс өткізудің негізгі бағдарламасын жасау (уақыт өлшемдерін, шығармашылық түрлері, негізгі талаптарын анықтау, әдістер, бос уақыт түрлерін, жұмыс нәтижелерін қорытындылау, бағалау және т.б.);

- Бос уақытты ұйымдастырушың жаңа технологияларды меңгере отырып, баланы қызықтыратындай жұмыс түрлері мен әдістерін таңдай білуі;

- Бос уақытты өткізу орындарының кәмелетке толмаған балалардың ата-анасының әлеуметтік шамасына келетін негізде ақылы болуы немесе тегін болуын ұйымдастыру.

Қорыта келе айтарымыз, кәмелетке толмаған балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырса, оны ұйымдастыратын педагогтардың білім деңгейі мен эрудициясы жоғары болса, балалармен жұмыс жасау жолдары мен әдістерін жаңашылдықпен қолдана алса, кәмелетке толмаған балалардың қызығушылығы артып, өмірден орнын дұрыс табуға, қоғамның толық қанды азаматы болып шығуына мүмкіндік туғызған болар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жолмаханов Б. «Қиын» оқушыны тәрбиелеу. // Бала тәрбиесі. №5, 2015. -40 бет.
2. Н. Назарбаев. «Қазақстан -2030» бағдарламасы. –Алматы: Білім, 1998. -18 бет.
3. Есқалиев С. Тәрбие жұмысының теориясы және ұйымдастыру әдістемесі: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2014. -192 бет.
4. Жарков А.Д. Технология культурно-досуговой деятельности: Учебное пособие. – М., 2002.
5. Губашева С., Отарбай А. Тәрбие жұмысының әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал. 2-басылым. –Астана: фолиант, 2011. -244 бет.

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Дуйсенбаева Райхан Дабылдықызы
Аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ,
Сламғали Жұлдыз Жанарбекқызы
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ,
Дефектология мамандығының 4-курс студенті,
Ақтөбе қ.

ТҮЙІНДЕМЕ

Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі ерекшелігі – баланың психикалық әрекетінің қалыптасуының бірқалыпты болмауы. Бала миының әлсіз түрдегі яғни органикалық зақымдануымен, сондай – ақ іштен туа пайда болған, туылу кезіндегі зақымданулар жатады. Сонымен бірге дамудың кешеуілдеуі жоғарғы жүйке жүйесінің ауруларымен, созылмалы және соматикалық жағдайлармен, бас миының жарақаттануымен, эндрокриндік жүйенің бұзылуымен байланысады.

Түйінді сөздер: ПДТ, психофизикалық инфантилизм, психика, диагностика, коррекция, эволюция, энцефалопатия, цереброастения.

АННОТАЦИЯ

Задержка психического развития (ЗПР) – нарушение нормального темпа психического развития ребенка вследствие соматического заболевания, поражение центральной нервной системы и др. Характеризуется снижением умственной работоспособности, отставанием в развитии познавательной деятельности, неустойчивостью внимания, ограниченным объемом памяти и т.п.

Ключевые слова: ЗПР, психофизический инфантилизм, психика, диагностика, коррекция, эволюция, энцефалопатия, цереброастения.

ABSTRACT

Mental retardation (CRA) -. Tempo disruption of mental development of the child as a result of somatic diseases, central nervous system, etc. It is characterized by reduced mental performance, retarded cognitive activity, instability of attention, limited memory, etc.

Key words: CRA, psychophysical infantilism, psyche, diagnostics, correction, evolution, encephalopathy, encephalasthenia

Қазіргі кезеңде арнайы білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан оқушылардың дербестігін және танымдық қабілеттерін дамытып, өмірдің жаңа жағдайларында пайдалана білуге үйретудің қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектеп жаңа қоғам мектебі, болашақ мектебі, яғни саналы халықтық мәдениетке бағытталған, баланың жеке басының дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайтын, бәсекеге қабілетті, елдің ертеңі болатын жас ұрпақты өсіріп, дамытатын мектеп болуы тиіс. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен. [1;3].

Психикалық дамудың негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Оның негізгі белгілері: сабаққа белсенділігі байқалмайды, берілген тапсырмаларды үлкендердің көмегінсіз дұрыс орындай алмайды, сыныптастарымен аз араласады, өз ойын ашық айта алмайды, оқу мен жазу, есептеулерде көп қателер жібереді, тез шаршағыш, зейіні тұрақсыз болады. Психикалық дамуы тежелген балалардың тіл байлығы әдеттегі қалыпты балаларға қарағанда 20-30% төмен деңгейде.

Психикалық дамуы тежелген балалардың психикалық дамуының бұзылысы биологиялық, әлеуметтік, психологиялық – педагогикалық жағымсыз факторлардың өзіндік үйлесім келуімен түсіндіріледі.

Психикалық дамуы тежелудің көп түрлі көріністеріне байланысты осы анатомиялық түрлі классификациясы ұсынылады. М.С. Певзнер және Т.А. Власова клиникалық көріністерін есепке ала отырып, психикалық дамуы тежелуінің екі негізгі формасын бөледі: психикалық және психофизикалық инфантилизм, ағзаның астеникалық және цереброастеникалық жағдайы.

Ең кең тараған топтастыру К.С. Лебединскаяның жіктемесі, ол этиопатогенетикалық принципке негізделеді, онда психикалық дамудың тежелуінің төрт негізгі нұсқалары көрсетіледі:

- Конституционалды тектегі психикалық дамуы тежелген.
- Соматогенды тектегі психикалық дамуы тежелген.
- Церебральды – органикалық тектегі психикалық дамуы тежелген.
- Психогенді тектегі психикалық дамуы тежелген.

Осы нұсқалардың әр қайсысы бірқатар ауру белгілерімен асқынады, олар – соматикалық, энцефалопатиялық, неврологиялық және эмоциональды жетілмеушілік және таным қызметтерінің бұзылысының белгілі бір клиникалық – психологиялық құрылымына ие [2;205].

Психикалық дамуы тежелген тұрақтылығы көп жағдайда оның негізінде эмоциональды жетілмеушілік (психикалық, инфантилизм), төмен психикалық тонус (созылмалы астения) немесе зейін, есте сақтау психикалық процестердің әрекетшілділігі, жеке қатпарлы қызметтердің ерекшелігі бар ма соған байланысты болады. Психикалық дамуы тежелген нейродинамикалық әсіресе цереброастеникалық бұзылыстарда тұрақты болып тек психологиялық – педагогикалық түзетуді ғана емес, емдік іс шараларды қолдануды қажет етеді.

Аурудың этиологиясы мен патогенезінің және баланың ағзасына патогендік факторлардың әсер ету уақытысына қарай, эмоциональды ерік және таным әрекеттері сферасында ауытқулар пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар психикалық дамуы тежелген балалар өзіндік жеке ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы көріністермен сипатталады; оларға таным әрекеттерінің бұзылыстары ең алдымен, интеллектуалды іс - әрекет дағдыларының қалыптаспауы, ой операцияларының, эмоциональды ерік сферасының жетілмеуінен мінез құлық формаларының қалыптаспауы қоршаған әлем туралы білімдерімен елестерінің шектелуі, сөйлеу тілінің бұзылыстарының пайда болуына себепші болады. Аталған ерекшеліктер жоғарғы шаршағыштық, қажу, жұмысқа қабілетінің төмендеуімен, іс - әрекет процесін бақылай алмауымен күшейтіледі.

Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр. Отанымыздың әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс.

Жалпы орта білім беретін мектепте үлгерімі төмен балалар тобында елу пайыз психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар кездеседі. Психикалық дамудың тежелуі - бұл баланың интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмеуі.

«Психикалық дамудың тежелуі» түсінігі орталық нерв жүйесінің органикалық және функциональды жетіспеушілігі кезіндегі бала әрекетіне байланысты қолданылады. Бұл балаларда есту, көру, сөйлеу, тірек-қимылдың бұзылуы, интеллектінің бұзылуы болмайды. Психикалық дамудың тежелуі клиникалық сипаттамасы тәртіптің күрделі формаларының дамымауы, мақсатты түрдегі әрекетке түсудің жетіспеушілігі, энцефалопатиялық бұзылулармен түсіндіріледі. Аталған симптомдардың патогенетикалық негіздерін Г.Е.Сухарева, Т.А.Власова, М.С.Певзнер, К.С.Лебединская, В.И.Лубовский, И.Ф.Марковская зерттеулері көрсеткендей, орталық нерв жүйесінің аурулары, олардың резидуалды-органикалық зақымдануы құрайды.

Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр. Отанымыздың әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс.

Жалпы орта білім беретін мектепте үлгерімі төмен балалар тобында елу пайыз психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар кездеседі. Психикалық дамудың тежелуі - бұл баланың интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмеуі.

Психикасының дамуы тежелген, тірек- қимыл қозғалыстары бұзылған және есту қабілеті бұзылған балалармен жүргізілетін психологиялық түзету, дамыту жұмыстарының түрлері көп. Психологиялық түзету жұмыстарын жүргізудің принциптері төмендегідей

- Баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау;
- Шаршап кетпеуін қадағалау;
- Оқу әрекетін ойын түрінде ұйымдастыру, кеңістікті бағдарлауын дамыту;
- Сыныптан тыс тәрбие сағаттарына қатыстыру;
- Ойын дағдыларын оқу әрекетіне аудару;
- Арнайы әдістемелермен оқытуды ұйымдастыру;
- Жылдық диагностикалық даму деңгейін салыстыру.

Мамандардың оқыту, түзету процесінде әдістемелік нұсқауларды дұрыс және жоғары деңгейде ұйымдастыруына байланысты психикалық дамуы тежелген балаларды өз жасындағы балалардың даму деңгейіне жеткізуге болады.

Білім беру мекемесінде оқитын психикасының дамуы тежелген балалар әр уақытта нәтижеге жету үшін бақылаудан тыс қалмауы қажет. Психолог, сынып жетекшісі, ата - ана тығыз байланыста болған жағдайда баламен жүргізілетін жұмыс нәтижелі болады, яғни баланың өз-өзіне деген сенімділігін арттыру арқылы түзете отырып дамыту жұмыстарын жүргізу тиімді.

Түзете дамыту жұмыстарында төмендегі мәселелерге көңіл бөлген жөн:

- Баланың қоршаған ортаға бейімделуі;
- Мінез - құлық ерекшеліктері;
- Өз- өзін төмен бағалауы;
- Қоршаған ортаға сенбеушілікпен қарауы;
- Өз күшіне деген сенімсіздігі;
- Белсенділігі төмен.

Баланы оқуға қызықтыру және дамыту мақсатында сабақ алдында, ашықтық, сенімділік деңгейін, эмоционалдық еркіндікті дамытатын, топта бірауыздылық орнатуға жағдай жасайтын психологиялық жаттығулар өткізу керек.

Балалардың ақыл – ой дамуындағы жеңіл ауытқулары «Психикалық дамудың кешеуілдеуі» деп аталатын терминмен сипатталады. Бұл кемшіліктің негізгі себебі: бала миының әлсіз түрдегі яғни органикалық зақымдануымен, сондай – ақ іштен туа пайда болған, туылу кезіндегі зақымданулар жатады. Сонымен бірге дамудың кешеуілдеуі жоғарғы жүйке жүйесінің ауруларымен, созылмалы және соматикалық жағдайлармен, бас миының жарақаттануымен, эндокриндік жүйенің бұзылуымен байланысады.

Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі ерекшелігі – баланың психикалық әрекетінің қалыптасуының бірқалыпты болмауы. Инфантильді балалар өзінің құрдастарынан жас, олардың ойлары да тұрақсыз болады. Олардың ми қабілеті де тәулік бойына өзгереді. Кейде сабақтың аяғына таман немесе шаршаған уақыттарда болады. Бұл балаларға тән ерекшелік зейіні мен жұмыс қабілетінің ең төменгі деңгейде болуы тән. Кейбір балаларда іс — әрекеттің басында зейіндері жоғары болады да, ал кейін төмендей бастайды. Ұзақ мерзімді есте сақтауы мен қысқа мерзімді есте сақтауының төмендеуі, есте сақтауының беріктілігінің жетіспеуі, сондай – ақ интеллектуальдық белсенділігінің төмендеуі – осы категориялардағы балаларға тән ерекшеліктер. [2.46]

Оқу–тәрбие процесінде мұғалім баланың көңіл-күйіне, денсаулығына, сабақ үлгеруіне үнемі зейін қойып отыру керек. Себебі, бала зейінінің, ой — өрісінің өсуі мұғалімдер үшін тіпті ата – аналар үшін де аса қажетті объект болып табылады. Психикалық дамуы кешеуілдеген балаларды оқыту кезінде сабаққа деген үлгермеушіліктерінің толықтай төмен болуына байланысты, клиникалық, педагогикалық – психологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор.

Психика дегеніміз – адамның рухани күй және ішкі сезіміне, миға тән қасиет. Психика биологиялық эволюцияның жемісі және жалғасы. Ол сыртқы құбылыстар мен заттардың көрінісін бейнелейді. Ал психикалық дамудың рефлекторлық дамудың сипаты – оның объективтік жағдайға тәуелділігін, қабылдау жүйесі мен оның қызметінің атқару заңдылықтарын көрсетеді. Адамның психикасы, оның қимыл әрекетін реттейтін, қоғамдық қатынасқа бейімдейтін, жаңаша бір құрылымның негізін құрады. Осыдан адам психикасының дамуының жеке бір тұлғалық, әлеуметтілік заңдылықтары қалыптасады. Психикалық дамудың кешеуілдеуі де әртүрлі дәрежеде сипатталады. Жеңіл түрде көрініс берген жағдайда бұл балалар көмекті жалпы білім беретін мекемелерде ұйымдастыруға болады. Ауыр жағдайларда балаларда арнайы білім беретін мектептерге немесе мекемелерге оқытады.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың белсенді жағдайдан баяулыққа, жұмыскерлік көңіл – күйден, жұмыссыздыққа жиі өту процестері жүйкелік – психикалық жағдайлармен байланысты. Балалар қандай да бір тапсырманы орындауда үлкендердің көмегін қажет етеді. Ересектердің көмегін қажетсіну, іс — әрекеттің нәтижесін меңгеру, оны ұқсас әрекеттерге тасымалдау және психикалық дамуы кешеуілдеуі бар балаларды ақыл – есі кем балалардан ажыратуға болады.

Балаларда іс — әрекеттің тұрақсыздығы қимыл – координациясының жеткіліксіздігі мен режимге бағына алмаушылығы болса да, мұндай балалардың басым көпшілігі дене шынықтыру пәні мен спорт ойындарын жақсы көреді. Олардың психикалық дамуындағы жоғарғы мүмкіншіліктердің бар екендігін түзету жұмыстарын ұйымдастыру барысында ескерген жөн.

Психикалық дамудың кешеуілдеуіне байланысты өз пікірлерін ұсынушы М.С.Певзнер, Т.А.Власова баланың эмоционалдық ерік сфераларының қалыптасуына көп көңіл берумен бірге, нейродинамикалық бұзылулардың жеке сипаттамасына да ерекше назар аударды. Соған сәйкес психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың сипаттамаларының негізін анықтап, яғни ол психикалық және психофизикалық инфантилизм түріндегі анықталатын және ерте балалық шақтағы орталық нерв жүйесінің зақымдануынан, оның организмінің астениялық, церебрастениялық жағдайларға ұшырайтынын анықтаған.

ПДТ балаларда мектепке қабылданған уақытта баланың физикалық дамуы артта қалу, мектепке баруға деген мотивтің қалыптаспау, бала мектепке оқу үшін емес, ойын әрекетіне араласу үшін ғана баруға ықылас білдіруі, бала мектептің жалпы талаптары мен ережелеріне көндіге алмау, эмоциялы-ерік сферасы, интеллектуалдық қабілеттері төмендеу белгілері байқалады. Сонымен бірге, тапсырманы аяғына дейін орындамаушылық, мектеп бағдарламасын игере алмаушылық байқалады.

Психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту мен тәрбиелеудің коррекциялық бағыттары арнаулы білім беру мекемелеріндегі диагностикалық, тәрбиелілік, коррекциялық-дамытушылық, сауықтыру және білім беру міндеттері арқылы жүзеге асады.

Диагностикалық міндеттер балаға медициналық-психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізу мен жеке даму бағдарламасын құруда жетекші қызмет атқарады.

Тәрбиелілік міндеттер баланың әлеуметтенуін, ата-анасы мен қарым-қатынасын құру арқылы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуді қамтиды.

Коррекциялық міндеттер бала психикасы мен әрекетін компенсациялау, кемшіліктерді түзету, танымдық қабілеттерді дамытады.

Сауықтыру бағытындағы жұмыстар бала денсаулығын жақсарту, емдеу, профилактикалау жұмыстары орындалады.

Білім берушілік міндеттер бала әрекетінің барлық түрлерін дамыту, мектепке оқуға дайындау, жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып оқыту мен тәрбиелеу арқылы шешіледі.

Мектепке дейінгі мекемелерде жүргізілетін коррекциялық-педагогикалық жұмыстар шартты түрде бірнеше деңгейлерге бөлінеді.

Бірінші деңгейде жоғары психикалық функциялардың дамуына негіз болатын жағдайларды қалыптастыру маңызды. Баланың шығармашылық қабілеттерін, жетекші әрекеттерін қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі.

Екінші деңгейде арнайы мектепке дейінгі білім берудің міндеттері жүзеге асады, баланың мектепке оқуға дайындығы қалыптасады.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың негізгі айырмашылығы мынада: бұл балалардың сабаққа деген үлгермеушілігі, сондай – ақ дағдылары мен танымдық процестеріндегі өзара ауытқушылықтарымен сипатталады. Арнайы педагогикада, сондай – ақ дефектология ғылымында психикалық дамуы кешеуілдеген балалар тобын зерттеу негізінен ХХ ғасырдың ортасынан бастап бастау алды. Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалардың танымдық қабілеттерін тексеруге, ең алдымен олардың эмоциясына назар аударған жөн. Бұл балалардың эмоциясы көбінесе өзгеріске ұшырап отырады. Бұл балалардың қалыпты балалардан ерекшелігін айтар болсақ, яғни олардың әлеуметтік ортаға бейімделуімен, мінез – құлықтарымен және іс — әрекеттерімен ерекшеленеді.

Олар оқуда көп қиыншылықтар көреді: мектепте орнатылған тәртіп нормаларын сақтау оларға аса қиын. Оқудағы қиыншылықтар олардың жүйке жүйесінің әлсіреуінен тереңдей түседі – жүйкесі тозып, соның салдарынан олар тез шаршайды, жұмысқа қабілеті төмендейді, бастаған жұмысын аяқтамайды; бас ауруы жиілейді. Мұның бәрі баланың аса алаңдап отыруына, тез шаршауына, жұмыс қабілетінің төмендеуіне әкеледі.

Мұндай балалардың жұмыс қабілетінің төмендеуі және зейін тұрақсыздығы әр балада түрлі көрініс табады. Осылайша, кейбіреулерінде аса жоғары зейін қоюы және неғұрлым жоғары жұмыс қабілеті тапсырманы бастағанда байқалады да, оны орындау барысында төмендей береді; енді бірінде – зейіннің артуы жұмыстың біраз уақыты өткен соң басталады (яғни, оларға жұмысқа ену кезеңі қажет); ал тағы басқаларына – тұтас тапсырманы орындау барысында зейін қоюы және жұмыс қабілеті болмай, мезгіл – мезгіл толқып тұрады [4; 16].

ПДТ балалар зейінінің ерекшеліктері оның тұрақсыздығынан, аса алаңдаушылығынан, бір объектіге тұрақты көңіл бұра алмайтындығынан көрінеді. Басқа да сытқы қоздырғыштардың болуы бұл оқушылардың жұмысын тежеп, қате жіберуін арттырады. ПДТ балаларда қабылдау қабілетінің дамуы да (нормаға қарағанда) төмен, мұны балалардың қоршаған әлем туралы білімдерінің жетімсіздігінен, шектеулілігінен, үзік-үзіктігінен, әдеттегі қалыптан басқаша тұрған заттарды, сұлбалық және сызбалық бейнелерді тани алмайтындығынан (әсіресе, егер олар сызылып тасталған немесе бірінің үстіне бірі орналастырылған болса) байқауға болады. Мұндай балалар жазылуы ұқсас әріптерді және олардың жекелеген элементтерін әрқашан тани бермейді, көбінесе шатастырып алады.

Бірқатар шетелдік психологтардың пікірінше, көру арқылы қабылдау қабілетінің мұндай тежелуі – ПДТ балалардың оқуда қиындықтарға кездесу, қиналу себептерінің бірі.

Жады (есте сақтау) процестерін зерттеу ырықты жады нәтижесінің жеткіліксіздігін, жады көлемінің аздығын, есте қайта жаңарту қиынға түсіп, оның нақты болмайтынын көрсетті. Мұндай балалардың танымдық қызметінің дамуында да айқын артта қалушылық пен өзгешеліктері бар. Олардың барша ойлау формаларының артта қалуы байқалады, мектептегі оқудың басталуына қарай мұндай балаларда, әдетте, әлі негізгі ойлау операциялары - талдау, топтау, салыстыру, қорыту қалыптаспаған. Танымдық белсенділігінің төмендегі айқындалған.

Біраз балалардың дыбыстап айту кемістігі бар. Сөздік қоры кедей екені байқалады. Сөздік қорында бар сөздердің өзін қолданғанда, олар көбінесе қате жіберіп, сөз мағынасын толық түсінбейтінін, кейде тіпті мүлдем түсінбейтінін көрсетеді. ПДТ оқушылардың грамматикалық қорыта білуі әлсіз, олардың сөйлеу тілінде грамматикалық

конструкциялардың дұрыс қолданбауы жиі кездеседі. Мұндай балалар сөйлеу тілінде кейбір грамматикалық категорияларды мүлдем қолданбайды, күрделі логикалық – грамматикалық конструкцияларды қолдануда және түсінуде қиындықтар көреді.

ПДТ балалардың мінез – құлқы да өзіндік ерекше. Мектепте олар өздерін әлі мектепке дейінгі жастағы кішкене балалар сияқты ұстайды. Оларға оқуға деген қызығушылық жоқ немесе аса әлсіз, мектепке деген жағымды қатынасы да байқалмайды. Олардың жетекші қызметі - әлі де ойын болып қалады. Жүйелі түрде оқыту басталғанға дейін ПДТ балаларда ойын әрекетінің жоғары формасы – сюжеттік – рөлдік ойын қалыптаспаған, ал шын мәнінде баланы өз қызметінің жаңа түрін – оқу қызметін орындауға дайындайтын ойынның осы формасы. Тіпті ойынды ересектер немесе дұрыс дамып келе жатқан құрдастары ұйымдастырған жағдайда да бұл балалар өзіне бөлінген рөлді орындай алмай, біреуінен екіншісіне ауысып, манипуляциялық әрекет жасайды.

Қорыта келгенде психикалық дамуы тежелген баланы дамыту барысында жұмыс нәтижелі болу үшін, әр баланың физиологиялық, психологиялық жас ерекшеліктерін, танымдылық қабілеттерін ескере отырып, жеке тұлғаны дамыту жұмыстарын дұрыс және тиімді ұйымдастыру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған білім беру бағдарламасы// Егемен Қазақстан газеті 2008.-66
2. Лебединский К.С. Актуальные проблемы диагностики задержки психического развития детей. - М., «Просвещение» 1982.
3. Мустаева Л.Г.Коррекционная педогогика и социолого психологические аспекты сопровождения детей с задержкой психического развития. 2005.
4. Певзнер М.С., Ростягайлова Л.И. Клинико-психологическая характеристика задержкой психического развития при компенсирован гидроцефалии. /Дефектология.1981.№ 4.-16.

АҚЫЛ ОЙЫ КЕМ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ ҚУЫРШАҚ ТЕРАПИЯ ТӘСІЛІ

Дуйсенбаева Райхан Дабылдықызы
Аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ,
Болатова Гүлжанат Бауыржанқызы
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ,
Дефектология мамандығының 4-курс студенті,
Ақтөбе қ.

ТҮЙІНДЕМЕ

Ақыл-есі кем балаларды әлеуметтендіру көптеген факторларға байланысты, олардың негізгісі психиканың жалпы жетілмеуі, зейіннің тұрақсыздығы, әлсіз моторика, эмоционалдық-ерік бұзылыстары.Түзету-дамыту жұмысының сәттілігі интеллектуалдық және тұлғалық дефекттің айқындық деңгейіне байланысты. Түзетудің өте ұтымды әдістерінің ішінде арт-терапия бағытындағы - қуыршақ терапиясы болып табылады.

Түйінді сөздер: қуыршақ терпия, арт-терапия, түзете-дамыту жұмыстары,ақыл-ойы кем балалар, әлеуметтендіру

АННОТАЦИЯ

Социализация умственно отсталых детей зависит от многих факторов, основные из которых общее недоразвитие психики, плохая память, рассеянное внимание, слабая моторика, эмоционально-волевые нарушения. Успешность коррекционно-развивающей работы зависит от степени выраженности интеллектуального и личностного дефекта.

Одним из действенных методов коррекции является направление арт-терапии – куклотерапия.

Ключевые слова: куклотерапия, арт-терапия, коррекционно-развивающая работа, умственно отсталые дети, социализация.

ABSTRACT

Socialization mental retarded children depends on many factors, the main of which is the total the underdevelopment of the psyche, bad memory, attention span, poor motor skills, emotional-volitional disorders. The success of correctional-developing work depends on the degree the severity of intellectual and personality defect. One of the effective methods of correction is the direction of art-therapy doll therapy.

Key words: doll therapy, art-therapy, correctional-developing work, children with mental disabilities, socialization.

Ақыл-есі кем балаларды әлеуметтендіру көптеген факторларға байланысты, олардың негізгісі психиканың жалпы жетілмеуі, зейіннің тұрақсыздығы, әлсіз моторика, эмоционалдық-ерік бұзылыстары. Түзете-дамыту жұмысының сәттілігі интеллектуалдық және тұлғалық кемшіліктің айқындық деңгейіне байланысты. Түзетудің өте ұтымды әдістерінің ішінде арт-терапия бағытындағы - қуыршақ терапиясы болып табылады.

Жиырма бірінші ғасырдың бірінші жиырма жылдығында мүмкіндігі шектеулі балаларға, сондай-ақ ақыл-есі кем балаларға да көмектесу мәселесіне қызығушылық айтарлықтай артты. Бүгінгі қоғам әрбір тұлғаның бірегейлігі мен жеке тұлғаны сақтау құқығын және өзінің бірегейлігін дамытуды өзектілендіреді. Соның ішінде бұл ақыл-ойдың кемшілігіне де қатысты. Ақыл-есі кем баланы әлеуметтендіру оны өмірге толығымен дайындау дегенді білдіреді. Ақыл-есі кем тұлғалардың құқықтары туралы декларацияда көрсетілген құқықтарды пайдалану мүмкіндігіне ие болу үшін мұндай балалар үй тәрбиесі жағдайындағыдай, мектепте немесе интернатта оқыту кезеңіндегі өмірге де жеткілікті түрде дайын болуы тиіс. Сондықтан ақыл-есі кем балаларды әлеуметтік оңалту мәселесі қазіргі таңда өзекті болып табылады.

Арнайы білім берудің мақсаты ақыл-есі кем баланы жан-жақты дамыту, қоршаған ортаға бейімдеу, оны қоғамда өз бетінше өмір сүруге барынша бейімдеу болып табылады. Зиятының ауытқушылығы терең зақымдалған балаларға психологиялық-педагогикалық диагностика жасау мен түзетуге барынша назар аударылуда. Ақыл-ойы кем сәбидің әлеуметтік, эмоционалдық және интеллектуалдық мүмкіндігін дамыту және оның позитивтік тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін түзете-дамыту ортасы құрылады. Ақыл-есі кем балалармен түзете-дамыту жұмысында танымдық даму негіз болады, оған сенсорлық тәрбиелеу, ойлауды қалыптастыру, қарапайым сандық ұғымдарды қалыптастыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және коммуникативтік қабілетін қалыптастыру, сауат ашуға үйрету жатады. Ақыл-есі кем сәбидің тұлға ретінде құндылығы сөзсіз. Ол да қалыпты дамып келе жатқан бала сияқты жан-жақты дамуға, белсенді түрде қарым-қатынас жасауға және толыққанды білім алуына толық құқылы. Үйретілмейтін бала болмайды, бірақ ақыл-есі кем балаларды үйрету көптеген факторларға байланысты болады [1, 11, 12-б].

Психотерапияның маңызды салаларының бірі қазіргі таңда арт-терапия болып табылады. Алғашқы арт-терапия түсінігі енгізілген кезде оны тек сырқат, ауру немесе демалыс үйіндегі емделушілерге ғана қолданған болса, қазіргі кезде оның қолданыс аясы, шеңбері кеңеюде, яғни, бұл терапия адамның шығармашылық жағдайын дамытып қана қоймай, адамның бойындағы ресурстарының мүмкіндігін түсініп ашуға да жағдай жасайды. Осы арт-терапия әдісінің бір түрі-қуыршақ терапиясы. Қуыршақ терапиясының рөлі түрлі аспектілерде қолданылады. Қуыршақ терапия сөзін қазақшаға тікелей аударғанда «қуыршақ арқылы қамқорлық жасау, емдеу» деген мағынаны білдіреді.

Аталған терапияның түрі қазіргі таңда үлкен жетістіктерге ие. Қуыршақ арқылы адамның ішкі болмысын тануға болады. Дәлірек айтқанда, баланың немесе ересек адамдардың ішкі дүниесімен сырласуына мүмкіндік беретін объект. Арт-терапия арқылы психология саласында көптеген жаттығулар өткізіледі. Шетелдік ғалымдар бала дамуында ауытқушылық кездескен жағдайда қуыршақ терапиясын қолданған дұрыс деп есептейді. Қуыршақ терапиясының мақсаты: бала бойындағы кездесетін ішкі уайымды қуыршақ ойындары арқылы сыртқа шығару, психикалық саулығын нығайту, баланың әлеуметтік ортаға бейімділігін арттыру, өзіндік сана-сезімін дамыту және ұжымдық жұмыс барысында баланың кез келген мәселелерді келісімді түрде шешу жолдарын қарастыру.

Қуыршақтерапия - (арттерапия), даму мүмкіндігі шектеулі бала мен ересек адам арасындағы аралық объект ретіндегі қуыршақтың психотүзетушілік әрекетінің негізгі тәсілі ретінде пайдаланады. Мақсаты: аурушаң күйзелісті болдырмауға, психикалық денсаулықты нығайтуға, әлеуметтік бейімделуді жақсарту, өзіндік сенімін дамыту, ұжымдық шығармашылық әрекет жағдайында кикілжіңдерді шешуге көмек беру.

Қуыршақтармен емдеудің ресми тәжірибесі өткен ғасырдың басынан бастау алады. 1926 жылы Уэльстен (Ұлыбритания) шыққан невропатолог Малколм Райт қуыршақ театрының қуыршақтарының көмегімен балалардың неврозын қайтарады. Якоб Леви Морено (АҚШ) 1940 жылы бірегей емдеу театрын ұйымдастырады. Онда дәрігерлердің, науқастардың және олардың туыстарының күшімен, өмірден алынған қарапайым сценарий бойынша бұрын оның пациенттері үшін психикалық зақым алуына себеп болған шынайы жағдайлар суреттеледі. Көбінесе бұл жақсы нәжиге көрсетті. Бұл емдеу театры психодрама деген атауға ие болды. Ресейде Ирина Яковлевна Медведева және Татьяна Львовна Шишова 1990 жылы «драматикалық психоэволюцияны» қайта жаңғыртты, ол – невротик балаларды аурухана мен дәрілік заттарсыз ойындардың көмегімен емдеудің жаңа әдісі. Бұл емдеу түрінің ең маңыздысы И.Я.Медведева мен Т.Л.Шишованың пікірлерінше мұндай балалардың аса өкпешілдігін көрсететін әзіл екендігі. Әзіл өте сақтықпен жасалған, қарапайым, реніш тудырмайтын болу тиіс. Қуыршақтар мейірімді қолдарда ғана көп нәрсе істей алады [2, 81 б.].

Қазіргі психологияда қуыршақтардың рөлі әр түрлі аспектілерде қолданылады. Баланың психикасын дамытуда, балалар мәдениетін, балалық шағының белгісін бейнелейтін қуыршақтардың алатын орны ерекше. Қазіргі бала үшін қуыршақ бәрінен бұрын ойын үшін белгілі бір символдық серіктеске айналатын сүйкімді ойыншық. Бала өзінің қуыршағымен бірге өз түсінігіндегі өзінің және басқа адамның эмоциялық және моральдық көрініс жағдайларын басынан өткереді. Қуыршақ немесе жұмсақ ойыншық бала үшін ешқашан жамандық ойламайтын, бәрін түсінетін жақын досы ретінде саналады. Сол себептен де тек кішкентай балалар ғана емес, жасөспірім балалар және де қыз балалар ғана емес ер балаларда осындай ойыншыққа мұқтаждық танытады.

Қуыршақ балалар үшін қарым-қатынас жасаудағы серіктесі болып табылады. Қуыршақпен еркін сөйлесіп өз ойын анық жеткізе білу арқылы бала өз достарымен, ересек адамдармен оңай әрі тез қарым-қатынасқа түсіп кете алады. Ұжымдық ортада өзін-өзі көрсете білуіне септігін тигізеді және логикалық, шығармашылық қабілетін арттырады.

Қуыршақ терапиясы мынадай қызметтерді атқарады: диагностикалық түзеу, босаңсытатын, нормативтік, емдік, үйлестіруші, дамытушы, коммуникативті, әлеуметтендіруші, тәрбиелік, оқыту.

Қуыршақ терапиясы-балалар психологы И.Я Медведева мен Т.Л Шишова ойлап тапқанын жоғарыда атап өткендей балалар мен олардың отбасына психологиялық көмек көрсету әдісі. Бұл әдіс баланың ауру жағдайын жоюға, психикасын күшейтуге, ортаға бейімдеуге, өзін-өзі тануына көмек көрсетуге бағытталады. Бұл әдіске сәйкес баланың зақым алу жағдайына байланысты оның сүйікті адамы әңгімесінің кейіпкеріне айналады. Қуыршақ терапиясында әр түрлі қуыршақтар пайдаланылады: марионетка-қуыршақтар, көлеңкелі қуыршақ, тоқыма қуыршақ, қолға киюге арналған қуыршақ, көлемді қуыршақ, саусаққа арналған қуыршақтар және т.б.



Саусаққаптық қуыршақтар. Бұл қуыршақты дайындаудың ең оңай түрі мынау: стол теннисінің шарын алып, оған адам бетінің түрлі эмоционалдық маскасының кескінін салу.

Оларды қағаз бумалардан (бармақтың көлеміндей) жасауға болады. Қуыршақты жасау процесіне интеллекті бұзылған баланың өзі де көп уақыт жұмсамайды, әрі де бұл процесс көңіл-күйді көтеріп, ол балаға эмоционалдық түрде де оң пайдасын тигізеді.



Марионетка-қуыршақтар. Қарапайым халық тілінде марионетка сөзінің мағынасы «жіпке ілінген» мағынасын білдіреді. Бұл қуыршақтың ең оңай түрін дайындау да көп уақыт алмайды: бар болғаны бет орамалды алып, оның шетін жіппен немесе сәл шегініс жасап баумен байлау қажет. Мойынға ұқсас нәрсе шығады. Ал сәби жіптен немесе баудан ұстап осы қарапайым қуыршақты жүргізетін болады. Сондай-ақ марионетка-қуыршақты ағаштан да жасауға болады. Оның қозғалысты қамтамасыз ететін ағаш денесіне жіпке ілінген басты және буындарды ілмекпен

бекітеді. Оның міндетті түрде адам-қуыршақтар (түрлі жас пен жынысты) болуы шарт емес, әр түрлі жануар-марионеткаларды да жасауға болады. Әркімнің қиялына байланысты.



Жалпақ жұқа қуыршақтар. Қуыршақ денесінің бөліктері белгілі бір жазық пішінде қозғалатын болғандықтан осылай аталған. Қуыршақ пішінін қатты картоннан немесе фанерден жасайды. Әдетте қуыршақтың аяқтары олардың жазықтық бойымен қозғалысын қамтамасыз ететін түймемен немесе басқа әдіспен бекітіледі. Мұндай қуыршақтарды төңірегіндегілермен қарым-қатынасы қиынға түскен немесе мінез-құлқы ауыр, агрессиялық ақыл-есі кем балаларды түзету жұмысында қолдану кейде таңқалардай оң нәтиже береді. Талған қуыршақтың

көптеген ауыртырмалы эмоционалдық перде-қаптамасының болуы мүмкін.

Жалпақ жұқа қуыршақтардың тағы бір түрі – ол қағаздан жасалған қуыршақ. Ол қатты қағаздан жасалған қыз баланың немесе ер баланың мүсініне ұқсайды. «Қағаз қуыршақ» ойынына дәл осылай қағаздан жасалған киім ілетін гардероб кіреді қосылады. Түзету-дамыту сабағы үшін «Қағаз қуыршақ» ойынын күнделікті тұрмыс, адамның қозғалысы, қоршаған орта және басқалармен толықтыруға болады. Мұндай ойында сәби ойынға қажетті кез-келген нәрсені өзі жасауы, оған қатысуы мүмкін: жыл мезгіліне қарай қуыршақты киіндіріп-шешіндіруге, онымен «серуендеуге» немесе онымен бірге «оқуға», өз қуыршағының достарымен «араласуға» және т.с.с. Қағаздан жасалған қуыршақты бала оның барлық гардеробы мен күнделікті пайдаланатын бұйымдарын өзімен бірге алып жүруіне болады, өйткені бұл бұйымдар кішкентай қорапқа (мысалы аяқ-киім салатын) сыйып кетеді.

Қуыршақ-қағаздан, пластиктен, ағаштан және әр түрлі материалдардан жасалған адам немесе жануар түріндегі зат. Қолға киюге арналған қуыршақтар көбіне қуыршақ театрында, ертегіні сомдағанда қолданылады. Көлемді қуыршақтар-көлемі адаммен бірдей. Әр түрлі ертегілерді рөлге бөліп ойнағанда қолданылады.

А.Ю Татаринцева саусаққа арналған қуыршақты логопедтің өз жұмысында пайдалануын ұсынады. Оның айтуы бойынша саусаққа арналған қуыршақтарды пайдалануда бала экранның артына тығылып, ашылып сөйлеуіне мүмкіндік береді. Егер бала сөйлеуге қорықса, көпшілік алдында сөйлеуге ұялса, экранның артында өзін еркін ұстап сенімді сөйлей бастайды.

Сабақта саусаққа арналған қуыршақтарды пайдалану балалардың эмоциясын қалыптастыруға жүйке жүйесінің шиеленісін шешуге көмектеседі. Қуыршақты қолына алып олармен әңгіме құру баланың еркін сөйлеуіне, белсенді сөйлеуге және өзін жақсы сезінуіне ықпал етеді[3; 61,62б].

И.Г. Выгодная, Е.Л. Пеллингер, Л.П. Успенская 1984 жылы-ақ саусаққа арналған қуыршақтарды тұтықпасы бар балалармен жұмыс жүргізуде пайдалануды ұсынған. Ұсақ моториканы дамыту арқылы баланың белсенді сөйлеуіне көмектесеміз. Сол үшін саусаққа арналған қуыршақтарды пайдаланған кезде саусақтарды әр түрлі қимылдарға келтіруімен тұтықпасы бар балалардың сөйлеу тілін қалыпқа келтіруге болады. Қуыршақпен жұмыс жасаған кезде қуыршақтың атынан сөйлеу бұл баланың өз сөзіне жатады. Ойыншық толығымен баланың еркіне бағынады, сол уақытта баланың белгілі бір жолмен сөйлеуге және жұмыс істеуіне тура келеді. Осы арқылы қуыршақ баланың тіліндегі кемшіліктерін ұмыттырып жібереді.

Психолог-педагог немесе логопед-мұғалім балаға емес оның қуыршағына ескертпе жасау арқылы, балаға білдірмей оның кемшілігін түзейді. Мысалға: «Буратино сен өте тез сөйледің. Біз ештеңе түсінбедік. Айгүл сен оны жәй, анық сөйлеуге үйрет». Бала сөйлеу қарқынын баяулата бастайды. Осылай жанама сөйлеу баланың ауызша, байланыстырып сөйлеуін тілін түзетуге көмектеседі.

И.Я. Медведева мен Т.Л. Шишованың еңбектерінде балалардың жүйке жүйесіне арналған терапиялардың әдістемелері беріледі. Авторлардың атап кеткен ең қызықты қойылымы ит пен оның иесі. Ит баланың бойындағы ақаулық арқылы, иесі баланың жеке тұлғасын бейнелейді.

Кішкене қолға киюге арналған итті бала ата-анасымен бірге дайындайды. Оған ат беру керек, баладан ол атаудың қайдан пайда болғанын сұрау арқылы әңгіме құру керек. Осы сәттен бастап бала өз бойындағы ақауларды итіне жатқызады, ал өзіне дана иесінің рөлін алып әр уақыт сайын өз итінің кемшілігін түзетіп отырады. Осылай иттің кемшілігін түзету арқылы бала өзінде дұрыс сөйлей бастағанын байқамай өзінің бойындағы кемшілігін түзей бастайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуда ата-аналар үй жағдайында балаларымен қуыршақты пайдалану арқылы мынадай жұмыстар жүргізуіне болады.

«Қуыршақ әңгімесін» жүргізу кезеңдері:

1. Бір мәселені қарастырыңыз, баланың сезімі мен уайымын түсінуге тырысып, мәселені бала тұрғысынан қараңыз.

2. Әңгіменің негізгі ойын құрастырыңыз. Балаға қандай ой мен шешімді жеткізгіңіз келетінін анықтап алыңыз.

3. Әңгімені кейіпкердің сіздердің үйіңізге ұқсайтын үйде тұратынын, ол кейіпкер де балаңыздағыдай мәселе барын айтудан бастаңыз.

4. Кейіпкердің баламен ұқсас жақтарын айтыңыз.

5. Әңгіменің басында шиеленіс жайлы бастап кейін оны қалай шешкеніңізді айтыңыз.

6. Баланың реакциясын бақылап отырыңыз. Ол қызығушылығын жоғалтып қатыспауы мүмкін немесе керісінше әңгімені түзеп, сұрақ қойып, өз ойын айтуы да мүмкін.

7. Әңгіменің мазмұны түсінікті болу керек. Ұзақтығы баланың қызығушылығына байланысты.

8. Әңгіменің соңында басты кейіпкердің қиын жағдайдан қалай шыққанын, отбасының туыстарының онымен қалай мақтанатынын айтуы керек.

Қуыршақтерапиясы арқылы емдеу 2 кезеңнен тұрады:

1-кезең. «Емдік кезең» деп аталады. Ол 8 сабақтан тұратын кешеннен және 3 апта бойы жүргізіледі. Әсіресе үйде оған көп назар аударылу керек. Мамандар берген тапсырманы ата-аналарымен бірге орындайды.

2-кезең. «Емдік көрініс» деп аталады. Сахнада орындалатын болғандықтан дайындыққа 1 немесе 1,5 ай жұмсалады. Ата-аналар балаларымен бірге қойылымға қатысады[4, 118 б.].

Соңғы жылдары отандық психологияда баланың эмоциялық-тұлғалық жағынан дамыту үшін, ойынды түзетудегі әсерлі әдіс ретінде пайдалану туралы көп тәжірибе

жинақталған. Теориялық негіздері және практикалық ойын терапиясы жайында мәліметтер бар жұмыстар қатары мына ғалымдардың еңбектерінде жарияланған (А.И Захарова, О.С Карабанова, Л.М Костина, А.С Спиваковская.). Түзетуге баланың тұлғалық жағынан дамыту ғана жатпайды, сонымен қатар әлеуметтік ортасы жатады. Ойын арқылы ресми емес ортада мектепке дейінгі бала тек білімін ғана емес, сонымен қатар көптеген дағдылар мен әдеттерін жақсартады. Өзіне байқалмаса да психикалық қиындықтарды еңсеріп, мінез-құлқын дұрыстай бастайды.

Сөз соңында уақыт өткен сайын оның талабына сай өмір сүру принциптерінің күрделенуіне қарай әлеуметтік тәжірибенің міндеттері мен тәсілдері де өзгеріп келетінін ұмытпаған жөн. Осыған сәйкес мүмкіндіктері шектелген адамдар арасында да өз деңгейінде жан-жағынан толыққанды біліммен, дүниетаныммен, тәрбиемен қаруланған адамдардың саны да артып келеді. Мүмкіндігі шектелген адамды жастайынан қабілетті ісіне қарай баулып, сол бағытпен тынымсыз еңбек студия нәтижесі, оны тәрбиелеу ісінің қорытындысы, ол адамның өзінің қоғамға қажет екенін сезіне білуіне, қоғамнан өз орнын табуына, қандай да бір дәрежеде адами құндылығының бар екенін сезінуге ықпал жасайды.

Әдебиеттер тізімі:

1.Насибуллина А.Д Специфика психолого-педагогического сопровождения учащихся с ограниченными возможностями здоровья в системе дополнительного образования// Научно-методический электронный журнал «Концепт».-2014-№S26.-стр.11-12

2.Татаринцева А.Ю-Детские страхи:куклотерапия в помощь детям/ А.Ю Татаринцева, М.Ю Григорчук,2007.-М.:изд-во Гнезис-стр.81

3.Михальченко К.А. арттерапия в системе психокоррекционной помощи детям с проблемами в развитии/Актуальные вопросы современной психологии:материалы междунар.науч.конф.(г.Челябинск,март 2011г.).-Челябинск:Два комсомольца,2011.-стр-60-63

4.Ауталипова У.И.,Бапаева С.Т. Практикалық психологияның теориялық-әдістемелік негіздері.Оқу құралы.-Алматы, 2006-118б

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАРҒАН МАЗМҰНЫ РЕТІНДЕ (1-СЫНЫП)

Кенжебекова Н. Ә,
Аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Кайып Ақбота
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
мамандығының 4-курс студенті
Ақтөбе қ.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бастауыш мектептегі оқытудың жаңарған мазмұны ретінде «өзін-өзі тану» пәнінің 1-сынып бойынша оқу бағдарламасын тілге тиек етеміз. Өзін-өзі тану пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны өзін-өзі танудың мақсат-міндеттеріне әсер ету үшін оқытудың бірқатар әдістемелік тәсілдерін пайдалануды қарастырады. «Өзін-өзі тану» пәнінің құрылымдық-мазмұндық аспектілері оқушыларға рухани-адамгершілік білім беруші ғана емес, сол рухани-адамгершілік білімді өмірде қолдана білуге дағдыландырушы құрал болып табылады.

Түйінді сөздер: құндылық, білім беру өзектілігі, ізгілендіру, іс-әрекет, әдістемелік тәсілдер.

АННОТАЦИЯ

Затронем разговор об обновленном содержании учебной программы предмета «самопознания» в первых классах начальной школы. Содержание учебной программы предмета самопознания рассматривает использование следующих методических приемов соответственно цели и задачи самопознания. Аспекты содержания предмета «самопознание» заключается как в передаче ученикам духовно-нравственного обучения, так и в применении ученикам этих же духовно-нравственных знаний.

Ключевые слова: ценность, актуальность, гуманизм, действие, методические приемы.

ABSTRACT

In order to show the new learning methods of teaching in primary schools, we talk for a moment about the curriculum of the subject "self-cognition". The content of this subject is to use different didactic materials to influence the objectives and obligations of self-cognition. The structural curriculum aspect of the subject "self-cognition" is not only getting moral and spiritual knowledge for students, but also it teaches to use it in life.

Keywords: value, relevance, humanism, act, methodological, reception.

«Ар түзейтін бір ғылым табылмаса, зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес» - деп Шәкәрім Құдайбердіұлы «өзін-өзі тану» пәніне анықтама берген тәрізді. Өйткені, «өзін-өзі тану пәні» оқушыларға рухани-адамгершілік тұрғысынан білім беретін бірден-бір пән.

«Өзін-өзі тану» пәні оқушыларды өздерінің өмірлік айқындамасын анықтауға; түрлі мәселелерді адамгершілік қағидаларға сәйкес сындарлы түрде шешуге; өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасауға; адамдарға көмек көрсету, туыстарына және жақындарына мейірімді, қамқор болуға; өзімен-өзі үндестікте өмір сүріп, ойы, сөзі және іс-әрекеттерінде шынайы болуға баулиды [1].

«Өзін-өзі тану» пәні - жас ұрпақтың тұлғалық рухани-адамгершілік құндылықтарын өзін-өзі тану арқылы қалыптастырудың әдіснамалық негізі ретінде оқыту жүйесіндегі адамгершілік көзқарастар, тұлғаның шығармашылық және кәсіби дербестігін дамыту туралы идеялары; отандық және шетелдік оқыту теориясындағы педагогика және психологияда ізгіліктік дәстүрлер мен ой-пікірлер, бүгінгі тәрбиенің адамға бағытталған әлеуметтік-психологиялық қырларын қалыптастырудағы тәсілдерін оқыту мен үйретуге арналған [2].

Адамзат жинақтаған тәжірибені келесі ұрпаққа беру мақсатында сақтай отырып, оқытуды ізгілендіру үрдісінде негізгі бағдарды жеке тұлғаның азаматтық белсенділігін арттыруға, рухани-адамгершілік қуатын қалыптастыруға негізделген пән болып табылады.

Бастауыш мектептегі оқытудың жаңарған мазмұны ретінде аталған «өзін-өзі тану» пәні 1-сынып бойынша оқу бағдарламасын тілге тиек етеміз. Өзін-өзі тану пәнінің оқу бағдарламасы мазмұны өзін-өзі танудың мақсат-міндеттеріне әсер ету үшін оқытудың бірқатар әдістемелік тәсілдерін пайдалануды қарастырады.

Профессор А.Ф.Лосеф: «Тұлға бұл зомби емес, ғажап ғалам және оны қалыптастыру құдіреті ешкімге берілмеген». Бұл қағидат «өзін-өзі тану» пәнін оқыту үдерісінде біз тұлғаны қоғамның тапсырысы бойынша қалыптастырмайтынымызды, оқушы тұлғасының бұрыннан бар рухани-адамгершілік әлеуетін ашып, жарыққа шығаратынымызды көрсетеді. Рухани-адамгершілік білім - ол жүректің терең түкпірінде өтетін ішкі құбылыс. Өзін-өзі тану оқушылардың даму бағдарын сыртқы әлемді зерттеуден өзінің ішкі жан-дүниесін ашып, сананы даму жолына түскеннен кейін оқушы өзіне қажетті барлық білімді өзі айқындайды. Әрине, мұның бәрі педагогикалық арқылы жүзеге асады. Ал педагогикалық үдеріс сабақ жоспарының көмегімен жүргізіледі.

2016-2017 оқу жылында өзін-өзі тану пәні бойынша 1-сыныптың оқу бағдарламасына өзгертулер енгізілген болатын. Осыған байланысты сабақ жоспарында да өзгертулер орын алды.


Сабақтың басында оқушылардан міндетті түрде *бес «Т» ережесі* сұралуы тиіс. Бұлар: тәртіп, талап, тыныштық, тазалық, татулық. Ереженің бұлай аталуы оның құрамды

бөліктерінің барлығы «Т» әрпінен басталуынан. Аталған ереже 1-сынып оқушыларынан тек сұралып қана қоймай, міндетті түрде орындалуы тиіс. Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі бес «Т» ережесі арқылы педагогикалық үдерісті реттеп отырады.

Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі әр сабақ үшін мынадай үш мақсат қояды:

- 1) оқушылардың барлығына қатысты (жаңа білімді меңгереді);
 - 2) оқушылардың көпшілігіне қатысты (анық сөйлеу арқылы мәселені түсінгенін көрсетеді, оқиғаларды тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды);
 - 3) оқушылардың кейбіріне қатысты (алған білімдерін өмірде қолдана алады).
- Осылайша, 1-сынып оқушыларының сабақта алған білімдерін меңгеру деңгейлеріне қарай мақсаттар қойылады.

Мақсат дегеніміз - іс-әрекеттің тікелей нәтижесі, яғни күтілетін нәтиже [3]. Осыған орай әр сабақтың *жетістік критерийі* болжанады. *Жетістік критерийі* - әр сабақтағы оқушылардың алған білімдерінің деңгейі, нәтижесі, оны өмірде қолдана алуы. Мысалы, оқушылар айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады, нақты сөйлеу арқылы мәселені түсінгенін көрсете алады. Бұдан шығатын қорытынды алдыға қойылатын мақсат пен күтілетін нәтиже бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Яғни, біз қандай мақсат қойсақ, сондай нәтижеге жетеміз:



Сурет 1 - Мақсат пен күтілетін нәтиже

Сабақ жоспарының реттілігі бойынша өзін-өзі тану пәніндегі *жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінің жіктелмесі* бойынша оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеуіміз керек. Енді бұл процесті қалай жүзеге асырамыз? Бұл орайда бізге мынадай жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі көмектеседі:



Сурет 2 - Жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі

Адамның ойы, сөзі және ісі біртұтас ішкі үйлесімділігіне жету үшін жалпыадамзаттық құндылықтар әрекеті болу керек. Ол мынадай құрылым деңгейіне сәйкес:

1. Ақиқат - интеллектуалдық деңгей (ажырату деңгейі);
2. Дұрыс әрекет - физикалық деңгей (тән іс-әрекетке деген сүйіспеншілік);
3. Сүйіспеншілік - адамгершілік деңгей (менталды, ақыл-ой, сөз);
4. Ішкі тыныштық - эмоциональді деңгей (сезім);
5. Қиянат жасамау - рухани деңгей.

Жалпыадамзаттық құндылықтар - уақыт ағымына өзгермейтін, адамзаттың барлығы үшін маңызды құндылық.

Ақиқат дегеніміз - басқа құндылықтардың қайнар көзі. Оны шын мәнінде танысақ барлық іс-әрекеттер ақиқатпен сәйкестенеді. «Әр адамның шыңы жеке, ақиқат қана бір» - деген даналықты халқымыз бекер айтпаған [4].

Дұрыс әрекет - Жоғарғы Ақиқаттан шыққан іс-әрекет. Адам жамандықтан жақсылыққа бет бұрып, ар-ұятпен жетеленіп келе жатқанын дұрыс әрекет деп білеміз.

Сүйіспеншілік - адам рухының бірлесуге ұмтылысы. осы ұмтылыстан туындайтын әрекет адам өмірінің жоғары және бірден-бір заңы, мұны дүниенің жалған ілімдерімен шатаспайынша, іштей барлық адам біледі әрі сезінеді.

Ішкі тыныштық - өмірді үйлесімділікпен басқара алу. Ол өмірлік энергияға толы. Ол - жердегі біздің өмірімізбен біртұтас. Егер ішіміздегі қажетті жолдарды ашатын болсақ, онда ондай тыныштықты қазір сезінуге болады.

Неліктен ақиқат ағаштың тамыры болады? Өйткені, өмірде барлығы ақиқаттан бастау алады. Адам ақиқатқа көз жеткізсе, дұрыс әрекеттер жасайды. Адамның әрекеттері дұрысталса айналасына сүйіспеншілікпен қарай бастайды. Сүйіспеншілік сезіміне бөлену арқылы адам баласы ішкі жан-дүниесінің тыныштығына қол жеткізеді. Жан-дүниесінде ішкі тыныштығы орнаған адам ғана барлық тіршілік иесіне, қоршаған ортаға, айналасындағы жандарға, жан-жануарларға, өсімдіктерге, жалпы табиғатқа мүде қиянат жасамайды. Осылайша, адам баласы руханилықтың ең биік шыңына шығады.

Махатма Ганди айтпақшы: «Қиянат жасамау - бұл ең қуаттылардың қаруы». *Қиянат жасамау* - тұлғаның үйлесімді дамуының нәтижесі [5].

Жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін терең, өз мәнінде түсіне білсе, онда оқушылар сабақта алған білімдерін өмірде қолдана алады. Ал оны түсіндіре білу тікелей өзін-өзі тану пәнінің мұғаліміне байланысты.

Өзін-өзі тану пәні сабағында өткізілетін әрбір тақырыптың *басқа пәндермен байланысын* да көрсету қажет. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімнің басқа пәндермен интеграциясы - ол, ең алдымен меткептегі білімді жандандыру, оның рухани-адамгершілік болмысын жарыққа шығару, ол - біртұтас білім, барлық пәндерді мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жинақтау және әр алуандылықтың біртұтастығын көре білу. Мәңгілік құндылықтар білім берудің ошағына айналуы керек, басқаша айтқанда, біз оқытатын нәрселеріміздің барлығының біртұтас екендігін көрсетуіміз керек.

Өзін-өзі тану пәні сабағындағы жоспарланатын іс-әрекеттер тізбесінде *сергіту сәті, жаттығу, ойындар* маңызды орын алады. 1-сынып оқушылары үшін кіші мектеп жасындағы ойын балалары болғандықтан сергіту сәтін жүргізу міндетті.

«*Сергіту сәті*» - шаршағанды ұмыттыруға, жалығуды болдырмауға, денеге түскен күшті төмендетуге қажетті өзін-өзі тану сабақтарының компоненті. Сергіту жаттығулары бір әрекеттен басқа әрекетке ауысуға бағытталған қысқа ойындар түрінде жүргізіледі. Осы тәсілді қолдану топта жақсы көңіл-күй тудырады, ұқыптылықты, реакция жылдамдығын дамытады, ұжымға топтасуға ықпал етеді.

«*Ойын*», «*Жаттығу*» - оқушылардың танымдық қызығушылықтарын жандандыру және меңгерген ұғымдар мен іскерліктерін бекіту үшін ұсынылатын оқыту әдісі. Ойын әрекеттері мен жаттығулар арқылы баланың жеке тәдірибесі негізінде оқу материалының мазмұны жүзеге асырылады. Оқушылар ойындар мен жаттығулар нәтижесінде құрбалыстарымен жағымды қарым-қатынас жасау дағдыларына ие болады. Өмірлік дағдыларды меңгереді.

«Бейнематералдар көру» (фильмнен, мультфильмнен үзінділер және т.б.) - оқу ақпараттарын жеткілікті көрнекілік нысанда ұсынуға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсіл. Бұл арқылы мұғалім АКТ (ақпараттық-коммуникативтік технологияларды) қолдануына мүмкіндік туады. Айқын көркем бейнелер балалардың өтілген материалдың мазмұнын қабылдауы мен меңгеруін күшейтеді [6].

Сабақтың соңында оқушылар «бас бармақ» тәсілі бойынша бағаланады. Осылайша, өзін-өзі тану пәні жаңа бағытты ұстана отырып, білім беруді ізгілендіруге айтарлықтай үлес қосуда.

Білім беруді ізгілендірудегі маңызды мақсат - адамды әдеттегі үйреншікті сана-сезім шеңберінен алып шығып, мәдениеттің биік деңгейіне көтеру, өз гуманистік дүниетанымы мен адамзат табыстарына негізделген өзіндік сенім көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік тудыру, жеке тұлғаның ізгілік қасиеттері мен мәдениеті арқылы өркениетті көтеру.

Өмір мейірімділікті дамытып, зұлымдықтан арылу үшін тоқтаусыз қалыптасып және жаңарып отыру керек. Адам рухани даму деңгейіне жеткенде ғана оның бойында ізгілік болады. Білім ізгілікке бағытталмаса, адам бойында ізгіліктің нышаны байқалмаса, онда білім пайдасыз ұстаным болып табылады. Яғни, керісінше білім беру руханилыққа бет бұрса, онда сөз жоқ өмір бақытқа, тыныштыққа, адамдар арасындағы өзара түсіністікке толы болар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік стандарт. - Алматы: «Бөбек», ҰҒПББСО 2010.

2. Жалпы орта білім беретін мектептерге арналған өзін-өзі тану пәні бойынша бағдарламалар жинағы. - Алматы, «Бөбек», ҰҒПББСО, Адамның үйлесімді даму институты, 2010.

3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. - Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

4. А.Сейтақов, А.Қажығалдиева. Ақиқатты тани біл Ғибрат толғамдары /құраст./ - Алматы: «Бөбек» баспасы, 2009. - 320 бет.

5. Ж.Ж.Молдабеков. «Өзін-өзі танудың негіздері»: Жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралы. - Алматы, 2008.

THE ROLE OF EMOTIONAL INTELLIGENCE IN SUICIDE PREVENTION PROGRAMM: RISK AND SUPPORTIVE FACTORS

**Summers D.G., Almurzayeva B.K., Tolegenova A.A.
Turan University, K. Zhubanov ARSU**

ТҮЙІНДЕМЕ

ДСҰ бағалауы бойынша 2020 жылға қарай 1530000 жуық адам өз-өзіне қол жұмсаудан өледі. Бұл бағалаулар орта есеппен әрбір 20 секундта бір өлім болатынын және әрбір бір-екі секундта бір әрекет болатынын білдіреді. Психопатологияның болуы мен болжамдық құндылығының төмендігіне қарамастан, өзін-өзі өлтіру неғұрлым маңызды болжамдық фактор болуы мүмкін. Өзін-өзі өлтіру шамамен 90 пайыз жағдайда психикалық бұзылыстардың, нақты айтқанда, үлкен торығудың, психобелсенді заттарды пайдалану нәтижесіндегі бұзылыстың, және шизофренияның өлшемдеріне сәйкес келеді. Суицидтік мінез-құлық эмпирикалық және клиникалық тұрғыдан жақсы зерттелгенімен де, тәуекелге бару факторының (агрессия, қызбалық, өз-өзіне қол жұмсау ниеті сияқты) негізінде жатқан оның әртүрлі түр ішіліктері мен фенотиптері, механизмдері әлі айқын анықталмаған. Тұрғындардың неғұрлым әлсіз топтарының арасында өзін-өзі өлтіру беталысының өсу санын төмендету әрі қарайғы зерттеуді талап етеді.

Түйінді сөздер: суицид (өз-өзіне қол жұмсау), суицидтік мінез-құлық, қарым-қатынастағы мәселелер, тәуекел ету факторы, қорғаныс факторлары

АННОТАЦИЯ

По оценкам ВОЗ к 2020 году более 1,53 миллиона человек погибнут от суицида. Таким образом, количество суицидальных попыток вырастет в 20 раз, и каждые 20 секунд кто-то завершит свою жизнь суицидом, и в каждые 2 секунды будет осуществляться попытка самоубийства. Несмотря на тот факт, что причины суицидального поведения достаточно хорошо изучены как клиническими психологами, так и психиатрами, и главным риск-фактором считается наличие психиатрического диагноза, в частности шизофрении, и долговременной депрессии; факторы защиты вызывают множество вопросов.

Ключевые слова: суицид, суицидальное поведение, трудности в общении, факторы риска, защитные факторы.

ABSTRACT

According to WHO estimates for the year 2020, approximately 1.53 million people will die from suicide, and ten to 20 times more people will attempt suicide worldwide. These estimates represent on average one death every 20 seconds and one attempt every one to two seconds. Although of low predictive value, the presence of psychopathology is probably the single most important predictor of suicide. Accordingly, approximately 90 percent of suicide cases meet criteria for a psychiatric disorder, particularly major depression, substance use disorders, cluster B personality disorders and schizophrenia. Other more transient factors that reflect an imminent risk of suicide crisis and therefore require immediate intervention include unbearable mental pain and related experiences of depression and hopelessness. Problems with help-seeking, social communication and self-disclosure also pose a suicide risk, as do personality traits of aggression and impulsivity. Emotional intelligence is a protective factor for suicidal behavior.

Suicide is an enormous public health problem in the Kazakhstan and around the world. According to report of UNICEF from 2004 till 201 38276 people in the Kazakhstan die by suicide, making it one of the leading causes of death [1]. Reports from the World Health Organization [WHO] indicate that suicide accounts for the largest share of the intentional injury burden in developed countries [2] and that suicide is projected to become an even greater contributor to the global burden of disease over the coming decades [3]. The seriousness and scope of suicide has led both the WHO [4] and the Kazakhstan government [5] to call for an expansion of data collection on the prevalence of and risk factors for suicide and nonfatal suicidal behavior to aid in the planning of public-health strategies and health-care policies and in the monitoring of behavioral responses to policy changes and prevention efforts.

Addressing these calls, in this paper we provide a review of the epidemiology of suicidal behavior and extend earlier reviews in this area in two important ways. First, we provide an update on the prevalence of suicidal behavior over the past decade. The socioeconomic and cultural factors with which suicidal behavior is associated, such as the quality and quantity of mental health services, have changed dramatically, making it important to examine whether and how the prevalence of suicidal behavior has changed over time. Second, most prior reviews have focused on a specific country, subgroup [e.g., adolescents], or behavior [e.g., suicide attempts]. We review data from multiple countries, on all age groups, and on different forms of suicidal behavior, providing a comprehensive picture of the epidemiology of suicidal behavior. Moreover, given recent technologic developments in injury surveillance systems, as well as the recent completion of several large-scale epidemiologic studies examining the cross-national prevalence of suicidal behavior, an updated review of this topic is especially warranted at this time.

In the Kazakhstan, suicide occurs among 24 per 100,000 persons, is the top-leading cause of death. A more detailed examination of the data by sex, age, and race/ethnicity reveals significant sociodemographic variation in the suicide rate. As figure-1 illustrates, there are no group differences until mid-adolescence [ages 15–19 years], at which time the rate among males increases dramatically relative to the rate among females. On age groups the number of suicides was distributed as follows: till 15 years – 786 (2,1%), 15-29 years – 12711 (33,2%), 30-49 years – 15905 (41,6%), 50-64 years – 5911 (15,4%) and in group of 65 years are also more senior – 2963 (7,7%) than a case. During the analysis it has been established that men committed suicides more – 31571 (82,5%), than women – 6705 (17,5%).

The highest specific weight of all suicides (both genders) has been established in age group of 30-49 years – 41,6%, the similar picture was observed on males (43,6%), the highest rate of suicide among females is 37,7%, age group 15-29 years.

The analysis of extensive indicators of suicides in general (both genders) on regions has shown that the smallest value has been revealed in the Mangystau region (1,7%), in the cities of Astana (2,1%) and Almaty (2,3%), Kyzylorda (2,5%) and Atyrau (2,7%) . The largest specific weight of suicides (both gender) have been assigned in Almaty region (10,2%), Karaganda (11,9%) and East Kazakhstan (15,7%).

We have to mention type of suicide, according to data most popular way of suicide is hanging, and suffocation (X70) – 34921 (91,23%), on the second place is self-poisoning (X60-X69) – 1189 (3,11%). The rising data of suicides among females could be explained in changes of their behavior, females tend to choose aggressive type of suicide.

Thus, on the basis of data analysis on the Republic of Kazakhstan during 2004-2013, the vast majority of suicides in the country are made by hanging and suffocation, and all other ways of commission of suicide make less than 10% of their total number.

Таким же традиционным, но от этого ничуть не утратившим своей функциональной значимости, является и третий блок внетекстовых компонентов – *аппарат ориентировки*, куда входят: а) введение, предисловие (инструктивно-методической направленности), обращение к учащимся (мотивирующее, напутственное); б) оглавление; в) рубрикации (названия разделов, тем, нумерация уроков, заданий) и шрифтовые и цветовые выделения (с пояснениями их функциональной нагрузки); г) сигналы-символы, обычно называемые условными обозначениями, служащие знаком того или иного вида деятельности или задания и значительно облегчающие пользование учебником; д) указатели (предметно-тематические и именные); е) библиография.

Список использованной литературы:

1. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам: Лингводидактика и методика: Учеб. пособие для студ. лингв. ун-тов и фак. ин. яз. высш. пед. учеб. заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 2004. - 336 с.
2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. - М.: Наука, 1987.- 261с.

3. Пичкурено Е.А. Учебник нового поколения в структуре профессиональной подготовки учителей. Автореф. дисс. канд. пед. Наук. Краснодар, 2006
4. Коротков Э.М. Развитие менеджмент-образования: технологии и методическое обеспечение // Профессиональный учебник, 2006. №4

ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ РӨЛІ

Оракова Амангул Шахарбековна
п.ғ.к., доцент, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы ҚР ББЖ ҚБАРИ
Алматы қ., Қазақстан

Оракова Альмира Шахарбековна
п.ғ.магистрі, №33 орта білім беретін қазақ мектеп директоры
Ақтөбе қ., Қазақстан

Оракова Мейримхан Сахитжановна
ф.ғ.магистрі, Назарбаев Зияткерлік мектебі
Ақтөбе қ., Қазақстан

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада ғылыми практикалық тұрғыда негізделіп және оқушыға білімді жүйелі меңгертуде тиімді болып отырған оқытуды ынтымақтастық және топтағы бірлескен жұмыс формалары арқылы ұйымдастыру әдістемесі берілген. Топтық жұмыстың тиімділігі, оның мәні, жетекші қағидалары, топ ішіндегі қауымдастық барынша айқындалып ұсынылған.

Түйінді сөздер: топтық жұмыс, әдіс-тәсіл, ынтымақтастық орта, бірлескен іс-әрекет, бірлескен оқу, әлеуметтік орта.

АННОТАЦИЯ

В этой статье рассматривается эффективность групповой работы, его значение, основные принципы и правила групповой работы в рамках коллаборативной среды. Предоставлена методика преподавания через групповую работу в коллаборативной среде.

Ключевые слова: групповая работа, коллаборативная среда, сотрудничество, взаимообучение, социализация.

ABSTRACT

This article discusses the effectiveness of group work, its importance, basic principles and rules of group work within a collaborative environment. In the article the teaching methods through group work in a collaborative environment are given.

Keywords: group work, collaborative environment, cooperation, mutual learning, socialization.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үдеріс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады [1].

Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, ол әрбір оқушының жеке басының қасиеттері мен қабілеттерін дамытып, шығармашылығын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет.

Сонда ғана мектептен өз өмірін өзі реттей және басқара алатын, әлеуметтенген шығармашыл тұлға тәрбиеленіп шығады. Яғни, осы уақытқа дейін жалпы білім беретін мектептерде білім беру үдерісі жаңаша педагогикалық ойлауға орай толыққанды ұйымдастырылмады, оқу үдерісінде субъект-субъектілік қатынас жүзеге аспады. Өйткені, оқу үдерісі дәстүрлі оқытуға негізделді.

Қоғам сұранысынан туындап отырған талапқа сәйкес оқушының ой-өрісін дамытып, алған білімдерін өз тәжірибесінде жаңа жағдайларда қолдану біліктілігін, ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқытудағы Кембридждік тәсілдің Қазақстандық модификацияланған нұсқасын отандық білім беру жүйесіне енгізу.

Ғалым Е.Ө.Жұматаеваның пікірінше дәстүрлі оқыту жүйесінің негізгі кемшіліктері:

- пікірдің қажеті жоқ, оған уақыт кетеді;
- күрделі оқу материалын мұғалімнің жеңілдетіп түсіндіруі;
- фактілерге жүгініп, білімді жинақтап қабылдауға мән берілмейді[2].

Ендеше мұндай олқылықтың орнын толтырып, білім сапасын арттыруға қолайлы жағдай туғызуда екінші деңгей бағдарламасы:

1) оқыту мен зерттеуге ынта жігерін салып, белсенді жұмыс істейтін және оқушыларға қамқорлық көрсете отырып, ықпал ететін және бағдар беретін **мұғалімдерді**;

2) әрбір оқушының пәнді түсінуді қалай құрылымдау қажеттігін ойластыра білетінін сезінетін, осы көзқарастар тұрғысынан білімі мен тәжірибесін қалыптастыратын; сондай-ақ оқушының білім беру бағдарламасы деңгейлері бойынша ілгері жылжуын дамыту мақсатында мазмұнға сәйкес кері байланыс орната алатын кәсіби білімі мен түсінігі бар **мұғалімдерді**;

3) оқытудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты өту өлшемдерін, өзі мен оқушыларының бұл өлшемдерге қандай дәрежеде сәйкес келетіндігін білетін, оқушылардың игерген білімі мен оқушылар мойындаған «Біз қайда бара жатырмыз?», «Қандай іс-әрекет жасау керек?», «Одан әрі не істеу керек?» деген сияқты табыс критерийлері арасындағы алшақтықты жою үшін не істеу керек екенін білетін **мұғалімдерді**;

4) бастапқы идеядан туынды идеяларды өрістетіп байланыстыратын және сол идеяларды тыңдаушылардың өздері құрастырып, жандандыра алатындай етіп жинақтап, толықтырып, тереңдетіп бере алатын **мұғалімдерді** даярлауға бағытталған. Бұл – дайын білім мен идеяларды ұсыну емес, оқушылардың өздерінің білім мен идеялар құруы болып табылады [3].

Міне, осы бағытта қазіргі білім беру жүйесінде жеке тұлғаға бағытталған оқытудағы Кембридждік тәсілді енгізуден күтілетін нәтиже: мұғалімдерді оқушыларға **қалай оқу керектігін үйреніп**, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыруға даярлау болып табылады[4].

Бағдарламаның ерекшелігі – білімді меңгеруге емес, жеке тұлғаның таным қабілеттері мен таным процестерін арнайы жасалған оқу және танымдық жайлар арқылы дамытуға, жеке тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі көрсетуін, маңыздылығын анықтауға, өзара қарым-қатынас, ойын арқылы шығармашылық қажеттіліктері мен белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша) дамытуға бағытталуы.

Осыдан келіп мұғалімнің жұмысында және оқу үдерісінің құрылымында өзгерістер болды. Атап айтсақ, білімді толық меңгерту әдістемесінде мұғалімнің жұмысы мынадай жүйеде құрылады:

1. Жекелеген оқушылардың тақырып бойынша оқу материалын қабылдау ерекшеліктерін түсінуге ұмтылуы;

2. Оқушылардың білім-түсініктерін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы;

3. Кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі;

4. Мұғалімнің материалды қысқаша түсіндіруі (сызба, график, кесте және т.б.);
5. Оқушыларға оқу материалын зерттеу жұмысы негізінде беруі;
6. Оқушылардың әрбір сабақта іс-әрекетін бағалау үшін диалогтық қарым-қатынас негізінде оқушының танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және кері байланысты ұйымдастыру;

Теория - проблеманы шығармашылықпен шешудің катализаторы болса, сөйлесу - әр түрлі көзқарастардың тоғысқан жері. Баланың пікірімен санасу, оны сыйлау – шығармашылыққа бастаудың негізгі кілті. Ал, ұжымдық іс-әрекет – шығармашылықты дамытудың негізі. Ынтымақтастық оқу сыныпта пайдаланатын әдіс қана емес, жеке философия болып табылады. Адамдар топтарға бірлескен барлық жағдайларда топтың жекелеген мүшелерінің қабілеті мен іске қосқан үлесі құрметтеліп, атап көрсетілетін, адамдармен жұмыс істеудің басқа тәсілі орын алады. Топтың жұмысы тиімді болуы үшін билік пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінеді. Ынтымақтастық оқудың негізгі аспектісі топ мүшелерінің ынтымақтастық арқылы бітімге, келісімге қол жеткізуіне негізделген[4,83].

Еркін топтарда бала өзін еркін сезінеді, яғни мұғалімге тәуелдімін деген сезім болмайды. Мұғалім мен оқушының арасында бірлескен (сотрудничество) іскерлік қарым-қатынас орнайды және оқушылардың өзінің тұлғалық маңыздылығын сезінуі, өзін көрсете білуі мен өзіне деген сенімділігі артады.

Соңғы кездері тапсырмаларды ұжыммен орындау мақсатындағы еркін қатынасқа жағдай жасайтын алуан түрлі топтық жұмыс формаларына ерекше назар аударылып жүр. Қандай да бір шартты талаптардың, мұғалімнің алдында қорқыныш сезімінің болмауы, табиғи еркіндік - мұның бәрі жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін айқындап, дамытуда жағымды ахуал қалыптастырады.

Қызмет түрі ретінде топтық жұмыстың құрылымына мақсат қою, жоспарлау, мақсатты жүзеге асыру, нәтижелерін талдау енеді. Сабақта оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатын таңдау мүмкіндігі, жарыс элементтері, өзін таныту, өзін-өзі жүзеге асыру қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы жетуге болады. Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы - оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде. Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру және жылдамдату үшін пайдаланылады. Яғни, ұғымды, тақырыпты, т.б. меңгерту мақсатында технология элементтері, сабақ немесе оның бір бөлігі, дербес технология ретінде қолданылады. Топтық жұмыстар - тыңдаушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен тартылуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен жүйелілігін, танымдық қызметтің саралануын, танымдық дербестікке ұмтылу барысындағы тыңдаушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс (ойын) арқылы оқыту үдерісінде оқушылар аз шаршайды және көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Бұл тақырыптың педагогика ғылымында зерттелуі туралы нақты жинақталған деректер жоқ, тек жалпылама айтылып кетеді де, басымдық топтық жұмыс дегенде жоғарыда атап өткендей тренингтерге, стратегиялар мен дамыта оқыту ойындарына негізделген технологиялық негіздегі ғылыми-зерттеу жұмыстары, тәжірибелік ой-бөлісулер және т.б. материалдар жеткілікті. Ал осы топтық жұмысты ұйымдастырудың алғашқы қадамы – топқа бөлудің әдіс-тәсілдері туралы дерек табу қиын деп те айтуға болады. Сондықтан да, іс-әрекеттегі зерттеу жұмысын осы бағытта жинақтауды жөн деп шештік.

Жаңартылған білім мазмұнының идеясы бойынша сабақты ұйымдастырудың міндетті шарты –оқытуды ынтымақтастық және топтағы бірлескен жұмыс формалары арқылы ұйымдастыру. Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, тыңдаушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады.

Топтық жұмыстың мәні - онда нәтиже емес, топтағы ортақ іс- әрекеттерімен байланысты бәрін бастан кешіру үдерісі маңызды болуында. Образға ену арқылы бала ойынындағы жағдаяттарды елестетуге болады, ал олардың сезімдері шынайы.

Топтық үдерісті ұйымдастырудың жетекші қағидалары:

- ойлау қызметін ұйымдастыру;
- мазмұн шығарушылық қызметті ұйымдастыру;
- таңдау еркі;
- рефлексияны ұйымдастыру[5].

✓ Рөлдерді бөлу

✓ Тапсырмаларды талдау және оның шешімін болжау

✓ Ол «миға шабуыл» немесе кіші топтарда немесе жеке жұмыс жасау болып табылады

Әдебиеттер тізімі:

1. Тыңдаушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы)

2. Жұматаева Е.Ө. Жоғары мектеп дидактикасы дамуының ғылыми-педагогикалық негіздері /п.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.- Алматы, 2003.

3. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Екінші (орта) деңгей. /Үшінші басылым.- www.cpm.kz. 2013

4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (орта) деңгей. /Үшінші басылым.- www.cpm.kz. 2013

5. Орақова А.Ш. Оқу үдерісінде тыңдаушылардың шығармашылығын дамытудың педагогикалық шарттары / п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.- Астана, 2006.

МЕКТЕП ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

**Шолпанкулова Эльмира Илескуловна,
Жамбыл облысы Байзақ ауданы
Көктал орта мектебінің директоры
Ускенбаев Мурат Рысбекович,
Жамбыл облысы Байзақ ауданы
Көктал орта мектебі директорының
инновациялық ісі жөніндегі орынбасары**

ТҮЙІНДЕМЕ

Берілген ғылыми мақалада мектептегі сапа менеджменті жүйесін оқу-тәрбие үрдісіне енгізу және жақсарту әрекеттері баяндала отырып, инновациялық менеджменттің теориялық негіздері мен тәжірибесін білім беру үрдісінде жетілдіру жолдары көрсетіледі.

Түйінді сөздер: сапа менеджменті, енгізу, үрдісті жетілдіру.

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматривается внедрение в учебно-воспитательную работу школы всеобщего менеджмента качества (TQM), показаны пути улучшения интеграции теории и практики в образовательный процесс.

Ключевые слова: менеджмент качества, внедрение, улучшение процесса.

ABSTRACT

This article examines the involvement of total management quality in the educational process of the school; the ways of improvement of the integration of theory and practice in the educational process are shown.

Key words: management of quality, involvement, improvement of the process.

Жаһандану жағдайында білім беру жүйесіне қазіргі қоғамның рухани өркендеуі мен қоршаған ортамен байланыс орната алатын және оған тез бейімделе алатын жеке тұлғаның қабілетін қалыптастыру жауапкершілігі жүктелген.

TQM [ти кью эм] философиясы – басқару жүйесін үнемі жақсартуға негізделген кешенді жүйе болып табылады.

TQM (Total quality management) дегеніміз – жағдайлар жасау арқылы барлық деңгейлерде және барлық бағыттарда командалық жұмыс істеуді үздіксіз жақсарту, өзара сенімділікті қалыптастыру және үрдісті жетілдіруде тәжірибе мен білімді толықтыру.

Мектепті басқарудағы менеджмент – педагогикалық жағдаяттарды шешудің жаңа жолдарын енгізуге, педагогикалық үрдісті жаңғырту арқылы жаңа нәтижелер алуға бағытталған. 2015-2016 оқу жылының екінші жартыжылдығынан бастап мектептің оқу-тәрбие үрдісіне сапа менеджменті жүйесін енгізу жұмысы басталды.

Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне сапа менеджменті жүйесін енгізу келесі кезеңдерден тұрады:

1-кезең – сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) құру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру (енгізу стратегиясын анықтау, сапа саласындағы саясат пен мақсаттарды қалыптастыру);

2-кезең – СМЖ жоспарлау;

3-кезең – СМЖ енгізу;

4-кезең – СМЖ қойылған талаптарға сәйкестігін тексеру.

Сапа менеджменті жүйесі – мектепке сапа тұрғысында басшылық ету мен басқарудың менеджмент жүйесі болып табылады. Сапа тұрғысындағы басшылық пен басқару әдетте сапа саласындағы саясат пен мақсаттардың дайындалуын, сапаны, сапаны басқаруды жоспарлауды, сапамен қамтамасыз етуді және сапаны жақсартуды қамтиды.

Оқу-тәрбие үрдісіне сапа менеджменті жүйесін енгізу барысында келесі ерекшеліктерді анықтадық:

- мектептің білім беру қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін үнемі жақсарту;

- оқушылардың білім сапасы жоғары деңгейде болуы үшін ұдайы жақсартуды ресурстық қамтамасыз ету;

- мектептің білім беру қызметінің тиімділігін үнемі жақсарту үшін ұйымдастырылған менеджмент жүйесін үнемі жұмысшы қалыпта ұстау.

Осы ерекшеліктер ретінде айтылған жұмыстар төмендегі міндеттерді

1) сапа тұрғысында басшылық етуді меңгерген мектептің басқару командасын қалыптастыруды;

2) басқаруға оқушы, мұғалім, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету арқылы олардың белсенділігі мен жауапкершілігін арттыруды;

3) мұғалімдердің кәсіби даму жүйесін жетілдіру арқылы күзиретті оқушы моделін қалыптастыруды;

4) басқару үрдісінде оқу-тәрбие жұмысының нәтижесі мен оған жету жолдарын тығыз бірлікте қарастыруды шешуге мүмкіндік туғызады.

Мектептің сапа менеджменті жүйесі, ол – тиімді басқару, ал басқару – талдау, жоспарлау, жүзеге асыру, бақылау, түзету арқылы сапаны қамтамасыз ету болып табылады.

Талдау қызметінде оқу үрдісіне, тәрбие жұмыстарына, мектептің материалдық қорына, педагогикалық мамандар мен оқушыларды жетілдіруге байланысты талдаулар жасалады.

Жоспарлау қызметі арқылы педагогикалық үрдістегі нақты іс-әрекеттердің жүзеге асырылу жолдары белгіленеді, мектеп жұмысының бағыттары бойынша жоспар құрылады.

Жүзеге асыру қызметі – мақсат-міндеттердің тәжірибедегі орындалуын көздейді, жоспарланған іс-шаралар жүзеге асырылады.

Бақылау қызметінде жоспардың орындалуын бақылау және уақтылы ақпараттар алып тұру орындалады.


Түзету қызметі арқылы әр түрлі бағыттағы қызмет жүйелерінің іс-әрекеттері үйлестіріледі.

Біздің тәжірибемізде мектептегі сапа менеджменті жүйесін оқу-тәрбие үрдісіне енгізу келесі кезендерден құралған:

- сапа менеджменті жүйесін үнемі жақсартудың моделін құрастыру;
- оқу-тәрбие үрдісін үздіксіз жетілдіру негізінде білім беру қызметін жақсарту.

Мектепті басқаруда құрастырылған жақсарту моделі – педагогикалық ұжымның сапалы білім беру нәтижесінде **сапалы білімді тұлға** қалыптастыруға негіз болды.

Осы үлгіні, яғни TQM-дегі үдерістік амалын оқу-тәрбие үрдісіне бейімделіп енгізілген.



Сурет 1 - Мектепті басқаруда құрастырылған жақсарту моделі

Мысалы, 2015-2016 оқу жылының қорытындысы бойынша төмен білім сапасын көрсеткен 12 сыныпқа сапа менеджментін енгізу жұмыстары жүргізілуде.

1. Талдау қызметі бойынша 2015-2016 оқу жылының қорытындысы негізінде сыныптардың білім сапасына, оқушылардың негізгі пәндер бойынша білім сапасына, оқушылардың әлеуметтендіру және денсаулық деңгейіне, жанұяларының әлеуметтік жағдайына мониторинг жүргізіліп, талдаулар жасалды.

2. Жоспарлау қызметі бойынша сапа менеджменті жүйесінің жұмыс жоспары құрылды.

3. Жүзеге асыру қызметі бойынша I жартыжылдықта төмендегі іс-шаралар жүргізілді:

1) Пән мұғалімдерімен жүргізілген жұмыстар:

- директордың инновациялық ісі жөніндегі орынбасары «Мектепте ізденушілік-зерттеушілік қызметті ұйымдастыру», «Оқу үрдісінде технологиялық картаны пайдалану жолдары» тақырыбындағы семинар-тренингтер өткізді;

- оқу-тәрбие процесіне «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасын енгізу аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің, қоғамдық пәндердің, орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі пәндерінің апталығы өткізілді.

2) Оқушылармен жүргізілген жұмыстар:

- директордың бағдарлы оқу ісі жөніндегі орынбасары тәуелсіз әкімшілік бақылау жұмыстарын алып, түзету жұмыстарын;

- мектеп кітапханашылары «Ең үздік оқырман» байқауын;

- директордың инновациялық ісі жөніндегі орынбасары оқушылардың ғылыми конференциясын;

- педагог-ұйымдастырушылар «XXI ғасыр көшбасшысы», «Жүзден жүйрік» интеллектуалды сайысын;

- тарих пәнінің мұғалімі «Ұлы тарих – ұлы құндылықтармен танылады» тақырыбындағы дөңгелек үстел өткізілді.

3) Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар:

- әлеуметтік педагогтар «Бала –көңілдің гүлі, көздің нұры», «Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбындағы семинар-тренингтер;

- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары «Біздің ортақ істеріміз» тақырыбындағы ата-аналар жиналысын;

- директордың инновациялық ісі жөніндегі орынбасары «Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін және бос уақытын жоспарлаудағы мектеп пен ата-аналардың шығармашылық серіктестігі» тақырыбындағы дөңгелек үстел өткізілді.

4) Мектеп әкімшілігімен жүргізілген жұмыстар:

«Мектептің тәжірибелік іс-әрекетіне менеджментті ендірудің тиімділігі», «Педагогикалық тәжірибеде мектепшілік басқарудың жағдайын диагностикалау» тақырыбындағы семинар-тренингтер өткізілді.

Сонымен, TQM-дегі сапаға жету үшін үрдіс субъектілерінің жаппай қатысу ұстанымын жүзеге асырамыз.

TQM бойынша сапа менеджменті енгізілген сыныптардағы білім сапасын жоспарлауы төмендегідей нәтижелер берді. Мектепте жүргізілген тәжірибе үрдістің үнемі жақсаруын көрсетіп отыр, сондықтан алдағы III тоқсанда білім сапасын сенімді жоспарлап отырмыз.

Кесте 1 - TQM бойынша сапа менеджменті енгізілген сыныптардағы білім сапасын жоспарлауы нәтижелері

	Сынып	Оқушылар саны	I тоқсандағы білім сапасының көрсеткіші	II тоқсан бойынша сапа сызығы	III тоқсандағы білім сапасының көрсеткіші	III тоқсан бойынша сапа сызығы
Бастауыш саты						
	3 в	20	30%	45%	50%	60%
	4 в	20	55%	60%	65%	65%
	4 д	13	38%	54%	57%	57%
Негізгі саты						
	5 ә	24	35%	56%	52%	64%
	6 в	11	36%	64%	55%	64%
	8 а	18	33%	50%	63%	63%
	8 ә	15	33%	47%	47%	60%
	8 б	20	15%	47%	55%	60%
	9 а	22	39%	52%	48%	57%
Жоғарғы саты						
	10 а	15	56%	66%	56%	63%

10 б	21	35%	45%	35%	55%
11 а	16	33%	53%	60%	60%

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын орындауда TQM негізінде оқу-тәрбие үрдісінде ұйымдастырылған жұмыстар төмендегі оқушы моделін қалыптастырады:

1) Негізгі құзыреттілік бойынша мемлекеттің орта мектепті бітіруші тұлғаның сапасына мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында және оқу бағдарламаларында көрсетілген білім беру қызметінің нәтижелері түрінде қоятын талаптары орындалады.

2) Басқарушылық құзыреттілік бойынша проблеманы шешу қабілеті қалыптасады;

3) Ақпараттық құзыреттілік бойынша өзіндік танымдық қабілеті, өмір бойы білім ала білуі қалыптасады;

4) Коммуникативтік құзыреттілік бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым-қатынас жасау қабілеті қалыптасады;

5) Әлеуметтік құзыреттілік бойынша әлеуметтік өзара іс-қимыл жасау қабілеті қалыптасады;

6) Тұлғалық құзыреттілік бойынша өзін-өзі жетілдіру және төзімді болу қабілеті қалыптасады;

7) Азаматтық құзыреттілік бойынша ұлттық сана-сезім мен отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті қалыптасады;

8) Технологиялық құзыреттілік бойынша технологияларды, оның ішінде ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті қалыптасады.

Қорытындылай келе, мектептің білім беру қызметіне енгізілген сапа менеджменті оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін жақсартуға септігін тигізеді, ал оқу-тәрбие жұмысын тиімді басқару TQM бойынша қойылған талаптарды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сонымен, жаһандану жағдайында еліміздің алдымызға қойған талабын орындау құралы – инновациялық менеджмент негізінде бәсекеге қабілетті білім беру жүйесі мен оның нәтижесі ретінде бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). – Астана, 2011.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 Қаулысымен бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары». – Астана, 2012.

3. Жайтапова А.Ә., Нәметқұлова Ф.Ж. TQM негізінде білім сапасын басқару. – Алматы, 2010.

4. Жайтапова А.А., Садвакасова З.М. Управление организацией образования на основе TQM. – Алматы, 2016.

ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Байорова Айгүл Жасұзаққызы,
Елубаева Светлана Айсұлтанқызы
Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы
Қандыағаш қалалық №2 орта мектебінің
дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері**

ТҮЙІНДЕМЕ

Дене тәрбиесі сабағында оқушылардың қызығушылығын тудыратын әдіс-тәсілдердің тиімділігі жоғары. Мұғалім дене шынықтыру пәнінде түрлі тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра білуі тиіс. Сонда ғана оқушылар дене шынықтыру сабағына қызығушылық танытып, денелік және психикалық сапалары дамып, сабақтан ерекше әсер ала алады.

Түйінді сөздер: дене шынықтыру, психологиялық даму, құру жеке әдістер мен оқыту әдістері.

АННОТАЦИЯ

Высока эффективность применения разных методов и приемов на уроках физической культуры. Учитель должен повысить интерес учащихся к урокам физической культуры, применяя разные приемы и методы обучения. Таким образом повышается особый интерес учащихся к урокам физической культуры, а также физическое и психологическое развитие и становление личности.

Ключевые слова: физическая культура, психологическое развитие, становление личности, приемы и методы обучения.

ABSTRACT

The high efficiency of the use of different methods and techniques in the lessons of physical culture.

The teacher should raise students' interest in physical culture lessons, applying different techniques and training methods. This increases the special interest of students to the lessons of physical culture, as well as the physical and psychological development and establishment of softness.

Key words: physical culture, psychological development, formation personality, methods and methods of teaching.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр. Еліміздің даму бағытын бекіткен «Қазақстан – 2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген.[2]

Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:

I. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

II. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

балалардың дене күші жағынан өмірге дайындығы.

Дене шынықтыру пәнінің білім беру саласындағы негізгі мақсаты – оқушылар денсаулығын нығайту, білім, өмірлік маңызда қозғалыс біліктілігі мол дағдыларын қалыптастыру, адамгершілік және эстетикалық тәрбиенің міндеттеріне сәйкес жеке

тұлғаны үйлесімді дамыту. Дене шынықтыру пәнінің міндеттері – маңызды қозғалыс дағдыларын танымдық қозғалыс белсенділігін қалыптастыратын дене жаттығуларының негізгі турлерімен оқушыларды таныстыру[6,19].

Дене тәрбиесі сабағында оқушылардың қызығушылығын тудыратын әдіс-тәсілдердің тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.[1,5]

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.[5,9]

Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамыз.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады. Мысалы, дене шынықтыру сабағында 1-4 сыныптарына сергіту сәтін алатын болсақ, өз тәжірибемде 3-сыныптарға өткізген «Эстафеталық жарыстар» атты сабағымызда, алдымен оқушыларға ой толғау жасау мақсатында, қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталдық, ұлттық ойындар туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарладық. Міне, осы арқылы оқушылар сабақтың жарыс түрінде топтық ойын әдісінде болатына көз жеткізеді. Ойлау қабілетін дамыту тұрғысында 4 сыныптар арасында «Көңілді мөре» сайысы оқушылардың ой-қабілетін, жылдамдық ерекшелігін, тез шешім қабылдауына және топтық әрекет жасауына пәндерді байланыстыра отыра кіріктірілген сабақ көрермендердің көңілінен шықты. Сабақты қызықты өткізу үшін мультимедиялық

проектор арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отырдық. Кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келу талабы қойылды. Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды. Сондай-ақ «Спорт әлеміне саяхат» тақырыбында мультимедиялық проектор арқылы 3-4 сынып оқушылармен зияткерлік ойын сабағын өткізіп оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырдық. Бұл сабақта Қазақстан спортының алғашқы шыққан, атақты да данықты чемпиондарынан бастап қазіргі таңдағы олимпиада чемпиондары туралы викторина сайысы оқушылардың көңілінен шығып, оқушыларымыз өз елінің патриоты екендерін сабақ барысында дәлелдеп, мүдірместен жауап беруге тырысты. Сондай-ақ қатарынан үшінші жыл мемлекеттік тілдегі мектептердің 1-4 сынып оқушылары арасында ұлттық ойын және спорттық ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып жеңіпаздарды анықтап оқушылардың кішкене кезінен бастап спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында тынымды еңбектер атқару үстіндеміз. Қала көлемінде Наурыз айында ұлттық мерекемізді насихаттау барысында «Төрт түлікке ен салу», «Арқан тарту», «Қол күрес», «Асық ату» ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып, ұлттық ойын өнерімізді өзге ұлт өкілдеріне насихаттау басты міндетіміз.

Бұл ұлттық ойындар фестивалінің ұйымдастырылуы, тұсауы кесілуі ұлтымыз үшін үлкен жетістік деп білеміз.

Ұлттық телеарнада салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтіп жатқан жаңашыл әдістегі бағдарламалардың желісінде «Намыс дода», «Толағай» «Асық ату» атты спорттық, ұлттық ойындар сайысын сынып аралық топтық сайыс түрінде өткіздім. Әр тоқсан сайын қала қазақ мектептері арасында ұлттық және спорттық ойындардан жарыстар өткізіліп, әсіресе «Асық ату» ойыны оқушылардың арасында қызығушылығын арттырды. Себебі дене тәрбиесімен айналысатын адам өзін әрқашан сергек сезінеді. Ал сергек адамның өмірге көзқарасы ерекше. Спорт қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады.

Жоғарыда аталған ұлттық спорттық ойындардың өтілу нәтижесінде оқушының:

- Салт - дәстүрді құрметтеуі;
- Ұйымшылдығы, ізденімпаздығы;
- Намысқойлығы;
- Жүйке жүйесінің шынығуы;
- Ойлау қабілетінің дамуы;
- Білім алуға құштарлығын арттырады. [4, 262-264]

Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Осы бағыттарда әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар:

- Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу;

Осылай ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар!», «Мен чемпион!», «Санамақ» сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру.

Мектептерде дене тәрбиесі сабақтарын табысты өткізу үшін келесі қағидалар да тұрақты сақталуы тиіс.

-оқушыларды кез-келген сабаққа ұйымдастыру кезінде оқу материалы осы сыныптың оқу бағдарламасына сай болуы тиіс;

-нақты жағдайларға қарай, сабақ жүргізудің әр түрлі әдістерін барынша жан-жақты қолдану қажет;

-әр сынып оқушыларының жаттығуларын жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріп міндетті түрде іріктеу керек.

-бастауыш сынып оқушыларына үлгі ретінде жоғарғы сынып оқушыларының жаттығу орындау және ойындардағы іс-тәжірбесін шебер пайдалану қажет;

-барлық оқушылардың жаттығуларға, қимыл-қозғалыстарға белсене қатысуына зор көңіл бөлген дұрыс;

-сабақ жүктемесін жаттығу, ойын дәрежесіне сай реттеп отыру керек.

-бағалау, бақылау, қателіктерді дер кезінде түзеп отыру қажет. Осы аталған қағидалар мен сабақ өткізудің әдістерін мұғалім дене тәрбиесі сабағында тиімді қолданған жағдайда оқушылардың қозғалыс дағдылары қалыптасып, денсаулықтары нығайып, дене қабілеттері дамып, жетіледі, пәнге деген қызығушылығы артады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Г. Икіманова. Саулық пен сымбат. - Алматы: Қайнар, 1991.
2. «Қазақстан – 2030» стратегиясы
3. «Қазақстан мектебі» журналы, №4, 2006ж.
- 4 Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. Изденіс-Поиск. 2009ж. №2(2) -Б.262-264.
5. Е. Уакбаев. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. - Алматы: Санат, 2000ж.
6. «Мектептегі дене шынықтыру» журналы, № 2, 2015

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІ

Дүсіпова Н. Ә.

**Алматы қаласы, Әуезов ауданы,
№ 72 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында интерактивті әдістерді пайдалану жолын сипаттайды.

Түйінді сөздер: интерактивті әдістер, топтық жұмыс, рефлексия.

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматривается использование интерактивных методов на уроках казахского языка и литературы.

Ключевые слова: интерактивные методы, работы в группах, рефлексия.

ABSTRACT

In his article is described employing of interactive methods in teaching of Kazakh language and literature.

Key words: interactive methods, group work, feedback.

«Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» делінген «Қазақстан - 2050» стратегиялық бағдарламасында. Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, жан дүниесі сұлу, рухани бай, сезімтал, терең біліммен қаруланған оқушы тұлғасын сомдау үшін қажырлы еңбек қажет. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақта еңбек өтіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол

деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген сөзі бізге үлкен жауапкершіліктер жүктейді. Сондықтан осы міндеттерді орындау үшін әрбір ұстаз сабақта жаңа технологияның тиімдісін, ең көрнектісін таңдап, қолданады.

Педагогикада оқытудың бірнеше моделін атап көрсетуге болады:

1) пассивті оқушы оқытудың «объектісі» рөлін атқарады (тыңдау және көру);

2) активті /белсенді / оқушы оқытудың «субъектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, зертханалық – практикалық жұмыс);

3) интерактивті – *inter* (өзара), *act* (әрекеттесу). Оқыту үрдісі барлық оқушылардың тұрақты белсенді түрде өзара қарым – қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Оқушы мен мұғалім оқытудың тең құқылы субъектісі болып табылады.

Интерактивті оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін – өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу үрдісіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту үрдісін ұйымдастыру. Интербелсенді оқуда/оқытуда мұғалім бұрынғыдай барлық күш-жігерін үйретуге жұмсамай, оқушылардың бірлесе отырып, өздігімен білім алуына тиімді жағдайлар жасайды. Мұндай ұстанымның дәлелін келесі сөздерден көруге болады. Ғұлама ғалым Альберт Эйнштейн кезінде «Мен өз шәкірттерімді ешқашанда үйретпеймін; мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын» деген екен. Менің ойымша, мектептердің негізгі миссиясы «тұлға мен маман қалыптасатын орта қалыптастыру» болып табылады. Үйрететін ұстаз емес, үйрететін – орта. Интерактивті оқыту әдісінің артықшылығы сол, ол білім, шеберлік, дағды мен бағдар беріп қана қоймайды, мәселелерді шешуге жағдай жасап, жан-жақты, шығармашылық тұрғыдан дамыған, креативті және коммуникативті дағдыларды меңгерген, халықаралық деңгейдегі маманның қалыптасуына ықпал етеді. Интерактивті оқыту әдісі алынған теориялық білімді де, сондай-ақ практикалық дағдыларды да орындауды жүзеге асыруы тиіс. Интербелсенді әдіс– тәсілдерді оқытудың инновациялық және оқушылардың танымдық белсенділігіне себепші, оқу материалын өз бетінше ұғынуына және әртүрлі «Ынтымақтастықта оқыту», «Сыни тұрғыдан ойлау», Блум таксономиясы бойынша сабақты жобалау, АҚТ технологиясы және т.б. жатады.

Өз тәжірибемде мен де интербелсенді оқыту тәсілдерді басшылыққа аламын. Оқытудың интерактивтік тәсілдерін таңдау себебім:

- оқушыларға материалды меңгерудің кешендік білімін ұсыну;

- оқушылардың оқу үрдісіндегі қиыншылықтарды жеңулеріне көмектесіп, шығармашылық тұлға санатына қосылуларына ықпал жасау;

- оқушылардың ой - өрісінің кеңейіп, жан – жақты дамуына жәрдемдесу;

- оқушыларды көлемді туындылармен, сан алуан ақпараттармен жұмыс жасай алуға үйрету.

- белсенді таным әдістері үйренушілерді өз біліміне жауапкершілікпен қарауға баулиды.

Интерактивтік тәсіл арқылы білім алушы мына қағиданы ұстанады:

-Естігенімді – ұмытамын.

-Көргенімді – есте сақтаймын.

-Істегенімді – түсінемін.

Өз тәжірибемде қолданатын оқушылардың белсенділіктерін арттыратын интерактивтік тәсілдер - Миға шабуыл, кластер, синквейн, инсерт, эссе, семантикалық карта, РАФТ, жұппен, топпен жұмыс, рөлдік /іскерлік/ ойын, пікірталастар, Дананың кілттері, кубизм, Фиш Боун т.б. Сіздермен 8- сыныпта өткен Т. Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесіндегі кейіпкерлер бейнесі» тақырыбындағы сабағыммен бөліскім келеді. Сабақта бірінші кезекте жағымды психологиялық ахуал құрылады, яғни оқушының топ ішінде тұлғаның жан-жақты дамуы, бірлескен өнімді әрі тиімді жұмыс жасауына қолайлы тұлға аралық қатынастар мен жағдайлар жасалады. Оқушылардың көңіл – күйін көтеру үшін және сабаққа назарын аудару үшін «Тамаша екен!» тренингін өткіздім. Оқушылар өз бойындағы жақсы қасиеттерін айтады, қалғандары «Тамаша екен!» деп басбармақтарын

жоғары көтереді. Оқушыларды «Музыкалық аспаптың суреттері» арқылы топтарға бөлдім. Кіріспе кезеңінде «Жылдар сөйлейді» стратегиясын қолдандым. Оқушылар хронологиялық кесте мен топтастыруды пайдалана отырып, жазушы жайында білгендерін ортаға салады. «Бумеранг» стратегиясында әңгіме бойынша оқушылар өздері бір-біріне сұрақтар қойып, жауаптарын өздері бір – біріне айтты. Кестесөзді шешу арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашты. Негізгі бөлімде: Жадыны дамытуға арналған тапсырмалар «Дананың кілттері», «Ойлау бутерброды», SWIH (кубизм) тапсырмаларын орындады.

Сабағымда бағдарламаның түйінді идеялары арқылы оқушы санасында серпіліс орнатып, сабаққа белсенділігін арттыр үшін интерактивті әдістерді қолдандым.

Не үшін интерактивті әдіс қолданылады?

Интерактивті әдісті қолданып жүрген мұғалімдер тиімді оқыту, тек қана өзара әрекеттер үдерісінде болатынына сенімді. Олар оқушылардың талқылау кезінде тез оқып және естерінде сақтайды деп есептейді. Бұл келесі себептерде жүзеге асады:

- Оқушылар тек қана ақпарат алып қоймайды, сонымен бірге логикалық түсініктеме беру керек, неге оның шешу жолы дұрыс немесе басқаларынан үздік;

- Оқушылар идеяны тереңдете жұмыс жасайды, қорытынды құрылымы талқыланатын болады;

- Оқушылар мәселені шешкенде өзінің және де басқаның идеясын пайдаланады.

Мұндай жалпы білім қоры, жеке оқушының білім қорынан көп болады;

- Оқушының бір нәрсені жаңадан білгені арқылы мұғалім де білім алады.

SWIH(кубизм) стратегиясында:

1. «Апырым-ай, осы мал жарықтықтың күйге елтитіні болады деуші еді...» деген сөзді **кім** айтты?

2. Ботасы өлген нардың июіне **не** әсер етті?

3. Жаңыл **неге** нарды саумады?

4. Ботасы өлген аруана Естемес күйшіге **қалай** әсер етті?

5. Естеместің өзіне тән ерекшеліктері **қандай**?

6. Қашан ел осы қайнарда отырғанда, , екі күй тартып құлақ құрышын бір қандырып кетіп ең-ау? деген сұрақтарға жауап берді

Тони Райан жасаған «Дананың кілттері» бірқатар ойлауды талап ететін тапсырмаларды орындауға оқушыларды қызықтыру және тарту үшін арнайы әзірленген жиырма шақты іс- әрекет (кілттер) кешені болып табылады. Бірқатар көмекші сұрақтар немесе тапсырмалар оқушылардың талдау жасау, сын тұрғысынан және креативті ойлау қабілетін ашуға арналған кілт түрінде ұсынылған.

1. топ жұпқа бөлініп тапсырмаларды орындады. «Әліпби» кілтінде: Әңгімедегі кейіпкерлерді **А- дан Я- ға** дейін әліпби ретімен орналастырды:

Естемес, Жаңыл, қарт, Оразымбет.

«Егер де» кілті: - Егер сен автор болсаң әңгімені қалай аяқтар едің?

Оқушылар өз қиялдарымен әңгімені жалғастырып, қарт күйші Естеместі де үйлендірді.

« **Жаңа дизайн**» кілтінде Кейіпкерлерге мінездеме бере отырып, қазіргі заманға лайық жаңа дизайн жасады.

2- топ әңгіме бойынша сурет салып қорғады.

3- топ әңгімені «Ойлау бутерброды» бойынша талдады.

Қорытынды кезеңінде «Концептуалдық кесте» арқылы кейіпкерлерге баға берді.

Кесте 1 - Концептуалдық кесте арқылы бағалау

Кейіпкерлер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерлерге баға
Естемес	Жоғары, жасы егде тартса да отбасын	Түсінігі мол, есті, Оразымбетке жолын	Жоғары

	күруды ойлайды	береді	
Оразымбет	Жоғары, өнерді сүйетін, тәрбиелі шәкірт	Үлкенді құрмет тұтады, ұғымтал.	жоғары
Жаңыл	Жігерлі жан, өз бақытын табудаөжеттік таныта білді.	Кішіпейіл, ибалы, өжет.	жоғары

Кері байланыс « Күн көзі » рефлексиясы арқылы жасалды. Оқушылар сабақ туралы өз ойларын сары түсті жолақ қағаздарға жазып, тақтада салынған күннің суретіне барып жапсырды. Тапсырма соңында барлық пікірлер пікірлер оқылып, қорытынды жасалды.

Сабақта «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулін басшылыққа алып, оқушылардың алған білімдерін бағалау мақсатында формативті бағалауда топ бір-бірін «Үш шапалақ», « Екі жұлдыз, бір тілек», «От шашу» арқылы бағалады және оқушылар өз-өздерін бағалады.

Таным үрдісінде, оқу материалын игеруде, оқушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр оқушы өзіне тән ерекше еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерімен алмасу үздіксіз жүреді. Сонымен қатар, бұл үрдіс өзара қолдау және қайырымдылық атмосферасында жүреді. Яғни, жаңа білім алып қана қоймайды, танымдық үрдісте өзін дамытады, оны әлдеқайда жоғары топтасу мен еңбектесу дәрежесіне көтереді. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет мәселені бірлесіп шешуге алып келетін - ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады. Интерактив бір көзқарастың немесе бір ғана сөйлеуішінің басым болуы жағдайын болдырмайды. Сұхбаттасып оқыту барасында оқушылар сыни ойлауды, тиісті ақпарат пен белгілі жағдайды талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, балама көзқарастарды салыстыруды, дұрыс шешімдер қабылдауды, дискуссияға қатысуды, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін сабақта жекелей, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жұмыстары, рөлдік ойындар қолданылады, құжаттармен және түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды, шығармашылық жұмыстар пайдаланылады. Білімді әрқашанда жүйелі, құрылымы жағынан мазмұнды етіп беру, әр түрлі әдіс тәсілдермен түрлендіру әр мұғалімнің өз шеберлігіне байланысты. Сондықтан да ізденімпаз, өзіне талаптар қоя білетін, кәсіби деңгейі жоғары, рухы биік, даралық сапалары жетілген мұғалімнің шығар шыңының биік болу мүмкіндігі мол. Нәтижеге жету үшін ылғи да ізденіп, талаптану қажет.

Қорыта келгенде, интербелсенді оқыту ең алдымен оқушыларда жаңа білімді өзіндік меңгеру тәжірибесін қалыптастыруға, оларды жаңа жағдайларда, шығармашылық қызмет тәжірибесіне бара-бар құндылықтарды өндірумен ұштастырып, байытуға бағытталған тәсіл.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Екінші (негізгі) деңгей .Үшінші басылым. «Назарбаев зияткерлік » мектептері ДББҰ, 2014-05-14
2. Интерактивті оқыту әдістерін қолданып сабақты жоспарлау және басқару. Жартынова Ж. А, Ким В.Н, Корнилова Т. Б, Қойлық Н.О, Орақова А.Ш Алматы, 2014
3. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. С. Мирсеитова Қарағанды, 2011
4. Оқытудағы интербелсенді әдіс -тәсілдер. Әлімов А.Қ. Астана, 2014
5. Суворова Н. «Интерактивное обучение. Новые подходы». - М., 2005.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА АКАДЕМИЯЛЫҚ ТІЛДІ CLIL АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Ермуканова Г.Б., Оракова М.С.
Физика-математика бағыттағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
география және қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімдері.

Г.Б. Ермуканова – география ғылымының магистрі.

М.С. Оракова – филология ғылымының магистрі.

Ақтөбе қаласы.

ТҮЙІНДЕМЕ

CLIL әдісі пән мен тілді кіріктіріп оқытуды негіздейді. Бұл өз кезегінде білім саласында енген жаңашылдықтарды іске асыруда көмек береді. Жаратылыстану пәндерін екінші тілде меңгерту барысында ұсынылған технология тиімді болып табылады.

Түйінді сөздер: CLIL, академиялық тіл, пән, кіріктірілу.

АННОТАЦИЯ

Методика CLIL основана на интеграции предмета и языка. Это методика способствует совершенствованию новшеств в сфере образования. Рекомендованная технология является эффективной в изучении естественно-научных предметов на втором языке.

Ключевые слова: CLIL, академический язык, предмет, интеграция.

ABSTRACT

CLIL methodology is based on the subject of integration and language. This method contributes to the improvement of innovation in education. The recommended technique is effective in studying Science subjects in a second language.

Keywords: CLIL, academic language, subject, integration.

Қазіргі еліміздегі білім саласындағы жаңашылдықтар алдыға қойған мақсаттарымызды айқындай отырып, бәсекеге қабілетті ұрпақ даярлауға мүмкіндік береді. Қоғамның талабына сәйкес болашағымыздың поли тілділік қарым қатынас жасауы әр саланың даму мүмкіндігін арттырады. Шет тілін меңгеру бала бақша жасынан жүргізіліп келгенімен, оны белгілі бір салада қолдану орта білім алу мен жоғарғы білім алу кезінде жинақтаумен жүзеге асады. Әдебиеттерді саралайтын болсақ, Финляндия мемлекетінің азаматы Дэвид Марш жиырма жыл бұрын CLIL терминін енгізген. Ұғымның негізгі сипаты кейбір пәндер мен тарауларды шет тілінде жүргізу болды. Бұл жағдай кезінде оқу пәнін игерумен қатар шет тілін де меңгеретіндігі және шет тілді орта қалыптасатындығы, осы ортада өз тілінің деңгейін қаншалықты қолдана алатындығы анықталды. CLIL сонымен қатар, пәндер арасындағы интерграцияны жүзеге асырады. Бұл қазіргі орта білім алуындағы жасөспірімдер үшін айтарлықтай жаңа мүмкіндіктерді ашады.[2]

Патша үкіметі христиан дінін тықпалаумен қатар ислам дінін әлсірету саясатын да ұстанды. Өйткені ол исламды христиан дінін кеңінен тарату жолындағы басты кедергі деп санады. Қазақтардың Шығыс елдерінде, мәселен, Түркияда оқуына тыйым салынды. Молдалардың қызметіне үкімет әкімшілігі тарапынан қатаң бақылау орнатылды. 1867-1868 жылдары қазақтардың дінге байланысты мәселелері Ішкі істер министрінің қарауына берілді. Әр болыста бір-бірден ғана молда ұстауға рұқсат етілді. Көшпелілер арасындағы молда Ресей империясына шын берілген қазақ болуы тиіс делінді. Молдаларды әскери губернатор ғана тағайындайтын және жұмысынан босататын болып белгіленді. Мешіт салу үшін генерал-губернатордың рұқсатын алу қажет болды. Молдалардың жергілікті тұрғындардың сауатын ашып, оқытуы және оның мешіт жанында жұмысқа жайғасуы үшін уезд бастығының рұқсаты керек еді. Мешіттер мен олардың жанындағы медреселерді қазақ қоғамдарының өз есебінен ұстау керек деп шешілді. Вакуфтердің, яғни мешіттердің жылжымайтын мүлкін ұстауға үзілді-кесілді тыйым салынды.

Дін таратушы христиан миссионерлерінің қызметі және ислам дінінің ықпалына барынша шек қоюшылық қазақ халқының тарапынан күшті наразылық тудырды. 1889 жылы Ақмола облысының Көкшетау болысындағы қазақтар патшаның тікелей өзіне хат жазып, қазақтардың өз мүфтиін тағайындауды сұрады. Бірақ патша олардың бұл өтінішін орындаудан үзілді-кесілді бас тартты. Мешіт салуға рұқсат етілмегеніне қарамай, қазақтар оларды ешқандай рұқсат сұрамай-ақ, өз беттерінше салып ала бастады. 1903 жылы Көкшетау, Петропавл, Ақмола, Павлодар, Семей қалаларында мұсылмандардың құпия діни ұйымдары құрылды. Оған молдалар, мұғалімдер және қазақтың студент жастары мүше болып тартылды. Ол ұйымдардың қызметі мен міндеті патша үкіметінің дін саласындағы саясатына қарсы күрес жүргізу болды. Қозғалысты Науан хазірет (Наурызбай Таласов), Мұхамеджан Бекішев, Шәймерден Қосшығұлұлы және Ысмағұл Балжанов сияқты молдалар басқарды. Олар қазақ халқын өз ұлттық бет-бейнесін сақтап қалуы үшін патша үкіметінің христиан дінін таратушы миссионерлік қызметіне қарсы белсене күрес жүргізуге шақырды. Атап айтқанда, олар қазақ даласындағы беделді тұлғаларға – Павлодар уезіндегі *Сәдуақас Шормановқа*, Семей уезіндегі *Абай Құнанбаевқа* арнайы хат жазып, өздеріне қолдау көрсетуін өтінді.

1907 жылы Омбы қаласында Дала генерал-губернаторының жанында арнайы кеңес өткізіліп, онда қазақ қоғамындағы рухани өмірдің кезек күттірмейтін өткір проблемалары да талқыланды. Кеңесте православие дініне өтіп кеткендердің қайтадан ислам дініне ешқандай кедергісіз емін-еркін оралуын да талап етіп қойды. Сондай-ақ өзіндік ерекше Далалық муфтиат ашу қажет деген ұсыныс жасалды. Кеңеске қатысушылар қазақ, татар және араб тілдерінде шығатын рухани кітаптарға цензуралық бақылауды тоқтату жөніндегі мәселені де көтерді. «Алаш» партиясының бағдарламалық құжаттарында (1917 жыл) Ресейде қазақтар жиі тұратын аумақтарда патша үкіметінің христиан дінін таратушы миссионерлік қызметін тоқтату талап етілді.

Мұрағаттан алынған құжат: *«Қырғыздардың арасында ислам дінінің кеңінен таралуы – қырғыздарды христиан уағыздарына ұйыту жолындағы ең басты кедергілердің бірі болып отыр. Егер миссияға көмектесу үшін, қырғыздар арасында ислам дінін насихаттауды барынша әлсірету үшін қажетті шаралар қабылданбайтын болса, онда, бәлкім, тіпті таяу уақыттың өзінде-ақ шіркеудің қырғыздардан, ал отанымыздың нағыз христиан болуы тиіс, бірақ ондай болып шықпаған халықтан мүлде қол үзіп қалуы*

әбден мүмкін. Қырғыздар өздерінің қандас туыстарының христиан дініне өтуіне өлердей қарсы. Шоқыну үшін дала төсінен келген қырғыз дін таратушы миссионердің құшағына поселке көшелерінде салт атты қырғыздардың қаһарлы тобы көрінген кезде ғана қашып тығылады. Өйткені шоқынған қазақтарды жемтік іздеген аш қасқырдай алақ-жұлақ етіп іздеп келгендер ұстап алып, өздерінің даласына ала қашатын еді».

(Беляев И. Шет аймақтардағы орыс миссиясы. Тарихи-этнографиялық очерк. – СПб., П.П.Сойкиннің басылымы. 12.1912, 264-бет.)

Қосымша: XVII-XVIII ғасырларда Батыс Сібірдің әскери және шенеуніктік тобы қазақтарды қырғыздар деп қате атап келді. Орыс империясының Батыс Сібірді баса-көктеп шығысқа қарай жылжи түсуіне бір кезде Сібірді мекен еткен қырғыздар (нағыз қырғыздар) табан тіресе қарсылық көрсеткен болатын. Сол қырғыздардың атын орыстардың кейінгі кезде қазақтарға қателесіп бергені анықталды. Түбі бірге туысқан екі халықтың шынында тілі де бір, көшпелі өмір салты да, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері де өте ұқсас екені рас. Кейіннен бұлар, яғни қазақтар мен қырғыздардың, өз алдына бөлек туысқан екі халық екеніне көз жеткізген орыстар қазақтарды «қырғыз-қайсақтар» немесе жалпылама «қырғыздар» деп атап кетті, ал нағыз шын қырғыздарды «тау-тас қырғыздары», «қара қырғыздар» немесе «буруттар» деп атады. Қазақтарға байырғы тарихи өз аты қайтарылмады. Өйткені Ресейде бұл кезде «казак» деген ұқсас атпен әскери сословие пайда болған еді.

1925 жылы өткен Кеңестердің бүкілқазақстандық V съезі «Қырғыз халқының тарихи дұрыс атауын қалпына келтіру үшін қырғыздар алдағы уақыттарда қазақтар деп аталсын» деген қаулы қабылдады. 1925 жылғы 15 маусымдағы Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің қаулысымен Қырғыз АКСР-і Қазақ АКСР-і деп аталатын болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр – 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Алматы: Атамұра, 2012. – 344 бет, суретті, карталы. 320 – 326 беттер.
2. Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты. – А., 1994.
3. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – А., 1993.
4. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995.
5. Хан Кене (қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен хан-батырлар туралы тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар). – А., 1993.
6. Ғылмани С. Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. I том / F 96 Жауапты шығарушылар: Ә.Қ.Муминов, А.Дж. Франк. Кіріспе, қазақшаға және ағылшыншаға аударма, түсіндірмелер мен көрсеткіштерді дайындағандар: Ә.Қ.Муминов, А.Дж. Франк, А.Ш.Нұрманова, С.Моллақағанатұлы, Ұ.А. Өтепбергенова, Т.Ж. Жұманов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 576 б.+8 жапсырма.
7. Избаиров А.К. Ислам в Казахстане.- Алматы, 2013. – 260 с.)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Жумагалиева Г.А., Наурызалина Г.Б.,
Ажигалиева А.И., Мұғалжар ауданы
Қандыағаш қалалық № 2 орта мектебі

ТҮЙІНДЕМЕ

Оқушылардың белсенділігін арттыру оның білімге тану процесіне деген өзіндік белсенді позициясын қалыптастырады. Ал педагог оқушылармен ара қатынастағы басқарушы, жоспарлау және ұйымдастыру, оқуға мотивациялау және бақылау қызметін

атқарады. Оқу процесінде инновациялық технологияларды қолдану білім сапасын арттыруға және бәсекелестік қабілеті бар маман дайындауға ықпал етеді.

Түйінді сөз: инновациялық оқыту әдістері, құзіреттер

АННОТАЦИЯ

Активизация ученика позволяет формировать собственную позицию, в т.ч. отношению к знанию и процессу познания. А педагог становится управленцем взаимодействия со учениками, выполняет функции планирования и организации, мотивации и контроля обучения. Использование инновационных технологии в процессе обучения способствует повышению качества образования и подготовке конкурентноспособного специалиста.

Ключевые слова: инновационные методы обучения, компетенции.

ABSTRACT

Pupil's activation allows to form his own active role, including in relation to knowledge and learning process. A teacher becomes a manager of the interaction with the pupil, performing the functions of planning, organizing, motivation and monitoring training. Use of innovative technologies in the learning process improves the quality of education and training of competitive specialist.

Key words: innovative methods of teaching, competences.

Кез келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі күмән тудырмайды. «Сабақ беру – үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол - жаңаны табатын өнер» деп Ж.Аймауытов атамыз айтқандай, жастардың ақыл – ой әлеуметін барынша дамыту үшін білім беру жүйесін тиімді құра білген ұлттың еңсесі биік, абыройы жоғары болмақ. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін реформалаудың бастапқы кезеңі аяқталды. Бүгінгі күні білім беру саласының тиісті заңды базасы жасалды.

Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан -2030» жолдауында: «оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет. Ұлттық мінез – құлық, биік талғампаздық, тәкәппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» дегені мәлім. Елбасының осы алға қойған зор міндеттерін іске асыраушылар – әрине, жастар. Олай болса, сол жастарға сапалы білім мен салауатты тәрбие беру қажет.

Елбасы өзінің жолдауында: Тілдерді дамытудың 2011 -2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның мақсаттарын нақты көрсетті. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады деді. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Ол үшін қазіргі заман талабына сай қазақ тілін меңгеруде жаңа технологияларды ұтымды әдіс – тәсілдерді пайдалану.

Білім беру саласының басым бағыты - білім сапасын арттыру деп отырамыз. Бұған қалай қол жеткізуге болады?

Бұл мақсатқа қол жеткізудің бірден бір жолы – бұрынғыдай білім мазмұны пәндік білім жиынтығы емес, ендігі білім нәтижесі оқытудың мақсатын, бірлесе шешуде, оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуден көрінбек. Біздің мақсатымыз –білімді жеке тұлғаға бағыттау, оның қабілетін дарынын дамытуда. Мыналарды мақсат етеміз:

- 1.Жан –жақты дамыған рухани бай тұлғаны қалыптастыру.
- 2.Оқушыға оқу субъектісі ретінде өзін –өзі дамытуға, жан –жақты тауға көмектесу.
- 3.Әр оқушы өзін –өз өзгертуші субъект дәрежесіне көтеру, оқыту барысында соған лайық жағдай жасау.
- 4.Оқушыға білімді өздігінен меңгерудің әдіс – тәсілдерін игеру, дамыту.

Кез –келген ізденіс - оқу ісіндегі субъектілер оқушы мен мұғалімнің өзара іс – әрекеттеріне танымдық қызметіне бағытталуы тиіс.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ. Оқу процесінде оқытудың озық технологиясын қолдану – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сондықтан оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта жаңа технологияларды қолдана білу керек. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әртүрлі әдістері арқылы анықталады. Бүгінгі таңда оқу процесінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістерімен қатар оқытудың жаңа әдістері, яғни инновациялық әдістері жиі қолданылады.

Қазіргі заман талаптарына сәйкес, адам мен қоғам арасындағы үйлесімділік туралы философиялық қағидаларға, таным теориясына, іс – әрекеттік теорияларына, ғылыми – педагогикалық теориялар мен кәсіби маман қалыптастыру тұжырымдамаларына негізделген жоғары оқу орындарында инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастыру үдерісінің теориялық негізі:

Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерісін басқаруды кәсіби қалыптастырудың сапасын жетілдірудегі мәні, мазмұны және құрылымы:

-инновациялық білім беру үдерісін басқаруды кәсіби қалыптастырудың әдістемелік – тәжірибесін жүзеге асыруға негізделген, инновациялық білім деңгейін анықтауға бағытталған (компоненттер, өлшемдер, көрсеткіштер) құрылымдық – мазмұндық үлгі:

-инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастыру нақты шарттар арқылы (мазмұндық, ұйымдастырушылық, әдістемелік) жүзеге асырылу: мазмұндық – тұжырымдама негізінде пән бағдарламаларын жасаумен айқындалуы; ұйымдастырушылық – оқу –тәрбие үдерісінде әртүрлі жұмыс формаларын, әдіс-тәсілдерді пайдаланумен анықталуы; әдістемелік – білім беру үдерісін басқаруды диагностикалау, жоспарлау, ұйымдастыру мен талдауға негізделген жұмыстар сипаттамасы.

Инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың әдістемесі. Инновациялық процесс – бұл дамуы жағынан мақсатты бағытталған және құрылуы жағынан саналы процесс қазіргі заманның идеяларын, теорияларын, әдістемелерін, технологияларын тарату және меңгеру, қолдану белгілі.

Инновациялық технологияны сабақта пайдалану; білім алуға оң мотивация қалыптастырады. Сабақ материалдарының информативті көлемін ауқымды етеді; оқытудың формалары мен белсенді әдістерін енгізеді; оқушылардың тәжірибелік үйрену машықтарын өмірлік жағдайға сәйкес дамытады; оқу процесін қарқынды, әрі жинақы етеді; әржақты әріптестік формаларын қалыптастырады. Сабақ барысында ұйымдастырылған әрбір белсенді сабақ 3 деңгейлік тапсырмалар жүйесін біртіндеп жүйелі жүргізуге жағымды жағдай туғызады. Мұғалімде белсенді жұмыс түрлерін ұйымдастыруда шектеу, бағдарламадан қалып қойдым қорқынышы болмайды. Еліміздің басты байлығы - адам, халыққа сапалы білім мен рухани азық беру білім саласындағы қызметкерлердің басты міндеті. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағанына биыл 25 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде елімізде оң өзгерістер, табыстар мен көптеген ғылыми жаңалықтар өмірге келді. Жаңа ғасырдың жаңаша ойлайтын білімді де білікті жастарының арқасында жаңа технологиялар өндіріске енгізіліп, қай салада болмасын әлемдік озық тәжірибе өмірімізге еніп келеді. Оқушылардың шығармашылығын қызығушылығын қалыптастырудағы басты мақсат - қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайындағы оқушылардың жеке тұлғалық сапалық қасиетін дамыту, шығармашылық ойлауын дамыта отырып, заман талабына сай құзырлығын қалыптастыру және рухани жан дүниесінің дамуына жағдай жасау. Сондықтан Егемен еліміздің келешегі жас ұрпақты тәрбиелейтін орта мектеп өзіне жүктелген әлеуметтік міндетті атқару үшін ондағы игерілетін білім мазмұны, білім берудің түрлі жолдарын бүгінгі талапқа сай жаңартуға ұмтылуы заңдылық. Өткен материалдарды жинақтап қорытуда немесе жаңа сабақты бекіту кезінде тест түрлерін пайдалануда өте тиімді. Тест арқылы оқушылардың жауабы жалпылама емес, нақты берілетін болады. Дегенмен, әр мұғалім тест сұрақтарын өзі әзірлегені тиімді.

Тест оқушылардың білімін тереңдетуге, тиянақты білім жүйесін қалыптастыру үшін қажет.

Инновациялық білім беру әдістерінің ішінде педагогика ғылымының докторы, профессор Ж.Қараевтың « Деңгейлеп саралап оқыту» технологиясы бастауыш сыныпта бейімдеп оқытуға тиімді құралдың бірі. Бұл технологияның мақсаты – әр оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін біледі. Бұл технология дамыта оқыту технологиясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осы технология оқушылармен жұмыс жасағанда төмендегідей жетістіктерге қол жеткізеді.

*еркін ойлауға мүмкіндік беріп, ұжымдық іс – әрекетке тәрбиелейді;

*ақыл – ойын дамытып, жан – жақты ізденушілігін арттырады;

*тіл байлығын жетілдіріп, шығармашылық белсенділігін арттырады.

Президент жолдауындағы «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, жарыс, күрес, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Қазіргі заман талабы бойынша білім беруді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үдерісіне электрондық оқулықтардың енуі. Оқу материалдарын ұтымды игеруде электрондық оқулықтардың атқаратын рөлі зор. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. «Білім негізі бастауышта» десек оқушыларға жан – жақты, терең білім беруді мектептің алғашқы сатысы бастауыш сыныпта қадағалай отырып, мектеп табалдырығын жаңа аттаған балаларды психологиялық, пәндік тестермен қабылдап, оқушыларды әр бір сыныпқа көшіруде түрлі сынақтар алып, өздігінен білім алуға деген құлшынысын арттыра түсуіміз қажет. Бастауыш сыныптан бейімдеп деңгейлеп оқыту, ғылыми – зерттеу жұмыстарына баулу, ақпараттық технологияларды қолдану ерте жастан бастап оқушылардың бойындағы қабілет көзінің ашылып, дарынды, интеллектісі жоғары жеке тұлға қалыптасуына ықпал етеді. Осындай үздіксіз білім беру еліміздегі өркениетті елдер қатарына қосып, келешек ұрпақты білімді, білікті, саналы тұлға ретінде қалыптастыруға мол мүмкіндігін береді. Егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгіліктендіру мектепті осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты. Жаңа технологияның басты тиімділігі бұл мұғалімге бастауыштағы оқу үдерісінің құрылымын түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланыстарын күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасау. Жаңа технологияның негізгі ерекшелігі - бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз - өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістіктерінен ләззат алуға мүмкіндік беру. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда сабақтарды түрлендіріп өткізудің маңызы ерекше. Мұндай сабақтардың тиімділігін атап өтсек:

*оқушының танымдық ізденімпаздығы қалыптасады;

*сұрақтарды, мәселелерді терең талдауға үйренеді;

*шығармашылық ой – өрісі артады;

*ұжымдық ой – пікірлері жетіледі.

Біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс – әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Бұл уақыт талабы. Болашақтың бәсекеге қабілетті ХХІ ғасыр шәкіртін тәрбиелеу білім беру саласының еш назарынан тыс қалған емес. Соған сай ұстаз - ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, тынымсыз еңбекқор, ортаның ұйытқысы, жан - жақты шебер, терең қазыналы, шығармашылығы жоғары жеке тұлғаны қалыптастырып,

тәрбиелейтінімізге нық сенімдімін. «Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. «Надан жұрттың күні - қараң, келешегі - тұман» - деп М.Дулатов айтқандай егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Өз ұрпағын өнегелі, өнерлі абзал азамат болып өсуі үшін педагогикалық технологияларды шығармашылықпен оқу - үрдісіне тиімді пайдалану әр ұстаздың міндеті болып табылады.

Қорыта келе, бүгінгі таңдағы білім беру өзегіне айналып отырған мәдениет – білім - тарих бірлігі тілдің өткен тарихы мен бүгіннен сабақтастыратын жол. Яғни:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс – әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;

- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Мұндай жаңа жүйе, жаңа бағыттар жас ұрпақтың болашақ дамуының, сапалы білім мен саналы тәрбие құралы болуына бірден – бір негізі болып саналады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана 2004ж. 28 бет.

2.Жаңашыл педагогтар іс - тәжірибелері. Алматы 1991ж.

3. Педагогикалық ізденіс. Алматы 1990ж. 8-58, 58-100,147,215 беттер.

4.Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – Өркен 2007ж.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТА МҰҒАЛІМНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІНІҢ РӨЛІ

**Гайпназарова Бағдат Джолдыбаевна
магистр-оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Ажибекова Нурила Уразбаевна
БОПЖӘ мамандығының 2-курс студенті, М.Өтемісов атындағы БҚМУ**

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада «қабілет, дарын» сөздерінің мәні, мазмұны айқындалып, баланың бойында шығармашылық қабілеттерді, дарындылықты дамытудың теориялық негіздері қарастырылады.

Түйінді сөз: қабілет, дарындылық, вундеркинд, дарынды бала, дарынды баламен жұмыс.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается значение, содержание понятия «способность, одаренность» и теоретические основы развития одаренности и творческих способностей детей.

Ключевые слова: способность, одаренность, вундеркинд, одаренный ребенок, работа с одаренными детьми.

ABSTRACT

The article considers the meaning, content of the notion "ability, talent" and the theoretical bases of talent development and creative abilities of children.

Key words: ability, talent, prodigy, gifted child, work with gifted children

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев білім ордаларында білім мазмұнын жақсартудың алғы шарттарының бірі – дарынды балаларды таба білу, тәрбиелеп жетілдіру, бойындағы ерекше қасиеттерін дамытуға мүмкіндік туғызу қажет деп атап өткендей, дарынды балалармен жұмыс мәселесі қазіргі таңның өзекті мәселелерінің бірі болып отыр [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғашқы рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіп отырғаны белгілі. Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті қазіргідей әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар білікті мамандар қажет. Ал ондай мамандар дарынды балалардың ішінен шығады [2].

Күнделікті ауызекі сөзде "қабілет" деген атауды жиі қолданамыз. Мәселен, мұғалім оқушысына мінездеме бере отырып, осы баланың сурет сабағына не болмаса музыка пәніне қабілеті күшті екенін айтады. Мектепте оқушыларға түрлі қоғамдық жұмыстар жүктелгенде де олардың кейбіреулерінің ұйымдастырғыштық, екіншісінің - музыкалық, үшіншісінің - суретшілік қабілеті еске алынып, бұған ерекше мән беріліп отырылады. Бұл мысалдар әр адамның әрекеті бір түріне жарамдылығын көрсететін дара ерекшелігі болатынын байқатады. Мұндай ерекшеліктер іс - әрекетті орындау үстінде, әсіресе, оның нәтижесінен жақсы көрініп отырады. Мәселен, біреу қолына алған ісін бұрқыратып тез бітіріп тастайды және оны өте нәтижелі етіп шығарады. Ал екінші біреу өте баяу қимылдап әрі істі сапасыз етіп орындайды. Бұл мысалда да бірінші адамның іске қабілеттілігі екіншіге қарағанда әлдеқайда жоғары екендігі көрініп тұр.

Қандай да болмасын бірер нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды. Ол біреуде күшті, біреуде шамалы болып келуі мүмкін.

Қабілет адамның іс-әрекетінің белгілі бір түріне, өнер саласының біріне жарамдылығын жақсы көрсете алады. Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттерінің (музыкалық саңылау, түстерді жақсы ажырата алу, қолдың икемділігі, т.б.) қиысып келуін, яғни адам қасиеттерінің синтезін *қабілет* деп атайды.

Қабілеттің дамуы оны қажет ететін қызмет саласында және әрекетте үйрену үстінде көрініп отырады.

Қабілеттің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің, икемділік пен дағдының болуына байланысты болады. Мәселен, оқушыда техникалық қабілеттің ойдағыдай дамуы үшін техникалық конструкциялардың құрылысын жақсы білуі, оны тәжірибе жүзінде пайдалана алу қажет. Баланың білімі тереңдеп, икемділігі артып, дағдысы көбейе түссе, оның қабілеті де ойдағыдай дамып отырады.

Оқу - тәрбие процесінде қабілет, білім, дағды, ептілік сияқты психологиялық ұғымдарды өз мәнінде түсіне алмау - мұғалімдерді педагогикалық қателерге ұшыратуы да мүмкін.

Қабілет негізінен екіге бөлінеді.

Адамның ақыл - ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін көрсететін кез келген адамнан табылатын қабілет *жалпы қабілет* деп аталады. Ақылдың орамдылығы мен шыншылдығы, материалды еске тез қалдыра алу, зейінділік пен бақылағыштық, зеректік пен тапқырлық, т.б. осы секілді ақыл - ой әрекетінде көрінетін өзгешеліктер жалпы қабілет болып табылады.

Іс - әрекеттің жеке салаларында ғана көрініп, оның нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін қабілетті *арнаулы қабілет* деп атайды.

Адам қабілетінің дамуы қоғамдық прогреске, оның әлеуметтік сипатына ғылыми - техникалық прогресс байланысты болып отырады.

Адам қабілеттерінің жан - жақсы жетілуі еңбектің ескі бөлінісін, яғни ой еңбегі мен дене еңбегі болып бөлінуін, сөйтіп адамның белгілі бір кәсіпке немесе мамандыққа таңылып қоюын бірте -бірте жоюды көздейді.

Адамдардың қабілетінде жеке адамға тән айырмашылықтар да болады, яғни іс - әрекет нәтижесі - әр адамда әр түрлі. Адам қабілетінің даралық ерекшеліктеріне талант, дарындылық, данышпандық сияқты қасиеттер де жатады. Қабілеттіліктің жлғары деңгейде көрінуін "*талант*" деп атайды. Талантты адам істің белгілі саласында ірі жетістіктерге қолы жетеді.

Дарындылық - адамның белгілі бір іске деген айрықша қабілеттілігі, өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше қырынан көрсетуі. С. В. Кузнецова дарындылық ұғымына төмендегідей анықтама береді: оқушы дарындылығы — осы білімді кез - келген жағдайға қолдана алатын, білімнің кеңдігі, жас ерекшелігіне сәйкес жоғары белсенділігі, психикалық

процестерінің дамуының жоғары деңгейлігі, дұрыс ой-түйіндерге сүйене отырып, жұмысты жемісті орындауды қамтамасыз ететін психикалық қасиеттерінің жиынтығы [3, б. 86].

Әдебиеттерде «дарындылық» ұғымына сан түрлі сипаттамалар берілген:

- қызметтің табысты орындауын қамтамасыз ететін қабілеттердің сапалы өзіндік байланыстыруы;

- адам мүмкіндіктерінің кеңдігі мен қызмет өзіндігін айқындайтын жалпы қабілеттер немесе қабілеттердің жалпы сәттері;

- ақыл әлеуеті, немесе парасаттылығы, оқуға деген танымдық мүмкіндіктері мен қабілеттердің біртұтастық жеке сипаттамасы;

- қабілеттердің, табиғи көрсеткіштердің жиынтығы, қабілет табиғи себептерінің айқындалу және өзіндікі деңгейінің сипаттамасы;

- таланттық; қызметіндегі ұлы жетістіктер үшін қажетті ішкі шарттардың бірі.

Дарындылық адам психикасының өмір бойы жүйелі түрде дамып, басқалар мен салыстырғанда адамның бір немесе бірнеше іс-әрекет төңірегінде әдеттен тыс, сирек кездесетін жоғары нәтижелерге жету мүмкіндігі.

«Әрбір бала – болашақ данышпан» деген қағидаға ой жіберсек, ұстаз атаулының шәкірттерді дарынды, дарынсыз деп жіктеуінің үлкен қателік екенін сеземіз. Адам бойындағы дарындылықты психологтар соңғы жылдары 2 түрін көрсетті: *жалпы (интеллектуалды) дарындылық, нақты дарындылық.*

1. Жалпы дарындылық дегеніміз - жалпы икемдігі, есте сақтау қабілеті жақсы дамыған, ойлау қабілеті жан-жақты, кез-келген тақырыпта әңгімелесу, мәселелерді шешу және өз тәжірибесінде үйрену деп тұжырымдалады. Интеллектуалдық қабілеттер - жалпы дарындылық психологиялық ядросы болып табылады .

2. Нақты дарындылық дегеніміз - белгілі бір іс-әрекет аймағында, атап айтқанда музыкалық, көркемдік, спорттық т.б. қасиеттері бар балалар.

Дарынды балалар - өз құрбыларынан ақыл-ойының дамуымен біршама озатын немесе аса көрнекті арнаулы қабілеттерін көрсететін (музыкалық, көркемдік т.б.) балалар.

Барлық бала дарынды немесе өзіндік жеке дара ерекше қасиеті бар деген тұжырым педиатрлардың, педагогтардың, спорттық және көркем студиялардың маңызды мәселесіне айналды. Дарынды деп өз қатарларынан әлдеқайда дамыған немесе ерекше бір зейіні бар (музыкалық, көркемдік, спорттық т.б. қасиеттер бар) балаларды айтады; ғылыми тұрғыдан кәдімгі сөзде оларды жиі *вундеркиндтер* деп те айтады.

Дарындылықтың бірден-бір белгісі – тілдің ерте шығуы. Әсіресе, егер бала бөлек-бөлек сөздерден қарапайым сөйлемдерге көшсе, бұндай балалардың сөз байлығы да мол, әңгімесі де мәнерлі болып келеді және олар сөздің реңі мен нюанстарын іштей сезеді. Сөйлемдері ұзақ және орынды. Көп балаларда өзіл-оспақ қасиеттері кездеседі. Олардың есте сақтау қабілеті жақсы дамыған, ойлау қабілеті де жан-жақты. Дарынды балалар әдетте 4 жасында хат таниды, оқи алады. Тәжірибелі педагог-мұндай баланы өткір көзқарасынан және өзінің ерекше іс әрекетіне қарап көпшілік ішінен тез тауып алады. Егер ересектер мен бала қарым-қатынасында сенімділік болмаса, ең үлкен дарын да танылмай қалуы мүмкін. Дарындылық, сол сияқты қарапайым зейінділік жылулық сүйіспеншілік және қамқорлық ортада ғана ашылады.

Балалық шақтағы дарындылықтың ерте көзге түсуі (мысалы, есепке икемді баланың есепке шапшаң жауап беруі, музыкаға зейіні бар баланың әр кезде әндетуі, суретке икемі бар баланың сурет салуы) ата-аналардың, педагогтардың қамқоршылығын талап етеді. Дарынды балалардың мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану, дамыту мақсатында арнайы жасалынған бағдармалар арқылы оқыту жүргізіледі (мысалы, арнасы дарынды балаларға арналған арнайы физики - математика мектептері, баланың қабілетіне қарай әр түрлі үйірмелер, т.б.).

Дарынды балаларда бастапқы әлеуметтік бейімділік өз жасындағылардан ерте өтеді. Зерттеушілердің айтуынша, дарынды балалар жаңа жағдайға өте сезімтал келеді, бұл ерекше қиындықтарға әкеледі. Мұндай қатынас көбінесе оқу бағдарламасының қызық еместігінен, оларға оның жеңіл көрінуінен болады. Тәртіптің бұзылуы, бағдарламаның балалар қабілетінен

төмендігінен болуы мүмкін. Осының нәтижесінде дарынды бала әлеуметтік оқшаулануға түседі, ол тұйықталып қалады.

Танымға ұмтылу күшіне байланысты дарынды балалар ұстаздар мен ересектердің назарын манипуляциялайды. Бұл басқа балалармен қатынаста шиеленісті тудырады. [4, б. 288-290]

Белгілі психолог Н.С. Лейтес дарынды баланың негізгі қасиеттері мыналар деп көрсетті:

- ұқыптылық, жинақтылық, зейіннің тұрақтылығы, еңбек ету қабілетінің жоғарылығы;
- ақыл- ой, логикалық ойлаудың тездігі, кез келген жағдайды талдап салыстыра білу;
- барлық күш- қуатты сарқа жұмсап тынымсыз еңбек етуі.

Осы қағидаларды басшылыққа ала отырып кез келген баланың бойындағы қабілетті үздіксіз еңбек мұғалімнің ерінбей жалықпай үлкен ізденіспен жұмыс жасауының нәтижесін жүзеге асыруға болады.

Еліміздің жарқын болашағы, мектеп болашағы ұстаздардың ізденісіне, балаларға деген сүйіспеншілігіне, кәсіптік деңгейіне тікелей байланысты. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр.

Әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты - олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету, оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Дарынды баламен жұмыс сыныпта сабақ берумен шектелмеуі керек. Ол жұмыс-мұғалімнің қажырлы еңбегін, көп уақытын, педагогикалық шеберлігін қажет етеді.

Мектеп пен мұғалімнің міндеті оқушыларды оқыту ғана емес, сондай - ақ олардың қабілеттерін дамыту болып табылады. Қабілеттілікті дамытуда оқу жұмыстарының маңызы зор. Дегенмен, қабілеттілікті дамытуда оқу жұмыстарының маңызы зор. Дегенмен, қабілеттілікті дамытуда оқыту әр түрлі дәрежеде ықпал жасайды. Ал, қисынсыз әдістер (мысалы, түсінбей жаттап алу) дамытуға кедергі келтіруі мүмкін. Мектеп оқушысымен жеке қатынас жасай білу керек, олардың ерекшеліктерін ескеріп, соған сай тапсырмалар берген жөн. Күшті оқушыларға сабақта зерігіп кетпес үшін және үйде орындауға жетерліктей қосымша жұмыстар берген жөн. Нашар оқитындарға шамасы келетіндей талаптар қойып, бала нәтижелі орындай алатындай жеңілдеу тапсырмалар беріп, көбірек көмектесуге тура келеді.

Бала қабілетін тәрбиелеу үшін жүргізілетін жұмыстардың мазмұны мен түрлері сан алуан. Бұларды нақты жағдайларға байланысты жүргізе білу әрбір мұғалімнің негізгі жұмыстарының бірі - оқушылардың оқу әрекетін тартымды, мазмұнды, қызғылықты етіп ұйымдастыру. Мысалы, мұғалім жақсы үлгеретін оқушыларға талапты көбірек қойып, қосымша тапсырмалар беретін болса, "орташа" қабілеті бар балаларды да бақылаудан тыс қалдырмаған жөн. кей жағдайларда осындай балалардың табиғи мүмкіндіктері жеткілікті болғанымен, мұғалімнің назарынан тыс қалып қояды да, ол "орташа" оқушы болып кете береді. Сондықтан да оқушының келешегіне зор үмітпен қарау керек.

Дарынды оқушымен жұмыс жүйесіндегі мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты.

Жаңашыл педагогтер оқушының жеке тұлғалық абыройын барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға, жағымды эмоциональдық - педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады.

Сондай-ақ дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби қабілеттері мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет,

білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зертеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады.

Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілеті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар бере білу әр ұстаздың парызы.

Адамның дарындылығы оның жоғары жүйке саласының туа біткен қасиетімен тығыз байланысты. Дарынды балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет, себебі дарынды адам басқаға қарағанда көп пайда әкеледі. Әрбір дарынды адам, еңбекке бейім, ол шығармашылық тапқырлықпен жігерлі еңбек етеді. Бүгінгі күні дарынды балалармен жұмыс істеуге арнайы бағдарламалар жасалуда, көптеген елдердегі мектептер дифференциалданған білім беру жағына көшуде.

XXI ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн. Ең бастысы – дарынды баланы анықтау, оқыту, тәрбиелеу, дамыту – қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі қолға алынып отырған өзекті мәселе. Сондықтан мектептегі оқушылардың ғылыми қоғамдарының негізгі міндеті сыныптан тыс және үйірмелік жұмыс жүйесін оқу – тәрбие процестерімен байланыстыра отырып, ғылыми деңгейге көтеру керек. Еліміздің ертеңгі болашағы ұрпақ тәрбиесіне байланысты екені баршаға белгілі. Оқушы - жанып тұрған от. Оны өшіре салу, лаулатып, қыздырып жандыру, үстінен басып бықсытып қою, ол өз қолымызда. Табиғаттың бізге берген тамаша сыйын ерекше қабілетті оқушыны дарынға айналдыра білейік.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім туралы Заңы. Астана. 2008 жыл.
2. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
3. Кузнецова С. В. Формирование умственных действий. Под ред. Ю. Б. Гиппенрейтер, В. В. Петухова. —М.,1981-86с.
4. Жалпы психология негіздері. Оқулық-Алматы: 2012 - 288-290б

**СЕКЦИЯ 7. ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕП/
МАЛОКОМПЛЕКТНАЯ ШКОЛА**

**АУЫЛ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ
ЖҰМЫСЫН БАСҚАРУ**

**Кашкимбекова Шарбат Сарчуkenовна
Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы,
Мойынқұм ауылы, Т.Рысқұлов атындағы
тірек мектебінің (ресурстық орталық) директоры**

ТҮЙІНДЕМЕ

Берілген мақалада ауыл мектептерінде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен басқару мәселелері ашылған.

Түйінді сөздер: ұйымдастыру, басқару, ресурстық орталық.

АННОТАЦИЯ

В данной статье раскрыты вопросы организации и управления учебно-воспитательным процессом в сельской школе.

Ключевые слова: организации, управления, ресурсный центр.

ABSTRACT

This article deals with the organization and management of the educational process at the rural school.

Keywords: organization, management, resource center.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының тірек мектеп (ресурстық орталығы)-шағын жинақталған мектеп оқушыларының сапалы білім алуына қолжетімділігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 2012 жылғы 23 тамыздағы Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының №1080 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, облыста білім беруді дамытудың 2011-2015 аймақтық бағдарламасы және Қазақстан Республикасының шағын жинақталған мектептерді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында тірек мектептері (ресурстық орталық) ашылды. Соның бірі болып Мойынқұм ауданындағы Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі. «Мойынқұм ауданы әкімдігі білім бөлімінің Т.Рысқұлов атындағы тірек мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Тірек мектебі (ресурстық орталық) жағдайында дарынды балаларды оқыту мен дамытуды ұйымдастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбымен 2013-2018 жылдарға эксперимент алаңы болып бекітілді.

Ғалымдардың айтуы бойынша педагогикалық басқару - бұл білім процесінің тиімділігін көтеруге ықпал етуші қағидалар, әдістер және білім процесін ұйымдастыру формалары мен технологиялық тәсілдер жинағы. Ол өзінің тұлғалық бағыттылығымен сипатталады, практикада қолдану барысында менеджердің іс әрекеті өз қызметкерлеріне деген шынайы құрмет, сенім, олардың тұлғалық дамуына, жетістікке жетулеріне жағдай жасау негізінде құрылады.

Бұл негіздер басқарудың басты міндетін қамтамасыз етіп қана қоймайды - ұжымның қызметін және қызметкерлердің кәсіби қарым-қатынасын реттейді, сондай ақ басқарудың жетекші ролі оқу- тәрбие процесіне тартылған адамдар ұжымына мақсатты ықпал ете отырып олардың немқұрлы тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

Заманауи әлеуметтік, экономикалық үрдістер тоғысқан күрделі даму кезеңін бастан өткізіп отырған Қазақстан Республикасы зиялы қоғамның талап-тілектеріне толығымен

жауап беретін жауапкершілік сезімі жоғары, шығармашылық белсенділігі мен адамгершілік болмысы бірдей үндескен, бойындағы дара мүмкіндіктерін, интеллектуалдық қабілеттерін өз іс-әрекетінде шығармашылықпен қолдана алатын жеке тұлға тәрбиелеу мәселесін өзекті етуде. Сондықтан қазіргі заманауи мектептерінің басты міндеттерінің бірі – оқу-тәрбие жұмыстарын бірегей жүзеге асыру үрдісінде оқушылардың интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениеттің үздік үлгілері арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға қалыптастыру.

Қазіргі жаһандану заманында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, индустрияның қарыштап өсуі, мәдени дамудың әлемдік деңгейге көтерілуіне бет бұру кезінде, қоғамның сұранысы өсіп тұрған шақта дарынды балалардың интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруын қамтамасыз етудің маңыздылығын арттыруда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына мемлекеттік білім саясаты әр баланың және қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамытудағы өзекті мәселелер қатарына енгізілген. Оқушылардың дарындылығын дамыту мәселесінің өзектілігінің артуы ауыл мектебіндегі оқу-тәрбие үрдісіне жаңаша қарап, оны оқушының білім, білік, дағдыны меңгеру ғана емес, танымдық шығармашылық іс-әрекет және интеллектуалдық, шығармашылық үрдіс ретінде қарастыруды міндеттейді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған шағын жинақты мектептердің білім беру сапасын арттыру мәселесін шешудің бір жолы ретінде Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы Т.Рысқұлов атындағы тірек мектебі немесе ресурстық орталық құрылды. Оған О.Жандосов, Ә.Молдағұлова, Б.Момышұлы, Амангелді, Абай атындағы орта мектептер магниттік мектептер болып бекітілді. Эксперимент өткізіліп жатқан оқу жылдарында мектеп контингентінің толымдылығына байланысты О.Жандосов, Б.Момышұлы, Абай атындағы орта мектептер магниттік мектептер тізімінен шығарылып, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі магниттік мектеп болып қосылды.

Кесте 1 - Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы Т.Рысқұлов атындағы ресурстық орталық

№	Мектептің атауы	8 сынып	9 сынып	10 сынып	11 сынып
1	Абай атындағы орта мектеп	-	-	12	10
2	Ә.Молдағұлова атындағы орта мектеп	9	3	6	-
3	Амангелді атындағы орта мектеп	13	11	8	-
4	Б.Момышұлы атындағы орта мектеп	-	-	6	6
5	О.Жандосов атындағы орта мектеп	-	-	7	18
6	Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі	8	7	8	9
	Барлығы	30	21	47	43

Ресурстық орталық құрылудың басты себебі ауыл мектептерінің жоғары сыныбында оқушылардың аздығы, материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілу жағдайының жеткіліксіздігі, бейінді оқытуды ұйымдастыру, дарынды балалармен жұмыс жасау мүмкіндігінің жоқтығы болды.

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы басты міндет балалардың қабілеттері мен таланттарын жан-жақты аша түсу үшін дарындылықтың ерекшеліктерін анықтау мен айқындау болып табылады.

Бүгінгі қоғам жағдайындағы шағын жинақты мектептердің іс-тәжірибелеріне көз жүгіртіп қарайтын болсақ, басты проблема ретінде мектептердің материалдық жай-күйі, мүмкіндік дәрежесі, ішкі ресурстары мен қолжетімділік деңгейі басты назарға алынды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Егер ауыл – республика экономикасы дамуындағы маңызды фактор болса, ауыл халқы – еліміздің қоғамдық-саяси тұрақтылығының факторы болып есептеледі» деген сөзі де осыны меңзесе керек. Сондықтан ауылды сақтап қаламыз десек, оның мектебіне үлкен қолдау көрсетіліп, материалдық-техникалық базасын нығайтуға және кадрлармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге үлкен мән берілуі қажет.

«Тірек мектебі» ресурстық орталығы мемлекеттік білім беру стандартының деңгейін орындау, оның ішінде ауылдық жердегі мектеп оқушыларының білім сапасын көтеру және 12 жылдық білім беруге өту барысында бейіндік оқытуға көшуді қамтамасыз етудің бірден-бір мүмкіндігі болып табылады.

Жаңартылған білім беру мазмұнын іске асыру үшін мектеп ұстаздарының 26 пайызы сабақ беру әдісін жаңаша оқып, оқытудың 7 модулін игерді. Білім беру парадигмасы өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болды. Осы кәсіби даму оқу мен оқыту проблемаларын шешуге, мақсатты түрдегі жұмыстарды жақсартуға жеткізеді. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс - әрекетінің ғылыми - педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Ресурстық орталық ауыл жағдайында білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз етеді.

Мұндай жаңа жүйе ауылдық жердегі шағын жинақталған мектептегі оқушылардың сауаттану мен әлеуметтенуіне, бағытталған білім беру ісінде педагогтардың кәсіби күзіреттілігін дамытуына көмектеседі.

Ресурстық орталықтың мақсаты: жан-жақты базалық және бағдарлы білім беру мен тәрбиелеу негізінде ауыл балаларының қабілетін, қызығушылығын және жас ерекшелігін ескере отырып, сапалы біліммен қамтамасыз ету.

Біздің ресурстық орталықтың жұмысы сессиялық және сессия аралық. Бір оқу жылында күзгі (тағайындаушы) , қысқы (оқу), көктемгі (қорытындылау) сессиялар ұйымдастырылып келеді.

Ресурстық орталық сессиясы барысында кіріктірілген білім беру кешені ұйымдастыру дәстүрге айналып отыр, сессияларға тәжірибелі, жоғары санатты пән мұғалімдері тартылады.

Барлық сабақтар ресурстық орталықтың мақсатына сай ақпараттық коммуникациялық технологияларды және техникалық құралдарды тиімді пайдалану арқылы өткізіледі.

Сессия кезінде элективті курстардың жүргізілуі – оқушыға да, мұғалімге де ұтымды, оқушыларға болашақ мамандығына бағдар алды дайындықтың, қызығушылығына қарай таңдаудың болуы, белгілі бағыттағы білім, біліктілігін толықтыру, элективті курстар бойынша білім алудың өзгешілігі. Мұғалімдер оқушыға таңдау мүмкіндігін туғызып, пәндер бойынша белгілі бағытта тереңдетіп оқыту жағдайын пайдаланады, оқушыны шығармашылықпен ізденіске баулып, өзінің кәсіби потенциалын толық пайдалануына, кәсіби тұрғыда шыңдалуына негіз қалыптастырады.

Бүгінгі мақсат – дамушы емес, дамыған мемлекеттермен терезе теңестіру. Олай болса, сол елдермен тереземізді теңестіретін дарынды ұрпақ тәрбиелеу – тірек мектебі педагогтарының мақсаты мен міндеті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заң - [Электронды ресурс]– Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/> 2007 жыл.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, Ақорда, 2010 ж.

3. Сессияаралық және сессиялық кезеңдерде оқу – тәрбие процесін жоспарлау. Әдістемелік құрал./-Астана: Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы-2014 жыл.

4. Управление качеством образования в условиях ресурсного центра Методическое пособие.-Астана,-2014г.

РЕСУРСНЫЙ ЦЕНТР – РЕШЕНИЕ ПРОБЛЕМ МАЛОКОМПЛЕКТНЫХ ШКОЛ

Буркуталиа А.Т.,
Заместитель директора Аккемерского РЦ
Мугалжарского района Актюбинской области

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл баяндамада шағын кешенді мектептерде туындаған мәселелерді ресурстық орталық арқылы шешу жолдары көрсетілген.

Түйінді сөздер: ресурстық орталық, тәжірибе алмасу, шағын жинақталған мектеп, мамандандырылған білім беру, ынтымақтасу, әлеуметтік әріптестік.

АННОТАЦИЯ

На основе использования образовательных ресурсных опорных школ (ресурсных центров) укрепляются творческие связи между учителями школ, и развивается система обмена опытом.

Ключевые слова: ресурсный центр, обмен опытом, малокомплектные школы, профильное обучение, сотрудничество, социальное партнерство.

ABSTRACT

Through the use of education resource supporting schools (resource centres) creative links between schools' teachers are strengthening and the system of experience exchange is being developed.

Key words: resource center, experience exchange, small schools, profile training, cooperation, social partnership.

Динамичное развитие казахстанского общества, курс на ускоренную экономическую и социальную модернизацию, стремление к мировым интеграционным процессам требуют столь же неотложных изменений в системе образования.

Казахстан как стабильно развивающееся государство стремится стать частью международного образовательного сообщества. Важнейшей стратегической задачей образования является при этом сохранение лучших казахстанских образовательных традиций и обеспечение в то же время выпускников школ и вузов международными квалификационными качествами.

Глава государства, Нурсултан Абишевич Назарбаев, поставил задачу перед казахстанским образованием — образование должно стать конкурентоспособным, высококачественным.

Анализ образовательной ситуации сельских школ показал, что в большинстве своем они малокомплектные. В таких школах крайне трудно организовать углубленное изучение предметов и создать профильные классы. Идет снижение доступности образовательных услуг для учащихся, неудовлетворенность педагогических работников условиями труда, что вызвано:

- Отсутствием достаточного количества оборудованных учебных кабинетов, мастерских;
- Лабораторий, аудиовизуальных средств обучения, компьютеров библиотечного фонда;

- Не разработанностью методики преподавания для таких классов и отсутствием учебно-методического комплекса, обеспечивающего современное преподавание предметов;

- Необеспеченностью количественным и качественным составом педагогических кадров, способных работать в разновозрастных классах комплектах;

- Ограниченные возможности предпрофильной подготовки и профильного обучения.

- Отсутствие организаций дополнительного образования и культурных центров.

- Слабая материально – техническая база МКШ

- Устаревшая инфраструктура телекоммуникаций.

В итоге теряется значительный контингент молодежи, несостоявшихся будущих специалистов, владеющих профессиями затребованными местности. Поэтому актуальной на сегодняшний день проблемой является: необходимость создания нового образовательного пространства позволяющего решить задачи разноуровневого, многопрофильного обучения на основе требований социального заказа.

Одним из действенных, наиболее эффективных механизмов обеспечения качественным образованием обучающихся сельских школ в условиях перехода на 12 - летнее обучение является – ресурсный центр.

Идея ресурсного центра не нова. На сегодняшний день в ближнем зарубежье существуют ресурсные центры, которые решают конкретные образовательные проблемы. Есть ресурсные центры различного типа: по повышению квалификации, по профессиональному образованию, по развитию образовательных технологий, в рамках дополнительного образования и другие.

Для этого было предложено создание ресурсного центра на базе Аккемирской общеобразовательной школы, имеющих определенную материально-техническую базу. Ресурсная школа объединяет вокруг себя 3 малокомплектные школы (Елек, Коктобе, Котибар батыр условно именуемых магнитными, образуя целостную образовательную систему с едиными целями и задачами.

Миссия ресурсного центра: обеспечение качественным образованием всех детей сельской местности с учетом их способностей, склонности индивидуальных различий, на основе всестороннего базового и профессионального обучения и воспитания.

Цель: подготовка выпускника обладающего определенными специальными знаниями, необходимыми для непрерывного образования, умениями пользоваться обширной информацией, характерной для нашего времени, конкурентно-способного, физически и нравственно здорового.

Ресурсный центр представляет собой комплекс школ, образующих единую образовательную систему, которая позволяет интегрировать все имеющиеся ресурсы и за счет этого компенсировать недостающие ресурсы в отдельно взятых малокомплектных школах.

Интеграция ресурсов (материально-технических, кадровых, научно-методических и др.) позволяет обеспечить психологизацию, дифференциацию и индивидуализацию обучения, создать условия для профильного обучения учащихся.

Ресурсный центр является образовательным пространством адаптивного типа. Образовательная деятельность осуществляется в течение всего учебного года, а не в ограниченные периоды времени, и охватывает весь контингент учащихся независимо от уровня подготовленности.

Разрабатывается единая образовательная программа, календарно-тематические планы по всем предметам, программы профильного обучения, интегрированных курсов и т.д.

Управление ресурсным центром строится на принципах коллегиальности, сотрудничества, социального партнерства руководителей школ, педагогов, учащихся, их родителей и общественности.

Особенностью обучения детей в ресурсном центре является наличие сессий и межсессионных периодов. Для руководства сессией создается оргкомитет, в который входят члены научно-методического совета, предметно-цикловых комиссий, администрации школ ресурсного центра. Оргкомитет решает все организационные вопросы проведения сессий (расписание занятий, мероприятий и т.д.), затем подает директору РЦ анализ итогов сессий.

Сессии проводятся 3 раза в год на базе ресурсной школы. Прибывшие на сессию дети обеспечиваются питанием, проживаем, для них организуются мероприятия развивающего характера. В РЦ работают медико-психологическая служба, спортивные и тренажерные залы, столовая, библиотека, центр информационных технологий. Учащиеся малокомплектных школ получают помощь квалифицированных специалистов в преодолении учебных затруднений по базовым дисциплинам, овладевают практическими навыками в рамках профилей, при этом общая информационно-культурная среда для них значительно расширяется.

В межсессионный период образовательный процесс осуществляется на основе дистанционного обучения и организуется педагогами - тьюторами. При этом используется соответствующий учебно-методический комплекс: аудиовизуальные средства, рабочие тетради, электронные учебники, аудио-видеокассеты. Через локальную сеть организуется консультативная работа ученика, тьютора и учителя-предметника. Большое внимание в сессионный период уделяется проектировочной и научно-исследовательской работе учащихся.

Использование проектной технологии предполагает хорошо продуманное, обоснованное средства обучения. Внедряя данную технологию в РЦ, предполагается достигнуть планируемых результатов в виде компетентностей разрешения проблем, в том числе информационной и коммуникабельной.

Ресурсные центры в полной мере являются инновационными образовательными организациями и обеспечивают современные формы обучения, где используются все возможности современных образовательных технологий. Компьютерные классы, мультимедиакабинеты позволяют использовать новые технологии в обучении, внедрить дистанционное обучение.

Существенно меняется роль преподавателя. Речь идет о новой роли и функциях преподавателя. Специфика дидактического процесса дистанционного обучения вызвала необходимость ввести термины тьютор, тьюториалы, эдвайзер и другие. Например, тьютор — координатор проекта, который может дать разъяснение, проконсультировать учителя МКШ по любому вопросу, начиная с организационных и заканчивая методическими. Тьюториалы — учебные занятия с группой учащихся одного возраста. Тьютор выступает в роли консультанта, организуя самостоятельную деятельность учащихся. Педагог — координатор, который разрабатывает методологию и программы предметного обучения. Педагог – эдвайзер — это стратег, проектирующие образовательную систему школ в соответствии с потребностями учащихся, их родителей и общества в целом. Ресурсный центр является площадкой для продуктивного профессионального общения, взаимообучения и взаимообогащения, это среда активного профессионального саморазвития педагогов.

Создание ресурсного центра позволит сохранить школы как интеллектуально-культурные центры села. А самое главное — на этапе перехода к 12-летнему образованию — решается проблема профильного обучения. Создаются условия для подготовки сельских школьников к освоению различных профессий, к труду в различных сферах деятельности.

Ресурсный центр интегрирует кадровый, материально-технический и учебно-методический потенциал всех входящих в него школ и тем самым обеспечивает полноценное базовое и профильное образование на селе. Школьники овладевают современными информационными технологиями, необходимыми для дальнейшей

профессионализации. При этом дети обучаются без отрыва от семьи и привычных условий жизни. Тем самым обеспечиваются условия для развития индивидуальности, самореализации каждого ученика, удовлетворения его разнообразных образовательных потребностей, получения качественного образования и в целом успешной социализации ребенка.

Список литературы:

1. «Новые подходы к содержанию и организации деятельности учреждений в условиях перехода к 12-летнему образованию» - 2006
2. «Сборник нормативно-управленческих материалов ресурсных центров Карагандинской области» - 2010
3. «Методические рекомендации по организации деятельности образовательного комплекса «Ресурсный центр» - 2011
4. «Организация образовательного процесса опорной школы – Ресурсного центра в условиях перехода на 12-летнее обучение» - 2011

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕР ЖАҒДАЙЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Қалқабаева Асипа Асанқызы
№18 А.Қосанұлы атындағы
тірек мектебінің (ресурстық орталық) директоры
Қыдырбаева Кумискуль Турапбековна
№18 А. Қосанұлы атындағы тірек мектебі (ро)
директорының бағдарлы оқыту
ісі жөніндегі орынбасары**

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектепті әлеуметтік орта ретінде дамыту негізінде бейіндік оқытудың және барлық оқушылардың сапалық білімге қол жеткізуін ұйымдастырудағы мүмкіндіктер мәселелері қарастырылған.

Тірек сөздер: әлеуметтік орта, бейіндік оқыту, сапалы білім, мектепті дамыту, басқару.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются возможности организации профильного обучения и достижения качественного образования доступного для всех школьников на основе развития школы как социальной среды.

Ключевые слова: социальная среда, профильное обучение, качественное образование, развитие школы, управление.

ABSTRACT

The article studies the opportunities of profile training and the achievements of quality education that is available for all learners on the basis of the school development as social environment.

Key words: social environment, profile learning, quality education, development of school, management.

Білім беру жүйесінде тың идеяларға негізделген білім берудің жаңа мазмұнын қамтамасыз ету-заман талабы. Осы негізде 2014-2015 оқу жылынан бастап мектеп оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын теориялық тұрғыда негіздей отырып білім және бейіндік дағдыларын қалыптастыратын,

әдістемелік, тәжірибелік-эксперименттік ресурстық орталық болып, магниттік мектептермен бірлесе отырып жұмыс жүргізуде. Оқушылар санының аздығы бәсекелестікті және коммуникативті іскерліктердің дамуын төмендететіні белгілі. Шағын жинақты мектептің жағдайлары оқушыларды бейінді пәндермен және олардың кәсіби бағытын ескеретін таңдау бойынша курстармен толық қамтамасыз ете алмайды. Осы орайда шағын жинақты мектептегі қызметті ұйымдастыруды дамытатын педагогикалық орта құрылып, осының негізінде оқушылардың өзара нәтижелі әрекеттестігі мен өздігінен білім алу идеялары жүзеге асырылуда. Шағын жинақты мектептер жағдайында инновациялық білім технологияларын жасау – уақыт талабы. Уақыт талабына сай оқу процесін ұйымдастыруда тиімді педагогикалық технологиялар: деңгейлеп оқыту, саралап оқыту, ұжымдық оқыту, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану, модульдік оқыту, сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу қолданылады. Эксперименттік тәжірибеге қатысушы ұйымдар:

Кесте 1 – Эксперименттік тәжірибеге қатысушылар туралы мәлімет

Эксперименттік зерттеуге қатысушылар	Мекен жайы	Мектеп директоры
Білім беру ұйымдарының барлығы		4
№ 18 А.Қосанұлы атындағы тірек мектебі (рo)	Меркі ауылы	А.А.Қалқабаева
№ 22 орта мектебі	Екпінді ауылы	Қ.Атыханова
№34 Қызыл таң орта мектебі	Қызыл таң ауылы	Е.А.Далиев
№35 орта мектебі	Қарға батыр ауылы	М.И.Алимбеков

Мектеп өзінің білім беру әрекетінде мынадай қағидаларға бағдарланды:

- магниттік мектептердің білім беру процесін біріктіру және синхрондау мақсатында сессияаралық және сессиялық кезеңдердегі нақты, әрі бірізді өзара байланысқан бағдарламаларды әзірлеу;

- сабақтарда, қосымша сабақтарда, шығармашылық зертханалар мен шеберханаларда, сыныптан тыс шараларда оқушыларды әлеуметтендіру және жағымды ынтаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау;

- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға жағдайлар жасау;

- бейіналды дайындық және бейінді оқытуды ұйымдастыру арқылы оқушылардың ерте бейінділігін дамытуға жағдай жасау;

- шеберлік сабақтарын, коучингтер мен семинарлар ұйымдастыру арқылы мектептің әдістемелік бірлестігінде және пән кафедраларында «бірдейлерді өзара оқыту» (магниттік мектептердің мұғалімдерін оқыту) негізінде ресурстық орталықта (тірек мектебі) қызметті ұйымдастыру.

Мектепте магнитті ШЖМ-нің оқу-тәрбие жоспарларын ескере отырып оқу-тәрбие жұмысының бірыңғай жоспарлары, бірыңғай жұмыс оқу жоспарлары, бірыңғай күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, әдістемелік жұмыстың жоспары, сессияаралық кезеңді жүргізу жоспары, тікелей сессияны жүргізу жоспарлары, қашықтықтан сессия өткізу жоспарлары, жобалық, зерттеушілік, бейінді бағыттағы арнайы курстардың бірыңғай бағдарламалары, оқытудың жеке маршруттарын әзірлеп, жүзеге асырылады. Мектеп базасында шағын жинақты мектеп оқушыларына жылына үш рет (оқу жылының басында, ортасында және соңында) 10 күннен оқу сессиялары (бастапқы – қазан айының

бірінші онкүндігінде, сессияаралық – ақпан айының бірінші онкүндігінде және қорытынды сәуір айының үшінші онкүндігінде) ұйымдастырылады.

Сессия басталғанға дейін магнитті ШЖМ білім алушыларын кіріспе тестілер алынып, оларды оқытудың жеке маршруттары анықталып, сессияаралық кезеңдегі жұмыс жоспарланады. Оқу-тәрбие жұмысының дұрыс ұйымдастырылуынан шағын жинақты мектеп оқушылары сессия кезінде оқу процесіне белсенді қатысып, физика, химия, биология сабақтарында толық жабдықталған кабинеттерде зертханалық жұмыстарды орындауға және ақпараттық технологияларды белсенді қолдануға мүмкіндік алады.

Магниттік мектеп оқушыларының қабілеттері мен біліктілік талаптарына сәйкес ауыл шаруашылығының кәсіби саласына бағдарлануы үшін мектепте «Педагогикалық шығармашылық» орталығы жүйесі құрылды.



Сурет 1. “Жас қыран шығармашылық” орталығының жұмыс жүйесі

Сессия кезінде оқушылардың даму динамикасы:

1. Ашық журнал;
2. Жеке тақырыптар бойынша сынып оқушыларының білім сапасының мониторингі;
3. Жеке оқушы күнделігінің парағы,
4. Жеке оқушының (бір модуль бойынша) даму мониторингі арқылы
5. Оқушыларды бағдарлы оқыту «Абайтану», «Дінтану негіздері» «Химиядан есептерді шешудің әдіс-тәсілдері мен мысалдары» қолданбалы курс,
6. «Мұртаза мұрасы» «Абайтану» таңдау курсы,
7. «Шахмат», «Теңбіл доп», «Ұлттық ойындар»,
8. «Жасыл дәріхана», «Ұлттық қолөнер», «Асыл қазына», «Шебер қолдар», «Қылқалам», «Сықырлы бояулар», «Қазақстанның өсімдіктер әлемі» үйірмелері арқылы жүзеге асады.

Жаңа ұлттық білім беру моделін іске асыруға арналған бағдарламалар, яғни, магниттік мектептер жағдайына байланысты жүйеленіп, жаратылыстану - математикалық және қоғамдық - гуманитарлық бағыт бойынша 10-11 сынып оқушыларына арналған курстар өткізіледі.

Қорытындылай келе, Қазақстанның білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып жатқан бейінді оқыту әдісі оқушылардың әр түрлі категорияларына ынта-ықыласы, талап-тілегі, қабілет-қарымына, бейімділігіне қарай толыққанды білім алуға теңдей қол жеткізілімін қамтамасыз ету және оқу сапасын арттыру мәселесіне бағытталған. Бейінді оқытудың сапасы білім беру ұйымдарының сыртқы орта өзгерістеріне, қоғам талап-тілектеріне, әлеуметтік тапсырысқа қаншалықты деңгейде жауап бере алатындығына, педогогикалық тұрғыдан өзін-өзі ақтаған әдістер мен технологияларды қаншалықты дұрыс таңдай алатындығына, білім беру үдерісі субъектілері қызметіне жасалатын сараптаманың қаншалықты объективті болатындығына және олардың қаншалықты жүйелі жүргізілетіндігіне байланысты болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, Ақорда, 2010 жыл.

2. Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнының жаңарту шеңберінде педогог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы №32 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы».

АҚКЕМЕР ТІРЕК МЕКТЕБІ МЕН ЕЛЕК МАГНИТТІК МЕКТЕБІ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

**Каршигина Г.А.,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық
Елек магниттік мектебі**

ТҮЙІНДЕМЕ

Ресурстық орталық – бұл шағын жинақты мектептер оқушыларының бейімделген, әр деңгейлі, көп салалы, саралай және терең білім алуына жағдай жасайтын, оқу- тәрбие үрдісінің әрекеттерін бағыттап отыратын жалпы орта білім беретін ұйым.

Түйінді сөздер: магниттік мектеп, ресурстық орталық, үздіксіздік, қоғамдастық, тәжірибе алмасу.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются вопросы преемственности магнитных школ с ресурсным центром. Такая преемственность носит разносторонний характер, направлен как на ученика, так и на педагогов.

Ключевые слова: магнитная школа, ресурсный центр, преемственность, содружество, обмен опытом.

ABSTRACT

The article examines the questions about continuity of magnetic schools with a resource center. This continuity is multifaceted, it aimed at both the learner and the teacher.

Key words: magnetic schools, resource center, a continuity, commonwealth, exchange of experience.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай «Ертеңін ойлайтын, болашағына үмітпен қарайтын көшпелі ел, ең алдымен ұрпақ тәрбиесіне, шәкірт біліміне ерекше назар аударады, қандай байлық болмасын, оның түбі бір сарқылатыны хақ. Сарқылмайтын, терең бойлаған сайын, керісінше еселеп арта беретін бір байлық бар, ол - білім».

Қазіргі кезде барлық қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті әлемдік стандарттар талабына сай келетін сапалы білім алу ерекше өзектілікке ие болып отыр. Ауыл мектептеріндегі білім беруді дамыту саласындағы мемлекеттік саясат толыққанды білім

беру ортасын қалыптастыруға бағыттталып, материалдық – техникалық базасы нығайтыла отырып, ауыл баласының білім сапасындағы айырмашылықтарды жою нақты қолға алынуда. Ауылдық жердегі мектеп оқушыларының білім сапасын көтеру және жаңа білім беру мазмұнына өтуге дайындық ретінде бейіндік оқытуды енгізу мәселелерін шешудің бір жолы – ресурстық орталықтар ұйымдастырылуы. Білім беру жүйесі қазіргі кездегі нәтижеге бағытталған білім беру бағытында оқушылардың білімін көтеру әр сабақты жоспарлағанда оқу технологиялар әдістерімен толықтыру мақсаты талап етілуде.

Осы мақсатты жүзеге асыруда оқу-тәрбие үрдісін жандандырып жүрген біздің магниттік мектептердің ресурстық орталығы — Ақкемер тірек мектебі болып табылады. Ресурстық орталықтың **материалдық-техникалық** базасы қазіргі заман талабына сай - информатика, физика, биология және мультимедиялық кабинеттермен жабдықталған.

Сол себепті магниттік мектептердің балалары Ақкемер тірек мектебінде теориялық білімін практикамен ұштастыруларына мүмкіндік бар. Тірек мектебінде магниттік мектептің оқушылары жаңа ортаға бейімделеді, бірлесе жоспарлау, пікір алмасу жұмыстарын жүруге үйренеді. Сессияаралық кезеңдегі теориялық білімді практика түрінде бекітуге арналған блоктар өткізіледі. Бала мұғалімнің басшылығымен тек тәжірибе жасап қана қоймай, өз бетімен жұмыс жасауына, дағдысын қалыптастыруға, талдап – қорытындылауы үшін мұндай сабақтар екі сағатқа жоспарланады. Зертханалық жұмыстар баланың қызығушылығын арттырады және біздер үшін өзекті нәрсе. Бұрын ауыл балалары тек гуманитарлық бағытты ғана таңдаса, кейінгі 2-3 жылда басым көпшілігі химия, физика, биология пәндерін таңдауда.

Оқушылар жылына 3 рет сессияға барады. Бірінші оқу сессиясы кезінде Елек магниттік мектебінің оқушылары бірінші күннен-ақ қызығушылық танытты, сессия соңындағы сауалнама нәтижесі бойынша көп, жаңа, қызықты ақпарат алғандарын атап өтті. Ресурстық орталықтағы мұғалімдердің жұмысы магниттік мектептің оқушыларына оқытудың жаңа технологиялармен танысуға және білім алуда өздерінің белсенділік таныта білуіне мүмкіндік берді. Интерактивті құралды қолдану, арнайы пәндік құралдарды, көрнекіліктерді пайдалану оқушыларға мектеп пәндері жайлы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік берді. Сессияның алғашқы сабақтарын барлық сыныптардан тест жұмысын алумен басталды. Себебі жылдық нәтижелерді салыстыра отырып, мониторинг жасау үшін алғашқы білім көрсеткіштерінің маңызының зор екені белгілі. Оқушылардың оқу жылының басында көрсеткен білім сапасы «қанағаттанарлық» деңгейде болды.

Базалық және бейіндік пәндер бойынша мұғалімнің ұсынысы оқушының талап – тілегіне сәйкес (математика, тіл, тарих) қосымша сабақтар қойылды Соңғы сабақтар әрқашанда бейіндік пәндерге беріледі. Онда барлық мектептен жиналған оқушылар таңдаған пәндері бойынша бірлесе жұмыс жасайды.

Сессия барысында кіріс-шығыс, жалпы және жеке бақылау жұмыстар жүргізіледі. Олар:

- күн сайын әр пән бойынша оқушының білім дәрежесін бақылау;
- мақсат пен нәтиженің айырмасы арқылы білім дәрежесінің өсу динамикасын айқындау;
- қиындық туғызатын аймақтардың қаншалықты азайғанын қадағалау және соған байланысты сессия аралық кезеңге технологиялық карта дайындау.

Магниттік мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін шыңдау мақсатында сыныптан тыс жұмыстар да (үйірмелер, қосымша сабақтар, сайыс, байқаулар) жүргізіледі.

Биылғы оқу жылының өзгешелігі – бұл оқытудың түбегейлі жаңа сапасына қол жеткізу мәселесіне баса назар аудару. Ойлай білуді және білімді ала білуді дамыту – бүгінгі таңда әр адамға белсенді өмірінің әр күніне ауадай қажет.

Сонымен қатар, Елек магниттік мектебінің мұғалімдері әр түрлі топтық жұмыстар барысында мұғалімнің тәжірибесі мен оның зерттеу жұмысының маңыздылығы жайлы өз ойларын ортаға салып, пікір алмасып отады.

Алдағы уақытта да Ақкемер тірек мектебі мен Елек магниттік мектебі арасындағы сабақтастық жалғасын таппақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. «Қазақстан- 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты халыққа жолдауы // егемен Қазақстан. 4.12.2012-Б.7-8.
2. Жазыбаева Ж.С. Оқыту үдерісінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану. № 4 Алматы. Білім.2011ж.
3. Әлімов А.Қ. Интербелсенді мектепте қолдану. Оқу құралы А.Қ.Әлімов Асхат Қамзаұлы - Астана: «Назарбаев Зияткерлік» ДБҰҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014 – 188 бет.

ПУТИ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ

**Усембекова Дания Сабыровна
№25Ақтөбе тірек мектебінің (РО)
орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Жамбыл облысы, Жуалы ауданы. Қазақстан**

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала қазіргі таңдағы орыс тілі сабақтарындағы функциялық сауатылықтың көкейкесті мәселесіне арналған. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің негізгі міндеті оқушыға белгілі бір деңгейде білім беріп қана қоймай, оқушылардың мектептен тыс уақытта орыс тілінде еркін сөйлеуіне мүмкіндік туғызу. Автор орыс тілі сабақтарында қандай әдіс – тәсілдерді қолдануға болатындығын баяндайды. Грамматикалық тапсырмалардың ерекшеліктеріне талдау жасай кем, әдістерді бірлесіп қолданудың қажеттілігін айтады. Орыс тілі пәнінен өткізілген сабақтардың негізінде автор қолданылатын әдістер мен грамматикалық тәсілдерді тәжірибе жүзінде талдаудан маңызына тоқталады.

Түйінді сөздер: функционалдық сауаттылық, орыс тілі, әдістер, тәсілдер, технологиялар, грамматикалық тапсырмалар, тілі, функциясы.

АННОТАЦИЯ

Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме функциональной грамотности на уроках русского языка. Основной задачей учителя русского языка и литературы это дать определенные знания по русскому языку, чтобы учащиеся за пределами школы могли свободно владеть русской речью. Автор затрагивает какие методы и приемы можно использовать на уроках русского языка. Проанализированы характерные особенности грамматических заданий. Выявлена и обоснована необходимость совместного использования методов. На основе проведенных уроков русского языка автор говорит о практическом значении толкования методов и приемов грамотности.

Ключевые слова: функциональная грамотность, русский язык, методы, приемы, технологии, грамматические задания, язык, функция.

ABSTRACT

This article is about actual problem of functional literacy on the lessons of Russian language. The main task of the teacher of Russian and Russian literature is to give definite knowledge for Russian language, in order pupils can speak Russian fluently. The author affects what methods and ways can use in the lessons of Russian language. He analyses the typical peculiarities of grammatical tasks. It exposed and based necessity of combined of using methods. The autor tells about practical meaning of interpretation methods and ways of literacy on the basis lessons of Russian language.

Key words: functional literacy, russian language, methods, techniques, technologies, grammatical tasks, language, function.

Язык – величайшее достижение человечества, важнейшее средство социализации личности, самый эффективный способ интеграции народов и государств. Вся общественная жизнь приводится в движение и осуществляется посредством языка. Подобно реке, то плавно несущей свои воды по гладкой равнине, то низвергающейся бурным потоком в горных ущельях, язык знает и периоды относительного зстоя, и ускоренного обновления.

В наше время идет активный процесс модернизации казахстанского образования и его адаптация в мировом интеграционном пространстве. Поднятие статуса образования в стране на международный уровень будоражит умы многих людей. Понятно стремление в корне изменить не только его устаревшую систему, но и демократические формы устройства общества ставят людей перед необходимостью искусного владения словом. И мы, учителя, сводим курс обучения не только к постижению норм языка, работе над точностью, выразительностью, образностью речи, но и уделяем внимание развитию коммуникативных умений, основным этапом работы над речью. И судьба русского языка – тема, которая не может оставить равнодушным ни одного словесника.

Решая проблему воспитания у учащихся интереса к изучению русского языка, следует учитывать что русский язык – предмет огромного мировоззренческого потенциала, большой функциональной значимости.

Вхождение РК в мировое образовательное пространство, обусловившее переход на 12-летнее образование, требует от педагогической общественности нового взгляда на профессиональные задачи и способы их решения. В условиях решения задачи вхождения Казахстана в число 30 развитых стран мира главными качествами личности являются инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, умение выбирать профессиональный путь, готовность обучаться в течение всей жизни.

По результатам исследований показывают, что педагоги дают сильные предметные знания, но не учат применять их в реальных жизненных ситуациях. Учащиеся не обладают достаточной способностью понимания и осмысления текстов различного содержания.

Русский язык выполняет функцию межнационального общения, используется в качестве официального языка в нашей республике. Также имеет важное международное значение, так как является одним из распространенных языков в мире.

Выпускник средней школы должен быть успешным в жизни, а система образования обязана ему в этом помочь, снабдив соответствующим ресурсом. Он должен быть подготовлен к тому, что за годы своей трудовой деятельности ему придется менять свою жизнь не раз и не два, всякий раз беря на себя ответственность за сделанный выбор: профессии, вида деятельности, места службы и даже жительства. Вчерашний выпускник и полноценный гражданин общества должен владеть универсальным для любых условий способами извлечения любых знаний и освоения любых навыков.

В своей статье хочу сказать, в инструктивном методическом письме сказано, что важным инструментом внешнего оценивания качества образования являются международные сравнительные исследования PISSA, TIMSS, PIRLS и т.д. Одним из главных показателей качества знаний и умений учащихся в аспекте международных сравнительных исследований выступает функциональная грамотность. Под функциональной грамотностью понимается способность использовать знания, умения, навыки (ЗУН), приобретенные в школе для решения широкого диапазона жизненных задач в различной человеческой деятельности, а также в межличностном общении и социальных отношениях. Виды функциональной грамотности, которые оцениваются в рамках внешней оценки учебных достижений учащихся : грамотность чтения на уроке русского языка.

Под грамотностью чтения понимается способность учащихся к осмыслению письменных текстов и рефлексии на них, использования их содержания для достижения собственных целей, развития знаний для возможностей для активного участия в жизни общества. Оценивается не техника чтения и буквальное понимание текста, а понимание и рефлексия на текст, использование прочитанного для осуществления жизненных целей. Функциональная грамотность есть определенный уровень знаний, умений и навыков, обеспечивающих нормальное функционирование личности в системе социальных отношений, который считается минимально необходимым для осуществления жизнедеятельности личности в конкретной культурной среде.

Основная миссия педагога при этом заключается в том, чтобы обеспечить обучающимся получение качественного образования с учетом индивидуальных потребностей, особенностей, творческих запросов обучающихся, обеспечить формирование творческой личности.


Именно воспитанию творческой и активной личности, умеющей учиться, самосовершенствоваться и самостоятельно добывать знания, и подчиняются основные задачи современного образования.

Русский язык является одним из ведущих предметов гуманитарного цикла в системе школьного образования. А изучаемые теоретические сведения по предмету способствуют формированию и развитию практических навыков.

Немаловажно при этом соблюдать следующие принципы:

- лично-ориентированные;
- культурно-ориентированные;
- деятельностно-ориентированные.

Работа над формированием функциональной грамотности обучающихся опирается как на традиционные методы и формы обучения, так и на инновационное обучение. После прохождения курсов, разработанным Центром педагогического мастерства совместно с Кембриджскими подходами преподавания, я поняла и узнала очень много нового. Программа основана на конструктивистских теориях обучения, я открыла для себя семь взаимосвязанных модулей, которые способствуют развитию ученика и тому, как учиться. Новые подходы помогают ученику понять и взять ответственность за свое обучение. На моих уроках важное и первое, что я применила это диалоговое обучение. Развитие связной речи устанавливает речевой контакт. То есть диалог.



Вступить в диалог – значит войти в ситуацию общения. Быть коммуникабельным – это один из важных качеств, которое ценится сегодня, в конкурентоспособной личности.



Рисунок 1 – Диалоговое обучение сельских школьников

На уроке преподаватель должен создать ситуацию общения, для чего необходимо обилие «нужной» информации и иллюстративного материала. Эффективно используется модуль обучения критическому мышлению. Через чтение и письмо, которые эффективно помогают развитию и формированию коммуникативной компетенции учащихся. На этапе побуждения стратегия «Аквариум» требует ответа на простые вопросы. Но простые вопросы являются мостиком для оглашения темы урока. Диалог-аквариум позволяет вступить в диалог с учеником. Диаграмма Венна также помогает сформулировать тезисы по нахождению отличия и сходства предмета. Ученик тезисами отмечает свои мысли и систематизирует информацию. В данном случае развивается монологическая речь, то есть это первые шаги к анализу. Стратегия «Ключевых слов» требует активизации речевого акта субъекта процесса, так как ученики, включая свою фантазию, используя данные слова, учатся строить связный текст. Чтобы выразить свою мысль, необходимо владеть богатым словарным запасом. Ключевые слова – это слова-сигналы, с помощью которых ученик вместе с учителем находит свою истину, сочиняет свою историю. Но при всём многообразии и эффективности уроков также можно использовать отдельные моменты. Это могут быть словарные диктанты. Интересное представление новых словарных слов помогает эффективному усвоению и развивает важнейшие интеллектуальные качества школьников и развивает речемыслительные процессы. При этом учитываются возрастные особенности учащихся.

Виды словарных диктантов:

- диктант-алфавит;
- тематический диктант-алфавит;
- терминологический диктант;
- диктант-пазл;
- диктант на одну букву;
- диктант с иллюстрациями;
- диктант-кроссворд;
- выборочный диктант;
- творческий диктант.

Одним из видов словарных диктантов может быть терминологический диктант, в котором нужно узнать слова по толкованию лексического значения. Для этого вида подбираются слова на одно правило. Например, изучается правило о написании Ы и И после Ц. Диктант проводится следующим образом: я читаю и задаю вопросы, а дети отвечают одним словом-термином.

*Как называется дословная выдержка из текста?-ЦИТАТА.

*Каким словом можно назвать обязательное для всех подчинение установленному порядку, правилам?-ДИСЦИПЛИНА,

*Как называется предмет для вычерчивания окружностей, дуг?-ЦИРКУЛЬ,

*Как называется систематизированное собрание каких-либо предметов?-КОЛЛЕКЦИЯ,

Одновременно идет и орфографическая работа, и работа со словом.

При изучении разных орфограмм можно проводить аукцион трудных слов. Проводить можно и устно, и письменно. Например, нужно назвать слова, которые имеют в своем составе исторический корень –ЧАР-. В значении „волшебство, колдовство,, Чаровать, очаровать, очарование, очаровательный, чародей, чародейка, чаровница, разочаровать, разочарование и другие.

Одним из действенных средств, способных вызвать интерес к уроку и развивать функциональную грамотность, являются дидактические игры или фрагменты. При включении детей в ситуацию дидактической игры интерес к учебной деятельности резко возрастает, изучаемый материал становится для детей более доступным, работоспособность увеличивается. Это могут быть такие игры, как: «Четвёртый лишний», «Слабое звено», «Найди лишнее слово», «Закончи предложение».

Одним из видов дидактической игры может быть сочинение лингвистической сказки. При изучении правила о чередовании гласных в корнях –ГАР –ГОР- или изучении правила о правописании приставок ПРЕ- и ПРИ-. Если персонажами сказки будут эти приставки, то придумаем ситуацию, в которой ПРИ- совершала бы присущие ей действия, а ПРЕ- получала бы оценочную характеристику. Возможное начало:

«За тридевять земель, в царстве грамматики жили племена приставок и суффиксов. В одном из домов жили неразлучные подружки, приставки ПРЕ- и ПРИ-». Дети продолжают самостоятельно.

Перспективным в плане повышения уровня функциональной грамотности . представляется мне проектная и исследовательская деятельность. Она позволяет эффективно развивать критическое мышление, исследовательские способности аудитории, активизировать творческие способности и творческую деятельность обучающихся. Исследовательская деятельность стимулирует на каждом этапе обучения природную любознательность и направляет её по пути специально организованного поиска ответов на вопросы, приучая таким образом к самостоятельности мышления и более глубокому погружению в интересующий материал.



Рисунок 2 – Работа в парах

Большое значение в повышении функциональной грамотности обучающихся имеют уроки развития речи или отдельные элементы речетворчества на уроках русского языка и литературы. Научиться писать сочинение- значит научиться мыслить, видеть, анализировать увиденное, высказывать свою точку зрения. Для развития речи обучающихся я часто использую сочинения – миниатюры, изложения - миниатюры, которые развивают образное мышление ребенка. Например, при изучении имени прилагательного в 6 классе пишем сочинение-миниатюру о зиме. Нужно создать разные образы зимы: зима-волшебница, зима-художница, зима-хозяйка, зима- злая ведьма, зима-шалуныя. Ребята подбирают разные эпитеты к слову ЗИМА: сказочная, волшебная, удивительная, чудесная, бесконечная, жестокая, унылая, грозная, румяная, веселая, колдунья, чародейка, фея, заснеженная и др.

В 5, 6 классе ребята с удовольствием составляют небольшие рассказы по заданному сюжету или по сюжетным картинкам.

Не менее интересной, развивающей, творческой может быть работа по написанию изложения. При этом важно учитывать тематику текстов. Они должны быть интересными, познавательными, вызывающими размышления, информативными. В качестве текстового материала использую истории происхождения различных географических названий, интересные факты, материал на краеведческую тему, истории происхождения фразеологизмов.

Чтобы привести языковую систему обучающегося в состояние речевой готовности, необходима многоплановая, разносторонняя работа со словом, которая начинается с определения его глубины и перспективы. Речетворческая глубина слова измеряется

прежде всего его значениями, которые представлены в словарях. И здесь уместно сказать о таком типе урока, как УРОК ОДНОГО СЛОВА. Основная цель такого урока – проследить путь от содержания слова к смыслу. Попробую объяснить принцип на примере слова ВЕТЕР.

*Лексическое значение - по толковому словарю - движение воздуха в горизонтальном положении.

*Употребление слова во фразеологизмах: ветер в голове, каким ветром занесло, куда ветер дует, ищи ветра в поле и др.

*Художественно-образное значение определяется в художественном тексте.

Ветер, ветер, ты могуч! Ты гоняешь стаи туч!

Люблю ветер больше всего на свете. Как воет ветер, как стонет ветер.

Современный урок русского языка и литературы часто сопровождается использованием ИКТ. Это один из семи модулей, который мы должны использовать на уроках. Они дают широкие возможности для развития широкого потенциала школьника. Создание презентаций, поиск в интернете дополнительной литературы и информации способствуют не только совершенствованию практических умений и навыков обучающихся, но и позволяют индивидуализировать процесс обучения, повышают интерес обучающихся к урокам, активизируют познавательную деятельность и развивают творческий потенциал, повышают уровень ФГ обучающихся. Компьютерная презентация является наглядным пособием, а заранее подготовленные ученики озвучивают каждый слайд. Посетив таким образом места, связанные с жизнью и деятельностью поэта или писателя, можно не только детально изучить биографию, но и лучше понять многие произведения.

Сегодняшний урок немыслим без применения разноуровневого дифференцированного подхода, который является одним из основных принципов обучения. Дифференцированный подход позволяет в условиях классно-урочной системы реализовать творческие возможности обучающихся. Используя такие формы работы, как парная форма работы, групповая, взаимопроверка, тестирование, лингвистические конкурсы, дидактические игры, удастся более прочно закрепить полученные учениками знания и применить их на практике. Это позволяет достигать хорошей успеваемости обучающихся и развивать ФГ.



Рисунок 3 – Групповая работа

Одним из способов графической организации материала являются кластеры. Они помогают сделать наглядными те мыслительные процессы, которые происходят при погружении в ту или иную проблему. Кластер является отражением нелинейной формы мышления.



Рисунок 4 –Решение проблемных ситуаций

Нетрадиционные формы домашнего задания имеют большое значение для раскрытия творческого потенциала ребенка. Дом. задания, с одной стороны, призваны закрепить знания, умения и навыки, полученные во время урока, а с другой стороны, позволяют ребенку проявить самостоятельность, самому найти решение нестандартного вопроса, задания.

ТИПЫ ДОМ.ЗАДАНИЯ:

- *творческие работы(презентации к стихам)
- *лингвистические исследования текста
- *подготовка иллюстраций к изучаемым произведениям
- *продолжение неоконченных произведений
- *создание кластеров, синквейнов
- *составление опорных конспектов, опорных схем и таблиц

Говоря о развитии и формировании ФГ обучающихся, мы отмечаем различные формы и виды деятельности ребенка: учебные, творческие, коммуникативные, социальные. При этом одним из способов учитывать и фиксировать результаты этой деятельности является ПОРТФОЛИО школьника. Мы их ведем с 5 класса. Здесь учитываются результаты успеваемости, прослеживается динамика развития, творческие работы, поощрения, награды и др.

С учетом поставленных целей и задач сегодня меняется место и роль учителя в образовательном процессе. Я полагаю, учитель должен не только исполнять контролирующую функцию и выступать предметодателем, но и быть организатором, менеджером образовательного процесса в классе. Он должен сформировать образовательную среду, организовав цикл мероприятий и командную работу обучающихся, определив информационные источники и обеспечив их доступность, создав атмосферу сотрудничества в коллективе обучающихся.

Как справедливо отмечал Л.М. Леонов, все победы начинаются с побед над самим собой, действительно, чтобы научить «мыслить» и «говорить» ученика, нужно научиться самому принимать решения, критически оценивать ситуацию. Победы – это шаги к будущему, свету и образованию. Мы, являясь учителями-просветителями, должны быть удостоены этого звания.

Список литературы:

1. Об особенностях преподавания основ наук в общеобразовательных организациях Республики Казахстан в 2015-2016 учебном году\ Инструктивно-методическое письмо. Астана.2015.
2. Загашев И.О., Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Учим детей мыслить критически. СПб.: Альянс «Дельта», 2003
3. Соосаар Н., Замковая Н. Интерактивные методы преподавания. Настольная книга преподавателя. – Златоуст, 2004. -116 с.

4. Гершунский Б.С. Грамотность для XXI века.Текст. \ \ Советская педагогика.1990. - № 4.
5. Орлов В.И. Метод и педагогическая технология \ \ Педагогика, 2010 , № 8.
6. Гузеев В.В. Эффективные образовательные технологии: Интегральная и ТОГИС. Текст. – М.:Народное образование, 2006.
7. Д.А. Компетентностный подход в образовании: проблемы, понятия, инструментарий – М,2005.
8. Лабутин В.Б. применение информационных технологий в образовательном процессе школы <http://www.256.ru>

ТҮЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

**Алиева Тұрсынай Нурлеспесовна
№25Ақтөбе тірек мектебінің (РО)
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Жамбыл облысы, Жуалы ауданы. Қазақстан**

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала қазіргі таңдағы қазақ тілі сабақтарындағы сыныптан тыс атқарылатын жұмыстардың көкейкесті мәселесіне айналған тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту жолдарына арналған. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің негізгі міндеті оқушыларға білім беріп қана қоймай, оқушылардың сабақтан тыс уақытта өз шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік туғызу. Автор қосымша сағаттарда қандай әдіс- тәсілдерді қолдануға болатындығын баяндайды. Шығармашылық тапсырмалардың ерекшеліктерін талдай келе, тапсырмаларды оқушылардың бірлесіп орындауының маңызын айтады. Қазақ тілі пәнінен өткізілген қосымша сабақтардың негізінде автор қолданылатын әдістерді тәжірибе жүзінде қолданудың нәтижеге жетудегі таптырмас құрал екендігіне тоқталады.

Түйінді сөздер: шығармашылық іс-шаралар, дағдылар, қазақ тілі, әдістері мен тәсілдері, нәтижесі, оқушы, оқытушы.

АННОТАЦИЯ

Статья посвящена актуальной проблеме развития творческой деятельности учащихся. Основной задачей учителя казахского языка и литературы не только дать знания, но и создать возможность развивать свои творческие способности. Автор рассказывает о методах и приемах которые можно использовать во внеклассных занятиях. Анализируя особенности творческой работы, автор рассказывает о важности совместно выполняемых заданий учащимися. Автор подчеркивает о необходимости методов, которые позволяют достичь результатов.

Ключевые слова: творческая деятельность, способности, казахский язык, методы и приемы, результат, ученик, педагог.

ABSTRACT

The article is sanctified to the issue of the day of development of creative activity of students. Kazakh and literature teachers by the task not only to give knowledge but also create possibility to develop creative flairs. An author tells about methods and receptions that it is possible to use in extracurricular employments. Analysing the features of creative work, an author tells about importance of jointly executable tasks of students. An author underlines about the necessity of methods that allow to attain results.

Key words: creative activity, abilities, Kazakh language, methods and techniques, result, pupil, teacher.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата- бабаларымыз - түркілердің Мәңгілік Ел идеясын Қазақ елінің ұлттық Идеясы деп жариялануымен, елім дейтін, жерім дейтін, тілім дейтін әрбір қазақ үшін, ой – арманын қазақ халқымен байланыстырған бүкіл қазақстандықтар үшін Президент Н. Ә. Назарбаевтың бұл жолғы арнауы болашағымызға бағдар беретін, ұлы мақсатқа жетелейтін идеяны - Мәңгілік Ел идеясын Қазақ елінің ұлттық Идеясы деп жариялануымен айрықша бағалы болды. Ұлттық идеология аясында көрсетілген 7 басты құндылықтың ішіндегі - тарихтың , мәдениет пен тілдің ортақтығы атты құндылығы тіл жанашырларының көңілін елең еткізгені анық.

Қазақтың ақыл- ой дамуының деңгейін көрсететін, болмысының өзіндік бейнесі болатын рухани мұраны өзіне біріктіре алған қазақ тілінің ұлттық дүниетаным қалыптастыруда, ұрпақты тәрбиелеуде атқаратын қызметі орасан зор екендігі даусыз. Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Ұлттың толық жетіліп қалыптасуында тілдің ойып тұрып орын алатындығы ғылымда дәлелденген. Бүгінгі жолындағысын жұтып жатқан жаһандану дәуірінде қазақ тілін өз дәрежесінде сақтап қалу мен болашақ ұрпаққа жетізу біздің алдымызға қойылған ұлы мұраттарымыздың бірі, әрі бірегейі. Әрбір ұлт өзінің ұлттық қасиеттері мен ұлттық құндылықтарды сақтай алуына байланысты дамып отырған. Біз тек ұлттық құндылықтарды оқыту үрдісіне енгізу арқылы ғана ұлттың тұнып тұрған асыл мұраларымен, рухани байлығымен ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз тілін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелей аламыз. Оқушының қай ортада болсын, өзіндік әрекеттерді ұйымдастырып, оны өз өмірінің басқарушысы бола алатындай дәрежеге жеткізу үшін білім мазмұнын, даму тенденциялары мен оқу үрдісін инновациялық технологиялар негізінде жүргізіп, алған білімдерін өмірде қолдана алуға бағыттау қажет. Ең маңыздысы, әр оқушының ерекше болмысын, тұлғалық қасиеттерін мойындау. Әр баланың жеке дамып, оның тұлғалық қалыптасуына кешенді түрде әсер ету бүгінгі ұстаздардың басты міндеті.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Бізге керекі - шын дарындар. Нарық қол- аяғымызды қалай қыспасын, мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті» , - деп біздің еліміздің болашағы – жастарға үлкен мән беріп отыр. Егеменді елдің ертеңі оқу- білімнің тереңдігімен өлшенеді. Үздіксіз, толассыз өзгеріп тұрған әлем адамнан қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі қалыптасып, педагог тұлғасы мен қызметіне деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, әлемдік білім кеңістігіне енуге бағыт алып келеді. Бұл өзгеріс білім беру үрдісіне елеулі жаңалықтардың енуіне байланысты болып отыр.

Мен қызмет ететін №25 Ақтөбе тірек мектебі – аудан көлемінде өзіндік дара бітімі бар, беделді оқу орны. Мен үшін биылғы оқу жылы түбегейлі өзгерістер мен жаңалықтарға толы болып басталды. Жаңа оқу жылының ең басты жаңалығы гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі болып тағайындалуымнан бастау алды. Біреулер үшін өлшеуі аз жетістік болғанымен, өзіме атқарған ұстаздық жолымдағы алғашқы жетістіктерімнің ең маңыздысы саналды.

Оқытудың озық технологияларын меңгеріп, оны өз іс- тәжірибеңде жүзеге асырып көрмейінше, сауатты, жан- жақты маман болу мүмкін емес. Педогогикалық қызметімде теориялық білімді тәжірибемен ұштастыра отырып, жан- жақты мүмкіндіктерді ашуға, оны өз дәрежесінде пайдалану арқылы оқушыны шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор екендігін түсіндім. Бүгінде қазақ тілді қасиетті қара шаңыраққа айналған мектебіміздің ұстаздары мен оқушыларына, ата- аналарына мектеп өмірінде орын алып жатқан жайттармен, түрлі қызықты іс- шаралардан хабардар етіп отыру мақсатында «Жас тілші» атты мектепшілік газет шығаруды қолға алдым. Газетіміздің «Жас тілші» аталуының да өзіндік мәні бар. Бұл баспаның тілшілері мектебіміздің әдебиетке, тілге ден қойған жас қаламгерлерінен құрауды мақсат еттік. Мектеп баспасына мектеп оқушыларын қосу арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерімен бірге кәсіби білім беруді

көздедік. Бас редактордың қызметін өзім орындап, газетіміздің әрлеушісі болып М. Досыбаев тағайындалды. Қыркүйек айының барысында білім саласы мен тәрбие саласында атқарылып жатқан түрлі, маңызды істер мен тәрбиеге толы іс- шараларды бақылай жүріп, деректер жинадық. Баспамыздың кішкентай тілшілері үлкен қызығушылықпен іске кірісіп кетті. «Жас тілші» газетінің кішкентай тілшілерін бір шаңыраққа жинау мақсатында «Жас қаламгер» аталатын үйірмені ұйымдастырдым. Үйірмеге қатысатын оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау, өмірге деген өзіндік көзқарастарын қалыптастыру мен үшін үлкен бақыт. Үйірменің теориялық бөлімінде алған білімдерін, тікелей тәжірибе жүзінде іске асыра алады. Өздерін шынайы журналисттер тәрізді ұстап, болашақ өмірлеріндегі кәсібіне тәжірибе жинақтап, дағды қалыптастыруда. Осы орайда Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады», - деген сөзі ойға оралады.

Жиналған мәліметтерді сұрыптай келе, атқарылған жұмыстардың маңыздыларын газет беттеріне жарияладық. Үстіміздегі жылдың 28 қыркүйегінде метебіміздің «Жас тілші» газетінің №1 алғашқы саны жарық көрді. Ұстаз еңбегі оқушының білімімен, жетістігімен өлшенетіні анық. Жас тілші шәкірттерімен атқарған еңбегіміздің жемісіне балаша қуандық. Ендеше ұстаз еңбегінің күрделілігі әрбір оқушының жүрегіне жол таба білуінде. Соған қоса болашақ ұрпаққа жақсы білім мен қатар алдағы өміріне азық болардай дағды қалыптасытыру үшін мұғалім, ең алдымен, өзінің біліктілігі мен шеберлігін үнемі жетілдіріп, болашағынан үміт күттіретін шәкірттерін жетелеу жолында үлкен тәуекелдерге баруға дайын болуы тиіс. Қоғамның қазіргі даму сатысында оқушының ақыл- ойын бағалап, оның шығармашылық әлеуетін көтеруге ерекше мән беруі қажет. Қай қоғамда да «Істің тетігін маман шешеді» деген қағиданың негізінде шындық бар, яғни, болашақ білімді маман даярлауда бүгінгі мектеп оқушысының сапалы білім алып қана қоймай, өз өмірінде іске асыра білуі ұстаздарға, мына маған да тікелей байланысты екендігін ұғындым. «Шығармашыл тұлға», «шығармашылық көзқарас», «шығармашылық жетістіктер», «шығармашылықпен ойлау», «шығармашылықты көрсете білу».. бұның бәрі қазіргі жаңа замандағы кәсіби шеберліктің көрсеткіштері болып табылады. Сонымен қатар үздіктердің ішіндегі үздікті анықтауда қолданылатын негізгі критерийлер болып табылады. Тәрбиеленіп жатқан шәкірттерім үздіктердің үздігі атанып, өмірден өз жолын тауып, мектеп қабырғасынан алған ілім- білімдерін өз өміріне жарата білсе, нұр үстіне нұр емес пе?! Оқушы бойына жауапкершілік сезімін, Отан, қоғам, өз отбасы игілігіне бағытталған саналы қадам жасауға және өздігінен шешім қабылдауға қабілетті азамат тәрбиелеуді, сол сияқты берік адамгершілік негізі бар, үнемі жетілу үстіндегі тұлға қалыптастыруды көздейміз. Оқушы бойына асыл қасиеттерді сіңіру үшін, ең алдымен, ұстаздың бойында осы қасиеттер мен мамандығына деген сүйіспеншілік болуы шарт деп білемін.

«Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға» - деп, ұлы Абай атамыз айтпақшы, өзімнің осы мамандыққа тегін келмегенімді түсіндім. Мен шәкірттерімді жақсы көремін, олармен жұмыс жасаудан жалығу мүмкін деп ойламаймын. Әрбір қадамымды анық басуға тырысып, балаларға үйрету үшін іздене жүріп, өзімнің де біраз дүниелерді үйренгенімді байқадым. Алға қойған мақсаттарым көп, алар белестерімнің алда күтіп тұрғанына сенемін!



Сурет1 – «Жас тілші» газетінің кішкентай тілшілерінің «Жас қаламгер» үйірмесінде

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. «Қазақстан- 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан. 4.12.2012-Б.7-8.
2. Бердібаева С. Қ. Творчестволық іс-әрекеттің этнопсихологиясы. – А.: Қазақ университеті, 2006.-216 б.
3. Әбеуова И. Ә. Әлеуметтік психология (Оқу құралы). Алматы, 2001, 57 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

**Айтжанова Багдат Жаксыгелдиевна,
Мұғалжар ауданы Ақкемер орта мектебі
директорының ғылыми-әдістемелік
жұмысы жөніндегі орынбасары,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

ТҮЙІНДЕМЕ

Ойын – оқу үдерісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Ойын технологиясын қолдану арқылы оқушылардың пәнге ынтасын артып, қызығушылығы оянады.

Түйінді сөздер: Ойын ережелері, ерекшеліктері, технология, әдістер мен іс-шаралар.

АННОТАЦИЯ

Игра – является определенной дидактической категорией, имеет свои методические особенности и правила проведения. В учебном процессе игровая форма работы является наиболее продуктивной.

Ключевые слова: игра, правила, особенности, технология, метод, деятельность.

ABSTRACT

A game being, a form and a method is an independent didactic category. Using technology in educational process increases students diligence in subjects, encourages their interest.

Key words: game, rules, features, technology, method, activity.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады, қазақ тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын болса, оқу – тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асады.

Мақсаты – бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау. Міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру. Дидактикалық ойындар – балалардың білімдерін арттырудың құралы. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді. Ойын сабақтың басында – өткен сабақты еске түсіреді. Сабақтың ортасында – көңіл – күйін сергітеді, ерік – жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады. Сабақтың соңында – тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді. Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан бастауыш, дайындық сыныптарында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланылатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Мысалы, дайындық сыныбында қарапайым ғана ойын түрлерін ойнатсақ, сыныбы үлкейген сайын баланың жас ерекшелігіне сай болып күрделенгені дұрыс. Олай болса, ойынды пайдаланудың маңызы зор. Мұндай ойынның көптеген түрлері бар. Сондықтан ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыптарына мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын іс – әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс.

Қазақ тілі сабағында ойын түрлерінің қолдану тиімділігі:

- жаңа тақырыпты ойын арқылы меңгертуге не бір жақсы нәтижеге жетуге болады;
- сабақты жандандырып, оқушыларды ынталандырады;
- шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін арттырады;
- өзіне деген сенімділік пайда болады;

логикалық ойлау қабілеті дамиды.

Өз іс-тәжірибемде қолданған ойын түрлері

«Қалалар» ойыны.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының қала атауларын қаншалықты есте сақтағандарын тексеру. Қала атауларын дұрыс жазуға дағдыландыру.

Ойын шарты: Тор көздің ішіндегі шашыраңқы әріптердің басын қоса отырып, тор көздердің ішінен қала атауларын тапқызу.

С	З	Ы	Л	А	Е	У	А	Т
Қ	Ы	П	А	Р	Д	А	Н	А
А	Р	А	В	А	Қ	Т	А	Р
О	Р	Ғ	Л	О	Д	С	Т	А

«Жалғасын тап» ойыны

Мақсаты: Мақал-мәтелдерді есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Ойын шарты: Мақал екі қатарға жазылады. Бірінші қатарда басы, екінші қатарда соңы жазылады. Мақал басы мен соңының орындары ауыстырылып жазылады. Оқушының міндеті тілдік сызықшамен қосу арқылы әр мақалдың толық мағынасын шығару.

- | | |
|------------------------|-------------|
| А) Ердің сыншысы | бітеді |
| Ә) Жақсы болсаң, | жүректе |
| Б) Ерлік білекте емес, | ашу-дұшпан |
| В) Жері байдың | ел |
| Г) Ақыл дос, | ардақты ат, |
| Ғ) Кім еңбек етсе | жақын көп |
| Д) Мал баққанға | сол тоқ |
| Е) Адам деген- | елі бай |

«Бәйге» ойыны.

Мақсаты: Шапшаң ойлауға, жинақылыққа үйрету, тез, әрі дұрыс жауап бере білуге дағдыландыру.

Ойын шарты: Бұл ойынның әр қатардан бір-бірден шабандоз шығады. Ойын белгілі бір тақырыпты өткеннен кейін бекіту мақсатында жүргізуге болады. Мұғалім тақырыпқа сай сұрақтарды айтады, шабандозшылар тез әрі дұрыс жауап беру қажет. Әрбір дұрыс жауап- бір қадам алға жылжу.

Мысалы: «Сөз құрамы» тақырыбынан кейін мынандай сауалдар қоюға болады.

1. Сөз дегеніміз не?
2. Сөз құрамына не жатады?
3. Түбір дегеніміз не?
4. Қосымша дегеніміз не?
5. Жұрнақ дегеніміз не?
6. Жалғау дегеніміз не?
7. Түбірлес сөз дегеніміз не?
8. Туынды сөз дегеніміз не?
9. Көптік жалғаулары?

«Тапқыш» ойыны.

Мақсаты: Сөз таптары туралы алған білімдерін тексеру.

Ойын шарты: Әр топқа берілген кестеден әр сөз таптарына қажетті сөздерді теріп жазу.

Қ	Ы	Б	Е	С	О	Қ	Ы
А	Й	Д	Ы	І	Ш	К	Д
Л	С	Ы	Н	Д	Ы	Ө	Ы
А	А	Р	Ы	П	П	К	С
Ж	А	З	Б	И	І	К	Н
Қ	Т	А	Й	С	Е	Г	І
О	Қ	Р	Ә	П	К	Е	З
Н	А	А	Т	Ы	Р	Н	А

Зат есім : қонақ, ...

Етістік: оқыды, ...

Сан есім: он, ...

Сын есім: көк, ...

«Кім тез?» ойыны.

Интерактивті тақтадан суреттер көрсету. Әр қатардан 4 оқушы сурет бойынша сөйлем ойлап айтады. Интерактивті тақтадағы суреттерді (қозы, аңшы, бор, нан, алма,

бота, күн, қыз, сүргі, ай, тышқан) қатыстырып тез сөйлем ойлайды. Қозы, аңшы, бор, нан т.б. сөздерден дыбыс құрып, буын санын айтады.

«Қызық сөздер» ойыны.

«Қатесін тап» ойыны.

А) Материалды түсіндіру барысында мұғалім әдейі қате жібереді. Оқушылар сол арада мұғалімнің қателескенін шартты белгі арқылы ескертеді.

Б) Оқушыға әдейі жіберілген қателері бар мәтін беріліп, өзін мұғалім ретінде сезінуге мүмкіндік беріледі.

«Әңгімені аяқта» ойыны.

Берілген сөйлеммен аяқталатындай етіп, әңгіме құрау.

«... Осы оқиғадан кейін біз бір-бірімізге өтірік айтпауға уәде бердік».

«... Арада қанша жыл өтсе де, Қожа сол оқиғаны ойынан шығара алмады».

«Сөз тапқанға қолқа жоқ» ойыны.

Қойылған сұрақтарға берілген әріптерден басталатын сөздермен жауап беру. (Е,Б,Ә)

1. Сен бүгін нешеде тұрдың?

2. Сен қандай үйірмеге барасың?

3. Демалыста қайда барасың?

4. Сабақ нешеде басталады?

«Ойлан, тап» ойыны.

Берілген сөз тіркестерінің мағынасын ашу

1. Шай қайнатым уақыт

2. Аяқ астынан

3. Кірпік қаққанша

«Кім тапқыр» ойыны.

Суреттерді жасырып, соның белгілерін айту арқылы не жасырылғанын табу.

«Бұл қай есімдіктер» логикалық ойыны.

1. Етікші аспабының бірімен ұқсас есімдіктің түрі (біз)

2. Басқасының бәрін өзі сұрайды, өзінен ешкім сұрамайды (сұрау есімдігі)

«Сөз жарысы» ойыны.

Берілген сөздердің орысша, ағылшынша аудармасын табу

«Тізбек» ойыны.

Берілген сөздің соңғы дыбысынан басталатын жаңа бір сөз тауып айту

«Орнынды тап» ойыны.

Ойынның мақсаты: Сөздерге дұрыс сұрақтар қоя білу.

Ойынның шарты: Тақтаға кім? не? қандай? деген сұрақтарды жазып қою. Бұл сұрақтарға жауап беретін сөздерді қатты қағазға жазып, оқушыларға тарату. әр оқушы тақтаға шығып, сөзіне қойылатын сұрақтың қасына барып тұрады. Бұл ойынды ұпай беріп ойнауға болады.

«Жалғасын тап» ойыны.

Ойынның мақсаты: сөйлемдерді дұрыс құратуға үйрету. Ойынның шарты: оқушыларды екі топқа бөлу. Қатты қағазға мақалдарды бөліп жазу. Оқушыларға карточкаларды таратып беру. Оқушылар тақтаға шығып мақалдың басын оқиды. Мақалдың жалғасы бар оқушы қасына барып, жалғасын оқиды.

«Сөйлем қуаласпақ» ойыны. Интерактивті тақтадан мазмұнды суреттер көрсетіледі. Топта сөйлемдер арқылы мәтін түрлері немесе хат, эссе, ой-толғау, хабарландыру, жарнама құрастырылады (ауызша).

Әдебиеттер тізімі:

1. Г.Е.Нұрғазина «Қазақ әдебиетін оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясы» Көмекші құрал. – Семей, 2012 ж

2.«Ұстаз жаршысы» газеті, 2014ж, №4.

3.«Мектеп» журналын, 2014ж, №1.

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Шилдебаева Мариям Ескенеевна
Мұғалжар ауданы, Ақкемер ресурстық
орталығының тарих пәні мұғалімі

ТҮЙІНДЕМЕ

Мұғалім оқушылармен интерактивті тілдесу оқыту үшін зерттеуге және ықпал ететін жағдай жасау.

Түйінді сөздер: интерактивті жұмыс түрлері, Қазақстан тарихы, кәсібилік, студенттік қызметінің тарихы.

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматриваются формы интерактивной работы с учащимися малокомплектной школы.

Ключевые слова: формы интерактивной работы, история Казахстана, профессионализм, ученик, активность.

ABSTRACT

To create a challenge for students to interact and investigate.

Key words: forms of interactive work, history of Kazakhstan, professionalism, student, activity.

Бүгінгі заманғы педагогикалық саладағы жаңалықтардың бірі – оқытудың іс-тәжірибесіне жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу болып табылады. «Жаңа форматтағы біліктілікті арттыру» курсының да мақсаты да осыны көздейді. Бастысы ол өзгерістер мұғалімге де, оқушы үшін де оң нәтиже беруі тиіс. Үшінші негізгі деңгейдің курсын аяқтағалы бері өзімнің алдымда тұрған жаңа білім реформасының қатысушысы ретінде жауапкершілігімнің жоғарлағанын түсіндім.

Бүгінгі таңда менің алдымда тұрған үлкен міндет – оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, саналы, салауатты, жан – жақты дамыған, рухани бай, заман талабын орындай білетін тұлғаны тәрбиелеп дамыту. Мұғалімнің мәртебесіне лайық болу мақсатында, өзімнің кәсіби шеберлігімді шыңдап дамыту мақсатында педагогикалық шеберлік орталығында бүгінде әлемге үздік болып танылған Кембридждік жоба үлгісіндегі ұстаздар біліктілігін арттыру курсының үшінші деңгейінде білімімді одан әрі жетілдіру. Сондықтан білім беру мен оқытудың қазіргі заманғы әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесінде қарастырылуы тиіс.

Міне, сондықтан Кембридж тәсілдерін сабақта қолданудың маңызы зор. Осы жеті модульді білім беруде тиімді пайдалануда, дәстүрлі сабақта пайдаланатын жұмыс түрлеріне қарағанда топпен жүргізілетін жұмыс түрі оңтайлы нәтиже береді. Ұйымдастыруда алғашқы қадам оқушыларды топқа бейімдей отырып, сыныпта психологиялық ахуалды қалыптастыру бағытында болуы керек. Сондықтан оқушыларды топқа бейімдеу үшін түрлі психологиялық тренингтер өткізіп, сабаққа қатысты топтастыру жүргізуге болады. Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне толығырақ тоқталып өтейік.

1 Қызығушылықты ояту. Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру.

Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі

Мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – “білемін”, — – “мен үшін түсініксіз”, + – “мен үшін жаңа ақпарат”, ? – “мені таң қалдырады” белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады.

Тақырып туралы *ой-толғаныс* – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған “Бес жолды өлең”, “Венн диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Жоба 60-қа жуық стратегиялардан тұратындығын жоғарыда айтқан болатынын. Солардың кейбірімен таныстыра кетпекпін. **Джиксо – ұжымдық оқыту әдісі.** Мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады. Әдісті қолдану төмендегіше ұйымдастырылады. Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұл “жанұя” топтар деп аталады. Содан кейін 1, 2, 3, 4-ке санау арқылы 1-лер бөлек, 2, 3, 4 өз алдына “жұмыс” тобын құрайды. Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланды соң осы мәтінді түсіну қажет екендігі ескертіледі. 4 логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін 1-лер, 2-бөлігін 2 санын алғандар, 3, 4 нөмірлі топтарға оқуға тапсырылады. Жұмысты бастамас бұрын оқушыларға “жұмыс тобында” мәтіннің тиісті бөлігін жақсы меңгеру қажеттілігін, өйткені сол бөлікті “жанұя топ” оқушыларына түсіндіруге жауапты екенін, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының ыждағаттылығына байланысты екенін түсіндіру қажет.

Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтарымен қайта табысып, өздерінің үйреніп келген бөліктеріндегі мазмұнды ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйренеді. ДЖИКСО стратегиясы мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп

орнайды. Сабақта қолданылған «Веер» әдісі, «Кемпірқосақ» әдісі, «Тв-шоу» әдіс-тәсілдерінде оқушылар белсенділік танытты.

Себебі Уразова Жайна атты оқушы: «Бүгінгі сабақтағы қатты әсер алған жерім «кемпірқосақпен тақырыптың мәнін тапқанымыз. Ал сабаққа қатысым бойынша Құралайдың тапқырлығы, топтағы тапсырмаларды реттеуі ұнады,»- деді. Шолпан өзінің тобында белсенділік танытып, ойын ортаға салып отырған Жаннұрды атап өтті.

Сабақты қортындылай келе, оқушылардың топтасып жұмыс жасауға, өздігінен білім алуға, дәлелді пікір айтуға, сыни ойлауға үйренгенін, топта көшбасшылық жасай алатындықтарын байқадым. Оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгеруге қол жеткізетіндігін түсіндім. Егер оқу үдерісі оқушы мен оқу материалын қосатын «көпірді салуға» негіздеп, осы үдерісті жан-жақты қадағалай білуіміз керек. Жоғарыда аталған әдістер арқылы оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін білдім. Сабақ барысында жеті модульді байланыстыру үшін кластың ерекшелігі ескерілді.

Бұл тәсілдер оқушының берілген мәселе бойынша ой қорытып, тұжырымдап, оны көрініс түрінде беруге мүмкіндік береді. Әрине, мұғалімнің ендігі шығармашылық әрекеті – осы мәселелерді жинақтап, жасалған жұмыс барысында оқушылар тарапынан жасалған шығармашылық жұмысты тілдік қарым – қатынас деңгейіне жеткізу.

Пәні: тақырыбы: «Ежелгі Үнді мәдениеті» Мақсаты: Ежелгі Үнді мәдениетінің әлемдік өркениетте алатын орны туралы түсінік беру. Тақырыпқа өз ойларын қоса отырып өз бетімен жұмыстануға үйрету арқылы өз ойын еркін айту, ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы тәрбиелеу және оқушының өзіндік ой түйіндеуін қалыптастыру болды. Осы сабақта қолданылған әдіс-тәсілдеріме тоқтала кетсем. Себебі зерттеушілік әңгімеге бағытталған тапсырмаларда өздерінің ортақ проблемасы бойынша жұмыс жасады. «Салыстыру», «Кемпірқосақ», «Қысқа кездесу», «Автор ойы», «Тұжырымдамалық карта», «Жоғалған сыңар», «Болжам», «Сурет сөйлесе...», тарихқа шолу, «Басымдылық пирамидасы», әдісін қолданғанда бірлескен түсінік қалыптастырып, идеяларымен пікір алмасып, бір-бірінің идеяларын талқылап, болжам ұсынып, баға беріп, бірге ойлана білді. «Кемпірқосақ» әдісі оқушылардың қызығушылығын арта түсті. Өздері байланыстырған сөйлемге түсініктемені бірлесе отырып атқарды. Әр түске жазылған сөздерді байланыстырып тақырыптың түйінді мәселесін анықтады. Мұнда мен «Оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету» деген сындарлы оқытудың мақсатына жүгіндім. Өлшемді бағалауда топ басшылары топтың жұмысын бағалап, рефлексия жасап сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын стикерге жазады. Бүгінгі сабақ қалай өтті? Несімен ұнады? Бір-біріне тілек жазу сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын 2 жұлдыз, 1 тілек арқылы жеткізу. Зерттеу сыныбымда әрбір сабағымды жаңа әдіс-тәсілдерді, стратегияларды пайдалана отырып өткіземін. Сабақты жоспарлауда берілген тапсырмалар топтық жұмысты қамтуға көбірек пайдалануға тырыстым және оның тиімділігіне тәжірибе жүргізуде айқындалды.

Қазіргі білім беру тұжырымдамасының талабында мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы жаңа болмыстық мазмұнда өзгеріп, мұғалім – ұйымдастырушы, бағыттаушы, оқушы – ізденуші, белсенді болуы керек. Оқушының өз бетімен білім алуының бір түрі – шығармашылық тапсырмалар орындау арқылы білім алу. Тарих пәнінен оқушыларға өз бетімен жұмыстар орнату арқылы шығармашылықпен білім алуға қол жеткізуге болады.

8^a Сыныбында тақырыбы: XX ғасыр басындағы Қазақстан мәдениеті. Білім, ағарту, ғылым, әдебиет, музыкалық өнер. атты «Lesson Study» тәсілі бойынша сабақ өткіздім. Сабақтың мақсаты әр оқушының мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылығын анықтауда жеке тұлғаға бағытталған білім беру жүйесіне көшуде мұғалімдерге көмек ретінде интербелсенді әдістерді ұсыну.

Сабақтың мақсаты: ХХғасырдың басындағы Қазақстан мәдениеті. Білім ағарту ғылымның тарихқа қосқан үлесі туралы сипаттама беру. Өз ойларын еркін жеткізе білуге сұрақтарды нақты қоюға үйренеді, семантикалық карта толтыруды эссе жазуды, синквейн құруды, рефлексия жасауды үйрету.

Күтілетін нәтиже: Білім ағарту, ғылым, әдебиет, музыкалық өнердің мәдениетке қосқан үлесі туралы сыни түсінуге топтық жұмыс арқылы ой қозғай отырып, өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап өз естіген білгенін топ талдап салыстырып өз білімдерін жетілдіру.

Кіріспе 1.Тренинг «Амандасу». «Бумба юмба»

Ғылыми атауларға байланысты топқа бөлу.

2.Үй тапсырмасын тексеру. «Желпуіш»әдісі арқылы оқушылар сұрақтарға жауап береді.

1. Презентация көрсету.

1.ХХ ғасырдың басындағы мәдениет туралы көзқарасың қандай?

2. Қазақ әдебиетіне өз үлесін қосқан кімдер?

1.Жеке оқу 2.Жұптық оқу. Негізгі бөлімде топтарға тапсырмалар беру барысында әрбір топ өзіне берілген тапсырмаларды атап айтқанда «Фишбон» әдісінде оқушылар өздеріне Қазақ халқының мәдениетін, әдебиетіне үлес қосқан жазушылардың өмірін тақырыптың өзекті мәселесі етіп алып оны дәлелдеп, себептерін анықтап қортынды жасады.

Венн диаграммасы әдісінде XIX Ғасыр мен ХХғасырдың мәдениетін салыстыру арқылы өздері көптеген ақпараттармен бөлісті. Эссе жазуда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау барысында өз ойларын еркін, сыни тұрғыда ойланып жазатыноқушылар анықталды Атап айтқанда В деңгейлі оқушының озат оқушы екені анықталды.

Сергіту сәті «Бәріміз бірге» бейнеролик қарады. Бұл көріністен алған әсерлерімен бөлісті келісіп пішкен тон келте болмайтынын, бәрі бірге бірін-бірі тыңдап,ойларын ортаға салып, білімдерімен бөліссе онда білмейтін оқушы жоқ екенін білді.

Қорытынды бөлімінде оқушылардың өз пікірлерін сөйлеу мәдениетін сыни көзқарастарын қалыптастыру мақсатында топтық жұмыс «Тв шоу» сұхбат жүргізу әдісін қолдандым. Төмендегі бағдарламалар бойынша оқушылар өз кейіпкерлерін сомдап, бүгінгі сабақтан алған білімдерімен ақпараттарымен бір-бірімен пікір алмасты. Тағы бір таңқалдырған жағдай оқушылардың әртiс қабiлеттерiнiң ашылуы Образды сомдауы болды.

1- топ «Айтуға оңай»

2-топ « Сіз не дейсіз?»

3-топ « Кеш емес»

4-топ « Сонымен солай дейік»

5-топ « Алаң»

Ноталарға стикерлер жапсыру арқылы оқушылардың сабақты қандай деңгейде меңгергендігін білу.



Қорыта айтқанда, «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерінен озады» деген ұлы ақын Абай сөзі барлық уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы, білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Осындай қоғамдық әлеуметтік, мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне

әсер етеді. Соңғы жылдары жеке адамды қалыптастыруды дамыту мен оған жан-жақты терең білім беру мақсатында оқытудың жаңа технологияларын ұсынылуда.

Инновациялық технологияның басты мақсаттарының бірі – жас ұрпақты оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру және осы заманға сай білімді, әрі білікті мамандар даярлау болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Т.Тұрлығұл «Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың әдістемесі»
2. Г.Е.Нұрғазина «Қазақ әдебиетін оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясы» Көмекші құрал. – Семей, 2012 ж
3. А. М. Оңғарбай «Тарих сабағында сыни тұрғыдан оқыту технологиясы»

МЕКТЕПТЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОПТЫҢ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІН ДАМУДАҒЫ РОЛІ

**Рахметілдаева Жазира Куанышбековна
№18 А.Қосанұлы атындағы тірек мектебінің директордың
ғылыми-әдістемелік жөніндегі орынбасары
Мусадилова Айгул Атиновна
№18 А.Қосанұлы атындағы тірек
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
"Зерде" шығармашылық тобының жетекшісі**

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тірек мектептерінде (ресурстық орталықтарында) жүргізілетін әдістемелік жұмыстың нәтижесі көрсетілген. Инновациялық технологияларды, әдістемелерді, техникаларды оқу-тәрбие жұмысында пайдаланудың әсері көрсетілген. Жас мамандарға берілген әдістемелік көмектер туралы және де сол жұмыстың нәтижесі көрсетілген.

Түйінді сөздер: тірек мектеп (ресурстық орталық), әдістемелік жұмыс, инновациялық технологиялар.

АННОТАЦИЯ

В статье отражены результаты методической работы в условиях опорной школы (ресурсного центра). Показано влияние инновационных технологии, методик, техник, применяемых в учебно-воспитательном процессе. Представлены результаты методической помощи молодым учителям.

Ключевые слова: опорная школа (ресурсный центр), методическая работа, инновационные технологии.

ABSTRACT

The article reflects results of methodical work in conditions of the basic school (resource center). The influence is shown of innovative technology, methods, techniques, applied in the teaching and educational process. The results of methodological assistance to young teachers are presented.

Key words: basic school (resource center), methodical work, innovative technologies.

Мектептің жаны-мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім. Ахмет Байтұрсынов.

2014-2015 оқу жылында Жамбыл облысы, Меркі ауданындағы №18 А.Қосанұлы атындағы орта мектебі облыстық деңгейдегі тәжірибеге енгізілді. Тәжірибенің сапалы

және нәтижелі болуы үшін мектепте мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында шығармашылық топ құрылды. Шығармашылық топ жұмысы үш бағытта жоспарланып жүргізілуде:

1. Жас мамандармен жұмыс
2. Озық іс-тәжірибемен жұмыс істейтін мұғалімдер жұмысы
3. Жаңартылған білім мазмұны бойынша жұмыс істейтін мұғалімдер жұмысы.

Шығармашылық топ мектеп мұғалімдерін интербелсенді оқытудың негізгі идеялары мен әдіс-тәсілдерін таныстырып, оларды өз іс-тәжірибесінде қолдануға шақыру, инновациялық білім беру бағдарламаларын іске асыру мақсатында жұмыс жүргізеді.

Шығармашылық топ мұғалімдері сындарлы оқытудың деңгейлік курстарын, М.Жанпейісованың "Модульдік оқыту технологиясын", Н. Оразақынованың "Сатылай кешенді талдау" технологиясын, "Сын тұрғысынан ойлау технологиясын", оқып меңгерген. Оның ішінде жоғары санатты -23, бірінші санатты -7 мұғалім жұмыс атқарады. Шығармашылық топтағы мұғалімдер өзінің кәсіби өсуін үнемі қадағалай отырып, сыни тұрғыдан ойлай білуді, шығармашылықпен жұмыс атқаруды, әріптестеріне әдістемелік көмек көрсетуді көздейді. Әдістемелік көмекті қажет ететін мұғалімдер мен жас мамандарды методикалық тұрғыдан жетілдіру шығармашылық топ қызметінің озық аспектісі болып табылады. Осындай әдістемелік жұмыстар өткен оқу жылындағы жұмыс нәтижесін ескере отырып, жаңа оқу жылына мектеп мұғалімдерінің кәсіби дамуын арттыруға бағытталған жоспар жасалынып, бекітілген негізінде жүргізіледі.

Тиімді жетістікке жету үшін мектептің педагогикалық ұжымының бірлесіп жұмыс істеуіне, оқушылардың жетістіктерінің деңгейін арттыруға жұмыс жоспарына сай шығармашылық топ мұғалімдері мен жас мамандар арасында дуэт сабақтары өтілді. Соның ішінде Б.Шермаханова мен А.Алишева 4"Б" сыныбында әдебиеттік оқу пәнінен "Ахмет мерген" тақырыбында дуэт сабақ жүргізді. Сабақта оқушылар білімін бағалау үшін жаңартылған білім мазмұнына сай критерийлер мен дискрипторлар құрылып, "Постер" стратегиясы, "Дауыстап айтылатын ой" стратегиясы, жоғары деңгейлі сұрақтар, эссе, тиімді қолданылды. Дуэт сабағында ұстаздар оқушыларда түсінік пен дағдылардың дамуын қамтамасыз етті, өз күшіне сенімі мен уәжін арттыруға жағдай жасады, оқушыларға идеяларды терең түсінуге көмектесе отырып, шығармашылыққа ынталандырды, кіріктіріп оқыту әдісін де шеберлікпен енгізе білді.

Бүгінгі күні ұжымда ұжыммен бірге жұмыс істей білу кәсібиліктің маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Шығармашылық топ мұғалімдердің кәсіби дамуына, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге ықпал ету мақсатында "Сабақ жоспарларын құру және нормативті құжаттарды жүргізу әдістемесі" тақырыбында семинар-практикум, "Lesson Study", "Тиімді идеялар" көрмесі, "Инновациялық идеялар" жәрмеңкесі, "Жаңартылған білім беру мазмұнындағы бағалау жүйесінің қағидаттары" тақырыбында аудандық семинар ұйымдастырды.

Мұғалім мамандығы өз-өзіне сенушілікті талап етеді. Өз ісіне мұғалім тек қана Мен ғана емес, кәсіби Менін де кірістіреді. Өз-өзін көрсету олардың кәсіби шеберлігінің басты мүмкіндігі болып табылады. Қазіргі таңда таңдау пәндерінің жүргізілуі мұғалім шығармашылығын көрсетудің тиімді жолдарының бірі. Мұғалімдерді шығармашылықпен жұмыс жүргізуге бағыттау мақсатында "Шығармашылық мейманхана" тақырыбында үздік авторлық бағдарламалар таныстырылды.

Мейманханада "Қазақстан Республикасы жалпы білім берудегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты" негізіне сүйене отырып жасалынған, облыс көлемінде үздік танылып, таратылған биология пәнінің мұғалімі Ұ.Т.Ермекбаеваның "Адам және оның денсаулығы", авторлық бағдарламасы және Г. Мауленованың "Мәтін және грамматика", С.Онбаеваның "Қызықты грамматика" тақырыптарындағы авторлық бағдарламалары мұғалімдер назарына ұсынылды. Ұ.Т.Ермекбаеваның "Адам және оның денсаулығы" авторлық бағдарламасы "Өз денең туралы біл", "Жүрек және қан", "Тері күтімі", "Шаш туралы мәлімет", "Сана түйсігі", "Сүйек және буын, бұлшық ет қозғалысы", "Адам

ағзасындағы құбылыстар" сияқты бөлімдерден тұрады. Бағдарламада әр тақырып бойынша бейнематериалдар жинақталып, жұмыс дәптерлері жасалынған. "Шығармашылық мейманханада" авторлық бағдарламалардың дұрыс рәсімделуі, талапқа сай құрылуы, жұмыс дәптерлерінің жасалынуы үлгілері көрсетілді. Нәтижесінде мектеп мұғалімдері арасында авторлық бағдарламалар байқауын ұйымдастыру жоспарланып, өткізілді.

Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру, оқушының танымдық қабілетін дамыту, саналы деңгейге көтеру-бүгінгі күнгі күрделі мәселе. Еліміздің білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасында "Жылдам өзгеретін заманда алынған білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білетін, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру деп нақты көрсетілген. Осы мақсаттың жүзеге асырыла бастауының бірден-бір себебі осы сындарлы оқыту теориясы деуге болады. Сындарлы оқытуды жүзеге асыруда бағдарламада қамтылған жеті модульді сабақтарда ықпалдастырудың маңызы өте зор. Іс-тәжірибе алмасу, сындарлы оқытуды іске асыру мақсатында "Инновациялық идеялар"жәрмеңкесі өтілді. Умирзакова Г "Оқыту үшін бағалау мен оқуды бағалау" модуліндегі критерийлер мен дискриптолар, формативті бағалау түрлеріне тоқталып өтті. Жарылқасынова С. "Диалогтік оқыту" модулінен "Құрастырмалы қуыршақтар", "Гауһартастарды жинау", "Құндылықтар спектрі" стратегиялары туралы өз жәрмеңкесін жасады. Жайылова Б."Сыни тұрғыдан ойлау" модулінен "Ақылдың алты қалпағы", "Блум таксономисы", "Аквариум" стратегияларын ұсынды. Жәрмеңке соңында мұғалімдер ұтымды инновациялық әдіс-тәсілдерді үйреніп, өз іс-тәжірибесін байытты.

Тиімді әдіс-тәсілдер арқылы,оқу мен оқыту үрдісін жақсарту, білімге деген қызығушылығын тудыру, білім сапасын көтеру мақсатында бастауыш сынып мұғалімдері Мусадилова А мен Жарылқасынова С "Жаңаша оқытудың әдіс- тәсілдерін қолданудың тиімділігі" тақырыбында 2"Г" сыныбында, Умурзакова Г, Билібаева В, Мусадилова А 7 "А" сыныбында "7"А" сынып оқушыларының ынтымақтастық қарым-қатынасын арттыру арқылы пәнге деген қызығушылығын арттыру" тақырыбында Lesson Study жүргізді.

Әдістемелік жұмыста мектептің шығармашылық тобы инновациялық технологияларды қызығушылықпен пайдаланады Себебі олардың тиімділігіне бүкіл әлемдегі мамандардың көзі жетті. Мысалы, біздің мектептегі "Жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігі" тақырыбында жүргізілген Lesson Study жұмысы осыны дәлелдеді. Lesson Study тиімді әдіс-тәсілдер арқылы, оқу мен оқыту үрдісін жақсарту, оқушылардың білімге деген қызығушылығын тудыру, таным белсенділігін арттыру, білім сапасын көтеру мақсатында жүргізілді.

Зерттеу нәтижесінде тәжірибедегі «белсенді емес сыныптың» мәселесі бірден шешілмейді, бірақ оқушыны жұптық жұмысқа тарта отырып, ашық сөйлесу, пікірін тыңдау арқылы ортаға бейімдеуді және «оқушы-мұғалім», «оқушы-оқушы» үдерісін үнемі дағдыға айналдырсақ, үнемі оқушы пікірімен санаса отырып, оларға ұнайтындай әдістерді қолдана отырып сабағымызды жоспарласақ ғасырдың талабына сай сындарлы ой айта алатын жеке тұлға тәрбиелей аламыз деген ойға келдік.Бұрынғы тәжірибемізде сабақ жоспарларын бірігіп құру, сабақты бірігіп зерттеу, бақылау, проблемаларды бірігіп шешу деген болмаған еді, Lesson Study мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білім жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екендігіне көзіміз жетті. Жалпы Lesson Study-дің мұғалімдер үшін тиімділігі:

- Әдеттегіге қарағанда білім алғандығының анағұрлым анық, әр түрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге;

- Мұғалімнің пікірі бойынша балаларды оқыту барысында не болуға тиіс , ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге;

-Оқытуды нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге;

-Lesson Study мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі.

Осы атқарылған іс-шаралардың арқасында әдістемелік тұрғыда айқындағанымыз: егер әрбір педагогикалық ұжым ең қажетті талаптарға жауап беретін білім модельдері мен технологияларын мақсатты түрде пайдаланатын болса, біз уақыттың талабына жауап беруге дайын боламыз. Дегенмен, біздің шығармашылық топ мүшелері, мектеп мұғалімдері кәсіптік ізденістерінің жылдан-жылға күрделенетінін, әрбір мұғалімнен өзіндік жетілу мен жаңашылдықты талап ететінін ескеріп, дайын екендігін өздерінің іс-тәжірибесінде дәлелдей білді. Шығармашылық топ жұмысының маңызы осылай ұйымдастырылған инновациялық технологиялар мен әдістемелік іс-шаралардың жүргізілуі арқылы біздің тәжірибесінде айқындалып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. Ақорда, 2010 ж
3. Жазыбаева Ж.С. Оқыту үдерісінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану. № 4 Алматы. Білім. 2011ж.
4. Әлімов А. "Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану" Алматы 2014 ж.

МЕКТЕПТЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА МҰҒАЛІМДЕРГЕ ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Билибаева Венера –
№18 А.Қосанұлы атындағы
тірек мектебінің(ро) қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі,
мұғалім-тренер
Умурзакова Гульшат №18
А.Қосанұлы атындағы тірек
мектебінің орыс тілі мен әдебиет
пәнінің мұғалімі**

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тірек мектебі (ресурстық орталықтарында) мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттырып, инновациялық оқыту мақсатында жүргізілген жұмыстың түрлері (формалары) көрсетілген. Үкімет талаптарын жүзеге асыру аясында Елбасының өмір бойы білім алу кредосына сай оқушыларды өзгермелі өмірге икемдеу тәрбиелеу қажеттігі бағытында жұмыс атқарудамыз. Ол жұмыстар ұстаздардың білім беру дағдыларын дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған.

Кілт сөздері: тірек мектеп (ресурстық орталық), әдістемелік жұмыс, дағдылар, инновациялық технологиялар.

АННОТАЦИЯ

В целях повышения профессионального роста учителей, в статье отражены различные инновационные методы и формы методической работы в условиях опорной школы (ресурсного центра). Показано влияние инновационных технологии, методик, техник, применяемых в учебно-воспитательном процессе. Согласно требованиям Правительства и Главы Государства, работа учителей направлена на развитие навыков самообразования у учащихся.

Ключевые слова: опорная школа (ресурсный центр), методическая работа, инновационные технологии, навыки.

ABSTRACT

In order to increase the professional growth of teachers, the article reflects various innovative methods and forms of methodical work in conditions of the basic school (resource center). The influence of innovative technologies, methods, techniques, applied in the teaching and educational process. According to the requirements of the Government and Head of State, the work of teachers is aimed at developing the skills of self-education students.

Key words: Basic school (resource center), methodical work, innovative technologies, skills.

«Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны»– деп Қазақстан Республикасының президенті Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, жалпы білім жүйесі қоғам дамуымен бірге дамып, үнемі өзгеріп отырады. Мына өзгермелі заманда білімге де өзгерістер енгізу қажет, яғни, «адами ресурстар» игеру және жеке адамның инеллектуалдығын көтеру - заман талабы.Өркениетті ұлы дала ұрпақтарына ғылым негіздерінен мәлімет қана беріп қоймай,заман талабына сай бәсекеге төтеп бере алатын, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге бейім, біліммен жан – жақты қаруланған,болашағын болжай алатын жеке тұлға тәрбиелеу-білім мен білік дағдысы қалыптасқан ұстаздың міндеті.

Білімнің көрсеткіші – білім сапасы. Ендеше,білім сапасын көтеруде мұғалімге жүктелер міндет пен жауапкершілік үлкен. Осы жауапкершілікті сезінген ұстаз да, дамытушы топ та өзгермелі заман талабына сай өз тәжірибесін өзгертіп отыруы тиіс. Мұғалімнің кәсіби дамуы – білім беру жүйесін жаңартудың негізі екені анық. Мектептегі мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында дамытушы топ құрылып, топ ұстаздары білім сапасын арттырып, мектеп жұмысын дұрыс жолға қою үшін «Сындарлы оқыту» бағдарламасы бойынша жұмыстар ұйымдастырды. Сындарлы оқыту бағдарламасын тәжірибеде қолдану нәтижесінде ұстаздардың әдістемелік тәжірибесі шындалып келеді.Осы іс- әрекетімізді ұйымдастыру мақсаты- оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.Осы мақсатта берілген сапалы білім нәтижесінде мектеп оқушылары түрлі аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болып,жоғары жетістіктерге жетуде.



Сурет 1 - Жоғары жетістіктер

Бұл көрсеткіштер әдістемелік жұмысымыздың нәтижесі.

Ұстаздардың ұстанымы мықты болса, мектепте білім нәрімен сусындап жатқан шәкірттеріміздің де көзқарасы кеңейіп, алған білімін өз өміріне қажетті етіп жұмсары анық. Біздің тәжірибеміз дәлелдегендей, сауатты және ғылыми тұрғыда дұрыс ұйымдастырылған жұмыс нәтижеге жетуде, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеруде оң нәтижесін береді.

Осы іс – әрекеттің дұрыс ұйымдастырылуынан мұғалімнің:

Кәсіби біліктілігі артады

Мұғалімнің өзіне деген сенімі күшейеді. Мұғалімде сенім пайда болғанда, оның көзқарасы өзгереді, шешім қабылдайды, кейін іс- әрекет жасайды.

Күзiретiлiктерi қажеттi деңгейде дамиды.

Сапалы білім беруге мұғалімнің ресурстық потенциалы жеткілікті болады.

Мұғалімнің көшбасшылығы күшейе түседі. Мұғалім көшбасшы бағыт-бағдар беруші ретінде танылады.

Жанартылған білім беру мазмұнын іске асыру жағдайында біздің мектептегі әдістемелік дамытушы топ келесі іс-шараларды ұйымдастырып өткізуде. Олар коучинг, шеберлік сағаттары, семинарлар арқылы мақсатында коучинг, іс әрекеттегі зерттеу, сабақты зерттеу арқылы іске асырылады. Мұндай жұмыс түрлерінің дұрыс ұйымдастырылуы арқыл мұғалімдердің кәсіби біліктіліктері артуда.


Кесте 1 – Оқыту нысаны

Коуч	Жарылқасынова С., Мусадилова А., Умурзакова Г.
Коучинг-сессия тақырыбы	"Сабақ мақсатын қалай дұрыс қоюға болады?"
Жалпы мақсаты	Мұғалімдерге сабаққа мақсат қоюдың тиімді жолдарын үйрету.
Оқу нәтижесі	Мұғалімдер сабақтарына SMART ақылды тапсырмалары арқылы мақсат қоя біледі.
Әдіс-тәсіл	Түрткі сауалдар, миға шабуыл, ой тұжырымдау
Негізгі идеялар	Мұғалімдер сабақтың мақсатын нақты, өлшенген, қолжетімді етіп қояды. Дұрыс қойылған мақсат арқылы оқушылардың сабақты дұрыс игеруіне жағдай жасалады.

Кесте – 2- Біліктілікті арттыру кезеңдері

Кезеңдер	Уақыт	Коучингтің іс-әрекеті	Мұғалім іс - әрекеті	Ресурс
Кіріспе кезең	Психолог иялық ахаул	«Спорт – әдеміліктің кепілі» Мұғалімдерді екі топқа бөліп, екі теннис ракеткалары беріледі. Сол ракеткаларды безендіру керек. Әдемі адам бетін жасау.	Сол ракеткаларды безендіреді. Әдемі адам бетін жасайды.	Теннис ракеткалары
	Топқа бөлу	«Көкөністер отбасы» Мұғалімдер броундық қозғалыс жасай отырып, атомдарға бірігіп,	Мұғалімдер көкөністер атауына сәйкес отбасы	Музыка

		топ құрады.	кұрып, топқа жинақталады.	
	Топ ережесін бекіту Жүйелеу	Топта жұмысты бастамас бұрын біз топ ережесіне назар аударуды сұраймын.	Топ ережесін еске түсіреді.	Алтын ереже
	Түрткі сауал: Терең ойлану	Видео: «Мақсатқа қалай жетуге болады?» Сабағымызды бастамас бұрын сіздерге видео ұсынғым келіп тұр. Сонымен видеоны көре отырып қандай тұжырым жасадыңыздар, ойымызды ортаға салайық: Видеодан не түсіндіңіздер? - Қалай ойлайсыздар, бүгінгі коучингте не туралы сөйлесеміз? - Сабақ барысында нені үйренеміз? Сабақты қызықты өту мақсатында ашық пікір айтқан топ мүшелеріне жұлдыз беріледі. Сабақтың тақырыбы қандай?	Мұғалімдер сыни тұрғыдан ойлай отырып, өз пікірлерін ортаға салады Сабақтың тақырыбын анықтайды.	Видео Жұлдыз
Негізгік езең	Миға шабуыл	Тамаша, біз видеоны көре отырып өзімізге біраз ой түйдік.		Жұлдыз
	Қиялдау Терең ойлану	Ситуация (А4 бет тарату) Арман мен мақсаттың қандай айырмашылығы бар? Ойланып көрелік, неліктен көп адамдардың армандары тек арман күйінде қалады? Сіздің қанша арманыңыз орындалды? Қаншасы жай ғана арман болып, Сіздің өміріңіздің «тарихи» беттерінде қалды? Қай топ көп жазып шығады сол топқа мен жұлдыз белгісін беремін <i>Сабақты жоспарлау үшін сіз ең алдымен не істейсіз?</i> Сабақты жоспарлауда қандай да бір қағидаттарға сүйенесіз бе? <i>Неліктен?</i> Сабақты жоспарлауда не нәрсеге көңіл бөлген жөн? <i>Неліктен?</i> <i>Берілген мақсат дұрыс қойылған ба? Неліктен?</i>	Топ мүшелері сыни тұрғыдан ойлай отырып жазып шығады <i>Мақсат:</i> <i>«математикадан білімін жақсарту».</i>	Жұлдыз

	<p>Жүппен талдау</p>	<p>- <i>Жүппен талдаңыз:</i> - «Орыс тілден білімін жақсарту» Мұғалімдерге бұл мақсаттың қанишалықты дұрыс, бұрысын анықтау тапсырылады.</p> <p>Видео: “Өз мақсатына қалай жетуге болады?” Коучинг-сессияның тақырыбы: <i>Сабақта SMART мақсат қоя білу жолдары.</i> Мұғалім жоспар құрғанда SMART-қа сәйкес мақсаттар мен міндеттерді (ақылды міндеттер) ұстанады. (ағылш. SMART objectives – ақылды тапсырмалар) – оқытудың мақсаттары мен міндеттерін қоюға арналған аббревиатура, 1981жылы Джордж Доран енгізген.</p> <p>SMART аббревиатурасы оқытудың мақсаттары мен міндеттерін сипаттайтын жиынтық сын есімдерге негізделген:</p> <p>S - pecific (ерекшеленген, нақты). Яғни не нәрсеге қол жеткізу қажет.</p> <p>M - easurable (өлшенетін). Яғни мақсатқа жеттік деп айта алатындай болу керек.</p> <p>A - ttainable (қолжетімді). Яғни іс-әрекетке негізделген. Себебі нақтылы қандай іс-әрекет өзімізге қажет нәтиже беретінін түсінуіміз қажет.</p> <p>R - ealistic (орындалатын). Шындыққа негізделген. Қойылған мақсатқа жете алатындай.</p> <p>T - imed (белгілі бір уақыт аралығымен шектелген). Нақтылы мерзімі және мақсатты жүзеге асыратын орынды құралдары болу керек. Сабақтың ұзақтығы мен басқа уақытымен санасады.</p> <p><i>Топтарға SMART мақсатта сабақтың мақсатын, міндетін, күтілетін нәтижесін құруға тапсырма беріледі.</i></p>	<p><i>Мақсаттың талдауы:</i> <i>Нақтылы емес</i> <i>Өлшеу қиын</i> <i>Мерзімі көрсетілмеген.</i></p> <p>Интерактивті тақта арқылы SMART мақсат қою тақырыбына слайд арқылы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.</p> <p>Мұғалімдер түсінгендері бойынша сабақтың мақсатын постерге салады.</p> <p>Жасаған постерлерді "Бағалау критерийі" бойынша бағаланады.</p>	
	<p>Топпен жұмыс</p>			

	Сергіту сәті	Енді біз жұмысымызды сәл тоқтата тұрып, сергіту жаттығуын жасап алайық "Көңілді күн" биі қойылады	Мұғалімдер сергіту жаттығуларын жасайды	Әуен
	Талқылау Болжам жасау	Сабаққа мақсат қоюды ұсынады. Сабақ мақсатын топта талқылауды ұсынады.	Топтар өзара құрған сабақ мақсатын талқылайды. 	Постер Маркер
Қорытындылау кезеңі	Ой тұжырым дау Қортынды жасау	Бүгінгі сабағымызды қортындылау мақсатында алдарыңызға жеке - жеке плакат берілген. Осы плакатқа мақсатқа жетуді қандай бейнеде елестетесіздір? Соны сурет түрінде салып берсеңіздер. 	Шахмат тақтасына Мұғалімдер жеке - жеке бүгінгі іс - әрекеттерін жазып шығады. Қорытынды жасадық 1. Сыни тұрғыдан терең ойландық 2. Қиялдадық. 3. Талқыладық. 4. Болжам жасадық.	плакат
	Кері байланыс Сауалы бар қорап 	Алдарыңыздағы сауалы бар қораптан сауалнама парақтарын алып толтыруларыңызды сұраймын. Бүгінгі сабақтан нені біле алдыңыз? Бүгінгі сабақта не қызықтырды? Бұл әдістерді сабақта пайдалануға бола ма, қалай? Қандай ұсынысыңыз бар?	Сауалнама парағын толтырып, қайта қорапқа салады	Сауалнама алу
Бағалау кезеңі Бүгінгі сабаққа мұғалімдер «Смайликтер» әдісі бойынша бағалау жасайды.				



Жаңартылған білім беру мазмұнының талабына сай мұғалімдер өз іс- әрекеттерінде «Блум» , «Сын тұрғысынан ойлау» технологияларын негізге ала отырып, оқу- тәрбие жұмысын жүргізеді. Жаһандану жағдайында болашақта өмір сүру үшін оқушыларға, жасөспірімдерге қажетті дағдыларын өмірде қажетіне жарата алатындай тұлға қалыптастыру болғандықтан аталған технолологиялар өзінің тиімділігін, дәлелдегендіктен іс тәжірибеге енгізуде мектепте нәтижелі көрсеткіштер көрсетуде..

Тақырыбы: Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту


Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту – бүгінгі заман талабы екенін, оған жету жолында бастауыш сатыдағы ең тиімді стратегияларын қарастыру.

Өткізу түрі: шеберлік сыныбы

Барысы:

Кезеңдері	Жетекшінің іс-әрекеті	Ұжымның іс-әрекеті
Психологиялық дайындық	Сәлемдесіп, шеңберге тұруды ұсынады. Қима қағаздарды таратады.	Жиналған ұстаздарға түрлі-түсті қағаздан қиылған жүректер ұсынылады. Шеңбер бойына тұрып бір-біріне жүректен шыққан тілектерін айтып, түстері бойынша топтарға бөлініп отырады.
Ой қозғау	<p>Бүгінгі сыныпта өтетін сабағымыздың тақырыбы: : Бастауыш сынып оқушыларының сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту.</p> <p>Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту – бүгінгі заман талабы екенін, оған жету жолында бастауыш сатыдағы ең тиімді стратегияларын қарастыру.</p> <p>Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы деген не?» тақырыбындағы кіріспе сөз.</p> <p>Жалпы СТО-ның ерекше стратегияларының бірі-Блум таксономиясы болып табылады. Жалпы сабақтың жоспарын Блум таксономиясына салып өту үлкен нәтиже береді. Сол себепті мен бүгінгі сабақты да осы Блум-ға салып өтуді жоспарладым.</p>	<p>Топтық жұмыс жұмыс. Әр топтан бір мүшесі өз ойын ортаға салады.</p>  
Білу	СТО дегеніміз не?	Топ мүшелері оқып жауап беруге

	Қандай стратегияларды білеміз? Әр топқа «СТО дегеніміз не?» тақырыбында мәтін таратылды	дайындалады.
Түсіну	«Неліктен СТО- Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық технология?» сұрағына жауап беру	Топ ішінде талқылап, өздерінің шешімі бойынша бір мүшесі сөйлейді. 
Сергіту сәті	«Көз алдыңа елестет»	
Қолдану	Енді осы СТО стратегиясын сабаққа қолданып көрейік. Стратегиялар өте көп, соның ішінен өзіміз жиі қолданатын бірнеше (топтар санына қарай) стратегияларын қарастырып көрейік.	Әр топ өзіне тиген стратегияны сабақта қалай қолданатыны туралы айтады. 
Талдау	Топтардың жауаптарын тындап, талдайық. Топтастыру. Қай әдіс қай пәнге өте қолайлы?	Бір-бірін тындап кемшіліктер мен толықтыруларды айтады.
Жинақтау	Математика Қазақ тілі Әдебиет Дүниетану	Салыстыра келіп, топтастырады.
Бағалау	Бүгінгі ой бөлісу аясында Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша естігеніміз бен көргенімізді жүелей түсейік. Ол үшін «СТО технологиясы дегеніміз...» тақырыбында эссе жазамыз. Эссе «СТО технологиясы дегеніміз...» СТО бүгінгі таңдағы ең тиімді технологияның бірікеніне көзіміз жетті. Оны пайдалану арқылы мақсатқа нақты жете алады екенбіз. Өз ойын еркін жеткізеді	«СТО технологиясы дегеніміз ...» тақырыбында эссе жазады. 

	<p>екен.Сөздік қорлары дамиды,жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.Мұғалім мен оқушы арасында еркін сөйлеуге пікір таластыруға,бірін-бірі құрметтеуге, бірін-бірі сыйлауға жағдай жасайды</p> <p>Пікір талас: СТО әдіс-тәсілдерін күнделікті сабақта қолдану міндетті/ міндетті емес Дәлелдеу барысында өз ойын өзгерткендер қарсы топқа ауысуға болады. Ал енді, құрметті әріптестер, бәрімізге мәлім «Желтоқсан оқиғасын» Блум-ға салып көріңіздер. Яғни әр кезеңде қандай тапсырмалар беріп, қандай сұрақтар қояр едіңіздер, соны жазып көрсетіңіздер. Қорыта келгенде бүгінгі сабағымызда 3 әдісті жіктеп талдадық та, бесінші Блум таксономиясын іс жүзінде қолдандық</p>	
Қазіргі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге деген талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы сабақтастық. Сабақтастық проблемалары осы күнге дейін аз айтылып жүрген жоқ. Егер әрбір мұғалім дамыта оқытудағы сабақтастыққа үнемі көңіл бөліп отырса білім сапасы әлдеқайда жақсарар еді. Әр мұғалім өз сабағында теориялық білімінің тереңдігі, сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдерінің тиімді пайдаланылуын алдын-ала ойластыруы тиіс. Мұғалімге қойылатын негізгі талап қайткенде оқушыға берілетін білім түсінікті, жеңіл тілде және оқушының дамуының барлық мүмкін жағдайлары қарастырылуы қажет.

Бастауыш сыныптан бастап оқушыны табанды түрде және беріле жұмыс істеуге үйретпейінше, қазіргі күннің ең жаңа әдістерімен де мақсатқа жетуге болмайтындығын әрбір мұғалім үшін талқылауға жатпайтын қағида болуы тиіс.

Мектепте оқытудың тиімділігі оқушылардың оқу сипатына бірден-бір байланысты. Тек білім, қабілет пен дағды ғана емес, сондай-ақ пәнге деген қызуғушылық, онымен қатар әуестенушілік оқуға деген ынта да оқушы қызметінің барысында қалыптасады.

Осы күнге дейін бастауыш мектеп пен негізгі мектепте математиканы оқытудың мазмұнындағы сабақтастық, оқытудың әдістері мен тәсілдері арасындағы сабақтастық едәуір зерттелгенімен, бастауыш білім беру мен негізгі мектепте математиканы дамыта оқытудағы сабақтастық мәселелері орын алып отырғандықтан, математика пәнін

меңгеруде көптеген қиыншылықтарға кездеседі. Білім дәрежесін бүкіл әлемдік дәрежеге жеткізу үшін дамытпалы оқытуды дәстүрлі оқытуға айналдыруымыз керек. Сондықтан мектептік білім беру жүйесінде оқушылардың қабілеттілігін дамыту ісіне жағдай жасау міндеттерінің көкейестілігі сөзсіз.

Бастауыш мектепке арналған математика оқулықтары өңделіп, толықтырылып басылуда, ол оқулықтардың оқушы білімін дамытуға, балалардың жас ерекшелік деңгейлеріне сәйкестігі әлі зерттеулерді қажет етеді. Заман талабына сай бастауыш білім берудің мазмұнын негізгі мектеп математикасы білім мазмұнымен сабақтасатындай бағдарламаларға аздаған өзгертулер қажет болып тұрғандай көрінеді. Себебі бастауыш мектеп математикасы баяғыдан бері сандар центрлері бойынша құрылған, яғни теріс емес бүтін сандарға амалдар қолдануға бағытталған. Осы жерде 4 сынып математикасы мазмұнын біраз жетілдіру қажет. 4-5 сыныпта математикадан оқылатын тақырыптар бойынша алғашқы мағлұматтар берілсе, сонда келесі бастауыш сынып оқушылары келесі сатыға ауысқанда қиыншылықтарға кездеспес еді. Енді бастауыш мектепті жақсы бітіріп шыққан оқушы 5 сыныпқа барғанда кейбіреулерінің білімдері неге төмендеп қалады. Мұның ең бір себебі бастауышта бір мұғалім ғана сабақ берсе, ал 5-сыныпта әр пәннен әр түрлі мұғалімдер сабақ береді. Бұған да үйренбеуі мүмкін. Бұрынғы оқулықтарда 3-сыныпта «Үлес» тақырыбымен таныстырғанда, бөлшек сызығы және оның мағынасымен мүлде таныстырылмайтын. Ал қазіргі өңделіп басылған оқулықтарда бөлшек сан берілгенімен, оның алымы және бөлімі туралы мағлұмат берілмейді. Мысалы, №2 есепте. Алма теңдей неше үлеске бөлінген? Алманы тең екі үлеске бөлдік. Бұл-жарты алма немесе екіден бір бөлік деп бөлшек сан түрінде көрсетілген. Осы жерде үлес ұғымымен таныстыру оқушылар үшін жеткіліксіз, 3-сынып оқушысы үшін түсіну қиынға соғады. Оқулықта «екіден бір сағат неше минут, төрттен бір сағат неше минут» сияқты есептер бөлшек сызығымен берілген, осы жерде алымы нені білдіреді бөлімі нені білдіреді бірден түсіндіріп кетсе оқушыға түсінікті болар еді. 3-сыныпта «Үлес» тақырыбына өте аз сағат берілген. Осы жерде үлес ұғымымен таныстыру мазмұнын жетілдіріп, балаға жеткілікті дәрежеде бөлшек ұғымымен таныстырса, онда олар 5-сыныпта бөлшек сандарға амалдар қолданғанда қиналмас еді. Қазіргі жағдайларда бөлшек сандармен берілген тапсырмаларды орындау оқушыларға қиынға түсуде. Сол сияқты «Жылдамдық», «Уақыт», «Қашықтық» тақырыбы берілген және бұл жерде жылдамдық, уақыт және қашықтық арасындағы тәуелділікпен таныстырылған.

Бастауыш мектеп математикасы мен негізгі мектеп математикасында оқылатын материалдар мазмұны жетілдіріліп, негізгі мектеп арасында сабақтастық орындалған жағдайда оқушы білім берудің бір сатысынан екінші сатысына ауысқан кезде қиыншылыққа аз кездесетіндігін байқауға болады [2, 5-6 бет].

Тарихтың өткенінен сабақ ала отырып, қарыштап даму біздің басты мақсатымыз. Терең тарихымызға үңіле отырып, болашағымызды қалыптастырамыз.

20 ғасырдың басындағы мұсылман мектептерінде оқулықтың жоқшылығын көріп, бағдарламасыз, оқулықсыз, қолына не түссе соны оқытып жатқан кезде М.Дулатов ұлт мектептеріне арнап жаңа оқулықтар жаза бастады, яғни өзіміздің қазақ тілімізде. Бұл тек қана елін, жерін, ұлтын сүйер азаматтың ғана қолынан келетін ерлік деп бағалауға болады. Ол кезде оқулық жазу қиынның қиыны еді. Біріншіден, ана тілінде бүгінгідей қалыптасқан ғылыми терминдер, екіншіден, үлгі-өнеге алар іс-тәжірибе, үшіншіден, кітап шығаратын полиграфиялық жағынан жетілген баспаханасы жоқ болатын. Асыл ағамыз бұл қиындыққа қарамай оқу ағарту ісінің ауыр жүгін көтеруге бел байлаған болатын. М.Дулатовтың ағартушылық қызметі ауылда бала оқытудан басталды. Оқу-педагогтік қызмет өмір бойы қаламгердің айрықша көңіл аударған, қолы босаған кезде ықыласпен өзі ұнатып айналысқан жұмыстарының бірі еді. Қазақ халық ағарту институтында ұстаздық еткен жылдары ол осы саланның өзекті мәселелері туралы өткір мақалалар жазды, жаңа шаңырақ көтеріп жатқан оқу орындарына арнап «Есеп құралы. Бастауыш мектеп оқушыларына», «Есеп құралы. Бастауыш мектеп екінші жыл оқытылатын», «Қирағат

кітабы» оқу құралдарын шығарды. Соларға жеке-жеке тоқталып, талдап шықсақ. Қазіргі кездегі математикадан оқу кітаптарын құрастырушылар үшін теңдесі жоқ еңбегі екі бөлімнен тұратын «Есеп құралы» болатын [2, 5 бет]. Алғашқы нұсқасы 1914 жылы Орынборда басылып, екіншісі 1921 жылы Тәшкенде басылып шыққан болатын. Мұнда бастауыш сынып оқушылардың ұғымына оралымды, көкейіне қонымды, күнделікті қазақ өмірінен алынған, қазақ психологиясына бесенеден танымал есептер, тапсырмалар мен жаттығулардың төрт амалды (қосу, алу, көбейту, бөлу) зердеге тез тоқып алуға жәрдемдесетіні дау туғызбайды. Бірінші класқа арналған «Есеп құрамында»: «Біздің үйде 6 ат бар еді, құдамыздан тағы бір ат алдық, біздің үйдің аты нешеу болды?» Ахметжанның үйі соғымға неше мал сойды? «Мерген 2 қаз атып алып еді. Біреуін ақсақалға байлады, Мергеннің өзінде неше қаз қалды?» «Біздің үйдің желісінде 10 құлын бар еді. Біреуін ағытып жіберді. Желіде неше құлын қалды?» т.б. осындай мысалдар оқушыларды тек есеп шығаруға машықтандырып қана қоймай, оны халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын танып білуге үйрететіні сөзсіз [3, 259-260 бет]. «Есеп құралы» кітабын парақтап отырсаңыз, төрт түрлі ерекшелігімен көзге түседі.

Біріншіден орыс, татар, мешер, т.б. мәдениеті өркендеген елдердің оқулығына қарап отырып, тыңнан тілімізге жүзге тарта математикалық жаңа терминдер енгізілген. Мысалы: ондық сандар, бірлік сандар, теңге, тиын, шақырым, екі белгілі сандарды көбейту, көбейткіш, көбейтінді, есе артық, есе кем, пұт, мыңның ішіндегі сандардың жазылуы таңба, сағат, минут, секунд, қалдық, т.б.

Екінші кітапқа енген есептердің бәрі қазақ ауылының өмірінен алынған. Мысалы: «Біздің үйде 3 құлынды бие бар еді. Биыл құдамыздан қосымша екі құлынды бие алдық. Біздің үйдің желісінде неше құлын байлаулы?» деген мысал есепті оқи отырып, бала бие, құлын, құда желі, т.б. деген қазақ ауылының күнделікті өмірінде кездесетін сөздерді жиі қолданғанын байқаймыз. Автор осы арқылы 7 жасар баланы қазақ ауылының тұрмысымен таныстыруды көздеп отыр.

Үшіншіден, есеп кітабындағы алынған есептер баланың түсінігіне жеңіл, сөйлемдері қысқа ұғымды.

Төртіншіден, және, ең бастысы, автор алған қай есеп болсын тәрбиелік, тәлімдік мәні ескеріле құрылған. Мысалы: Денсаулықты сақтау, үй жұмысын қалай орындау, денені, киімді таза күтіп ұстау, адал еңбекпен мал табу, «Егіннің ебін, сауданың тегін білу», оқулықты, кітапты күтіп ұстау, т.б. оқушы ғибрат аларлық әңгіме немесе мысал есептер берілген. Сондықтанда қазіргі Математика кітаптарындағы Иванның 5 дәптері бар еді. Коля 5 пласмастер сатып алды деп келетін ұлттық нақыштан жұрдай тіркестерді қазақшалайтын күн бізге әлдеқашан туған сияқты. Өйткені қазіргі кітаптардан көп қателік тауып жатамыз [3, 9-10 бет].

Ал М.Дулатовтың аса көрнекті де көлемді еңбегі «Қирағат кітабы» (1924) өзінің құрылысы жағынан бастауыш сынып оқушыларына жеңіл түсінікті тілде, табиғатпен байланысты әңгімелерден (жылдың төрт мезгілі ол кездердегі жан-жануарлар мен құстар өміріндегі ерекшеліктер ел өміріндегі ерекшеліктер ел өмірі тұрмыс тіршілігі т.б) тұрады. Екінші бөлімде балаларды талаптылыққа, еңбек етуге, адамгершілікке баулитын ғибратты әңгімелер топтап берілген. Мысалы: «Оқымысты бала» деген әңгімеде қаладан оқып келген баланың ауылға келген соң еріншектік жасап, тырнауыштың сабын басып қалғанда оны маңдайына соғып алып, «Тырнауышты аяқ астына тастаған қандай ақымақ екен» деп ашуланады. Осы арқылы автор «Оқыдым деп кеуде керме, ана тілінді ұмытпа», «Асқан адам маңдайына тас тигенде өкінеді. Бірақ онда кеш болады» деген ойды меңзеп отыр. Ал, «Қонақ кәде» атты әңгімесінде қазақтың әдет-ғұрпын сөз етсе, «Күлменіздер кәріге» деген әңгімеде әке тілін алмай өлмелі шал-кемпірді мазақтайтын әдепсіз балалардың қылығы айтылады. «Бөрік» атты әңгімеде баланың үлкендерге ұқсап бағатынын тілге тиек етеді. «Мектепке» деген өлеңде баланың ұйқышыл болмауын, сабақтан кешікпеуін ескертсе, «Мектептен» деген өлеңде қысқы аязда тоңып, қарны ашып, сабақтан қайтып келе жатқан баланы Майлыаяқ деген итінің құйрығын бұлғап, алдынан шығып, еркелеп қарсы алуы, балаға деген үй хайуанатының аянышты әсер-сезімі суреттеледі [3, 8-9 бет]. Қорытындылай келе, М.Дулатұлы сол кездегі қиындыққа қарамай қазақтың оқыған

жастарын қазақ тілін қадірлеп, өзіміздің ұлттық тіліміздегі оқулықтар шығарып соларды мұғалімдерге оқытып көп талап күткен. Өзі білу мен өзгеге үйрету екі бөлек. Балаларды оқыту-өз алдына бір ғылым деген болатын. Сондықтан оқытуды бастауыш мектептен-ақ кішкентай кезінен бастап оқыту керек. Өйткені кішкентай бала да бұл кезде бәрін жылдам қабылдайды. Автор бастауыш сынып балаларының үлкендердей оқыған кітабына сын көзімен қарауға ақыл-ойының өсу дәрежесі сай келмегендіктен, мазмұнына онша мән бермей, сыдыртып оқып шығуды әдетке айналдыратынын, сондықтан әр оқылған әңгіменің мазмұнына ерекше мән беру керек тәлім-тәрбие алу керек [4, 256 бет]. Сонымен қоса халқымыз егемендікті аңсап жатқан қарбалас шақта жас өркендерді жерге шырылдап түскен кезден есейіп есі кіріп болғанға дейінгі аралықта ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аударуымыз қажет. Бұл жөнінде де М.Дулатов былайша жеріне жеткізе айтқан еді. «Бастауыш мектепте алған тәрбиенің, - деп жазды ол,- әсерлі күшті, сіңімді болуы, қай халықтың мектебінде болса да оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан, һәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсатына муафик үйретуден, осылай біліп, баяндап оқытқанда, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйреніп, керекті мағлұмат алып шығады. Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп-медресесіне оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де, ұлт ұлы болып қалады деп, бастауыш мектепте ұлт балаларын ана тілінде оқытып, ұлттық тілдің мәйегінен нәр алып шығуына аса маңызы зор мән берудің керектігін айта келіп ана тілінің келешекте адамның бойында ұлттық- патриоттық сезімнің берік орын алуына ықпал ететінін баяндайды [4,259 бет]. Яғни оқытудағы мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру.

Қазіргі таңдағы оқулықтарды заман талабына сай құрастыру дұрыс, бірақ халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық тәрбие мен, оқытудағы тәжірибелердің ұмыт қылмай, ұрпақ тәрбиесінде қолданатын болсақ нұр үстін нұр болар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан 2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы <http://www.akorda.kz>
2. Бастауыш мектеп журналы 2015/1
3. Мыржақып Дулатұлы, 2003. 4том
4. Құбығұл Жарықбаев, Серғазы Қалиев,1995 «Қазақ тәлім -тәрбиесі»

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАРҒАН МАЗМҰНЫ, ҚАЗІРГІ ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

**Орынбаева Маржан Жайлаубаевна,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,
Жарқамыс ауылы**

ТҮЙІНДЕМЕ

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Сол себепті бұл тақырыптың да өзектілігі сонда: Білім беру мазмұнын жаңарту арқылы оқу-тәрбиелік үрдісті ұйымдастырудың жаңа әдістері мен түрлерін білу, жинақтаған іс-тәжірибе негізінде жаңа заман талабына сай берілетін ақпараттарды пайдалана отырып, оқушының білімге деген құлшынысын арттырып, өздігінен ізденуге бағыт беретін әдіс-тәсілдердің жаңа формаларын оқу-тәрбие үрдісінде қолдану болып табылады.

Тақырыпты таңдаудағы мақсатым:

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, белсенді іс-әрекетке бағыттау жолындағы тиімді әдіс-тәсілдерді әріптестерімнен үйрену, өз іс-тәжірибеммен бөлісу.

Күгілетін нәтиже : Бастауышта оқыту мазмұнын жаңарту жұмысын жаңа тұрғыда ұйымдастыру арқылы, жеке тұлғаның өздігінен ізденіп, ой-өрісінің жан-жақты дамуына жағдай туғызылады, білім сапасы артады.

Тірек сөздер: Бастауышта оқыту, мазмұнын жаңарту, іс-әрекет, іс-тәжірибе.

АННОТАЦИЯ

Актуальность данной темы обусловлена тем, что образование претерпевает изменения, внедряется обновленное содержание образования. Обновление содержания образования предполагает знание методов и форм организации учебного процесса, основанных на накопленном опыте с использованием информации, представленной в соответствии с требованиями современности, для стимулирования желания учащихся учиться, использование новых форм методов и направлений в учебно-воспитательном процессе, способствующих самостоятельному исследованию и поиску знаний.

Выбор темы ставит целью: повышение интереса учащихся к предмету, использование эффективных подходов в активной деятельности, обмен опытом с коллегами.

Ожидаемые результаты: Новый подход к организации работы по обновлению содержания начального обучения создает условия для самостоятельного поиска, для развития мышления, повышает качество образования.

Ключевые слова: начальное обучение, обновленное содержание, деятельность, опыт.

ABSTRACT

The relevance of this topic is due to the fact that education is undergoing changes, the updated content of education is being introduced. Updating the content of education requires knowledge of the methods and forms of the organization of the educational process, based on the accumulated experience with the use of information, presented in accordance with the requirements of modernity, to stimulate the desire of students to learn, Use of new forms of methods and directions in the teaching and educational process that promote independent research and the search for knowledge.

Key words: Primary education, Updated content, activities, experience.

Қазіргі кездегі қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Білім беру мекемесінің алға қойған мақсатына жетуі үшін басқаруға ықпал жасайтын (мұғалімдер, мектеп оқушылары) және өзінің басқарушы ішкі жүйесі (әкімшілік, педагогикалық ұжым) біртұтас жүйе болғандықтан, инновацияға үнемі орын табылады. Инновацияның қажеттілігі сыртқы себептермен де анықталады, ол мынадай бірқатар себептерге байланысты: адамдардың мұқтаждығын қамтамасыз ету қажеттілігі, мектеп оқушыларының білімге, дағдыға, шеберлікке деген ұмтылысы, жоғары сапалы білім алуға жеке тұлғаның дамуы. Демек, жаңалықтың ену қажеттілігі білім алуға деген конъюктураның мұқтаждығынан пайда болады. Білім берудегі жаңалық пен қоғамдық жаңалық бір ғана мақсатты көздейді, олар даму мен прогрестің қабілетін арттыруы қажет. Білім берудегі жаңарту туралы айту барлық мағынасы қандай да бір қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған жағдайға ғана байланысты. Қоғамдық қажеттіліктің деңгейі мен сипаты ғана жаңалықты енгізу бойынша істелген жұмыстың бағыты мен жемістігін анықтайды. Сондықтан, оларды негіздеуде тар шеңберде қолданылатын міндеттермен шектеліп қана қоймай, әлеуметтік-педагогикалық дамудың нақты бағыттары мен негізгі мақсаттарын ескеруіміз қажет. Бұл ұсақ ұстанымсыз өз-өзімен, сондай-ақ, қоғамдық міндеттер мен құндылықтармен де еш байланыссыз тәртіпсіз шашырап жатқан инновациядан аулақ болу үшін маңызды» дейді А. Найн. Бүгінгі таңда жинақтаған тәжірибеміз сүйене отыра, білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқу-әдістемелік жұмысыма бүгінгі күн талабынан шығатындай өзгерістер енгізу керектігі жолында ізденудемін.

Ақтөбе облысында мұғалімдерге арналған кембридж бағдарламасы аясында өткен «Тиімді оқыту мен оқу» табықырыбындағы білім жетілдіру курсы және «Бастауышта оқыту мазмұнын жаңарту жұмысын жаңа тұрғыда басқару жолдары» тақырыбындағы бастауыш класс мұғалімдерінің курсынан дәріс алдым. Бұл курстан мен:

1. Оқыту мазмұнын жаңарту жағдайларындағы мұғалімнің іс-әрекеті.

2. Білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру жолдары.

3. Мұғалімнің ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеруі. т.б көкейтесті мәселелердің жауабын алып, өз іс-тәжірибемде әдіскерлер мен әріптестерімнің білім мазмұнын жаңартудағы іс-тәжірибелерін оқып-үйреніп, оны әдістемелік жұмысымда қолдану, оқу-тәрбиелік үрдісті басқарудың өзім қолданып жүрген түрлеріне тоқталғым келеді.

Сонымен, біз оқушылардың білім-білік дағдыларын дамыту үшін, оқыту мазмұнын жаңарту жұмысын жаңа тұрғыда ұйымдастыру үшін не істеуіміз керек? Білімді тұлға шығару сабақ сапасынан. Сабақ дегеніміз-оқытуды ұйымдастырудың басты формасы. Жаңаша оқытуда оқушы мұғалімнің түсіндіргенін меңгеріп қана мұғаліммен тікелей пікірталасқа көшеді, оқушы рөл атқарушы ғана емес, жетекші бағытты ұстайды. Белгісізді анықтауға өзі жауап іздейді, шешімдері де әр түрлі болады. Мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс қалыптасады, бірлік одақта қызмет істейді. Сондықтан да, бастауыш класта оқушылардың оқу-әрекетін жедел басқаруды ұйымдастыру құралы ретінде, сабақта компьютерді пайдаланудың тиімділігі бар екендігіне тоқталғым келеді.

Оның артықшылықтары мынадай:

1. Әр оқушы өз қарқынымен жұмыс істеуге үйренеді.

2. Уақытты үнемдейді.

3. Мұғалім бақылаушыдан кеңесшіге ауысады.

Ана тілі, Қазақ тілі, математика сабақтарында тарауды бекіту, қайталау, білімді тиянақтауда, оқушылардың компьютерді пайдалана отыра, өзіндік жұмысын тез және қарқынды ұйымдастыруға болады. Мысалы: Қазақ тілінен көп нүктенің орнына тиісті әріпті қой, керекті сөздерді қолданып сөйлем құра, өлеңді, әңгімені жалғастыр тапсырмаларын өз бетінше, бір-біріне бөгет жасамай орындауға тырысады. Мұндағы мұғалімнің негізгі мақсаты-оқушылардың қатесіз, сауатты жазуын қадағалау. Ана тілі сабақтарында мәтін бөліктеріне ат қойғызу, сурет салғызуға, логикалық сипаттағы ойындарды пайдалану тиімді. Компьютерді пайдаланып сабақ өткізу мектепте мынадай міндеттерді жүктейді:

1. Оқушылардың компьютерлік сауаттылығын ашу.

2. Оқыту, тәрбиелеу үрдісіндегі ақпараттық алмасу сипатын анықтау.

3. Дайын бағдарламаларды қолдана білу шеберлігін арттыру.

4. Ойлау қабілетін дамыту.

Компьютерді сабақта қолдану нәтижесінде оның ұтымды тұстарын айтпай кетуге болмайды:

- Сабаққа деген құлшыныс пайда болады.

Мұғалімдер қолданатын оқыту әдіс-тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Олар алдында қол жеткізген жетістіктерден кейін мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі оқушылардың алға жылжуына айтарлықтай септігін тигізетінін дәйекті түрде көрсетті. Мұғалімдер қолданатын әдістер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістемелерді жетілдірмей тұрып, оқу бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктерін және нәтижелілігін төмендетеді. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Сондай-ақ, «Бастауыш сынып пәндері бойынша критериялды бағалау және оқытуды жоспарлау» тарауында бағалау және жоспарлау әдіс-тәсілдері анағұрлым толық қарастырылатын болады. Сонымен қатар педагогиканың түрлі аспектілері қарастырылады: қарым-қатынас

жасау дағдылары (мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым және жазылым, дәлелдеу), белсенді оқу, зерттеуге негізделген оқу болып табылады. Педагогиканың барлық осы аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы алған білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделеді. Бұл жерде ең маңыздысы оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болмақ. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай өндеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығуларды орындауға мүмкіндіктері болуы аса маңызды болып табылады. Бастауыш сынып пәндерінің аясындағы педагогикалық тәсіл белсенді оқуды көздейтін сындарлы оқуға негізделеді. Бұл тәсіл аясында оқушылар оқу үдерісіне белсенді атсалысады, сол арқылы өздері үшін оқудың маңызын өздері анықтайды. Бұл мұғалім селқос қана тыңдап отырған оқушыларға өтіліп жатқан тақырыпты хабарлағанға қарағанда, анағұрлым қуатты құрал болып табылады. Бастауыш сыныпта сабақ жүргізуде қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдердің басым бөлігі зерттеуге негізделген оқу әдіс-тәсілдерінен тұрады. Мұғалімдер өз оқушыларының қызығушылықтары туралы білімдері мен бүкіл білім беру бағдарламасын ескере отырып, орындалатын жаттығуларды өзі таңдауға ерікті. Жаттығуларды оқушылардың мүдделері негізінде жоспарлау «оқушылар туралы хабардарлықтың негізінде оқытуға» түрткі болады, ал бұл өз алдында саралауды қолдануға жол ашады. Мұғалім оқушылардың оқу үлгерімін бақылап, оларға мақсаттарына жетуге қолдау көрсетеді. Ынтымақтастық сапалы ұйымдастырылған біліктілікті арттыру шарасының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Сол себепті, біліктілікті арттыру курсына жоспарланған көптеген жаттығулар тыңдаушылардың бір-бірімен ынтымақтасып жұмыс істеуін көздейді. Мұғалімдер үшін білім берудегі жаңа идеяларды талқылап, ол идеялар туралы ақпарат алмасуға мол мүмкіндік берудің маңызы зор. Осы жаңа оқу бағдарламасы мұғалімдерге белсенді оқу жаттығуларына қатысып, бастауыш сыныптарды оқытуды тиімді жүргізуге ненің көмегі бар деген мәселе тұрғысынан кәсіби әңгімеге қатысуға мүмкіндік береді. Осы тәсілді қолдана отырып, мұғалімдердің дағдылары мен білімін арттыруға қол жеткізуге болады. Оқытуда осы қарым-қатынас тәсілін қолдану арқылы мұғалімдер барлық оқушылардың оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларында көрініс тапқан оқу мақсаттарына жетуге ынталандыратын жаттығуларды қалай жоспарлауға болатынын көре алады. Топта бірлескен мұғалімдер бірбірінің білімімен және түсінігімен бөлісе отырып, бірлесіп жұмыс істейді. Олар түсініктеме беріп, өз болжамдарын ұсынады, осылайша әсіресе бірлескен сұрақ-жауап кезінде өз түсінігін кеңейтеді. Біліктілікті арттыру курсы барысындағы кері байланыс ұсынып, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік беретін топтық жұмыс пен бірлескен тәсіл мұғалімдерге кәсіби құзыреттіліктің және/ немесе жетілдірудің кез келген саласын түсінуге көмектеседі. Бастауыш сыныпта мұғалімнің рөлі оқушылардың үлгерімін қадағалап және есепке ала отырып, олар үшін «белсенділендіргіш» рөлін орындауға негізделеді. Оқу үдерісін жандандыру үшін мұғалімдер ынталандырғыш материал ұсынып, оқу үдерісіне таңдамалы түрде араласады, осылайша оқушылардың бойында танымдық өзгерістердің орын алуына ықпал етеді. Сыныптан сыныпқа ауысқан сайын оқушылар анағұрлым жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін өз бетінше әрекет етуге үйрену керек. Оқушыларға оқу жоспарындағы жаттығулар аясында көзделген оқу мақсаттарына қол жеткізуге көмектесетін бірқатар педагогикалық тәсілдерді пайдалануда мұғалімдерге біліктілікті арттыру курстары арқылы қолдау көрсетіледі. Критериалды бағалау моделі оқушылардың оқу мақсаттарына жетудегі ілгерілеуін анықтау үшін

қосымша тәсілдерді пайдаланады. Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Сыныпта қолданылатын бұндай тәсілдерге топтық жұмыс, ойын «баламалары» және пән бойынша белгілі тақырыптағы ойындар кіреді. Бастауыш сыныптарда ойын шынайы өмірдің белгілі бір аспектілерін модельдеу және зерттеу үшін ұсынылған мүмкіндік болып табылады. Домино және карта сияқты дәстүрлі ойындар математика сабақтарындағы кездейсоқтық пен ықтималдық мәселесін қарастыруда оңтайлы болмақ. Шарада, тақтада сөздерді біріктіру немесе сөздерді жіктеу сияқты ойындар – тіл үйренуді қамтамасыз етудің және оны көрсетудің бірден-бір қызықты әрі тартымды тәсілдерінің бірі. Көптеген стратегиялық ойындарды (мысалы, «Алға» («Go») деп аталатын ежелгі қытай ойыны) тұрғындар мен қоғамның өсуін модельдеу үшін пайдалануға болады. Бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсы аясында қолданылатын тағы да бірқатар тәсілдер: • Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым мен жазылым; • Қарым-қатынас жаттығуларын пайдалану; • Проблема шешу мақсатында жеке және топта жұмыс істеу; • Орындау арқылы білім алу (әрекет ету арқылы); • Ашық сұрақтарды пайдалану; • Дәлел ұсынуға ынталандыру; • Зерттеу барысында бірлесіп жұмыс істеу; • Зерттеуге негізделген оқу, оның барысында оқушылар мәселені жеке өздері зерделейді. Мұғалімдер пайдалана алатын аса бір тиімді әдістердің бірі «Дауыстап ойлану» деп аталады. Мұғалім мәтінді оқиды және «дауыстап ойлайды», сол арқылы оқушыларға мәтінді түсінуге көмектеседі. Дәлелдеу Жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қалыптастыру және оларды қолдану – бастауыш сыныптың білім беру бағдарламасының өзекті аспектісі болып табылады. Осы ойлау дағдыларын қалыптастырудың ең басты тәсілдерінің бірі – дәлелдеу. Дәлелдеу бастауыш сыныптарда кез келген пікірталас бастау, жүргізу және оны бағамдау үшін маңызды, әсіресе, математика үшін оның маңызы өте зор, себебі онда бір есептің бір ғана шешімі болғанымен, оған жетудің тәсілдері толып жатыр. Бұл сондай-ақ Қазақстандағы жаңартылған білім беру бағдарламасында басым болып табылатын бірнеше құндылықтар мен дағдыларды, мысалы, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытудың негізгі тәсілі болып табылады. Бастауыш сыныптарда кеңінен қолданылатын, өзара әрекеттесудің түрлі жағдайларында қалыптасатын және жүретін оқудың екі саласы бар; бұл монологтік және диалогтік Монологтік көзқарас заттарды абсолюттік материя ретінде түсінеді және де бұған дейін алынған білімнің негізінде қалыптасады, ал диалогтік көзқарас болса білімді оқу барысында жүретін үдеріс ретінде, дәлелдеу барысында, яғни пікірталас пен келіссөз барысында қалыптасатын білім ретінде қарастырады. Осындай сабақтарда оқушылар басқа оқушыларға тұжырымдаманы өз сөзімен түсіндіру үшін бірқатар сұрақтар мен топтық талқылауды пайдалана отырып, проблемаларды шешу үшін бірлесіп жұмыс істейді. Мұғалімдер оқушылардың берген түсініктемелеріне құрметпен қарайды және оның құнды екенін түсінеді, проблеманы шешудің осындай ерекше тәсілдері басқа оқушыларға мәселені түсінуге көмектесе алатындығын мойындайды. Оқушыларға бастауыш сыныптарда проблеманы шешуді ұсыну арқылы мұғалім оқушылар Пиаже сипаттаған танымдық даму сатыларының нақты бір операциялық кезеңінде екенін есте сақтау керек. Белгілі бір жастағы балаларға проблема ұсынғанда мұғалімдер абстарктілі, ойдан шығарылған нәрселермен жұмыс істегенше, қарапайым бірақ нақты мысалдарды пайдаланғаны абзал. Физикалық материалдар мен шынайы өмірден алынған мысалдарды жиі пайдалану оқу үдерісін тиімді етеді. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сыныпқа арналған білім беру бағдарламасы оқушыларға ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгертуге бағытталған. Олар оқушыларды сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, проблемаларды шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады. Қазіргі заманның

талабы-көптілділік.адам баласының рухани байлығытәрбиесі,білім бәрі де тіл арқылы жетіледі. «Тілменен түйілген,тіспенен шешілмес» демекші әр адамның сөздік қоры бай болуы үшін тілін,ой-өрісін, жан-жақты дамыту керек.Сол себепті болашақ ұрпағымызға үштілділікті қажетті деп ұғындыру ұстаздың ең басты міндеті болып саналады.Қазіргі уақытта еліміздің басқа мемлекеттеріменқарым-қатынасы артып отырған шақта үштілділікті еркін меңгерген,келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару –біздің қазіргі кездегі ең басты міндетіміз.Халқымыз ежелден тіл абыройын биікке көтеріп, «Өнер алды-қызыл тіл» деп,сөз өнерін бар өнердің алдына қойып,жоғары бағалаған. Әдетте тіл жөнінде,тіл-адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы деп таныған.Көптілді білім беру дегеніміз-оқу үрдісі барысында екіне одан да көп тілде білім беру.Көптілді оқыту –жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын,әлемнің ғылым құпияларына үңіліп,өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік.Әр адамның рухани –адамгершілігін арттыру үшін бүгінгі тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп еңбек ету үшін жан-жақты болу қажет деп есептеймін.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.ҚР Президентінің «Қазақстан 2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы <http://www.akorda.kz>
- 2.Бастауыш мектеп журналы 2015/1

СЕКЦИЯ 9. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ/ ДОШКОЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР АТА-АНАЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ ТИІМДІЛІГІ

Сисенбердиева Ақтолған Жанкеевна
Аға оқытушы, Қ.Жубанов атындағы АӨМУ,
Ақтөбе қ.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалар ата-аналарының функционалды сауаттылығын сандық технологиялар арқылы арттыру тиімділігі туралы қарастырылған

Түйінді сөздер: мектепке дейінгі бала, ата-ана, функционалды сауаттылық, сандық технология, тиімділік.

АННОТАЦИЯ

В статье рассмотрены эффективность функциональной грамотности для родителей детей дошкольного возраста с помощью цифровых технологий

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, родители, функциональная грамотность, цифровая технология, эффективность.

ABSTRACT

The article discusses the effectiveness of functional literacy for parents of children of preschool age with the help of digital technology

Keywords: children of preschool age, parents, functional literacy, digital technologies, effectiveness.

Жеке тұлғаны қалыптастыру-біздің қоғамымыздың басты міндеті. Бала дүниеге келгеннен 5(6) жасқа дейінгі аралық қоршаған дүниені белсенді танитын кез. Бұл кез ғылымда мектепке дейінгі жастағы балалар деп аталады. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Бір жастан бес жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу отбасында және (немесе) мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады» делінген. Осы негізге сүйенсек бала тәрбиесінде отбасының алатын орны ерекше. Оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Отбасының міндеті баланы өмірге келтіру ғана емес, оны қоғамға пайдалы, өмір сүруге икемді етіп тәрбиелеу.

Ж.Баласағұн: "Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,

Өнерімен қуантады түбінде.

Бала нені білсе жастан, ұядан – Өле-өлгенше соны таныр қиядан»-десе, ХҮІІІ ғасырдың аяғында дүниеге келген бала Пушкин, ХІХ ғасырдың орта шенінде қазақ даласында дүниеге келген Абай да шешесі мен әжесі берген тәрбие уызын еміп өседі [1]. Бұл мысалдар бала өміріндегі ата-ана жауапкершілігін айғақтап тұрғандай. Балаға дұрыс тәрбие беруде ата-ана қоғам алдында да жауапты. Өйткені, Ата Заңда «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті» делінген [2,б.10].

Иә, жан-жақты тәрбие беру адам өмірінің ең ерте шағынан отбасында, ата-ана тәрбиесінен басталуы тиіс. Сәби өмір есігін іңгәлап ашқанда алғаш жанынан табылар адам-ата-анасы. Осыған сүйене отырып бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген тәлім-тәрбие мектепке дейінгі ұйымдардан басталып, мектепте жалғасын табады. Білім берудің алғашқы буыны –мектепке дейінгі мекемелер. Мектепке дейінгі балалар алатын білім мектепке қарағанда қарапайым болса да, бөбектің келешек

өсіп дамуына зор әсерін тигізеді. В.Ф.Одоевский мектепке дейінгі жастағы үйретуді «Қандай да болмасын ғылымға дейінгі ғылым» деген еді.

Мектепке дейінгі білім беруде отбасы-балабақша сабақтастығының рөлі зор. Әйтсе де барлық ата-ананың күн сайын балбақшамен байланысқа түсуінің оңтайы келе бермейді. Бір ата-ананың педагогикалық білімі бар, екіншісі мүлде басқа мамандық иесі, үшіншісі бала тәрбиесін қажетті деп санамауы да мүмкін. Тағы біреуінің бала тәрбиесінде сауаттылығы шамалы болады. Енді бірі бала тәрбиесіне тәрбиеші жауапты деп есептейді. Қалай болғанда да барлық ата-ана бірдей үнемі балабақшаға келіп баласының жағдайын біліп тұруға мүмкіндігі келмейді. Аталған мәселелер тәрбиеші мен ата-ананың бірлесіп жұмыс жасауын қиындатады. Бұдан мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту контекстінде білім беру ортасын жобалау мен қалыптастыру қажеттігі туындайды.

Осы мәселеден келіп, мектепке дейінгі балалық шақтың әлеуметтік және психологиялық құндылығын арттыру үшін - ата-аналармен байланысқа түсудің тың жолын іздестіру, олардың функционалды сауаттылығын көтеру туралы мәселе туындайды.

Функционалды сауаттылық соңғы жылдарда зерттеулер объектісіне айналды. Функционалды сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалды сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалды сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады [3]. Функционалды сауаттылықты арттыру – қай саланың болмасын негізі болып табылады. Қазақстанда 2012-2016 жылдарға арналған оқушылардың біліктерін, алған білімдерін өмірде тиімді қолдана білу қабілеттерін дамытуды көздеген функционалды сауаттылықты дамытудың Ұлттық іс-қимыл жоспары дайындалған [4].

Бұл, ұрпақтың сапалы білім алуын талап етеді. Болашақ үшін тұлғаның ынтасы, шығармашылығы, жағдаяттан тез шығуы, жаңашыл шешім қабылдау қабілеттері, үздіксіз білім алуға даярлығы – оның басты функционалды қасиеттері болып табылады. Аталған функционалды біліктер отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда қалыптасады.

Білім негізі мектептен басталады десек те адам өмірінде мектепке дейінгі кезеңнің алатын орны ерекше екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Сонымен бірге, қазіргі заманда әлемдегі өзгерістерге тез бейімделетін адамдар қажет. Осы жағдайда мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие үрдісі «өмір бойы оқыту» тұжырымдамасын жүзеге асыруға ықпал ететін құзыреттерді дамытуға бағдарлануы тиіс. Құзыреттілікті дамытудың алғышарты ретінде функционалды сауаттылық деңгейдің болуын атауға болады.

Функционалды сауаттылық, яғни «адамның өмірдің және іс-әрекеттің түрлі саласында қолданбалы білім негізінде тіршілік міндеттерін шешу қабілеті» – осы процестің өзегі болып саналады.

Қазақстандық зерттеушілер Ж.Ж.Ордабаева [5], А.Ж.Мұрзалинова [6], А.К.Рауандина[7] т.б. функционалды сауаттылық туралы қарастырды. Дегенмен, зерттеулерде мектепке дейінгі ата-аналардың функционалды сауаттылығын көтеру жолдары көп айтылмаған. Бұл мақала тақырыбының өзектілігін дәлелдеп тұрғандай. Әрине, функционалды сауаттылықты арттырудың жолдары көптеп саналады.

Дегенмен, білім саласында сандық технологияны пайдаланудың сауаттылықты, әсіресе, қазір жиі айтылып, күн тәртібіне өзекті мәселе етіп қойылған функционалды сауаттылығын дамытуда тиімділігі жоғары.

Республикамыздың «Білім туралы» заңында (3 бап) айтылғандай білім беру жүйесін ақпараттандыру, мемлекеттік білім саясатының негізгі қағидаларын жүзеге асырудың

маңызды бір механизмі болып табылады. Ақпараттық ортаны құруға негізделген білім берудің жаңа жүйесін құрып, дамыту және практикаға жаңа ақпараттық құралдарды, жаңа технологияларды енгізу білім жүйесін дамытудағы стратегиялық тапсырма болып саналады. Сондай құралдардың бірі-сандық технологиялар.

Жаһандану дәуірінде білім жүйесінде сандық технологиялар рөлі бар екенін мойындауымыз керек. Көптеген зерттеушілер, практиктер видеофильм, электрондық пошта (e-mail), мультимедиялық презентация, т.б. көмегімен жан-жақты дамыту мүмкіндіктерін қарастыруда. Нәтижесінде, ақпарат алушы мәліметті оңай әрі тез қабылдайды және ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды. Мультимедиялық (сандық) құралдар тәрбиеленушіні, ақпарат алушыны дамытудың бірден бір құралы болып табылады. Мультимедия дегеніміз білім беру саласындағы слайд, видео және аудио үлгідегі мәліметтерді оңай қабылдап, жадында мықтап сақтауына жағдай жасайтын құрал [8].

Біздің жағдайымызда ата-аналардың функционалдық сауаттылығын арттыруда мектепке дейінгі мекемелерде сандық технологияларды жиі қолданбауы, мақаланың маңызды мәселесі (проблемасы) болып табылады. Сандық технологиялар арқылы жұмыс істеу педагогтан шеберлікті, іскерлікті, ұйымдастырушылықты қажет етеді. Сонымен бірге мультимедиялық орта болу керек.

Соңғы жылдары ақпараттар көлемі көбейіп жатыр, бірақ, оларды меңгеруге жіберілетін уақыт керісінше азаюда. Осы орайда ата-аналарды ақпараттандыру қажеттігі туындайды. Ақпараттандыру сауаттылықты арттырудың бірден-бір жолы. Сонымен бірге, білім берудің ең маңызды мәселесінің бірі ол оқу-тәрбие ақпараттарын тиімді көрсету болып табылады. Дәстүрлі білім беру қарапайым көрнекіліктермен, вербалды қарым – қатынас түрінде жүзеге асты. Бүгінгі күні мұндай жүйені жоққа шығармасақ та, бұл жүйе кәсіби жаңартуды керек етеді. Осы мәселеде ата-аналардың функционалдық сауаттылығын арттыруда сандық технологияны қолдану қажет. Дегенмен, өзінің артықшылықтарына (көрнекілік, қолжетерлік, қолданудағы иілгіштік, интерактивтілік және т.б.) қарамастан білім алуға мультимедиа бірқатар спецификалық аспектілерге сүйене отырып қолданылуы керек:

1. Сандық технологияны қолдану үшін тәрбиеші мен ата-ана онымен жұмыс жасауды меңгерген болу керек.
2. Берілетін ақпараттар түсінікті, ата-ана үшін қажетті, шағын көлемде болғаны жөн.
3. Үнемі кері байланыс болу керек (тәрбиеші ата-анамен кез-келген жағдайда байланысқа түсе және сұраққа жауап бере алатындай).
4. Ата-ана да, педагог та құралдармен жабдықталған болу қажет.
5. Ғаламтормен байланыс орнату тездігі.

Міне жоғарыдағы аспектілерді есте ұстаған жағдайда тәрбиеші-педагог пен ата-ананың байланыс жасау мүмкіндігі артады.

XXI ғасыр - бұл ақпараттық қоғам дәуірі. Жаңашыл педагог сандық технологиялар төңірегіндегі білімдерді игеріп қана қоймай, сондай-ақ оларды өзінің кәсіби іс-әрекетінде пайдалана алатын маман болуы тиіс. Білім берудің жаңашыл жүйелерінде жан-жақты компьютерлік бағдарламалар және АКТ құралдары кең тараған. Сандық технологиялар көмегімен оқу-әдістемелік және ғылыми ақпараттар алуға, кеңес беруді жылдам ұйымдастыруға, нақты уақыт аралығында виртуальды сабақтар (семинарлар, дәрістер) жүргізуге, кез-келген уақытта байланысқа түсуге, ата-ана мен баланың мекеме және үй жағдайындағы оқу іс-әрекетін көруге т.б. үлкен мүмкіндіктер бар. Осы мүмкіндікті қарапайым формада мектепке дейінгі кезеңнен пайдалану тәрбиешіге де, ата-анаға да тиімді болары сөзсіз. Қазіргі уақытта барлық адам жаңаға құмар. Соның ішінде бала өсіріп отырған әрбір ата-ана баласының болашағы үшін барлық жаңалыққа елеңдеп отырады. Өйткені бала да, ата-ана да (көпшілік жағдайда құр сөзбен өтетін ай сайынғы ата-аналар жиналысы т.б.) бір сарынды нәрседен тез жалығады. Мектепке дейінгі үрдісте сандық технологияларды (құралдарды) пайдалану:

- ата-аналармен бірлесіп жұмыс істеуге айтарлықтай мүмкіндіктер туғызады;
- тәрбиешіге оқытудың жаңашыл әдістемелерін, жаңа құралдар мен ресурстарды пайдалануына мүмкіндік береді;
- тәрбиешіні үнемі ізденіске, шығармашылыққа үйретеді.

Сонымен, сандық технологияларды қолдану оқу ақпаратын көрнекті етеді, оңай және тез қабылдап меңгерілуіне жол береді. Жалпы алғанда сандық технологияларды қолдану:

- мектепке дейінгі оқыту мен басқару, сабақтастық жүйесін жетілдіреді;
- оқу және тәрбие сапасын арттырады (ақпараттық мәдениеттілікті арттырады);
- ата-аналардың жаңа заманғы ақпараттық технологиялар жайлы түсінік деңгейін көтереді;
- тәрбиеші мен ата-ана үнемі байланыста болады;
- мультимедияның тек ойын, байланыс, кино т.б. үшін ғана емес, басқа да мүмкіндіктерін көрсетеді.

Дегенмен сандық технологиялар арқылы презентацияларды жасау кезінде келесі жағдайларды ескеру керек:

- ата-ананың психологиялық ерекшеліктерін;
- ата-ананың әлеуметтік жағдайын;
- білім берудегі мақсат және нәтижені;
- таным кеңістігінің құрылымын;
- нақты бір мақсатқа жету үшін компьютерлік технологияның тиімді элементтерін қолдану;
- ұсынылатын материалды әр түстегі гаммамен безендіру;
- мультимедиялық құралды ұзақ және жиі қолданбау.

Мультимедиялық презентацияларды қолданғанда ең алдымен, ақпаратты қабылдаудың психофизиологиялық заңдылығына назар аудару керек. Ұзақ уақыт бойы экраннан берілетін ақпараттар кейбір жағдайда көздің көруіне т.б. кері әсер етуі мүмкін. Нақты бір компьютерлік жұмыстың жоспары үшін тәрбиеші алдымен:

- жұмыстың уақытша құрылымын жасайды, мақсатқа жету үшін керекті мәселелерді және кезеңдерді қарастырады;
- компьютерлік құрылымдардың ішінен ең тиімдісін іріктеп алады, әдеттегілерге қарағанда оның артықшылықтарын қарастырады;
- таңдап алынған материал уақыт бойынша бағаланады;
- олардың ұзақтығы нормадан асып кетпеуі керек;
- барлық материалды қайта қарап шығу керек;
- қосымша уақыт жоспарланады;
- табылған материалдардан презентациялық бағдарлама құралады;
- мультимедиялық құрал барлық тыңдаушыға қолжетімді болу керек.
- тәрбиешіге, ата-анаға қарапайым мультимедиялық сауаттылық қажет;
- уақыт ағынымен жаңа технологиялық бағдарламаларды меңгеру.

Технологияның мүмкіндіктері:

- сауаттылығы, базалық білімді меңгеруі артады;
- алған білімі жүйеленеді;
- өзін-өзі бақылау дағдылары қалыптаса бастайды;
- жалпы білуге деген ынтасы артады;
- өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді;
- уақыт үнемдейді;
- түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жүргізеді;
- тәрбиеші мен ата-ана арасында өзара байланыс қалыптасады;
- өзге ата-аналармен топтасып бірге жұмыс жасау мүмкіндігі болады;
- Internet желісін пайдалануы мүмкін;
- бірлесе жұмыс істеуіне мүмкіндік туады;

-таныстық аясы кеңейеді.

Осыған байланысты төмендегідей тиімділікті көрсетуге болады:

1. Сандық технологиялар ата-аналардың сауаттылығын дамытады.
2. Бағдарламадағы әрбір тақырыпты түрлендіріп, әр түрлі әдіс-тәсілдерді, мультимедиялық құралдарды қолдану ата-аналардың қызығушылығын оятады, бірлескен әрекетке тартады.
3. Балабақша тәрбиешілері педагогикалық сипаттағы, жаңашыл педагогтардың еңбектерімен, білім саласындағы жаңалықтармен танысып оны ата-аналармен бөлісіп отырады.
4. Ата-аналардың мультимедиялық сауаттылығы артады.
5. Ата-аналар бала мен бақша жағдайынан, жаңалықтардан үнемі хабардар болып отырады.
6. Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым, тәрбиеші мен ата-ана арасында сабақтастық жүзеге асады.
7. Нәтижеде ата-ананың функционалды сауаттылығы артады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ж.Дәуренбаева. «Ата мен ана–бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі». <http://sc0020.astrahanka.akmoedu.kz>
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. -Алматы, 2008. -10 б.
- 3 Г.Д.Абдрахманова.«Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамытудағы педагогтың рөлі». <http://tarbie.org/>
- 4 Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).
- 5 Ордабаева Ж.Ж. Развитие функциональной грамотности одаренных учащихся в процессе обучения физике. /Электронный ресурс.
- 6 Мурзалинова А.Ж. Формирование функциональной грамотности учащихся при обучении русскому языку как неродному на старшей ступени школы общественно-гуманитарного направления: Автореферат дисс.д-ра пед.наук /– Алматы: 2003. – 47 с.
- 7 Рауандина А.К. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. -Алматы,2010.
- 8 Мектеп оқушысына арналған мультимедиялық әдістеме негіздері. <http://m.imektep.kz/593>

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ БАЛАЛАРДЫ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ МОТОРИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Гайпназарова Багдат Джолдыбаевна
оқытушы, магистр, М.Өтемісов атындағы БҚМУ,
Орал қ., Қазақстан
Джакасова Алтынай Сериковна
МДОЖТ мамандығының 2 курс студенті,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектепке дейінгі кезеңде балаларды моторикалық және жалпы дамытудың тиімді жолдары қарастырылған. Саусақ жаттығуларының бала дамуындағы рөлі айқындалған.

Түйінді сөздер: Саусақ жаттығулары, ұсақ қол моторикасы, саусақ ойыны, саусақты театр

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются эффективные пути моторного и общего развития детей дошкольного возраста. Определена роль пальчиковых упражнений в развитии ребенка.

Ключевые слова: пальчиковые упражнения, мелкая моторика, пальчиковые игры, театр пальчиков

ABSTRACT

The article considers the effective ways of motor and overall development of preschool children. The role of finger exercise in child's development is defined.

Key words: finger exercises, fine motor skills, finger games, fingers theater

«Бес жасқа дейін жүргізілген барлық тәрбие ісіңіз - бүкіл процесінің тоқсан проценті», - деп Жүсіп Баласағұни балалық кезеңдегі тәрбиенің маңызын анық көрсеткен [1.41 б.]. Баланың ақыл - ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету шындыққа тәрбиелеу, сауаттылыққа баулу - бүгінгі күн талабы. Мектепке дейінгі ұйымдарда бала қабілеттері ең алғаш көрініс табады, сондықтан да мектепке дейінгі тәрбиені дұрыс ұйымдастыру баланың болашағының бастауы болатыны анық.

